Интермәтінділік теориясы – әдебиеттанудағы ең өзекті тақырыптардың бірі. Интермәтінділік терминіне француз зерттеушісі, постструктурализм теоретигі Юлия Кристева төмендегідей анықтама береді: «... Кез-келген мәтін дәйексөздер мозаикасы ретінде құрылады, кез-келген мәтін бұл қандай да бір басқа мәтінді түрлендіріп, өзгертетін және сіңіретін өнім» [1, 429]. Ал, француз философы, әдебиеттанушы Р. Барт әрбір мәтіннің интермәтін болып табылатындығын айтады: «Әрбір мәтін интермәтін болып табылады; басқа мәтіндер осы интермәтінге түрлі деңгейлерде азды-көпті формада таныла отырып қатысады: алдыңғы мәдениеттің мәтіндері мен қоршаған мәдениеттің мәтіндері. Әрбір мәтін ескі дәйексөздерден өрнектеп тоқылған жаңа мата сияқты» [2, 36].

Интермәтінділік теориясына қатысты ең маңызды мәселенің бірі – интермәтінділік байланыстардың әдебиеттану ғылымында жіктелуі. Интермәтін тақырыбында көптеген еңбектер жазылғанымен, интермәтін элементтері мен интермәтінділік байланыстардың жіктелуін ұсынуға тырысқан зерттеушілердің саны аз. Осы бағытта жазылған екі негізгі тұжырымды қарастырайық. Олардың бірі ғалым П.Х. Торопқа тиесілі. Ғалым мәтін элементтеріндегі кез-келген қатынас актісін метакоммуникация деп қарауды ұсынады. Зерттеуші метакоммуникациядан метамәтін туындайды дейді: «... Бұдан кейін метакоммуникация жүреді, бұл үдерістің барысында метамәтіндер туындайды, яғни бастапқы мәтін өзінен жаңа мәтін туындататын протомәтін ретінде көрінеді» [3]. Ғалым П.Х. Тороп мәтін ішіндегі мәтінді, инмәтін терминінің аясында қарастырады. Ғалым инмәтін түрлерін төмендегідей жіктейді:

1. нақты аударма – дәйексөз, центон, аппликация;
2. формальды (макростилистикалық) – пастиш, буриме;
3. дәйексөзді – перифраз, глосса;
4. тілдік (микростилистикалық) – реминисценция, стильдеу;
5. сипаттамалық – парафраз;
6. тақырыптық – антономазия, бейімделу, иррадиация;
7. еркін – аллюзия;
8. экспрессивті – бурлеск, травести, кеннинг [3].

Екінші жіктеуді француз әдебиеттанушысы Ж. Женнет ұсынған болатын. Ғалым мәтінаралық байланыстың бес түрін жіктейді:

1. Интермәтінділік, яғни бір мәтіннің екіншісінде сөзбе-сөз (азды-көпті сөзбе-сөз, тұтас немесе олай болмауы) болуы: осы типтегі және басқа да көптеген функциялардың ең айқын мысалы – дәйексөз, яғни бір уақытта енгізілетін және тырнақша арқылы басқа мәтінге эксплицитті аппеляция [4].

2. Метамәтінділік, өзі түсінік беретін мәтін мен сол мәтінге берілетін түсініктемені біріктіретін трансмәтіндік байланыс: ғасырдан бері барлық әдебиет сыншылары өздері біле тұра метамәтіндерді шығарады [4].

3. Парамәтінділік – кітапты безендіру элементтері сияқты (баспа, тақырып, аннотация) мәтін мен шындық арасындағы мәтіндік инстанциялар [4].

4. Архимәтінділік – мәтіннің өзінің архимәтінімен қатынасы [4].

5. Гипермәтінділік – мәтінді өзгерту (пастиштер, еліктеулер, пародиялар, жалғастырулар және т.б.) [4].

Ғалым мәтінаралық байланысты бес түрге жіктей отырып, әрқайсысына түсінік береді. Бүгінгі таңда осы ғалым Ж. Женнет ұсынған жіктеу кеңінен қолданылып жүр. Қазақ жазушыларының шығармаларында аталған интермәтінділік түрлері жиі кездесетінін байқаймыз.

Біздің қарастыратынымыз, жазушы Асқар Алтайдың «Шаһид» әңгімесіндегі интермәтінділік элементтер:

1. Дәйексөз. Әдебиеттегі ең айқын интермәтінділік элемент – дәйексөз. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (2011) дәйексөзге төмендегідей анықтама беріледі: «Дәйексөз – жазылған не айтылған мәтіндегі автордың ойын нақтылау, дәлелдеу, құптау үшін белгілі бір ғалымның не ақындар мен жазушылардың шығармаларынан сөзбе-сөз алынған үзінді, цитата» [5, 540]. Зерттеуші А.С. Адилова эпиграфтың ең басты белгісі – дәйексөз екендігін айта келе, «мәтінаралық байланыстар теориясында эпиграфтар «бөгде сөз» (М.М. Бахтин), «интертекст» (Ю. Кристева, И. Смирнов), «прецедентті мәтін» (Ю. Караулов), «интекст» (Х. Тороп), «мәтін ішіндегі мәтін» (Ю. Лотман) деп түсініледі» [6, 28], – деп, дәйексөзді ғалымдардың зерттеулеріндегі тұжырымдары бойынша атап көрсете отырып, ойын нақтылай түседі. Дәйексөз көркем шығарма атауынан бастап оның кез-келген жерінде орналасады. Мәселен, жазушы Асқар Алтайдың «Шаһид» әңгімесіне эпиграф ретінде Доспамбет жыраудың «Хан Мамайдың алдында, Шаһид кештім... өкінбен!» [7, 25] деген өлең жолдары берілген. Эпиграф ретінде алынған өлең жолдары арқылы оқырман шығарманың дамуы, ондағы мазмұндық-астарлы ақпар туралы белгілі бір пікірге келеді. Аталмыш әңгіменің тақырыбында да, эпиграфында да «шаһид» сөзі алынады. Осы арқылы оқырман жазушының авторлық позициясын аңғарады. Шығарманың эпиграфы автордың ұстанымын, айтпақ ойын меңзейді. Себебі шығарма мазмұнында бас кейіпкер біреудің қолынан мерт болады. Шаһид немесе шейіт кету деген нақақ өлу деген ұғым. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында «шаһид» сөзіне төмендегідей анықтама беріледі: «Шаһид, шейіт – дін жолында өзін құрбандыққа шалған, азап шегіп өлген адам. Дәстүрлі қазақ қоғамында жоғары адамгершілік құндылықтар үшін елдің тұтастығы, отанының тәуелсіздігі, халқының бостандығы үшін табандылықпен күресіп, ақиқат жолдан таймай, жан пидалықпен дүниеден өткен, осы жолда құрбан болған адамдарды ғана шейіт деп білген» [8, 464].

2. Аллюзия. Интермәтінділіктің аса күрделі формасы – аллюзия. «Введение в литературоведение» еңбегінде аллюзия сөзіне мынадай түсініктеме берілген: «Аллюзия – (латын тілінен аударғанда *allusio* – қалжың, тұспал) – бұл стилистикалық фигура, жалпыға белгілі нақты фактіні, тарихи оқиғаны, әдеби шығарманы еске түсіру немесе ұқсас дыбысталатын сөздер арқылы тұспал» [9, 36]. Зерттеуші А.С. Адилова аллюзияларды тақырыптық-семантикалық тұрғыдан бірнеше топқа жіктейді: «а) тарихи деректерге аллюзия; ә) саяси оқиғаларға ишара; б) әлеуметтік жағдайларға аллюзия; в) мәдени шараларға аллюзия; г) тұрмыс-тіршілікке қатысты аллюзиялар» [6, 46]. «Шаһид» әңгімесінде аллюзияның тарихи деректерге келтірілген түрі кездеседі: «... Көп істейтін әлжуаз әрекеттің бірі емес – бірегейі. Бірегейі болмаса, атақты Шәкәрім қажының ұлы неге өзін-өзі өлімге қиды. Нағыз арлы өлім ғой. Тас түрмеде ет тұрайтын-ақ бәкімен өз-өзін орып-орып жіберген. Тап бір мал сойғандағыдай... Семейдің сыз абақтысында бауыздау тамағы астына легенді қойып тұрып, тізерлеген қалпы қорқырата тартқан, азамат! «Аллауақпарды» да өзі айтыпты, жарықтық! Енді ше?! Құнанбайдай аталы тұқымның тұғыры... кімге көнбек? Кімді басындырмақ? Басын ақ өлімге байлаған. Ал алыстағы Шәкәрім кәрлі Шыңғыс таудың түлейінде жатып, «Шаһид» деп құран бағыштаған. Басқа амалы қайсы әулие екенің?! Иілмей кеткен ер

ұлына сабаздықпен разы-қош та еді-ау!..» [7, 26]. Бұл турасында «Шәкәрім» энциклопедиясында төмендегідей мәлімет келтіріледі: «Ғабдулғафур (Қапыр) (1883-1930) – Шәкәрімнің Айғаншадан туған баласы. Ғабдулғафурдың балалық, жастық шағы туралы деректер мардымсыз. Оның өмірінің соңғы сәттері туралы мағлұматтар ғана сақталған. Ел басына ауыртпашылық түсіп, қызыл саясаттың қанды қақпаны жақсыларды жалмап жатқан шақта, Алашордаға қатысы бар деген желеумен Ғабдулғафурды да тұтқынға алады. Түрменің ауыр төзгісіз жайы, жазықсыз жабылған нақақ жала Шәкәрім баласына қатты әсер етеді. Өз болашағы ғана емес, халықтың басына түскен нәубеттің қайтымының қиын екенін түсінген, әрі көрген қорлық-зомбылыққа төзбеген Ғабдулғафур өзіне-өзі қол жұмсайды» [10, 287]. Демек, әңгімені оқи отырып, оқырман осы бір тарихи дерек туралы есіне түсіреді. Жазушы шығарма кейіпкерінің тағдырын бейнелеу барысында Шәкәрім қажының баласының тағдырына ой жібереді. XX ғасыр басында қазақ баласының басындағы қанды, қасіретті оқиға ХХІ ғасыр басында, тәуелсіздік кезеңінде қазаққа қайта оралуының себебіне ой жүгіртетін тәрізді. Автор осылайша ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының трагедиясы мен ХХІ ғасыр басындағы қазақ елінің трагедиясының астарына үңілуге жол ашады. Аллюзия арқылы шығарманың атауы мен эпиграфына тағы да мән бергізеді. Осы жерде аллюзия мен эпиграфтың тығыз байланысын байқауға болады. «Хан Мамайдың алдында, Шаһид кештім... өкінбен!» – деген Доспамбет жырау заманында топ бастаған қолбасшы, артынан қол еріткен батыр. Жазушы эпиграф етіп алған әйгілі «Тоғай, тоғай, тоғай су» өлеңінде:

Тоғай, тоғай, тоғай су,  
Тоғай қондым, өкінбен.  
Толғамалы ала балта қолға алып,  
Топ бастадым, өкінбен.  
Тобыршығы биік жай салып,  
Дұспан аттым, өкінбен...  
дей келіп:  
Тұлымшағын төгілтіп,  
Ару сүйдім, өкінбен.  
Бүгін, сонды өкінбен,  
Өкінбестей болғанмын.  
Ер Мамайдың алдында

Шаһид кештім, өкінбен!.. [11, 41] – деп жырлаған еді. Ендеше, Асқар Алтай шығармасындағы кейіпкер де заманында ел басқарған, топ бастаған адам. Ал енді аллюзия тәсілінде берілген оқиға кейіпкері заманында елді аузына қаратқан Шәкәрім ақынның баласы. Ендеше эпиграфтағы Доспамбет жыраудың сөзі мен аллюзия кейіпкерінің және шығарма кейіпкерінің оқиғасы арасында белгілі бір байланыс тұрғанын байқау қиын емес. Сонда эпиграфтағы ақын сөзі мен аллюзиядағы ақынның баласының өлімі және шығарма кейіпкерінің өлімі бір тектес екені аңғарылады.

3. Реминисценция. Интермәтінділіктің тағы бір түрі – реминисценция. «Введение в литературоведение» еңбегінде реминисценция терминіне төмендегідей анықтама берілген: «Реминисценция – (көне лат. *reminiscentia* – еске түсіру) – еске түсіру, жаңғырту. Поэтикалық шығармадағы басқа шығарманы еске түсіретін белгілер; әдетте – автордың басқа біреудің образын, мотивін, стилистикалық құрылысын, интонациялық ырғақты қозғалысын бейсаналы түрде алуының нәтижесі. Қазіргі өнерде оқырманның (тыңдаушының) есте сақтауына және ассоциативті қабылдауына арналған саналы қабылдау ретінде кездеседі» [9, 48]. Қазақ тіл білімінде ғалым А.С. Адилова аллюзия және реминисценция терминдеріне қатысты көптеген еңбектерде берілген анықтамаларды салыстыра отырып, өзінің пайымын жасайды: «Шынында, бұлардың

ара жігін ажырату қиын, дегенмен реминисценция басқа бір әдеби шығарманы еске түсірсе, аллюзия, негізінен, көпшілікке таныс әлеуметтік-мәдени фактімен орай сол көркем шығарма семантикасына қосымша хабар, мағына қосатын элемент. Реминисценция басқа бір мәтінге цитация қағидатымен дәл, еш өзгеріссіз немесе трансформацияланып енгізілсе, аллюзия – мәтінде еркін түрде вербалданатын экстралингвистикалық фактор» [6, 39]. Яғни, реминисценция басқа бір шығарманы еске түсіретін нышан. Жазушы Асқар Алтайдың «Шаһид» әңгімесін оқи отырып, әлемге танымал жазушы Г.Х. Андерсеннің «Көлеңке» ертегісі ойға оралады. «Шаһид» әңгімесінде басты кейіпкер өзінің Елесімен тілдеседі, «елес сыңарына айналады»: Жақын келіп, бетпе-бет жүз көрісуге, тіпті тұп-тура түс шайысуға дейін барып жүр, Бұл да елеспен «Ер болсаң – егеске шыда» деген шарт кесімге келген. Енді екеуінің қайсысы шыдарын, қайсысы тұрарын бір құдай біледі?! Оған уақыт пен қоғам, адам мен заман куә болмақ» [7, 27]. Жазушы Х.К. Андерсеннің «Көлеңке» ертегісінде де көлеңке кейіпкермен үнемі бірге жүреді: «Сонымен олар саяхатқа аттанды. Қожа – көлеңке болды. Олар күймемен де, салт атпен де бірге жүрді, күннің көзі қай жақта тұрса соның ыңғайына қарай қол ұстасып та, немесе бірінің соңынан бірі еріп жаяу да жүрді. Көлеңке өзін қожайын санап, әрдайым өз орнынан жаңылмады, алайда ғалым бұған мән бере қойған жоқ. Өйткені ол үлкен жүректі, өте жұмсақ мінезді, әрі жайсаң адам болатын!» [12, 221]. Екі шығармада да бас кейіпкерлер елестің не көлеңкенің айтқанымен жүріп, ақыр соңында өздерін жоғалтып алады.

Қорытындылай келе, жазушы Асқар Алтайдың «Шаһид» әңгімесінен төмендегі интермәтінділік элементтер анықталды:

1. «Шаһид» әңгімесіне эпиграф ретінде Доспамбет жыраудың «Хан Мамайдың алдында, Шаһид кештім... өкінбен!» деген өлең жолдары алынған. Осы дәйексөз арқылы оқырман шығармада не туралы айтылатындығы жөнінде алдын-ала хабар алады.

2. «Шаһид» әңгімесінде аллюзияның тарихи деректерге келтірілген түрі кездеседі. Автор Шәкәрімнің ұлы Ғабдулғафурдың өміріне қатысты деректі келтіреді.

3. Жазушы Асқар Алтайдың «Шаһид» әңгімесін оқи отырып, әлемге танымал жазушы Г.Х. Андерсеннің «Көлеңке» ертегісі ойға оралады. Екі шығармада да бас кейіпкерлер елестің не көлеңкенің айтқанымен жүріп, ақыр соңында өздерін жоғалтып алады. Мәселен, жазушы Асқар Алтайдың «Шаһид» әңгімесі: «... Артына қарай жасыра ұстаған сол қолын – әйгілі «солақай боксер» атандырған қолын шығарды. Қолында бұған сыйға берілген тапаншасы. Шаһид тәйке түскен тағдырының тап қазір қалмақша күрмелерін түсінді...» деп аяқталса, жазушы Х.К. Андерсеннің «Көлеңке» ертегісі: «Бұл қызықтан ғалым ғана бейхабар еді, өйткені ол бұл өмірден ғайып болған» деп аяқталады.

#### Әдебиет:

1. Французская семиотика: От структурализма к постструктурализму / Пер. с фр. и вступ. ст. Г.К. Косикова. – М.: Издательская группа «Прогресс», 2000. – 536 с.
2. Семиотика: Антология / Сост. Ю.С. Степанов. Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2001. – 702 с.
3. Тороп П. Х. Проблема интекста. // Текст в тексте. Труды по знаковым системам. XIV (567). Тарту, 1981. [Электрон.ресурс]. <http://www.podelise.ru> (дата обращения: 08.03.2020)
4. Женетт Ж. Фигуры. В 2-х томах. Том 1-2. – М.: Изд-во им. Сабашниковых, 1998. – 944 с. [Электрон.ресурс]. [uanko.lib.ru](http://uanko.lib.ru) (дата обращения: 08.03.2020)
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томды қ. 4-том / Құраст.: Н. Әшімбаева, Қ. Рысбергенова, Ж. Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. – 4-том. – Б – Д. – 752 б.
6. Адилова А.С. Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы. Монография. – 252 б. – Алматы, Эверо, 2015.
7. Алтай А. Казино. Абсурд әлем новеллалары. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б.

8. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 688 бет.
9. Введение в литературоведение (теория литературы): Учебно-методическое пособие / Автор-сост. А.Н. Безруков. Издание пятое (дополненное). – Бирск: Бирск. гос. соц.-пед. акад., 2009. – 180 с.
10. Шәкәрім. Энциклопедия. / Бас ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей, 2008. – 864 б.
11. Сыпыра, Асанқайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Бұқар Қалқаманұлы, т.б. шығармалары. – Алматы: «НұрлыPress.kz», 2014. – 288 б.
12. Андерсен Х.К. Таңдамалы ертегілер: – Алматы: «Балауса» баспасы, 2005. – 400 б.

**УДК 930.85**

## **О РЕЛИГИОЗНОЙ ПОЛИТИКЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ НА ТЕРРИТОРИИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА**

**Баймуканов А.К.**  
(*СКГУ им. М.Козыбаева*)

С середины XVIII века территория Казахстана поэтапно входила в состав Российской империи. Несомненно, такой сложный процесс не ограничивался исключительно территориальным аспектом. Целью царизма являлась колониальная эксплуатация Казахстана, лишение казахов свободы и независимости, и превращение их в своих верноподданных.

Парадокс процесса колонизации казахских земель состоял в том, что с одной стороны, военная, политическая и экономическая экспансия создали почву для наступления на духовную жизнь, с другой – консолидировали народ на основе осознания необходимости защиты своих экономических, политических интересов.

Несомненно, на фоне и вследствие таких мероприятий и процессов у степного населения Казахстана начали формироваться негативные тенденции в отношении к колониальным властям, что приводила к массовому росту недовольства и взаимных претензий как со стороны царских властей, так и со стороны кочевников. Претензии были во многом обоснованы и подтверждены фактами.

На начальном этапе русское правительство, оказало большое влияние на распространение мусульманства в степи. Однако отношение русского правительства к исламу в разные исторические периоды было различно.

В XVIII в. царское правительство поддерживало мусульманское духовенство и людей, ее исповедующих. В 1785 году был издан Указ о веротерпимости, а в 1782-1786 гг. правительство поручило Игельstromу строить в Казахстане мечети и медресе.

Конец XVIII был временем начала активного развития и организационного оформления на территории Казахстана основных конфессии ислама и православия. Если до этого о религиозном развитии здесь можно было говорить в основном как об определенных системах мировосприятия людей, в повседневной жизни проявлявшихся в основном на бытовом и обрядовом уровне, то в рассматриваемый период истории развития религий на территории нашей страны важное место начинают занимать конфессиональные формы их организаций и развития.

Именно в это время Екатерина II легализовала ислам в России и признала его законной религией Указом 22 сентября 1788 года, каковым было учреждено Оренбургское магометанское духовное собрание.

Назвать созданное управление учреждением, где решались проблемы мусульман, было бы не совсем правильно. Оно выполняло административные задачи, и должно было облегчить деятельность колониальных органов в деле наблюдения за



магометанами. Царской администрации, естественно, было удобнее иметь дело с одним, преданным ему муфтием, известным преданностью русской власти, находившимся под постоянным их надзором.

В начале XX века царизм пытается внести ряд изменений в свою религиозную политику. Особенно обнадежил российских мусульман царский указ от 18 февраля 1905 года, который впервые провозглашал важные права в области вероисповедания, согласно которому население впервые получало официальное право подавать в высшие инстанции петиции. Такие петиции и ходатайства поступали в этот период в официальные органы и от мусульман Казахстана. Одним из основных в них был вопрос о создании отдельного управления духовными делами для мусульман Казахстана [1, С.290-295].

Но, несмотря на принятие в империи в 1904-1905 годах манифестов и указов, где оговаривались защита прав в вопросах веры всех ее поданных, процесс реализации их на практике задерживался. Объявленные, во многом под давлением обстоятельств, права и свободы на практике расходились с принципами имперской политики. Властями признавалось опасное организационное развитие ислама в империи, особенно на ее окраинах, что ими считалось основой для политического объединения всего мусульманского населения России под руководством своих духовных лидеров.

Намеченные в это время со стороны российских властей преобразования в сфере дальнейшего развития (в том числе организационного) «инославных» конфессий империи остались в основном на уровне декларации. А стремления и действия в этом направлении самих верующих этих конфессий, в частности, мусульман, также не привело к существенным результатам, если не считать их идейной консолидации и укрепления политических форм самоорганизации.

В начале XX века царизм пытается внести ряд изменений в свою религиозную политику. Особенно обнадежил российских мусульман царский указ от 18 февраля 1905 года, который впервые провозглашал важные права в области вероисповедания, согласно которому население впервые получало официальное право подавать в высшие инстанции петиции. Такие петиции и ходатайства поступали в этот период в официальные органы и от мусульман Казахстана. Одним из основных в них был вопрос о создании отдельного управления духовными делами для мусульман Казахстана [1, С.310-313].

Но, несмотря на принятие в империи в 1904-1905 годах манифестов и указов, где оговаривались защита прав в вопросах веры всех ее поданных, процесс реализации их на практике задерживался. Объявленные, во многом под давлением обстоятельств, права и свободы на практике расходились с принципами имперской политики. Властями признавалось опасное организационное развитие ислама в империи, особенно на ее окраинах, что ими считалось основой для политического объединения всего мусульманского населения России под руководством своих духовных лидеров.

Но, несмотря на принятие в империи в 1904-1905 годах манифестов и указов, где оговаривались защита прав в вопросах веры всех ее поданных, процесс реализации их на практике задерживался. Объявленные, во многом под давлением обстоятельств, права и свободы на практике расходились с принципами имперской политики. Властями признавалось опасное организационное развитие ислама в империи, особенно на ее окраинах, что ими считалось основой для политического объединения всего мусульманского населения России под руководством своих духовных лидеров.

Намеченные в это время со стороны российских властей преобразования в сфере дальнейшего развития (в том числе организационного) «инославных» конфессий империи остались в основном на уровне декларации. А стремления и действия в этом направлении самих верующих этих конфессий, в частности, мусульман, также не

привело к существенным результатам, если не считать их идейной консолидации и укрепления политических форм самоорганизации. [2, С.86].

В начале XX века царизм пытается внести ряд изменений в свою религиозную политику. Особенно обнадежил российских мусульман царский указ от 18 февраля 1905 года, который впервые провозглашал важные права в области вероисповедания, согласно которому население впервые получало официальное право подавать в высшие инстанции петиции. Такие петиции и ходатайства поступали в этот период в официальные органы и от мусульман Казахстана. Одним из основных в них был вопрос о создании отдельного управления духовными делами для мусульман Казахстана. [3, С.113].

Сложнее обстояло дело с множеством мулл. Но и на них нашли возможность влияния, назначив определенным муллам жалование. Такие муллы как раз и не пользовались должным авторитетом. О таких представителях мусульманского духовенства говорилось и в обращениях, которые появлялись в крупных населенных пунктах, после захвата их русским войсками.

На первых порах во исполнение царских указов в степь посылались благонадежные татарские муллы, поощрялось строительство мечетей, не препятствовали желающим совершению хаджа в Мекку. Мечети чрезвычайно возросли числом и строились в местах дотоле диких, пустынных и небезопасных для религиозной пропаганды. Возникли колонии торговцев-мусульман. В этих поселениях немедленно воздвигаются мечети и заводятся при них школы, становящиеся центрами мусульманства, собирающие к себе поклонников и высылающие пропагандистов. Такие действия правительства представляли собой попытки использовать мусульманскую религию в интересах колониальной политики. [2, С.206].

Не всегда понимая далеко идущие цели царского правительства в деле поддержки мусульманской верхушки, в которой оно видело марионетку в осуществлении колонизаторской политики, служители православной церкви и русские чиновники выражали в своих отчетах недовольство по поводу этой политики. Именно по причине первоначальной политики поддержки царизмом мусульманства, с указанного времени и до середины XIX века сильного давления со стороны правительственных органов и Святейшего Синода на мусульманство не наблюдалось. Поэтому различные просьбы мусульманского населения в этот период решались в большинстве случаев в его пользу. Этим объясняется наличие положительных решений по поводу строительства мечетей, молитвенных домов.

Мусульманский вопрос все чаще выступал на повестку дня. Он рассматривался на всевозможных собраниях, заседаниях чиновников. Оценивая ситуацию, сложившуюся вокруг мусульманского вопроса чиновники колониальной администрации вынуждены признать, что «прогрессивное движение мусульман всего мира убеждает в том, что в будущем исламу будет отведена всемирная культурная роль». Но на данном этапе колониальная администрация препятствовала распространению ислама в среде казахского населения. Наряду с колониальной администрацией русская православная церковь тоже принимала активное участие в проведении завоевательной политики царизма в Казахстане.

Если царское правительство устанавливало свое господство силой оружия, то церковь прибегала к другим средствам в целях закрепления результатов завоеваний путем изменения сознания коренного населения. В XIX в. в колониальной политике царизма изменению вероисповедания коренного населения отводилась главенствующая роль. Православная церковь играла особую роль в колонизаторской политике царской России и имела свои цели и задачи. Вместе с государством она участвовала в

культурном и административно-территориальном освоении края и перенесла в Казахстан государственно-церковную надстройку. [4, С.27].

К середине XIX в. многие народности России теряли свою самобытность по причине влияния на них «старших» православных русских братьев. Об этом с гордостью писалось, мордва, черемисы, вотяки – остались лишь почти одним этнографическим термином. На самом деле все эти урало-уфимские племена и по обычаям, и по религии, и по языку стали вполне русским. Упоминались и казахи, в которых видели в скорейшем будущем, русских. Обрусение надо было подкреплять и христианизацией.

Итак, исходя из источников и опубликованных материалов, видно к каким традиционным и нетрадиционным средствам и испытанным приемам прибегали проповедники православия в целях осуществления своих планов. И какими бы неблаговерными мусульманами не были казахи, они не приняли христианской религии. Они видели в церкви реакционную силу, стремящуюся уничтожить накопленное веками национальное достояние казахского народа.

В целом анализируя религиозную политику царской России можно выделить ряд этапов. Так, в XVIII в. царское правительство поддерживало мусульманское духовенство и людей, ее исповедующих, был издан Указ о веротерпимости, строились мечети, муллам назначались жалования. Со второй половины XIX в. политика колониальной администрации по отношению к исламу начинает меняться. В исламе, власти видели тормоз, мешающему мусульманину присоединиться к русской культуре, через которую можно приблизиться к общечеловеческому прогрессу. [5, С.23].

Таким образом, период конца XVIII-начала XX веков можно рассматривать как качественно новый этап в развитии религии на территории Казахстана. Это было периодом не просто активного распространения и развития здесь таких религии как ислам и православие, но и прохождением этих процессов при новых социально-экономических и политических условиях, при быстро изменявшихся формах и характере общественных отношений. Данное время было характерно развитием на территории нашей страны новых для нее конфессиональных институтов ислама и православия.

Если до этого о религии здесь можно было говорить в основном как об определенных системах мировосприятия людей, в реальной жизни проявлявшихся, как правило, в форме различных обрядов и традиции, то в рассматриваемое время важное место начинают занимать конфессиональные формы и институты их организации и развития. К тому же, именно в этот период казахстанское общество становится многоконфессиональным, и в его религиозной сфере происходят значительные структурно-организационные изменения. [6, С.211].

Объективных предпосылок в проведении православного миссионерства на территории Казахстана в данное время не было, были, в основном, имперские задачи по политической и культурно-этнической ассимиляции присоединенных к России народов, что подтверждается отсутствием массового характера крещения казахов в этот период. А немногие из них, принявшие православие, как правило, относились к его обедневшей части, оторванной от традиционной среды, и испытывавшие материальные трудности.

#### Литература:

1. Религиоведение: основы общего религиоведения, история религий, религии в Казахстане [Текст]: в 2 т. Т. 1 / А. И. Артемьев. - Алматы : [б. н.], 2011. - 324 с.
2. Дамешек Л.М. Внутренняя политика царизма и народы Сибири XIX - начала XX века. - Иркутск, 1986. - 346 с.

3. Асылбеков М.-А. Х., Жаркенова А.М. Население Казахстана В конце XIX - начале XX вв.
4. Кудряшов Г.Е. Православная христианизация нерусских народов // Вопросы научного атеизма. - М., 1980. - Вып. 25. - 360 с.
5. Телебаев Г.Т. Ислам в Казахстане: социологический портрет // Аналитическое обозрение. - 2003. - №1. - 45 с.
6. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. - 240 с.

**УДК 821.512.122.0**

## **ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫН ОҚЫТУ**

**Бораш Р., Ибрагим Г.**  
(*Абай атындағы ҚазҰПУ*)

Орта мектептерде жыраулар поэзиясын, соның ішінде, нысанға алып отырған Доспамбет шығармаларын оқытуды жаңа мазмұнға сай жүргізу қазақ әдебиетін оқыту процесіндегі ең маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Себебі, бүгінгі білім беру тәрбиелері отырып оқытуға негізделеді. Доспамбеттің шығармаларын психологиялық, философиялық, әлеуметтік тұрғыдан талаптарға сай етіп оқытудың бірнеше жолдары аталған мақалада сөз етіледі. Сонымен қатар, жыраудың шығармаларын беруде оқушылардың ойлау деңгейлері мен жас ерекшеліктеріне ұарай тапсырмаларды талдай, талқылай отырып берудің маңыздылығы да анық көрсетіледі.

Елде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай алдыңғы орынға білім беру сапасын арттырудың дәстүрлі міндеттерін жылжыта отырып, оқу-тәрбие процесіндегі басымдықтарды өзгертуді ғана емес, сол сияқты бірінші кезекте мектептің қоғамдағы балалар мен жасөспірімдердің тұлға мәдениетін, бейімі мен өзін-өзі іске асыруын қалыптастыруда педагогикалық күш салуын талап етуде.

Мектептің жаңаша түрленуінде ең басты міндет – педагогтардың, оқушылар мен ата-аналардың арасындағы өзара ізет, құрмет, ынтымақтастық принциптерінде оқу-тәрбие міндеттері кешенді шешілетін әлеуметтік-мәдени, пәндік білім беру ортасын құру. Бұл бағыттар Қазақстан Республикасының білім, ғылым және тәрбие саласындағы заңнамалық актілерінде көрініс тапқан.

Заманауи мектеп өз қызметтерін іске асырудың түрлі жолдарын іздестіруде, олардың бірі – жаңашыл іс-әрекет.

Жаңарту – жаңалық енгізу, жаңашылдық, өзгерту; түрлі бастамалар мен жаңашылдықтар негізінде туындайтын маңыздылығы өзекті жаңадан пайда болған туынды.

Міне, осы жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ әдебиетін, соның ішінде, жыраулар поэзиясын оқытудың басты мақсаты - заман ағымына сай, ақпараттанған білім саласында халықтың әдеби мұрасын, тарихи шығармаларын тәрбиелік принциптерін алға тарта отырып тиімді жеткізу. Бұл тұрғыда, қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесінің жаңартылған үлгісіне жүгіну қажеттілігі де қатар туындасы анық. Ғалым Б. Сманов әдебиетті оқыту әдістемесі туралы мынадай тұжырым жасайды: «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі-қоғамдық-саяси ойдың, философия, әдебиеттану, тіл білімі, эстетика, психология ғылымдарының дамуымен өзара сабақтаса байланысқан қолданбалы ғылым. Ал,қазіргі қоғамда кез келген ғылым саласының дербес өмір сүруі үшін мынадай үш түрлі шартқа жауап беруі қажет:

1. Басқа ғылым салаларынан ерекшеленетін өзіндік жеке-дара зерттеу нысаны болуы;

2. Аталған ғылымның зерттелуіне қоғамдық сұраныс пен қажеттіліктің болуы;

3. Тек осы ғылымның өзіне ғана тән ғылыми-әдістемелік жүйесі болуы тиіс [1, 10 б.]. Демек, қазіргі білім беру саласында әдебиетті оқыту, жыраулар поэзиясын оқыту әдебиеттану, психология, философия, тарих, тіл білімі, педагогика т.б. ғылымдармен тікелей байланысып, сол сабақтастық негізінде жетілген нәтижені арқау ету арқылы жүзеге асады. Себебі, қазіргі таңда байланыссыз ғылым жоқ. Барлық ғылым саласы белгілі бір деңгейге жетуде басқа ғылым салаларының жетістіктерін негізге ала отырып дамитыны сөзсіз. Бұл қазіргі кезе әдебиетті оқытудың тек қана қазақ әдебиеті тұрғысынан ғана емес философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік тұрғыдан да қарастырылуы қажеттігін туындатады,

Доспамбет жыраудың әдеби мұрасын оқытудың психологиялық негіздерін де жеке алып қарастыруымыздың да негізі осы. Себебі, адамзат баласының жаратылғаннан бері жай-күйі, сыр-сипатына терең бойлау психологияның негізі міндеті. Жырау шығармаларының жайы, жазудағы басты себебі мен күйі, оның оқушыларға берер тағылымынан бөлек мінезі мен болмысына әсері осы психологиялық негізіне бойлау кезінде анықталады. Жалпы оқу мен тәрбиенің негізін психология мен педагогика құрайтыны белгілі. Осы ғылымдарды бірлікте ұстауды ғалым С. Ғаббасов сабақтастыра отырып беруді ұсынады. «Адам тәрбиесінде осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан сәйкессіздіктің ең тұрпайысы, бүгінге дейін психология мен педагогиканы біртұтас бірлікте қарамай, керісінше екі бөлек байланыссыз ғылымдар тәрізді болып қолданылуы болып табылады. Екеуінің де шыққан тегі - адам баласынан пайда болғандықтан, ендігі жерде педагогика мен психологияның методологиясы, жүйелері, негіздері біреу-ақ екенін мойындамай болмайды» [2, 104 б.]. Бұл адамның жаны мен тәнінің ажырағыссыздығы секілді педагогика мен психология да тығыз байланыста.

Тәрбие – үздіксіз процесс, ол мектептегі тәрбие жүйесінің барлық компоненттерімен іске асырылады, оларға: сабақтар, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие шаралары, сынып ұжымындағы іс-әрекет, қосымша білім беру жатады. Оқу процесінің тәрбие әлеуеті күшті. Заманауи білім беру бағдарламаларының мазмұны елеулі тәрбие мүмкіндіктерінен тұрады, оларды іске асыру оқу процесінің негізгі бірлігі ретінде сабақтың ойластыра ұйымдастырылуына байланысты. Сабақ тек ақпарат көзі болып қана емес, тұлғаның қалыптасуына ықпал етіп, дамытуы, тәрбиелеуі үшін келесі талаптар сақталуы қажет:

1. Сабақтың мақсаты мен міндеттерінде оқыту, тәрбие және дамыту бірлігі принципінің бейнеленуі;

2. Адамгершілік, руханилық, азаматтық және ізгіліктің жоғары үлгісінен тұратын оқу материалын мақсатты тандау;

3. Оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде дұрыс бағдарлануы үшін ізгілендіру және ізгіліктендіру принциптерін, балада қоршаған дүние үшін жауапкершілігін дамытатын экологияландыру принципін, іс-әрекеттің түрлі бағыттарында балалардың бейімі мен шығармашылық қабілеттерін анықтауды және дамытуды көздейтін сыртқы және ішкі саралау принциптерін іске асыру;

4. Педагогикалық технологиялардың тәрбиелік әлеуетін пайдалану;

5. Білім берудің түрлі сатылары және оқу бағдарламаларының мазмұндары арасында сабақтастықты жүзеге асыру;

6. Оқушылардың өзіндік шығармашылық, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

7. Сабақ мазмұнына оқушылардың жағымды әлеуметтік мәдени тәжірибесін кеңейтуді қамтамасыз ететін әлеуметтік рөлдердің ойнатылуын белсенді түрде қосу.

Көрсетілген талаптарды орындау оқу пәндерінің тәрбиелік әлеуетін белсенді іске асыруға ықпал етеді. Сабақты жоспарлауда және өткізуде тек қана сабақ материалының мазмұны және қолданылатын формалар, әдістер мен технологиялар тәрбие

мүмкіндігіне ие емес екенін есте сақтау қажет. Педагогтың тұлғалық қасиеттері (оның сыртқы келбеті, мінез-құлық мәдениеті, сөзі, сенімділігі, сезімділігі), мұғалім мен оқушылар қарым-қатынасының стилі (ақкөңілдік, әділдік, педагогикалық сыпайылық, сабақта іскерлік ахуалын туғызу, оқушының жеке жетістігін қолдау) тәрбиелейді. Сондықтан сабақтың әр кезеңі белгілі бір тәрбиелік мүмкіндіктерге ие.

Тәрбиелей оқыту принципі оқыту мен тәрбие бірлігінің заңдылықтарына негізделеді (Л.С. Выготский). Оқыту процесіндегі тәрбие білім алушыларды интеллектуалды, және ең бастысы қызығушылықтарын ескере отырып креативтік, жеке танымдық қабілеттерін дамытумен байланысты. Оқу материалын меңгеру тек таным аясын дамытып қана қоймайды, сол сияқты ұйымшылдық, дербестік, шыдамдылық, іскерлік, еңбексүйгіштік, тәртіптілік сияқты тұлғалық қасиеттері мен сапаларын қалыптастырады.

Қазіргі ақпараттандыру қоғамында оқу үдерісі де оқушы тұлғасының әлеуметтік мүмкіндіктері мен қабілеттеріне жоғары талап қойып отыр. Әлеуметтік қоғамдағы ақпараттың көптігі жағдайында оқушыға мектептегі ғана емес одан кейінгі кәсіби қызметін қалыптастыруда қажетті ғылыми-теориялық мағлұматтарды қабылдау, қотыру және өзіндік ой-тұжырым жасау аса қиындық туғызады. Бұл бәсеке қоғамында өмір сүріп жатқан оқушыдан жоғары ойлау деңгейін, өзіндік интеллектіні талап етеді.

Бұндай тәрбие беруде жыраулар поэзиясын, соның ішінде Доспамбет шығармаларын оқыту тиімді. Ал жыраудың әдеби мұрасын оқытуда, әсіресе, көркем мәтінмен жұмыс істеу, оның өледері мен толғауларын оқып, талдау, тереңіне бойлау, өзіндік қорытынды пікір айтуға аса мән беріледі. Себебі «Бүгінгі күн талабы, елімізде кең қанат жайған әлеуметтік-саяси жаңарулар әдебиетші ұстаздан сабақ сапасы мен тиімділігін арттырып, оқушылардың әдебиеттанушылық білім, білік, дағдыларын, жан-жақты жарасымды жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Ал әдеби білім көркем шығарманы оқу, талдау арқылы келеді» [3, 348 б.].

Көркем мәтінді талдау, салыстыру мен біріктіру тәрізді тәсілдер қазақ әдебиетінде жыраулар поэзиясын жекелей оқытуда өте жиі қолданылады. Берілген мәтіндерден негізгі ойды табу, сол ойлардың шығуына түрткі болған тірек сөздерді анықтау, автордың негізгі идеясын анықтау, басқа авторлармен салыстыру, ой тұтастығын қарастыру, т.б. сияқты тәсілдер күнделікті сабақ үстінде орындауды қажет ететін тапсырмалар.

Доспамбет шығармаларын оқытуда оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар беруге болады.

Тапсырманың мақсаты:

- оқушыларды көркем мәтіндерді оқуға үйрету;
- олардың жаттау, есте сақтау қабілеттерін шыңдау;
- оқушылардың логикалық ойлау дағдысын қалыптастыру;
- өзіндік ой қорытындыларын жасауға төселдіру.

Бұндай мақсаттарға жету жолында жыраудың өлеңдерін беріп, оның ішінен кейбір сөздер мен сөз тіркестерін алып тастап, шығарманы толықтыру тапсырсақ болады:

Айналайын Ақ Жайық,

... өтер күн қайда?!

Еңсесі .... орда

Еңкейе кірер күн қайда?!

Қара бұлан терісін

Етік қылар .... қайда?!

... бау тағып,

Кіреуке киер күн қайда?!

Күмбір, .... кісінетіп,  
Күренді мінер күн қайда?!  
Толғамалы ақ балта  
.... күн қайда?!  
..... найза  
Ұсынып шаншар күн қайда?!

*Қажетті сөздер:* ат салмай, биік боз, күн, күмбір, толғап ұстар, алты құлаш ақ.

Тапсырманы орындау арқылы оқушы көркем мәтінді талдауға бейімделіп, пікір алмасу дағдысы қалыптасады. Себебі, бұл тапсырмаларды топтық немес ұжымдық талқыға салу арқылы орындатсақ оқушылардың арасында өзіндік пікір алмасу жүреді.

Доспамбет шығармаларында көбіне ат үстінде жауға шапқан, жорыққа шыққан жанның көңіл-күйі, психологиясы, өмір мен өлім арасындағы адамның жан тебіренісі баяндалады. Әсіресе, «Арғымаққа оқ тиді», «Дүниенің бас сайран, түбі ойран» толғауларынан осы мәселелерді аңғарамыз.

Арғымаққа оқ тиді,  
Қыл майқанның түбінен,  
Аймадетке оқ тиді  
Отыз екі омыртқаның буынынан,  
Зырлап аққан қара қан  
Тыйылмайды жонның уақ тамырдан.  
Жара бір қатты, жан тәтті,  
...Жағдайсыз жаман қалып барамын  
Жанымда бір туғанның жоғынан!... [4, 33 б.].

Жыраудың осы шумақтарын оқытуда балаларға тек қана оқиғаны баяндап қоймай, ақынның ішкі арпалысын да жеткізу маңызды. Себебі, Доспамбеттің тек қана тәні жараланған жоқ, оның тән жарасын жазысар жанына жақын жанның жоқтығы да мәселе ретінде көтеріледі.

Дегенмен, жыраудың шығармашылығын оқыту барысындағы оқушылардың қызығушылығы әртүрлі болуы заңды нәрсе. Мысалы, бір оқушылар қарапайым тапсырмалар арқылы берілген фактілер, оқиғалар негізінде білім алса, енді біреулері автор шығармаларының астарына үңіліп, айтылмаған, іздеуді қажет ететін тұстарына көңіл бөлуі мүмкін. Сондықтан да, балалардың барлығына дерлік Доспамбет жырау поэзиясын ұғындыру үшін, қызығушылықтарын қалыптастыру үшін төмендегідей жұмыстарды жасауға болады:

- оқушылардың тақырыпқа қатысты мәліметтерді алуы үшін бейнероликтерді қолдану;
- жеке психологиялық қабілеттерін дамыту мақсатында танымдық тапсырмалар ұсыну;
- әрдайым білім алу кезіндегі белсенділігін, ізденімпаздығын, т.б. қасиеттерін атап өту.

Доспамбет мұрасын оқытуда қалыптасқан, үнемі айтылып жүрген фактілер мен жаттанды ақпараттарды айтып, қажетті дағдыларды оқушы бойына жеңіл-желпі қалыптастырумен шектелмей, сол мұраларды оқушылар өз беттерімен саналы түрде игеруіне жол көрсетіп, шығармашылық ізденісіне бағыт берудің маңызы зор. Бұл аталған шығармалардың әлеуметтік дамудағы рөлін, оқушылардың жан-жақты дамыған жеке тұлға етіп қалыптастырудағы орнын белгілей отырып, оқытудың негізгі міндеттері мен басты бағыттарын, оларды жүзеге асыру тенденцияларын ғылыми тұрғыда нақтылай түсуді қажет етеді. Сол себепті де бүгінгі білім беру үрдісі қанша ақпараттанған, жаңарған деңгейде болса да, соншалықты деңгейде ата-бабамыздан қалған мұралар мен тарихи шығармаларға, ұлттық құндылықтарды бойға сіңірте отырып оқытуға, халықтық педагогикаға бет бұруда.

Жалпы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі жоғарыда атап өткеніміздей негізінен талдауға, талқылауға құрылады. Бұл әдістеме үлгісі жыраулар поэзиясын оқытуда айқын көрінеді. Қазіргі дамыған замандағы оқушы өзіндік тұлғалық қабілеттері мен қасиеттері қалыптасып келе жатқан, жеке пікір білдіруге бағытталған ақыл-ой иесі деп айта аламыз. Сол себепті де оның жеке психологиялық қабілеттері міндетті түрде ескеріліп оқытылуы тиісі.

Сонымен, Доспамбет мұраларын оқытудың психологиялық негіздерін зерделеудегі іс-әрекеттерді былайша топтастырсақ болады:

-біріншіден, Доспамбет шығармаларындағы адамзаттық құндылықтар, жақсы-жаман қасиеттерді бейнелеу арқылы дұрыс тәрбие беруге бағыттау;

-екіншіден, жыраудың жорықтағы өлеңдерін оқыту арқылы ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіз ел болуға үндеу.

-үшіншіден, жырау шығармалары арқылы қазақтың көнерген сөздеріне талдау жасай отырып, олардың ойды жеткізудегі рөлін айқындау;

Аталған мәселелерге айрықша көңіл аударылып оқыту жүргізілсе, ақпараттанған бала санасына халықтың ертегі мұраларын сіңдіру, тамыры терең, тағылымды шығармаларға қызығушылықтарын арттыру жұмыстары нәтижелі болады. Сонда ғана біз тәуелсіздіктің бағасын түсініп, ел болашағын бағамдап, сол жолда аянбай қызмет қыларлық ұрпақтың психологиясын қалыптастырарымыз анық.

#### Әдебиет:

1. Сманов Б. Көркем шығарманы талдау негіздері. - Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2016. - 366 б.
2. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. - 448 б.
3. Сманов Б. Мектепте көркем шығарманы талдау негіздері. - Алматы: Тоғанай Т, 2009. - 272 б.
4. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. / Құрастырған М. Мағауин, М. Байділдаев. Алматы: Жазушы, 1989. 1-т. - 384 б.

ӘОЖ 821.512.122

### КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ҚАЗАҚШАҒА АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ

**Габдулина М.Г., Коспакаева Г.А.**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)*

Әр халықтың лексикасында қажеттілігіне байланысты басқа тілден енген сөздер, яғни кірме сөздер бар. Тіл қоғаммен тікелей байланыста болуы заңды, сол себепті қоғамдағы тарихи оқиғалар, сауда-саттық қарым қатынастар, географиялық байланыстар тілге және сөздік қорға өз әсерін тигізеді. Кірме сөздер лексикасына енген тіл жоқ деуге болады. Мысалы, қазақ тілінде туыстас емес орыс тілінен енген кірме сөздер кездеседі. Қазақ тілінің сөздік қорындағы кірме сөздер көбіне бес халықтың кірме сөздерін құрайды олар: араб тілі, парсы тілі, монғол тілі, орыс тілі, ағылшын тілі.

Бүгінгі таңда қазақ тілінің сөздік қоры жаңа сөздермен толығуда, олардың дені ақпараттық технологияларды және т.б салаларды қамтитын кірме сөздерді құрайды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап, көптеген ғылыми әдебиеттер өз тілімізге аударылып, өндірістік және шаруашылық терминдерімен сөздік қорымыз толықты. Әрбір шаруашылық пен өндірістің өзіне меншікті, сол шаруашылықпен айналысатын адамдарға ғана түсінікті сөздер де көбейді.



Сөздік қордың жаңа сөздермен толығына байланысты түсіндірме сөздіктердің, терминологиялық сөздіктердің жаңа сөздермен толығына сұраныс болатыны сөзсіз. Осындай жұмыстардың нәтижесінде қазақ терминологиясын жинап, оларды өз ішінен мағына жағына саралап, жалпыға түсінікті етуде көптеген жұмыстар атқарылды.

Екі тілдің бір-біріне тигізетін ықпалы жайлы сөз қозғалған жағдайда, көп адам орыс тілінен қазақ тіліне жекелеген сөздердің тікелей ауысуын ұғады. Шын мәнінде, ол үдерістің бір бөлігі ғана. Орыс тілінің қазіргі қазақ тіліне тигізіп жатқан басқа да сан алуан игілікті ықпалы бар. Біз, ең алдымен, орыс тілінің негізінде әрбір терминдеріміз бен атауларымыздың ұғымдық жақтарын жіктеп, саралап алуымыз қажет.

Қазақ тілі түркі тілдер семьясына жатады, ал орыс тілі славян тілдер семьясына жатады яғни бұл екі тілдің туыстық қатынасы жоқ екенін көрсетеді. Бірақ туыстық қатынас болмаса да, көрші тұрған екі мемлекет ежелден тығыз байланыста. Екі елді тек географиялық шектестік қана емес, сонымен қатар, достық қарым қатынас, сауда-саттық, ортақ тарих байланыстырғандықтан бұл екі мемлекеттің тіліне де өз әсерін тигізеді. Орыс тілінің қазақ тіліне ықпалы әсіресе фонетика саласында (мәселен, ч, ц, щ, в, ф, я, ю дыбыстары мен әріптерінің қазақ тіліне ауысуы т.б.), морфология мен синтаксис саласында стилистика саласында және де аударма мәселелерінде көбірек байқалады.

Орыс тілінен енген кірме сөздер қазіргі қазақ тілінде көптеп кездеседі. Орыс тілінен енген кірме сөздердің көбісін халықаралық (интернационалдық) деп аталатын термин сөздер құрайды. Кірме сөздердің жалпы қолданысқа енгендері «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне» енген. Аталмыш сөздікте кірме сөздер түбір қалпында қамтылған.

Бұрындары орыс тілінен қазақ тіліне ауызша формада ғана сөз алынса, қазан революциясынан кейін екі түрлі күйде сөз ауысты. Ауызша күйде дербес терминдер өзгеріссіз тікелей келіп енді. Ал революциядан соң терминдер қазақ тіліне икемделіп, өздерінің мағыналарына сай балама аударма күйінде енді. Кірме сөздердің аудармасыз тікелей түрі де, аударылған түрі де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, яғни газет, журналдар арқылы халық арасына тарап, әдеби тілімізге сіңісті. Қазақ тілі өзінің сөздік қорында әуел бастан болмаған шаруашылықтың жаңа түрлеріне байланысты, отырықшылық мәдениетке байланысты жаңа сөздерді орыс тілінен қабылдау арқылы өз сөздік қорын байытты. Сондай үдерістің арқасында бүгінде қазақ тілінің сөздік қоры ғана байып қойған жоқ, сонымен қатар, еліміз ғылымы мен техникасы ерте дамыған елдермен ыйық тірестіретін жағдайға жетті. Қазақ жазба әдебиетін қалыптастырушы Абай Құнанбайұлы мен оны бүкіл қазақ халқына таныстырған оның жерлесі әрі керемет қаламгер Мұхтар Әуезов те өз әдеби теориясын кеңейту үшін орыс әдебиетіне жүгінген оның жақсысын сіңірген жаманынан жиренген.

Орыс тіліндегі терминдерді қазақша сөзбе-сөз аударудың жақсы жақтары бар. Мысалы:

1. Орыс тіліндегі сөздерді аудару барысында кейбір синонимдес сөздер өздеріне жаңа мағына үстеп дербес мағынаға ие болды. Мәселен: Оқу-учеба, білім-знание, ғылым - наука, ілім - учение. Сол сияқты ту (знамя) мен *жалау* (флаг), *темекі* (табак), *шылым* (*папироса*), *кінә* (вина) мен күнә (грех) сияқты сөздер аударма барысында жаңа мағынаға ие болды.

2. Аударма барысында көптеген пассив сөздер актив сөзге айналу үдерісі де жүреді. Ол дегеніміз кей сөздердің қолдану аясы кеңейді. Мысалы: *строй*, *стройка*, *стронис*, *устройство*, *строительство*, *постройка*, тәрізді дербес әр-түрлі мағына үстейтін сөздерге қазақтың *құрылыс* деген жалғыз сөз балама болып алынған. *Вывод*, *заклучение* дегендердің мағынасы *қорытынды* болып аударылады.

3 Кірме сөздерді аудару барысында архаизмдер, диалект сөздер жаңа мағынаға ие болып активтенеді. Мысалы: *здание* — ғимарат, үй, жай, *тиф* — сүзек, кезік: — перепонка жарғақ, желқабық; *мочевой* — несеп қуығы, тынжы; *испаражение* — нәжіс, дайрақ, ұлы дәрет болып, орыс тілінен қазақшаға аударылған.

4. Орыс тіліндегі терминдерді аударып алуда кейбір қазақтың төл сөзі бұрынғы негізгі мағынасының үстіне терминдік жаңа мағына қосып алған. Мәселен, *сыбаға* деген сөз кезінде болған мағынасының үстіне орысша *удел* (сыбағалы салмақ) деген терминдік мағынаға ие болған. *Мешел* деген сөз медицинада *рахит*, ал *теміретке экзема* деген сөздердің орнына балама етіп алынған.

5. Терминдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударуда -у, **лык/лік, -ыс/-іс, ма, ме** сынды жұрнақтар өте өнімді қызмет атқарды. Мәселен: *созревание* — пісу, жетілу; *увольнение* — босату, шығару; *отравление* — улану, ұшыну; *поощрение* — мадақтау, көтермелеу, *кружок* — үйірме, *надстройка* — қондырма, *колебание* — тербеліс, *литье* — құйма, *плавка* — балқыма, *доказательство* — дәлелдеме, *соединение* — қосылыс, *осыть* — қорым, жиналма; *решение* — шешім, *донесение* — хабарлама т. б.

Өзге халықта бар жаңа кәсіптен, жаңа техникадан, жаңа өнер мен сөзден қорықпау керектігін керісінше жақсы жаңалықтарды өз елімізге, тілімізге икемдеп, үйрену керектігін қазақтың ұлы ақыны Абай өз пайымдауларында айтып кеткен. Мысалы: Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста тұр... Олар дүниенің тілін білді... Сен оның тілін білсең — көкірек көзің ашылады» -дейді.

Тіл қоғаммен тікелей байланыста. Дамушы мемлекет ешқандай елмен қарым қатынас жасамай, өз ішінде ғана дамуы мүмкін емес. Сол себепті тіл өзіне жаңа кәсіппен бірге жаңа сөздерді қабылдауы тиіс. Солайша, халық жаңа кәсіппен бірге сөздік қорына жаңа сөздерді де қабылдайды.

Жаңа дәуірдің тіл білімінде сөз адамға тек қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар, ұлттың менталитетінің, өнерінің көрінісі ретінде қарастырылып жүр. Бұл көзқарастар бойынша тіл тек қана халықтың мәдениетіне ғана емес, сондай-ақ ата - бабамыздың әлемге көзқарасы, олардың өмірлік ұстанымдарын, пәлсапасын, өмірлік құндылықтарын көрсететін бірден бір құрал екенін білуге болады.

Қазіргі таңда тілде англизмдер көптеп кездеседі. Олар жазба яғни әдеби тілмен қатар халықтың әсіресе жастардың ауызекі тілінде де кездеседі. Баршаға түсінікті ұлттық тілдің экзистенциялық ішкі жүйелер - әдеби тіл, сленг, жаргон, ауызекі сөйлеу тілі болып табылады. Әлеуметтік лингвистикалық түсінік бойынша кірме сөздердің экзистенциялық ішкі жүйелерінің құрамындағы қызметін сипатау мәдни лингвистиканың пәні ретінде қарастырылады.

XX ғасырдың басында англизмдердің тілге ену себебін анықтаумен көптеген ғалымдар айналыса бастаған. Бірақ англизмдердің тілге ену себептері дұрыс анықталмаған, себебі тілдің ішкі тілдік және сыртқы тілдік емес факторлары нақты қарастырылып зерттелмеген. Мәселен, «Тіл білімінің негіздері» еңбегінің авторы Кәкен Аханов өз еңбегінде ұғымдар және заттарға ат қоюдың қажеттілігін кірме сөздердің тілге енуінің негізгі себебі ретінде көрсетеді. Бұл себептерден өзге себептерде аталады олар: тілдік, әлеуметтік, психикалық, эстетикалық т.б, жаңа тілдік қалыптың қажеттілігі, ұғымдарды бөлу қажеттілігі, оларды қысқа, қолайлы, анық ететін құралдарға қажеттілік сияқты себептер де [1, 203 б.] айтылады.

Бүгінгі таңда лингвистер қазақ-ағылшын тілдерінің қатынастарына ерекше назар аударып отыр. Ағылшын тілінен енген кірме сөздердің қазіргі қазақ тілінде ойып тұрып орын алуы, белсенді қолданыста болуы әлеуметтік және ғылыми өмірдегі үлкен өзгерістермен түсіндіріледі. Ғаламтордың пайда болуы, ақпарат ашықтығы, өзге елмен қарым-қатынас жасаудың оңайлығы қазіргі таңда тілімізге кірме сөздердің енуін жеңілдетеді. Қазақ халқы ертеден жаңашылдықтан тосырқамаған және өзге елдің әдет

ғұрпына түсінікпен қараған. Халқымыздың жаңашылдыққа жақындығы еліміздің дамуына жақсы әсерін тигізеді. Елімізде шетелдік инвесторлардың көбеюі, шетел мамандарының елімізде өз тәжірбиесімен бөлісуі, жастардың шетелде оқуы мұның бәрі қазіргі қоғамға таңсық емес.

Many specialists believe that an important task of teaching a foreign language in a modern school is the comprehensive and harmonious development of the learner's personality, who is able and willing to participate in intercultural interaction. At the same time, as we know that motivation is one of the main tools of the learning process. For its formation, it is necessary to create adequate conditions for the manifestation of internal motives of learning students' awareness for their further personal development and motivational sphere.

In this context, the methodology of the subject or context-linguistic integrated learning (CLIL) is one of the most perspective methods of teaching foreign languages to students of non-linguistic specialties, which is aimed at formation their communicative and professionally-oriented competence.

According to most methodologists content and language integrated learning represents a teaching method that brings inconsiderable advantages and innovations not only into the teaching language but also into non-language subjects. Scientists argue that using this technology in polylingualism is the most appropriate way. Therefore, the lesson model itself using this technology, i.e. its components, must first be considered [2].

The main focus is on content, as content is the development of knowledge, skills and abilities in a particular subject area. It is important to note that the word "content" is used primarily in CLIL technology. This is due to the fact that the study of the subject takes place in parallel with the study of language. Teachers argue that they should teach a foreign language and help students use it so that they can communicate in that language. Students should hear the language model several times before they can accurately reproduce it [1].

Integrated subject and language approach is governed by principle four "C" selected by D. Coyle. He claims that the three components (content, cognition and culture) should be realized through communication. So for planning each lesson, we need to use the four components and assimilate all of this with help communication [3]

1.Content: what is biology? (microorganisms, flora, chlorophyll)

2. Communication: in what language will students communicate during the lesson?  
Comparative language for material reasoning

3.Cognition: what kind of mental skills are required from students? Identification, classification, reasoning, generalization.

4.Culture: is there a cultural orientation to the lesson, i.e. is there a difference in the use of biological terms by students from different countries? What terms do they use? In a multi-lingual environment, it is important to find time for students to demonstrate the methods used in different cultures.

As a result of many methodologists, CLIL lesson planning analysis plays a crucial role in teaching. It is therefore recommended that the lesson be divided into the following parts[4]

1)Activation of existing knowledge

It is important and useful to start the lesson by testing students' existing knowledge of the topic being studied. Students may have sufficient knowledge of the lesson topic in their native language (L1), but have difficulty translating this information into a foreign language. When brainstorming on a new topic, expect students to produce facts in their native language and then translate them into the foreign language.

2) Input data and outcome

The teacher needs to plan which input data will be presented in the CLIL lesson. How will the information be presented: orally or in writing, in printouts or electronic format? Is this information presented for the whole class, group or pair work? Does it include a practical demonstration? The teacher must also plan for the result of the training. How do students intend to use and discuss lesson content in a foreign language? Will, the discussion takes place orally, in writing, or through a practical demonstration? How will the task be carried out: individually, in groups or pairs? What will the student's successful learning look like?

*Activity "Inner and outer circle"*. Pupils count on the first, second and makeup questions on the passed theme in English. Then two circles form: internal and external. Children face each other and ask questions. The children move from the outer circle and create new pairs. The same work continues on the following issues.

3. Waiting time

Waiting time refers to the pause when a teacher waits between asking a question and getting an answer. When a course is taught in a non-native language, it may take a little longer before the student can answer, especially in the initial stages of the course. The instructor pause must allow all students to participate in the discussion.

*Activity "Question loop"*. Questions and answers are given in English. On one side of the question, on the other side of the sheet the answer to another question. When one reads, everyone should listen carefully, the one who found the answer reads the answer to the question and reads his question, and so on then on to the next one. The activity develops care, correct pronunciation.

4. Working in pairs or group tasks

This item includes tasks that force students to use special subject vocabulary and structures in the learning process. This may be at the word level, for example, the difference in knowledge when working in pairs or highlighting information, or at the sentence level, for example, working in pairs, answering questions. Students in groups can create and present small presentations on a topic that they have learned, which can be presented online or in front of the audience. Exercises help students learn new material and language.

*Activity "Guess the organ"* Students are divided into groups. For each group, a large sheet is distributed, glued with stickers. The stickers hide the photo of the organ. In the middle of the sheet questions, terms. Each member of the group answers the question or explains the meaning of words in English and removes one sticker each. After answering all the questions, students should name the organ, tell about its activities and roles in the human body.

### 5. Conscious tasks

Students usually need significant support in developing their mental abilities in a foreign language (L2). They should not only develop every day (spoken) language they learn in foreign language classes, but they should also develop the academic language of the subjects. While studying CLIL, students may meet difficult to understand materials at the beginning of their studies.

To provide students with some "help", i.e. to support the student with the content of the course and the use of a foreign language, which should be appropriate. For example, a faculty member may write the beginning of a sentence on a whiteboard to allow students to finish it on their own, thus developing their summation skills:

*Complete the sentences:*

1. \_\_\_\_\_ is one of the \_\_\_\_\_ life forms on Earth and occurs in almost all terrestrial habitats.

2. They \_\_\_\_\_ the soil, fresh and seawater, acidic hot springs, radioactive waste and deep layers of the earth's crust.

3. \_\_\_\_\_ are often symbiotes \_\_\_\_\_ and of plants and animals.

Words: bacteria, inhabit, first, bacteria, parasites.

*In conclusion*, teachers review and evaluate students' performances against certain criteria. Performance reviews may include individual, paired, or groups of students. Methodologists argue that since CLIL promotes task-based learning, it is correct to assume that students have the opportunity to be evaluated by showing their knowledge and abilities. Performance assessment can also be used to assess the development of communication and mental skills as well as attitudes towards learning.

Thus, it can be seen that CLIL learning is a synthesis of learning a specific subject and a foreign language. Many scholars believe that learning in this technology has both positive and negative qualities. Of the positive qualities, it can be noted from the study of a foreign language and the academic subject, so that the student has the opportunity to improve their knowledge of a foreign language, studying, for example, biology. Of the negative ones, there is a lack of educational materials, a lack of criteria for evaluating students, a lack of qualified teachers with a sufficient level of foreign language knowledge[5].

### References:

1. Marsh D. CLIL. The European Dimension: Actions, Trends and Foresight Potential Public Services Contract DG EAC: European Commission, 2002.
2. Нуракаева Л.Т., Шегенова З.К. Методические рекомендации учителям по использованию метода предметно-интегрированного обучения (CLIL). - Астана. - 2013. - С.8-10
3. Coyle D. Theory and planning for effective classrooms: supporting students in content and language integrated learning contexts. (Ed): Learning Through a Foreign Language London: CILT, 1999.
4. Milrud R.P. "Competence in language learning", "Foreign languages in school" 2004, No.7;
5. Stoyanova A., Glushkova M. Guidelines for the design and implementation of multilingual programs.

### Ш.МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚОСАРЛАМА ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Есматова М.Т., Бексултанов Б.М.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Сөзді қайталау және қосарлау тәсілі – өзінше ерекшелігі мол құнарлы жүйе. Бұл жүйе бойынша сөзді қайталаудан я қосарлаудан белгілі-белгілі мағыналар туады. Компоненттері морфологиялық жағынан бір тектес, синтаксистік жағынан өзара тең болатындықтан, қосарлама қос сөздің мағынасы құрамындағы екі компоненттің де мағынасын бірдей қамтиды да, жалпылау, топшылау, жинақтау, болжалдау, мөлшерлеу тәрізді ұғымдарды білдіреді. Бірақ компоненттерінің мағыналық дербестігі болу я болмауы жағынан алғанда, қосарлама қос сөздердің өздері де біркелкі емес. Мысалы: Соны аңғарып, *комиссар-болыстарға* тапсырма айттық. Қалжырағанымды сезбеуге қанша тырыссам да, таң атуға *екі-үш* сағат қалғанда көзім еріксіз жұмыла берді. Байлардың *мал-мүлкінен* кедейлерге қарайласу туралы пәрмен берілді («Жұлдыз көпір»). Жоғарыда көрсетілген қос сөздердің екі компоненттерінің де дербес лексикалық мағыналары бар.

Профессор К.Аханов «Грамматика теориясының негіздері» деген еңбегінде қос сөздердің үстеме буын түрлерінен басқаларын күрделі сөз деп қарайды [1, 16 б.].

Жинақтық мағына беретін мәндес қос сөздердің бір сыңары әдеби тілімізде дербес лексикалық мағынада жұмсалғанымен, олар түркі тілдерінің бірінде не монғол тілінде сол мағыналы компоненттің мәнінде қолданылады. Мұндай сыңар мәндес қос сөздердің лексика қорын байытуда және қазақ тілін тарихи зерттеуде алатын орны айрықша. Мысалы: жолдас-жора сөзін алатын болсақ, жора қазақ тілінде жеке лексикалық сөз ретінде (жолдас мағынасында) қолданыла бермей, тек жолдас сөзімен тіркесте ғана қолданылады. Жеке тұрғандағы лексикалық мағынасы болмайтын жора сөзі қырғыз тілінде жолдас мағынасында жұмсалады [2, 13 б.].

Қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас, морфологиялық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес (пара-пар) сөздерден (компоненттерден) құралады. Мысалы: әке-шеше, әні-міні, туған-өскен, алды-арты, үсті-басы, алты-жеті, ойнап-күліп деген тәрізді сөздердің әрқайсысының компоненттері мағына жағынан бір-біріне орай, өзара бір-бірімен жақын, ыңғайлас сөздер; олар морфологиялық төркіні жағынана да, бір тектес, демек, белгілі бір ғана сөз табына тән, әрі формалары біркелкі сөздер; және осындағы әрбір қос сөздің компоненттері синтаксистік қызметі жақтарынан біріне-бірі әрі бағынбай, әрі бірінен-бір тәуелсіз болып салаласа құрылған күрделі сөздің бірімен-бірі тең табиғи бөлшектері есебінде қызмет етеді. Бұл аталған үш түрлі ерекшелік қосарлама (қос) сөздердің күрделі сөз болып жасалуына негізгі таяныш болуымен қатар, олардың өзге күрделі сөздерден ажырауына да негізгі белгі есебінде қызмет етеді [3, 29 б.].

Кей қосарлама қос сөздердің бір сыңарларының дербес лексикалық мағыналары жоқ я олар әлсіреген. Мысалы: Алыстан қарағанда *кіші-гірім* қала сияқты болып көрінген совхоз ішінен енгенімде, үйлері бытыраңқы, берекесі қашып, сиреп сала бергендей болды. Ондай *ұсақ-түйек* сенің көзіңе іліне бермеуі де мүмкін, - деді Наташа күрсініп алып («Жұлдыз көпір»). Дауысым оған жетпейтінін білсем де, барымша айқайлап, сүдігерге *сүріне-қабына* жүгірдім («Қыл көпір»).

Қосарлама қос сөздердің құрамындағы компоненттер дыбыс, буын және реті жақтарынан да үйлес, үндес болып құралады. Компоненттердің бір-бірімен буын жағынан ыңғайлас, дыбыстас болып келуі қосарлама сөздердің жоғарыда аталған үш ерекшелігін (мағыналық, ыңғайластық, морфологиялық тектестік және синтаксистік теңдестік) біріктіріп, тұтастыруға әсер етеді деп айтуға болады.

Біріншіден, қосарлама сөздердің құрамындағы компоненттер рифма жағынан өзара орайласып, үйлесіп отырады. Бұл үйлесім синтаксистік жағынан бір-бірімен тең екі компоненттің екеуіне де бір түрлі қосымша қосылуы арқылы да, осымен байланысты, буын саны мен екпіннің орын ауысуы арқылы да өзара орайласып отырады. Мысалы: Адамдардың да *қым-қуат*, *қыбыр-жыбыр* күйбеңінен аңғарып жатқанымыз аз («Тамұқ»). Жауап жазар деп біз *екі-үш* күн күттік («Қыл көпір»).

Екіншіден, қосарлама сөздердің құрамындағы компоненттердің дауысты және дауыссыз (ассонанс, консонанс) дыбыстары үйлесіп, үндесіп отырады. Мысалы: *ләм-мим*. Жұмған аузын ашпады; үндемеді деген сөздер орнына қолданылады. Мысалы: Мезгіл күндіз бе, түн бе – белгісіз, тұтқын мен түн *ләм-мим* деместен некелескендей («Тамұқ»).

Қос сөздің түп төркінін түркі немесе соған туыстас тілдерден іздеп әуреленудің қажеті жоқ. Өйткені бұлар араб тілінде қатар келетін екі дыбыстық есімдер: олардың бірі – «л» - «лаам», екіншісі – «м» - «миим» болып келеді. Осы дыбыстық тіркестер дәл біздегідей қырғыз тілінен де орын алып, «ылам» - мим дебей» (бізше «демей») сөз тіркесі болып қалыптасқан. Бізді де, оқырмандарды да таңдандыратын бір жағдай бар. Араб тілінде 29 дыбыс таңбасы бар. Олардың бәрі бірімен-бірі іргелес тұрады. Солардың ішінде «л» мен «м» дыбыстарының мағына иеленіп, біздің сөздік қорымыздан орын алуының себебі неде? Осыған өз тарапымыздан жауап іздестіре келгенде, мынадай болжамға келдік. Араб тілінің басқа дыбыстарына қарағанда «л» мен «м» жеке қолданғанның өзінде белгілі бір мағынағы ие болады және ол ұғымдар біздің тіліміздегі «сөйлемей, үндемей» мағынасымен ұштасып жатады. Арабша : «ла» - емес, жоқ: «ма» - не? дегенді білдіреді. Егер «ләм-мим демейді» деген тіркесті осыған сәйкестендірер болсақ «жоқ та демейді», не деп те сұрамайды» деген мағына шығады да, «үндемей» сөзі «аузын ашпайды» сөзінің орнына жүреді.

Сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы үндескен, кей қосарламада дауысты дыбыстардың бірыңғай не ұқсас қайталануы арқылы ассонанс жолымен үйлеседі. Мысалы: *үбірлі-шүбірлі*. Бір атадан тараған балалар, ұрпақтардың көптігін білдіру мақсатында қолданылатын қос сөз. Жолаушылардың жанына ауылдың бала-шағасы, *үбірлі-шүбірлі* тұрғындары түгел жиналды («Қыл көпір»).

Қазақ тілін былай қойғанда, басқа түркі тілдерінен қос сөздің бірінші сыңары – «үбірлі» сөзіне тұлғасы әрі мағынасы жағынан ұқсас келер сөзді кездестірмедік. Сондықтан оны «шүбірлі» сөзімен үйлестіре айтудан туған жай тұлға деп қарауға тура келеді.

Қосарлама сөздер мағыналық ерекшеліктеріне қарай екі салаға бөлінеді:

а) мағыналы компоненттерден құралған қосарлама сөздер; б) мағынасыз компоненттерден құралған қосарлама сөздер.

1) Компоненттері мағыналы қосарлама сөздердің құрамындағы компоненттерінің екеуінде де өзді-өзіне лайықты дербес мағыналары болады. Бірақ олар іштей мағыналары бір-біріне қарама-қарсы (антонимдес) сыңарлардан, бірімен-бірі мәндес (синонимдес) сыңарлардан, мағыналары бір-біріне ұштас (коррелятивтес) сыңарлардан құралған болып үш топқа бөлінеді.

Қарама-қарсы (антонимдес) сыңарлардан құралған қосарлама сөз жинақтау, топтау ұғымын білдіреді. Ондай компоненттер біріне-бірі жетекші, я көмекші бола алмайды, екеуінің де қызметі бір-бірімен тең болады. Мысалы: Тұрардың қатты

құлағанына Ізбайша да қиналып, уайым жеп, ауру баланың *асты-үстіне* түсіп, ықыласын салып-ақ бақты («Жұлдыз көпір»). Әуелі істің *ақ-қарасын* ажыраталық, содан соң ұлығына дейін арызданып, алдына баралық (сонда, 48-бет).

2) Мәндес сыңарлардан қосарланған сөздер мағыналары бір-біріне жақын сыңарлардан құралады да, топтау, жинақтау ұғымдарын білдіреді. Мысалы, зәре-құт, ашу-ыза, мінез-құлық, дене-тұлға, тәлім-тәрбие, сауық-сайран, мінез-құлық сияқты қосарлама зат есімдері. Зорлық-зомбылық – күштеп қиянат жасау мағынасының баламасы. Мұнда да байлық пен қайыршылық, *зорлық-зомбылық* пен момын көнбістік күн мен түндей қатар өмір сүреді екен («Қыл көпір»). Жүдеген жүйкесі босап, *қол-аяғы* жансыздай салбырап, *дел-сал*, қамсыз халге түсті (сонда, 72-бет). *Дел-сал* – меңзендік, бейжайлық, сүлесоктық [ҚТТС, 196-бет]. Өзінің ерсі әрекетін *жуып-шайғысы* келген Таубай Ізбайша тағы тиісті (76-бет). Менде сенен басқа *дос-ағайын* жоқ (102-бет)

Компонентінің не біреуі, не екеуі де жеке-дара қолданылмайтын, мағынасы түсініксіз немесе некен-саяқтап қана қолданылатын құрамнан жасалатын қосарлама сөздер екі түрлі болады: бірінші түрі – бір сыңары ғана түсініксіз сөздер, екіншісі – екі сыңары да түсініксіз сөздер. Бір сыңары түсініксіз қосарлама сөздер Ш.Мұртаза шығармаларында жиі кездеседі. Мысалы: Әзиза де келді. Күйі әлі айтқандай мүкі-тақы, балаға ештеңе әкеле алмапты («Тамұқ»). Мүкі-тақы - түсіндірме сөздікте тапшы, жетімсіз, онша мәз емес делінген. Қызыл Жебе осқырынып, құлағын тікшитті. Болыс *жалма-жан* Қызыл Жебенің ноктасынан шап беріп ұстап алды (41-бет). *Жалма-жан* – шапшаң, жылдам, лезде [ҚТТС, 258-бет].

Табалдырықта талыстай болып, *кесе-көлденең* түсіп, қарауыл жатыр екен, ояңған жоқ көлденең түсіп, қарауыл жатыр екен, ояңған жоқ (39-бет). *Кесе-көлденең* – қарсы алдынан кес-кестеген, қиғаштаған [ҚТТС, 390-бет].

Қосарлама қос сөздерді компоненттерінің морфологиялық құрылымына және сөз таптарына қатысына қарай бөліп, оларға да өзінше тиісті сипаттама беруге болады.

1) Компоненттерінің морфологиялық құрылымына қарай, қосарлама қос сөздерді екі салаға бөлуге болады:

- а) негізгі түбірден құралған қосарлама сөздер;
- ә) туынды формалардан туған қосарлама сөздер.

Түбір сөздерден құралған қосарлама сөздерге мынадай сөздер жатады: ас-су, бала-шаға, жүн-жұрқа, өң-түс, жөн-жоба, үй-күй. Мысалы: *Өсек-аяң*. Ойдан шығарылған өтірік сөз, жалған пікір ұғымын беретін қос сөз: «...Кісіні өлердей қажытатын өсек-аяннан аулақ жүрмін». Қос сөз құрамындағы «өсек» тіркесі жеке қолданыла береді, ал «аяң» сөзі ондай дәрежеге жете алмайды. «Аян» сөзінің де жеке-дара қолданылатын кездері бар, бірақ мағына жағынан басқаша ұғымға ие болады.

Туынды формалардан (туынды түбірлерден) құралған қосарлама сөздер екі түрлі болады. Біріншісі – екі сыңары да бірдей жұрнақ жалғанған формалардан құралған, екіншісі – бір сыңарына ғана жұрнақ жалғанған формалардан құралған қосарлама сөздер. Мысалы: *Азық-түлік* комиссары Першиннің қамбасы астыққа сіресіп тұрмаған (Ш. Мұртаза). Қос сөздің алғашқысы «азық» нені білдіріп тұрғанын айтып жату артық. Өйткені оның берер мағынасы басқа түркі тілдерінде де қазақ тіліндегідей - ішіп-жейтін тамақ, солардың қоры дегенді білдіреді. Осындағы «түлік» сөзі де қазақ тілінде, кейде «төрт түлік» сияқты тіркесте кездескенімен, тек мал туралы әңгіме болғанда ғана қолданылады. «Түлік» сөзі қырғыз, сағай сияқты түркі тілдерінде жеке-дара қолданылып, біздегідей - ішім-жем, тамақ мағынасын меншіктеніп, «азық» сөзінің орнына жүреді. Сөйтіп «азық-түлік» дегеніміз бір мағынаның қайталануы, дәлірек айтқанда, түркі тілдерінде түрліше дыбысталуы болмақ.

Жалпы қос сөздер, оның ішінде қосарлама сөздер тіліміздегі негізгі грамматикалық сөз таптарын түгел қамтиды да, өздері сол сөз таптарына қатысты

болады. Үстеулердің ішінде де қосарланатындар бар. Мысалы: емін-еркін - түсіндірме сөздікте бұл қос сөздің мағынасына бір-екі анықтама берілген. Оның алғашқысы - «керегінше, мейлінше, қалауынша», екіншісі - «ешбір қағажу көрмей» бетімен, бос, киналмай» деп түсіндірілген. Мысалы, Ол келіп столдың бір шетіне *емін-еркін* жантайды (Ш. Мұртаза).

Еліктеуіш сөздердің ішінде де қосарланатын және солар арқылы туған қосарлама еліктеуіш сөздер бар. Мысалы, оларға: арбаң-ербең, абыр-сабыр, албыр-салбыр, адыр-бұдыр, апалақ-топалақ, бұрқ-сарқ, салдыр-гүлдір, қыржың-тыржың, ыржың-тыржың сияқтылар жатады. Мысалы: бал-бұл: бал-бұл жану. ... жас дидары *бал-бұл* жанып, қара көзі нұр шашып, бабына келген бүркіттей түлеп-ақ тұр (Ш. Мұртаза). Осы мысалда келтірілгендей, «бал-бұл» қос сөзі әр уақытта «жану» етістігімен ғана тіркесіп барып қолданылады.

Тарихи шығу төркінін, қалыптасу заңдылықтарын ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып топшылағанда, қосарлама қос сөздер мынадай екі жолмен дамып, қалыптасқандығын байқаймыз:

1) Қосарлама қос сөздердің бір алуаны белгілі бір төл сөзге өзге бір тілдің сөзімен мәндес немесе көршілес, бұрын-соңды белгілі қарым-қатынаста болған басқа халықтардың тілдеріндегі балама (эквивалент) сөзді жарыстыра, қосарлап қолдану машығынан туып қалыптасқан. Бірақ бұлардың ішінен кебіреулерінің жеке не екі компоненті әуелгі өз мағынасын не солғындатып, не бір сөздің құрамында ғана қолданылатын көне формаға айналған. Бұл процесте, әрине, тиісті фонетикалық құбылыстардың да өзінше маңызы болғаны күмәнсыз. Ондай сөздер Ш.Мұртаза шығармаларында да біршама қолданылған. Мысалы: Бұрынғыдай ауысып тамақ беру *абысын-ажын* арасынан кеміп кетті («Жұлдыз көпір»). *Абысын-ажын* - «Туыс, ағайынды адамдардың әйелдері» осындай қос сөз арқылы түсіндіріледі.

2) Қосарлама қос сөздердің сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің, айқындауыш мүшелердің, логикалық, интонациялық райға қарай, бірте-бірте орын жағынан да өзара орайласып, бір-бірімен үнемі жұпталып айтылып, жұпталып қолданылуына сәйкес, бірде күрделі, бірде бүтін, тұрақты сөз ретінде, бірде бір-бірінен ажырасатын бірыңғай мүшелер ретінде жұмсалу машығынан қалыптасқан. Ондай қосарлама сөздердің компоненттері тым ауыспалы болады, демек, бірде олар (қажет болған жағдайда) қос сөз құрамында қолданылса (мысалы, сау-саламат, аман-есен, әке-шеше, ұару-жарақ, іс-әрекет т.б.), бірде олар бір-бірінен ажырап дербес, жеке-дара сөз ретінде бірыңғай мүше тізбегінде өз алдына мүше ретінде қолданыла береді. Мысалы: Ұлан-байтақ - қос сөз мағынасы – көз жеткісіз кеңдікті, шетсіз шексіздікті білдіреді. Мысалы: Ел тоқ болса, екеуіне осы байлық та, ұлан-байтақ жер де жетеді («Қыл көпір»).

Сөздердің жай синтаксистік тіркесі емес, араларындағы синтаксистік қатынастарын жоғалтып, семантикалық мағынасы жағынан да, грамматикалық қызметі жағынан да тұтас бір бүтін тұлға (единица) ретінде қалыптасқан тіркес – қос сөздер. Олар тіл байлығын көрсететін арна. Мақалада қосарлама қос сөздердің шығармалардағы қолданысы мен лексика-грамматикалық сипатын анықталып, әр компонент мағынасының біртұтас семантика-грамматикалық мазмұн болып танылуы анықталды.

#### Әдебиет:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1972. - 90 бет.
2. Төлеуов А. Сөз таптары. – Алматы, 1982. - 124 бет.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1992. – 210 бет.
4. Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. II, III том. –Алматы: Ғылым, 1986. - 680 бет.
5. Мұртаза Ш. Жұлдыз көпір. Қыл көпір. - Алматы: Жазушы, 1991. - 463 бет.



## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ СУБСТАНТИВТЕНУ ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

**Есматова М.Т., Нургазина М.Б.**

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Конверсия тәсілі тілдегі сөз таптарының арасында болатын сан қилы сөз алмасуларды білдіретін процесс болып табылады да, жалпыламалық қасиетке ие болады. Ал, оның жекелеген сөз таптарындағы көрінісі жеке термин сөзбен аталады да, мысалы субстанция, адвербиализация, прономиализация және т.б., бір жағынан, конверсиялық тәсілдердің бір түрі немесе бір формасы болып табылады. Екінші жағынан, олар сол сөз табын жаңа сөздермен толықтыратын бір көз есебінде, яғни сол сөз табының сөзжасамының бір амалы, тәсілі ретінде қабылданады. Конверсиялық тәсіл арқылы сөз тудыру тілдегі сөз таптарының бір-біріне ауысуына сүйенеді. Тілдің даму барысында белгілі бір сөз таптарындағы сөздер өзінің бастапқы лексика-грамматикалық категориясынан қол үзіп, екінші бір лексика-грамматикалық категорияға ауысады.

Ғалым Ж. Сарбалаев конверсия тәсілін сөздің құрамы ешбір өзгеріске түспей, тек өзгеріс сөздің мағынасында ғана болады дейді. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады, тілде жаңа мағынасында қолданыла бастайды. Сөздің тек мағынасында өзгеріс болғандықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл деп аталады. Бұл сөзжасамдық тәсіл көне заманнан бері қарай қызмет етіп келеді [1, 20 б.].

Қазақ тілінде зат есімнен өзге сөз таптарының бәрі субстантивтенеді, көптеледі. Субстантивтену деп әдетте сөз мағынасының заттануын, заттық тиянақтылық алуын айтады. Егер зат есім сөз не септелуге келсе, не тәуелденуге жараса, не көптік жалғауын қабылдай алса, онда бұл оның субстантивтенуге жарамдылығын көрсетеді. Демек, субстантивтенудің бірден бір белгісі – зат есім емес сөздердің жоғарыдағы жалғаулардың бірін қабылдауға қабілеттігі. Көптік жалғауы арқылы субстантивтенген сын есімдер өздері құрамы, құрылымы жағынан біркелкі болып келеді: Әр жақтың *өлгермендерін* екілендіріп, қыздырып алмақ (М. Әуезов). Тым-тырыс үйдің іші отырысты, сөз бастап сөйлесін деп *үлкендері* (Н. Ахметбеков). Әсіресе Томнан келген *оқымыстылар* жайлауда жамырай отырған ауылға өң беріп кетті (Қ. Жармағамбетов). Бұл сапар балалық шағын бірге өткізген *тұрғыластарымен* қоштасу сапары екенін енді ұққандаймын (Қ. Жармағамбетов). Өңшең жалбағай *тымақтылар* тұс-тұсынан қалың қолға қосылып кетті (І. Жансүгіров). Бізге ханның емес, *қараның*, бидің емес *бұқараның* тілегін орындайтын өкімет керек (Х. Есенжанов). *Жақсыдан* шарапат, *жаманнан* кесапат (мақал). Осы сегіз үй ішіндегі ең *бүтіні* және *үлкендеуі* – ортада тұрған жалпақтау бес қанат үй (М. Әуезов). Бұл сөйлемдердегі заттанған сын есімдердің қасына анықталушы сөздерді қойған жағдайда, қайтадан сындық сипатқа ие болып, анықтауыштық қызмет атқара алады. Мұндағы *тымақтылар*, *қараның*, *жақсыдан*, *жаманнан*, *бүтіні*, *үлкендеуі* секілді сын есімдер тұрған орнына, мағыналық ерекшелігіне қарай зат есімнің орнына қолданылып, зат есімге жалғанатын көптік, септік жалғауларын қабылдап тұр: *тымақты адамдар*, *қара халықтың*, *жақсы адамнан*, *бүтін үйі*, *үлкендеу үйі*.

Сондай-ақ, зат есімнен басқа сөз таптарының сөз құрамын өзгертпей заттанып, зат есімге көшуі де зат есімнің семантикалық тәсіл арқылы жасалуына жатады (жетісін

беру, ыстығы үлкен, ақ молайды, туысы көп, шығысы артты, айтысқа түсті, жарыста жеңді). Зат есімдердің өздерінің жасалу тәсілдеріне қарай үш түрге бөліп қарауға болады: туынды (жалаң) зат есім, күрделі зат есім және субстантив зат есім. Туынды зат есімдер жұрнақтық (морфологиялық) тәсілмен, күрделі зат есімдер аналитикалық (синтаксистік) тәсілмен, ал субстантив зат есімдер семантикалық тәсілмен жасалады. Реестрлік сөз дәрежесіне жеткен субстантивтер қазақ тілінде көп болмағанымен, кездесіп тұрады: Қолымды ұзартып тұрған *жалғызымды* алып кетем дейді ғой (Т. Сәукетаев). Ертең күн жылынғанда шіріп, *ауру* таратуы мүмкін (сонда). Күн көріп отырған *көтеремі*, осынша халықты ажалдың аузынан алып отыр (сонда). Жалғыз, ауру, көтерем сөздері сындық сипат негізінде заттық та сипат аңғартатыны белгілі.

*Жығылғанға* жұдырық, жығылған күреске тоймайды, *қорыққанға* қос көрінеді, *асыққан* – шайтанның ісі, *асқанға* тосқан, Қош аман бол, *алғаным*, Алаша төсек салғаным (Алпамыс батыр) дегендердегі жығыоған, қорыққан, асыққан, асқан, алған есімшелері де субстантивтер. Енді Тобықтының *жемпаздары* қасаптан да семізін, лапкениң де *қызарғанын* құртып барады (М. Әуезов). Әжем осындайда: Аяғың талды ғой, отырсайшы, *ағынан* ішемісің? – деп, шыдай алмай сары тостағанға айран құйып беретін (М. Сүндетов).

Тілде семантикалық тәсілмен жасалған күрделі субстантивтердің статусын анықтаудың едәуір қиындығы бар. Себебі олар өздерінің сырт қалпы, тұлғасы жағынан бірде синтаксистік тәсілмен жасалған күрделі зат есімдермен байланысты болып келсе, енді бір жағдайда фразеологизмдік құбылыстармен барып ұласады. Бір-бірінен табиғаты бөлек осы үш сала тіл құбылысының ара жігін кейде айырып болмайды. Мысалы: *ақсақал, бойжеткен, шолақ етек, тік бақай, қол жаулық, атқамінер, қаратаяқ, еркек кіндікті, көн етекте, күн қақты, т.б.*

Туынды субстантив зат есімдер сияқты күрделі субстантив зат есімдер де өздерінің сырт қалпы, тұлғасы жағынан, сондай-ақ қолданылуы жөнінен әр түрлі болып келеді. Олар, әдетте, кемінде екі сыңардан тұрады. Екі сыңар және атау қалпында да, жұрнақ қосылып та әр тұрпатта қолданылады. Екі сыңары да мұндай түбір түріндегі күрделі субстантив зат есімдер көбінесе жалқы есім болып келеді. Кейбірі, мысалы, мыналар: *Құлагер, Торжорға, Бозжорға, Көкбесті, Назқоңыр, Майдақоңыр, Ақкербез, Ешкіөлмес, Аласапыран* тағы осы сияқтылар.

Атау тұлғалы күрделі субстантив зат есімдер құрамы жағынан бұлай үнемі есім типті ғана болып келе бермейді. Сонымен қоса, олардың бір сыңары, көбінесе соңғысы есімше тұлғасында келіп отырады. Мысалы: қолкесер, ауыз ашар, жанкүйер, атұстар, антұрған, алтыатар, т.б. Мысалы: Мәніке Ысқақтың жалғыз *нақсүйері* боп қалған. Күрделі субстантив зат есімдер қатарында терминдік ыңғайдағы мына тәрізді біраз жасалымдарды да айтуға болады. Бұлар тілімізде, негізінен, кеңес дәуірінде қалыптасты. Кейбірі мыналар: сүтқоректілер, әскери міндеттілер, асыра сілтеушілер, бауырмен жорғалаушылар, қоян тәрізділер, шаян тәрізділер, ашатұяқтылар, буын аяқтылар, бас сүйектілер, т.б.

Бұл - өзге сөз таптарының зат есімдер тобына ауысуын білдіретін конверсиялық процесс. Қазіргі қазақ тілінде басқа сөз таптарының зат есімдер қатарына ауысуы, сөйтіп, зат есім мәнінде қолданылуы кең тараған құбылыс. Сөз таптарының ішінде субстантивация процесіне ұшырамайтыны кемде-кем. Бұл орайда, әсіресе, сын есім, сан есім, етістіктің қимыл есімі, есімше категорияларының жиі субстантивтенетіні ерекше көзге түседі. Мысалы, *көтерме, түстік, ауру, науқас, сырқат, ыстық, шала, туысқан, жасаған, жанар, қайнар, Төлеген (кісі есімі), көсеу, буаз, шалғы, қырат, дөңес* және т.б.

Басқа сөз таптарының субстантивтенуі екі түрлі болады. Оның біріншісі-уақытша субстантивтену деп аталады. Басқа сөз таптарының уақытша субстантивтенуі,

негізінен, стильге, контекске тән болып келеді. Синтаксистік қолданыс ыңғайына қарай өзге сөз таптары сөйлемде уақытша заттық мағына иеленеді. Уақытша субстантивтенген сөздер өздерінің бастапқы мағынасынан мүлдем қол үзіп кете алмайды, онда белгілі бір дәрежеде бұрынғы мағынасы сақталады. Мысалы: *Жуанды* қойып жуасты. (Абай). *Жақсыға* біткен ағайын. (Бұхар жырау). *Жаман* жақсы болмас (мақал). Білегі жуан *бірді* жығады (мақал). Есқожа үйінде отырған *үлкендер* арасындағы Бізғұтты бары (М. Әуезов). *Бірталайымен* қол алысып амандасты (Ғ. Мүсірепов). *Екіншісі* де оның жанынан тізерлей отырып, шоққа қолын созды (Х. Есенжанов). *Жүрістері* суыт емес, аттарын сипай қамшылап қатты аяң мен бүлкек итжелістен оздырған жоқ-ты (О. Бөкей). Азын-аулақ *қазақшаны* да далбарлайтын болған (М.Әуезов). Бірақ мұнай қоры өте мардымсыз, өндіруге тиімсіз болғандықтан *барлау* жұмыстары геологтар мен геофизиктер белгілеген басқа алаңдарға көшірілді (С.Өтебаев).

Синтаксистік қолданысқа байланысты қалыптасқан мұндай «уақытша субстантивтенген» лексикалар реестр сөз дәрежесіне жетпейді. Сол себепті олар лингвистикалық сөздіктерде дербес жеке реестр сөз ретінде берілмейді. Сөйлем құрамында ондай кезеңдік заттың мағына алған субстантивтерді «контекстік немесе стильдік субстантивтер» деп атайды [2, 27 б.].

Өзге сөз таптарының субстантивтенуінің екінші түрі – толық субстантивтену болып табылады. Толық субстантивтенудің барысында басқа категорияларға тән сөздер өздерінің сөз табынан біржола қол үзіп, зат есімдер қатарына түпкілікті ауысады да оның құрамын жана лексемалармен толықтырады. Толық субстантивтенген сөздер сол тілде сөйлейтін халық үшін зат есім болып танылады да, жалпыхалықтық сипат алады. Ондай субстантивтер, әдетте, реестр сөз дәрежесіне жеткен деп саналады, әрі олар түрлі лингвистикалық сөздіктерде зат есім сөз деп көрсетіледі. Мысалы, қазіргі ана тіліміздегі туысқан, жасаған, жаратқан, ата, бата, бай, кедей, көсеу, безеу, ауру, шалғы, шапқы, дөнес, қырат, антұрған сықылды толып жатқан арғы негізі есімше, қимыл есім, сын есім болып келетін сөздер, осы толық субстантивтенудің айқын дәлелі бола алады. Бұлар қазіргі кезде өздерінің бұрынғы категорияларынан мүлдем қол үзіп, зат есімдер тобына біржола ауысқан.

Жалпы субстантивтену немесе заттану процесі барлық тілде орын алған. Сонда субстантивтену қазақ тіл білімінде сын есім, сан есім, есімдіктің кейбір түрлері, есімше, үстеу сөз таптарына тән болып келеді.

Сын есім, сан есім, есімдік, есімше, үстеу, т.б. сөз таптарының заттану жағы бірдей емес. Егер сын есім, сан есім, есімдік, есімшелер заттануға бейім болса, үстеулерде бұл процесс аздау.

Жалпы жоғарыдағы сөз таптарының заттануы-үнемі анықтағыштық қатынаста жұмсалатын сөздердің анықталатын заттарының түсіп қалып, олардың сол түсіп қалған зат есімдердің орнына жұмсалуы. Бұл жерде мынаны да ескерген жөн: жалпы субстантивтенетін бұл сөз таптары осы заттану арқылы ғана басыңқылық қызметінде жұмсалады. Сонда анықтауыш сөзді керек ететін зат есімдерге қоса енді анықтауыш қызметін қажет ететін тағы да субстантивті сөз таптары пайда болады. Мұның өзінен анықтауыш сөзді керек ететін сөз таптарының аясының кеңейгендігін көруге болады.

Сын есімдер заттанған кезде нөлдік, көптік, тәуелдік және септік жалғауда келуі арқылы заттық мәнге ие болады.

Шығармаларда басыңқы сыңар сапалық сын есімдер арқылы нөлдік тұлғада жұмсалады.

1. Сапалық сын есім мен сапалық сын есім арқылы субстантивтенген тіркестер: Жаңа ғана аспандай қарап, көз қиығын салмай тұрған *асқақ сұлу* қасынан ұзай бергенде, күлім қағып, қайтадан өзіне шақырғандай (Ә. Кекілбаев). Ас үйдің есігіне

тақау столдағы *арық қара* орнынан атып тұрды Ханымның төркіні тек мал жиғанына мәз *сасық бай* емес-ті (Ә. Кекілбаев) Осы сөйлемдерде *сұлу, қара, бай* сөздері заттанған сын есімдерінде *асқақ, сасық, арық* сын есімдермен қабыса байланысқан сөз тіркестерінен құралған.

Қосарлы сапалық сын есім мен сапалық сын есім арқылы: Алдағы *ақ боз қара* үзе түсті, баран құрықтасқан жерге келді (Ә.Кекілбаев). *Жіп-жіңішке қара көк* теңізге тіреп кіріп жатқан пышақтың жүзіндей түбекке беттеді (сонда).

Модаль сөз бен есімшенің тіркесуі арқылы: Көк қойнауадағы *көп қарайған* айқындала бастады (Ә. Кекілбаев).

Қатыстық сын есім мен сапалық сын есімдер:

а) -ты, -ті жұрнақты қатыстық сын есім мен сапалық сын есім арқылы: Алғашқы сөйлеген *көзілдірікті қара* қайта шығып, біреулердің атақтарын айтып, шақыра бастады (Ә.Кекілбаев). *Денелі сары* кішкене көгілдір көздері күлімдеп, әр сөзінің дәмін алып тұрғандай, ылғи жай сөйлейді (сонда).

ә) -сыз, -сіз жұрнақтары арқылы жасалған қатыстық сын есім мен сапалақ сын есім арқылы: *Оспадарсыз батыр* бұның жүзінен ашу аңғарғандай, мұның төсегіне өңмендеп келіп қалған жерінен шегіншектеп, есікке қарай беттеді (Ә. Кекілбаев).

2. Есімше бағыныңқылы сыңар мен сапалық сын есім арқылы жасалады: *Ұялған қорқақ* батыр болады (Ә. Кекілбаев).

3. Сан есім мен -ты, -ті жұрнақты қатыстық сын есім арқылы: Қасында салпаң құлақ *төрт аяқты* да шапқылап келеді (Ә. Кекілбаев). Бір күні қапталдағы көк төбеден *екі атты* қылт ете түсті (сонда). Бірақ олар да бұдан атақты билеуші екен деп емес, көп *екі аяқты* екен деп қорқады.

Күрделі субстантивтердің бұлардан басқа құрамдағысы да кездеседі, олар ара-тұра қос сөздерден жасалады: Дәл осы сәтте *алыс-жақынын* қапысыз таныған қалың бұқара басқа бір шешімге тоқтауға тиіс (М. Мағауин). Қаматай маған арнап *жиган-тергенін* жұмсап, *ауыл-үйдегілердің* басын қосып, шағындау той жасады (Ж. Жұмаханов). *Арғы-бергіні* кезіп, арқадан түк таба алмай, босқа болдырып, сандалақтап барады (Ғ.Мүсірепов).

Сонымен қатар, есептік сан есімдер контексте субстантивтенеді. Бірақ ел құлағы - *елу* (С. Мұқанов). «*Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар* туады» деген мақал бар еді (С. Мұқанов).

Жоғарыда келтірілген сөйлемдердегі сөз тіркестерінің бәрі қабыса байланысқан. Субстантивтену процесі басыңқы тұлғада әсіресе сын есім және есімше формалы етістікте көбірек кездесетініне көз жеткіздік. Тілден тыс ешқандай грамматикалық құбылыс болмайтыны сияқты, тілдегі сөздерден тыс грамматикалық категориялар да өмір сүре алмақ емес.

Қорыта айтқанда, тілдің сөздік құрамындағы сөздер өзгермейтін, белгілі бір сөз таптарына байланып, қатып қалған нәрсе емес. Тілдің тарихи даму барысында олар үнемі үздіксіз қозғалыста болып, бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысып, өздерінің мәні мен қызметін өзгертіп отырады.

#### Әдебиет:

1. Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері: Оқу құрал. – Алматы: Арыс, 2002. – 152 бет.
2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. - 368 бет.
3. Мүсірепов Ғ. Оянған өлке. – Алматы: Жазушы, 1989. - 483 бет.
4. Мұқанов С. Аққан жұлдыз. – Алматы: Жазушы, 1992. - 496 бет.

## САПА МӘНІН ТУДЫРАТЫН СӨЗ ФОРМАЛАР

Есматова М.Т., Сапарова Ж.Ж.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынасқа байланысты туатын сан-алуан мәндегі көңіл-күй, ризалық, үлкенге құрмет, сый, ілтипат білдіру, жақсы көру, кішіні еркелету сияқты адамның ішкі сезімін білдіретін реңк мәнді жұрнақтар зат есім сөздердің өзіне жалғанып, оның лексикалық мағынасын түрлендіреді. Лексикалық мағынаның түрленуі жалпы тіл білімінде де сөзжасамға жатады. Оны орыс тіл білімінде түрлендірілген (модифицированное) сөзжасамдық мағына деп атаған.

Сын есімнен туынды сын есім жасайтын да бірнеше жұрнақтар бар, олардың семантикасы да өзгеше, сондықтан да мектеп грамматикасында бұл жұрнақтарды салыстырмалы шырай жасайтын формалардың бір саласы есебінде қарайды. А.Ысқақов –*ғыл, -қыл, -ғылт, -ғылтым, -шыл, -ілдір, -аң, -қай, -ша, -ше* жұрнақтарын салыстырмалы шырай көрсеткіштеріне жатқызады, «...осы жұрнақтар сынның бәсең дәрежесін еш салыстырусыз көрсетеді». Ол қосымшаға –*ғыл, -ғылт, -ғылтым, шылтым, -аң, -қай, -ғыш* жатқызылды. *Көкшіл, қоңырқай* сөздері сол сияқты көк, қоңыр, сөздерінің үстеме мағынасы тәрізді көрінеді. Осыған қарап, қаңырқай сөздерді түркологиялық еңбектерде, оқулықтарда грамматикалық форма (жалпы грамматикалық мағына) деп түсіндіреді [1, 56 б.].

Э.В.Севортян: «Словоизменительную форму можно образовать от любой единицы данной части речи, а словообразовательная форма не универсальна», - дейді. Сын есімнің шырайлары деп топшылау, онда жалпылық сипат бар [2, 30 б.]. Сынның өзінде де барлығына емес, екі-үш түске ғана. Мәселен, –ғыш тек сары түсіне, –қай тек қоңыр, –ілдір тек көк түсіне, –ғылт сары, боз, сұр түстеріне ғана жалғанады, –шыл, –шіл кез-келген сапа сындарына жалғана бермейді, екі ғана түске жалғанады (көкшіл, ақшыл). Дұрысында да үш-төрт сөздің мағыналық және тұлғалық ерекшеліктеріне қарап, грамматикалық формаға жатқызатын болса, грамматикалық форманың ұшы-қиырын табу мүмкін болмас еді. Сондықтан да сөз тудырушы аффикстердің белгісін тек сөз мағынасын өзгертуден ғана іздемей, басқа да белгілеріне сүйену қажет. Сөз тудырушы аффикстердің сондай екінші белгісі – олар қосымшалы түбірге ұйықты болатын негіз сөздерге таңдап жалғанады, яғни сөз тудырушы аффикстер кез-келген сөзге жалғана бермейді. Мысалы: бозғылт – ақ-ғылт демей, оған –шылт, -шыл жалғанады, яғни бір сапаның әр түрлі қасиетін білдіру үшін. Сөз тудырушы аффикстің өзіндік тағы бір белгісі – ол жалғанған туынды түбір сөз белгілі бір сөз тобына жататын лексикалық бүтін болып қалыптасады да, сөздік құрамға енеді. Қазақ тілі грамматикасындағы жоғарыда *сарғыш, ақшыл, қоңырқай* сөздерінің құрамындағы –ғыш, -шыл, -қай қосымшаларын бір деңгейде қарап, сөз тудырушы қосымшаға жатқызады. Сырт қарағанда, –ғыш, -шыл, -қай, –ілдір, -аң қосымшалары жалғанған сөзінің ішкі мазмұнын өзгертпей, тек грамматикалық мағына үстеп тұрған тәрізді көрінеді. Шын мәнінде бұлар сөз тудырушы қосымшаға жатады да, осы бозаң, көгілдір, қорыңша, қоңырқай сөздерді лексикалық бүтінге жататын туынды түбір сөздер. Олай дейтініміз, біріншіден, –*ғыш, -қай, -аң, -ша* қосымшалары бірді-екілі сөздің ғана құрамында кездеседі. Ал грамматикады форма тудырушы (сөз түрлендіруші және форма тудырушы) қосымшаларының басты бір белгісі – ол бір ғана сөзбен шектелмейді, бір сөз табын немесе сөз табының белгілі бір тобын түгел қамтып,

грамматикалық абстракция жасайды. Мысалы: -рақ, -лау қосымшалары сапалық сын есімдерді түгел қамтитын шырай формасының грамматикалық көрсеткіштері. Яғни шырай формалары – грамматикалық абстракция. Екіншіден, жалпы тіл білімі қағидасы бойынша, бір категорияға жататын грамматикалық формалар бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Мысалы, септік формаларының қосымшалары бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Жіктік, тәуелдік, көсемше, есімше категориясына жататын жеке грамматикалық формаларының қосымшалары да бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Ал *сарғыш, ақшыл, қоңырқай* сөздерін сарғыштау, ақшылырақ, қаңырқалау деп шырай формаларымен түрлендіруге болады. Олай болса, -ғыш, -шыл, -қай, -аң қосымшаларын форма тудырушы қосымша деп тану дұрыс емес. Бұлар – сөзжасамдық қосымшалар.

Сөзжасамдық жұрнақтар үш түрлі шартқа жауап беретін болады. Біріншіден, жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертіп, жаңа мағыналы туынды түбір сөзге айналдырады. Екіншіден, сөзжасамдық жұрнақтар туынды түбір сөзге ұйытқы болатын сөздерге талғап жалғанады. Олар кез келген сөзге және грамматикалық формаға жалғанбайды. Үшіншіден, сөзжасамдық жұрнақ жалғанған туынды түбір сөз белгілі бір сөз табына тән түсіндірмелі және екі тілдік сөздіктерде қолданылады. Қазақ тіліндегі туынды сын есімдері *сарғылт, бозғылт, қызғылт* сөздерді бар, ал қоңырғылт, күреңғылт сөздер жоқ. Себебі, олар қоңырқай, күреңсе туынды сын есімді болып қолданылып, тудырушы жұрнағы –қай, -се.

Орыс тілінде *сероватый, беловатый* дегендер шырайға жатпайды, ол сапаның толық еместігін (неполноту качества) ғана көрсететін белгілер болып қана есептеледі. Қазақ тіліндегі осы жұрнақтар да сапаның толық еместігін ғана білдіреді. Мұнда жеке адамның өзіндік түсінігі, алған әсері (впечатление) бар деу керек сияқты. Мұнда заттың түсі сол сияқты бір түспен контексте салыстырылып барып айтылып тұрған жоқ, демек мұнда салыстыру жоқ.

1) *Бұрынғы қоңырқай даланың кеудесі кктеріліп, Жайықтың екі бетіне де зәулім үйлер орнап қалыпты* (Ғ. Мүсірепов).


2) *Оның көкшіл көзі аязды күнгі жұлдыздай лезде шақырайып кетті* (Ә. Әбішев).

3) *Жұқалаң жүзі жел үрген жалтыр судай қозғалып келеді* (Ғ. Мұстафин).

4) *Сұрғылт тұман дым бүркіп, барқыт беишет сулайды* (Абай).

Осы мысалдардағы *көкшіл, қоңырқай, жұқалан, сұрғылт* дегендер конкретті заттардың түсі, белгі қасиеттерін білдіріп тұрған туынды сын есімдер.

Тіл өзінің ұзақ тарихы даму процесінде түр-түс атауларының белгілі бір жүйесін құрып және түр-түске қатысты лексикамызды сөзжасам арқылы ылғи толықтырып, байытып отырады. Осының нәтижесінде тілдік қорымызда тұлғалық және мағыналық жағынан неше түрлі сөздер мен сөз тіркестері дүниеге келіп, атау ретінде қалыптасып, қолданылы бастайды. Сын есімнен жасалған туынды сын есімдер түр-түстің бірнеше реңкін анықтайды. Кейде бір туынды сынның өзі қосалқы реңктерді білдіруі де мүмкін. Түр-түсті атайтын сын есімдерге табиғат, адам, мал, хайуанат, деректі, дерексіз зат т.б. анықтайтын сөздер жатады. Мысалы:



Сын есімдерде -қыл, -ғыл, -ша, -ше, -аң, -ең, -ғылт, -гілт т.б. кездесетін қосымшалар тілімізде бүгінгі жеке-дара тұрып, жаңа сөз жасау процесіне онша

қатыспаса да, олардың сын есімнің әр түрлі түстерін жасауда қолданылып, сөз тудырушылық қызмет атқаратынын аңғартуға болады [2, 50 б.].

Мысалы, *сарғыш, бозғыш, қызғыш, сұрғыш* деген формалар *-ғыш* жұрнағы арқылы *сары, боз, қыз(ыл), сұр* деген түбірлерден жасаған. Ал, *бозғыл, қызғыл, сұрғыл, құқыл, қатқыл, қышқыл* деген сөздер *-ғыл / -қыл* жұрнағы арқылы жасалған; осы сөздердің бәріне де әуелі *-т* жұрнағын (*бозғылт, сұрғылт*), одан кейін *-ым* жұрнағын тіркеп (*сарғылтым, қызғылтым*) жаңа формалар жасайды. Мысалы:

1) **Дымқыл** шалғынның арасында, **бозғыл** тұманның ішінде барлаушы бала да көрінбейді (В. Катаев).

2) Жігіттің **сұрғылти** жүдеу жүзі енді **көкшіл** тартқан сияқты (С. Мұқанов).

Өзге қосымшаларға қарағанда, жаңа формалар тудыру жағынан *-ша, -ше, -аң, -ең, -ң* жұрнақтары, әжетпәуір құнарлы *-ша, -ше* жұрнағы кейбір сапалық сын есімдерге еркін жалғана береді (*ақша, сарыша, көкше, қызылша, сұрша, семізше, т.б.*). Бірақ бұл жұрнақ сын есімнің өзге түрленетін бәріне жалғанбайды, бұл жұрнақ жалғанған сын есімнен сапаның олқы екені түсінілумен қатар, оған кішірею, бәсеңдеу реңі жамалғаны да білінеді:

1) Ақ үйдің оң жағында кішірек **қоңырша** үйі, сол жағында **қараша** үйі тұр (Ғ. Мұстафин).

2) **Ақша** қар, **көкше** мұздар шағылысып, гажайып бір суреттей жарқындасады (А. Тоқмамбетов).

3) **Биікше** тастық төбенің басында кешкі ауылдың тірлік тынысын тыңдап Абай отыр (М. Әуезов).

Осы сөйлемдердегі *қоңырша, қараша, ақша, көкше* деген сөздерден атанған түстердің толық емес, жетімсіз екенін аңғарсақ, *биікше* деген сөзден тастық биік емес, шағын я сәл биік екенін бағдарлаймыз [3, 116.]. Сын есімге жалғанып, сапаның я белгінің жетімсіздігін білдіретін осы жұрнақтың мағынасы мен қызметінде зет есімге тән *-ша, -ше* жұрнағына ұқсастық та, құрылымдастық та бар. Бұл ерекшелік, мысалы, *құдаша, бөлімше, құнанша, күрекше, кітапша, құрықша* деген зат есімдер мен *биікше, толықша, семізше, ұзынша, қызылша, тікшеш* деген сын есімдерді салыстырғанда, айқын біліне қалады.

Сапа-сынның әлсіздігін, бәсеңдігін көрсететін аффикстің бірі *-ша, -ше: сезімше, толықша, арықша, ұзынша, қысқаша, сұрша, т.б.* осы тұлғада, осы мәнде зат есімдер құрамында да кездеседі: *құрықша, таяқша, құманша, кітапша, т.б.*

Қосымшалардың грамматикалық абстракция жасауының критерийлері (Маманов пікірі негізінде):

1) Грамматикалық абстракция жасау үшін бұл қосымшалар бір сөз табына немесе сөз табының бір тобына я болмаса бірнеше сөз табына талғамай жалғануы тиіс. Өйткені жалғаулардың сипиты ерекшелігінің өзі абстракттілі грамматикалық мағына тудыру болып табылады. Ал олардың сөз мағынасын өзгертуі я өзгертпеуі (лексикалық ерекшелігі) морфологиялық тұрғыдан басты көрсеткіш емес.

Жоғарыда келтірілген қосымшалар *-ғыш, -қыш, -гіш, -шыл, -шіл, -ша, -ше, -ң, -аң, -ең* санаулы ғана сөздерге жалғанады, қолданыс жиілігі төмен, сондықтан грамматикалық абстракция мен шырай категориясын жасауға қатысы алмайды.

2) Жалпы тіл заңдылықтарына сүйенсік, бір я болмаса ұқсас грамматикалық мағынаны тудыратын грамматикалық тұлғалар бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Ал бірінің үстіне бір жалғану – сөз түрлендіруші есім, сөз тудырушы қосымшалардың ең басты сипаттарының бірі. Енді мынаған көңіл аударып көрелік, *-ғыш, -гіш, -ғылт, -шыл* тұлғалы сөздер түрлене береді және түрленгенде өзі шырай тұлғасында тұрып тағы да шырай тұлғалы қосымшалардың қабылдай береді.

Мысалы: *сарғыштау, қызғылттау, сарғышырақ, т.б.* Ұқсас сындық мағына тудыратын екі бірдей қосымша бірінен кейін бірі жалғанып тұр, яғни грамматикалық тұлғаның басты белгілерінің бірі сақталмайды. Бірақ жаңа мағыналы сөз де тудырып тұрған жоқ, тек айқындықты я солғындықты білдірмейді.

Тіл білімінде грамматикалық көрсеткіштер жөнінде әбден орнытқан, барлық ғалымдарға ортақ мынадай теория бар: грамматикалық көрсеткіштер белгілі бір топтағы сөздерге талғамай түгел жалғана береді, орыс тілінде оны «тотальное употребление грамматических показателей» дейді. Мәселен, септік жалғауын алсақ, ол зат есім атаулыға жалғана береді, жедел өткен шақ жұрнағын алсақ, ол да етістік талғамайды, етістіктің болымсыздық жұрнағын алсақ, ол да етістік талғамай жалғанып қолданылады. Міне, бұл грамматикалық категориялардың көрсеткіштерінің қолданылу заңдылығы. Ал, шырай көрсеткіші саналып жүрген –ғыл, -ғылым, -ғыш, -шыл, -шілтім т.б. осы топтағы жұрнақтарда бұл қасиет жоқ. Олар бірлі-жарым сөздерге ғана жалғанады. Қорыта айтқанда, бұл жұрнақтар – түстің түрлі реңкінің атауларын білдіретін тілдік бірліктер, сондықтан олар шырай көрсеткіштерінен шығарылды.

Сын есімнің барлығы бірдей шырай тұлғасымен түрленбейді, яғни кез-келген сын есімге шырай тұлғалары жалғанбайды. Оқулықтарда көрсетіліп жүргендей, сын есімнің шырай тұлғалары сапалық сын есімдерге жалғанады. Тіптен сапалық сын есімдерге де шырай жұрнақтарының бәрі бірдей жалғана бермейді. Мысалы, "көк" деген сын есімге "*шіл*" жұрнағын қосып, "*көкшіл*" деп, шырай мағынасы жасалса, "жасыл" деген сөзге "*шыл*" жұрнағын қосып, "*жасылшыл*" деуге болмайды. Немесе *сарғыш* дегендегі *ғыш* жұрнағы қызыл, көк, жасыл сын есімдеріне қосылмайды. Олай болса, шырай жұрнақтары өздерінің еншісіне тиген, белгілі сөздерге жалғана алады. Бұл - қазақ тіліндегі сын есім шырайының ерекшелігі болып табылады [4, 93б.].

Кейбір сын есімдерге *-дақ, -дек, -тақ, -тек* аффиксі жалғанып, сапаның бәсеңдігін, толық еместігін білдіреді: *жеңілтек т.б.* Осы аффикс, сонымен қатар, зат есімдерді сын есімге айналдыру тәсілі болып та жұмсалады: *құмдақ, тастақ, мұздақ, т.б.* бұлардың түбірі - *құм, шаң, тас, мұз* - зат есімдер. –*Дық* жұрнақжұрнағы зат есім түбірге «соған ұқсас, сол сияқты» мәнін үстейді. Бұл жерде тағы да сапаның бәсеңдігі, жетімсіздігі көрінеді.

Сонымен, жалпы тіл заңдылықтарына сүйенік, бір я болмаса ұқсас грамматикалық мағынаны тудыратын грамматикалық тұлғалар бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Ал бірінің үстіне бір жалғану – сөз түрлендіруші есім, сөз тудырушы қосымшалардың ең басты сипаттарының бірі. Енді мынаған көңіл аударып көрелік, - *ғыш, -гіш, -ғылт, -шыл* тұлғалы сөздер түрлене береді және түрленгенде өзі шырай тұлғасында тұрып тағы да шырай тұлғалы қосымшалардың қабылдай береді. Жалпы тіл заңдылықтарына сүйенік, бір я болмаса ұқсас грамматикалық мағынаны тудыратын грамматикалық тұлғалар бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Ал бірінің үстіне бірінің жалғануы – сөз түрлендіруші есім, сөз тудырушы қосымшалардың ең басты сипаттарының бірі.

#### Әдебиет:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
2. Есматова М. Сөзжасамның теориялық мәселелері: оқу құралы. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2008. – 84 б.
Опрос проводился с целью исследования отношения населения г. Петропавловска к политическим партиям Казахстана на современном этапе. Нами была выдвинута гипотеза о том, что функционирование института многопартийности в фокусе общественного мнения населения г. Петропавловска оценивается неоднозначно в связи с тем, что граждане не видят большой значимости в существовании партийной системы в целом.

Наибольшая часть опрошенных представляет возрастную группу 18-29 лет – 32% (124 респондента), вторая по численности группа – 61 год и старше – 23% (87 респондентов), число опрошенных от 30 до 40 лет составило 74 респондента (19%), от 41 до 50 лет – 53 респондента (14%) и самая малочисленная – 51-60 лет – 12% (47 респондентов).


Исходя из результатов опроса, чуть менее половины, а именно 165 опрошенных респондентов (43%) имеют высшее образование. 100 человек (26%) окончили средние специальные учебные заведения, и почти одинаковое количество респондентов имеют неоконченное высшее (продолжают обучение) и среднее образование 16% и 15% соответственно. Данная выборка преследовала цель максимально объективно проанализировать мнение населения г. Петропавловска о функционировании института многопартийности на региональном уровне, так как уровень образования является довольно сильным стратифицирующим фактором, детерминирующим как объективные, так и субъективные характеристики респондентов.

Немаловажным аспектом нашего исследования являлся социальный статус респондентов, а именно к какой социальной группе они относятся. Из 385 респондентов, участвующих в анкетировании 32% являются работниками торговли, общественного питания, бытового обслуживания и сферы услуг, 23% респондентов – пенсионеры, 19% – студенты вуза и колледжей, работники бюджетных учреждений медицины, культуры, образования – 17%, лица с ограниченными возможностями – 5%. Также в исследовании приняли участие и другие социальные группы (государственные служащие, предприниматели, безработные), общее количество которых составило 15 человек или 4%. На наш взгляд данная выборка позволила учесть мнения представителей различных категорий населения г. Петропавловска, объективно проанализировать отношение граждан к сложившемуся институту многопартийности в Казахстане.

Представленная ниже диаграмма позволяет проследить, как оценивает население г. Петропавловска значение политических партий Казахстана на современном этапе.

Результаты опроса показали, что основная масса респондентов считает, что политические партии играют важную роль в жизни страны – 37%, либо значимость политических партий имеет место быть, но она не слишком существенна – 29%. Данное обстоятельство отражает довольно высокую степень востребованности политических партий в Казахстане, а именно ожидания граждан в решении проблем населения на местах за счет включения в этот процесс партийных структур.

К слову, определенная часть респондентов 12% отмечают что деятельность политических партий никакого значения не имеет. Это может быть связано с пессимистическими настроениями граждан по отношению к политическим партиям, а, точнее в отношении их полезности для них лично, и для общества в целом.




Отдельным блоком социологического исследования стало определение уровня узнаваемости политических партий нашей страны и оценка их деятельности населением г. Петропавловска. Так, согласно полученным результатам лидером по узнаваемости была и остается партия «Nur Otan». 98% респондентов отметили, что знают данную политическую партию, при этом 73% опрошенных считают ее деятельность успешной на современном этапе. Данный показатель свидетельствует о том, что партия «Nur Otan» проводит активную работу в регионе по решению социальных и иных проблем, что привлекает к ней огромное внимание общественности.

Второй, по узнаваемости политической партией, как бы это не выглядело странно является Демократическая партия Казахстана «Ақ жол» – 49%, которая практически не ведет активной деятельности в Северо-Казахстанской области и редко появляется в медийном поле. Успешность ее деятельности отметили 22% респондентов, это связано прежде всего с представленностью данной партии в Парламенте нашей страны, а также прямое свидетельство бренда, который широко известен среди населения.


Далее, по известности среди населения г. Петропавловска расположились Коммунистическая Народная партия Казахстана (23%), Народно-демократическая патриотическая партия «Ауыл» (21%), политическая партия «Бірлік» (12%) и Общенациональная социал-демократическая партия (11%). Успешность, проводимой ими работы оценивается в пределах 2-9% от общего числа опрошенных респондентов.

Также стоит отметить, что каждый шестой респондент (17%) затрудняется оценить успешность политических партий Казахстана, осуществляющих деятельность в г. Петропавловск.




На сегодняшний день многопартийность не является бесспорной ценностью для казахстанского общества, хотя сторонников у этого института все же больше, чем противников. В ходе исследования респондентам было предложено ответить на два вопроса, которые на наш взгляд отражают с одной стороны запросы самого общества, и заинтересованность государства в вопросе развития института многопартийности в стране, с другой. Так, согласно полученным данным, и общество, и государство, исходя из ответов респондентов заинтересованы в реальном функционировании института многопартийности. 56% опрошенных считают, что в стране необходима многопартийная система и 45% отмечают заинтересованность в этом самого государства. Каждый третий (29%) респондент считает, что многопартийность и сильные политические партии вообще не нужны Казахстану. 30% опрошенных полагают, что государство не стремится развивать многопартийную систему. 15% и 24% соответственно затруднились с ответом.

Работники торговли, общественного питания, бытового обслуживания, сферы услуг, лица с инвалидностью и молодежь чаще остальных респондентов выражают уверенность в необходимости многопартийной системы, сильных политических партий (65%). Такова же ситуация обстоит и в оценке заинтересованности государства в развитии института многопартийности. Каждый второй (56%) респондент трех вышеупомянутых социальных групп, отмечают заинтересованность государства в дальнейшем развитии многопартийности в стране.



Согласно данным, полученных при проведении социологического исследования большинство респондентов (61%) считает, что в Казахстане есть только одна сильная партия – «Nur Otan», а остальные заметной роли не играют. По мнению 11% опрошенных, в стране сформировалась реальная многопартийность. Каждый десятый (10%) опрошенных выражают противоположное мнение. 18% затрудняются ответить на данный вопрос. О существовании в Казахстане реального института многопартийности наиболее склонны отмечать работники торговли, общественного питания, бытового обслуживания, сферы услуг и лица с инвалидностью (23%), в то время как среди людей пенсионного возраста и молодежи характерно мнение о том, что, кроме «Nur Otan», в стране не существует сильных партий (69%). Также работники торговли, общественного питания, бытового обслуживания и сферы услуг чаще остальных респондентов выражают мнение о том, что многопартийной системы в Казахстане не существует.



- В Казахстане сформировалась реальная многопартийность
- В Казахстане есть только одна сильная партия – «Nur Otan», а остальные партии заметной роли не играют
- В Казахстане отсутствуют сильные политические партии, многопартийность не сложилась
- Затрудняюсь ответить

По результатам проведенного исследования можно сделать ряд выводов, определяющих значение политических партий Казахстана, оценку их деятельности на

региональном уровне, а также взгляд общества на функционирование института многопартийности в стране:

1. Население г. Петропавловска высоко оценивает значение политических партий Казахстана, но уровень доверия к ним, за исключением партии «Nur Otan» остается довольно низким. Граждане осознают важность функционирования сильных политических партий, готовых предложить обществу действенный механизм решения социальных и других проблем в стране, но к сожалению, по ряду причин не все политические партии способны удовлетворить запросы граждан.

2. Оценка деятельности политических партий Казахстана населением г. Петропавловска неоднозначная, и складывается из ряда факторов. Во-первых, это активность партий в работе с электоратом, которой отличаются далеко не все, что сегодня легко можно проследить в СМИ и социальных сетях. Во-вторых, как показывает данное исследование, до сих пор в сознании людей остается так называемый бренд в названиях политических партий широко распространенный в казахстанском обществе. В-третьих, оценка деятельности партий формируется исходя из участия в парламентской деятельности, что на наш взгляд является не совсем объективным показателем.

3. По мнению большинства респондентов, и у населения, и у государства существует запрос на дальнейшее развитие и функционирование института многопартийности, однако в сегодняшних реалиях партийно-политического строительства он имеет свои специфические особенности, название которому «многопартийность с доминирующей партией». Слабость политических партий, их неспособность выполнять те или иные функции в политической системе страны приводят к их политической неконкурентоспособности.

Исходя из выше сказанного, следует констатировать, что институт многопартийности в Казахстане как факт существует, но находится в аморфном состоянии. И главная причина этого заключается в том, что многие партии отличаются неустойчивостью, идеологической неразберихой, отсутствием комплексной стратегией действий, четкой ориентации на электоральные ниши, безынициативность и неспособность актуализировать злободневные запросы общества.

#### **Литература:**

1. Послание Президента РК К.К. Токаева от 03.09.2019 г. [Текст] / «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана».

**УДК 372.881**

### **THE FORMATION OF STUDENTS' COMMUNICATION SKILLS IN THE EFL CLASSROOM IN THE FRAMEWORK OF “RUKHANI ZHANGYRU” PROGRAM**

**Iskakova K.E.**

*(M.Kozybayev NKSU)*

In April 2017, our ex-president Nursultan Nazarbayev announced the program article “Bolashaka Baghdar: Rukhani Zhangyru” /“A look into the future: the modernization of public consciousness” /«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», where he “decided to share a vision of how to take a step towards the future together, to change public consciousness, to become a united nation of strong and responsible people”[1, p.2]. In his article the ex-

president focused on the most important aspects of our life: education, self-development, national identity, cultural and spiritual level of the nation. The article reflects the nature of the people of Kazakhstan, verified national priorities, demonstrates the "cultural code of the nation." The ex-president outlined the development directions of our basic spiritual values: science, culture, education, through the modernization of public consciousness. Today it is safe to say that the publication of a program article "A look into the future: the modernization of public consciousness" is truly a fateful step for our country, the transformations will become so large-scale and significant, getting their implementation in the framework of this program.

As part of this program we are going to implement it in educational process by teaching English language at NKZU. During the implementation our goal is the formation of students' communication skills in the framework of the interactive learning.

The implementation of successful language communication remains an urgent problem and requires the introduction of new productive methods and forms of education into the educational process. Active implementation of interactive forms in the learning process is very promising in the practice of teaching foreign languages. The main goal of teaching foreign languages is to prepare the student for productive participation in the dialogue of cultures, its socio-cultural development, the formation of the communicative competence of the learner, which is needed in almost all spheres of life.

**The goal** of the article is to study various interactive forms of teaching foreign languages that contribute to the formation of students' communication skills and how to use them in English classes as part of the program "Rukhani Zhangyru"

**The methods** used for the research are the following: the analysis of psychological, pedagogical, methodical literature, and observation.

**Results and discussion.** Currently, in teaching foreign languages the priority is given to communicative activity, interactivity, authenticity of communication, language learning in a cultural context, autonomy and humanization of instruction. These principles make it possible to develop intercultural competence as a component of communicative ability. The ultimate goal of teaching foreign languages is to teach free orientation in a foreign language environment and the ability to adequately respond to various situations. To teach communication in a foreign language, you need to create real life situations that will stimulate the study of the material and develop adequate behavior [2, p. 9-13].

The interactive nature of teaching allows students to interact with each other, involving in this process a teacher who acts as the organizer of the learning process. Such a strategy is called a student-centered approach, and its proper application allows you to achieve the assimilation of educational material by 50-90%, depending on the interactive forms used [3].

Choosing forms and teaching methods that allow students to reveal their creative abilities, the teacher opens up new opportunities for them. At the same time, it is very important to take into account all factors, including the psychological one, since students overcome a certain psychological barrier, learning to communicate and interact in a foreign language environment.

Communicative learning, which implies the use of such effective forms as interactive, requires the teacher to create situations of active interaction in the classroom.

The use of interactive teaching methods increases the effectiveness of the educational process, as it creates real life situations and encourages students to adequately respond to them through a foreign language, thus forming students' communication skills. Interactivity in relation to teaching a foreign language is understood as the speech interaction of two or more people in the process of communication [4, p. 44]. Forms of interactive learning can achieve the goals of such levels, as knowledge, understanding, application (according to B. Bloom), which is very important for the formation of communicative skills [5].

There are various interactive forms of teaching foreign languages, such as educational games (role-playing, business, educational), creative assignments, tours, exhibitions, performances, presentations, discussions, brainstorming, etc.

The educational process is organized in such a way that both the teacher and students are equally involved in the process, and actively interact with each other. Everyone becomes an active participant in the pedagogical process.

Interactive forms of teaching foreign languages contribute to the development of communication skills, teamwork, listening to the opinions of others, and defending one's point of view. In the process of using interactive forms of learning, students activate educational and cognitive activity and form a general interest in learning and motivation for learning a foreign language.

In foreign language teaching we can use various interactive forms of lessons, such as a lesson-excursion, a virtual tour, a lesson-discussion, group work, etc. Using these interactive methods, we are approaching a more in-depth study of our culture at the English lessons in the framework of the project "Sacred Geography of Kazakhstan" which is one of the "Rukhani Zhangyru" directions. Since, we must not forget that the first condition for modernization of a new type is the preservation of our culture, our own national code [1]. Without this, the realization of the program "Rukhani Zhangyru" will turn into an empty sound and our goal would not be achieved.

Let's take a closer look at a virtual tour. Virtual tour is a software and information product (video, audio). During the virtual tour lesson, students develop: speech, memory, thinking, imagination, attention. During the lesson-virtual tour can be studied topics: "Travel", "Customs and Traditions", etc. A virtual tour is conducted using information and communication technologies, which helps to increase the effectiveness of the educational process, interest, student motivation, allows the teacher to use the whole arsenal of teaching methods. Bright slides, visualization, information richness of the material increase the activity of students, help to overcome the language barrier, the formation of speaking and listening skills, all this creates favorable conditions for the formation of communication skills. Without leaving the classroom, students learn a lot of interesting facts, travel around cities and join the culture of our country.

A virtual tour lesson can be divided into several stages: preparation, performance, conclusion, results. First, determine the purpose, place and time. Necessary equipment: computers, laptops, web-cameras, multimedia projector, Internet. Mostly, this type of lesson is held in the computer class. It is necessary to clearly define the plan, tasks, content, prepare questions for discussion. At the beginning of the virtual tour it is sensible to inform students about other facts and information related to the topic; after the demonstration of a virtual tour; the teacher should periodically ask students questions on the topic (How do you think ...? Do you understand ...? Can you imagine ...?). The teacher can organize independent work of students in groups while consulting them. Also, the teacher can reveal the contents of the virtual tour, and then organize the independent work of students on assignments. Then the teacher collects the students' works, checks all tasks and corrects. At the end, the teacher announces that the students learned new things during the tour. A virtual tour fits both presenting a new topic and consolidation of the previous material.

**Conclusion.** We conducted a series of classes using a virtual tour in the framework of the "Foreign language" discipline. The "Sacred Geography of Kazakhstan" project direction included: "Studying the rich history, cultural traditions and spiritual values of our region (North Kazakhstan region)" and "Historical monuments". The implementation of the program settings will contribute to strengthening social harmony and unity of the people of Kazakhstan. And we, teachers, like no one else should understand the essence and significance of work in this direction. During the virtual tour, we observed the following

positive trends in students: concentration of attention, increased interest in new material, a desire to take an active part in discussing problems, overcoming shyness in students who didn't participate actively in previous lessons, improving of the lexical, grammatical, and pronunciation skills. An interactive way of communication contributes the development of students' communication skills.

Thus, interactive forms of teaching foreign languages contribute the formation of interest in learning a foreign language and a general interest in learning; gaining communicative experience; the development of creative thinking and skills in working with information; development of group work skills (ability to conduct a discussion, defend one's point of view, ask questions.).

#### References:

1. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественногосознания / Н.А. Назарбаев. [Электронный ресурс] [https://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya](https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya)
2. Баклашкина М. В. Обучение иноязычному межличностному общению на занятиях по иностранному языку в школе и вузе // Иностранные языки в школе. 2009. № 1. С. 9-13.
3. Активные и интерактивные методы преподавания [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://festival.1september.ru/articles/512797/> [дата обращения: 12.05.2017 г.]
4. Колесникова И.Л. Англо-русский справочник по методике преподавания иностранных языков: справочное пособие. М.: Дрофа, 2008. 432 с.
5. Пассов Е.И., Кузовлев В.П., Коростелев В.С. Цель обучения иностранному языку на современном этапе развития общества. Общая методика обучения иностранным языкам. Хрестоматия / Под ред. А.А. Леонтьева. М., 1991. 178 с.

УДК 821.512.122.0

## СӘБИТ МҰҚАНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚУАТТЫЛЫҒЫ МЕН ТІЛДІК КӨРКЕМДІГІ

**Қадыров Ж.Т., Ерсайнова М.Ж.**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)*

XX ғасырдың бас кезі қазақ халқының патша отаршылдығына қарсы күресінің ұлғайып, Абай негізін салған әдебиеттегі демократтық, ағартушылық бағыттың өріс ала бастаған тұсы болғаны аян. Абайдың өлеңдер жинағының басылуы (1909), А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың азаттық сүйген жырларының халық ішіне жайылуы, татар ақыны Ғ. Тоқай шығармаларының кең тарауы жүдеу халықтың рухани өміріне демеу бола бастады. Сәбит те осымен әсерленіп, оқуды, ақын болуды армандады. Осы кезде Қазақстанда орнаған Кеңес өкіметінің жетім-жесірлерге, өмірден қағажу көргендерге қамқор болуы жетім Сәбит Мұқановтың ізденісіне жол ашты. Ол ауылдағы кеңес шараларына қатыса бастайды. 1918-1919 жылдары омбы қаласында ашылған мұғалімдер курсына оқиды. Оның ақындық жолға шындап ұмтылуы да осы кез.

Сәбит Мұқанов – шығармашылық өмірін ақындықтан бастаған қаламгер. Оның алғашқы өлеңдері өзі туған, өскен ортаның – қазақтың жалшы шаруаларының көңіл күйін, тағдыр ауыртпашылықтарын суреттеуге құрылған. «Көңілім», «Неге тудым?», «Жалшының зары» (1917) атты өлеңдерінде жас ақын кісі есігінде күн кешкен жетім



баланың сезімі арқылы кедейдің ауыр бейнетін, аянышты халін өткір бейнелейді. Ол өмірге неге келдім? – деп назаланады.

Туған күннен төсегім шоқпыт болды,  
Көрген күнім үнемі жоқтық болды, [1] –

деген жолдарда қоғамдық әділетсіздіктің, теңсіздіктің сырлары танылады. Ақын ыстық күнде, аңызға жел астында шаршаған, оның үстіне ораза ұстап, таңдайы кепкен жалшының жұмысын үзуге мұршасы жоқтығын суреттейді. Осылардың өзі-ақ алғашқы ақындық әсерді Сәбит Мұқановтың өзі өскен орта шындығынан алғанын байқатады. Алайда, ақынның лирикалық кейіпкерінде өмірден түңілу, қажу байқалмайды. Ол көңіл сырын шерте отырып, даладағы өзгерістерге елеғзиді.

Қой, сен бүйтіп қамықпа,  
Ілгері ұмтыл, талап ет.  
Шығуға айдай жарыққа

Қайраттанып, бол өжет [1, 17] –деп өзіне-өзі қайрат береді.

Сәбит Мұқановтың «Бостандық» (1919) өлеңі қазақ даласына келген төңкеріс үшін алғашқы сезінуден туған. Ол жалшылар өмірін суреттей отырып, оларды теңдікке шақырады. Төңкерісті далада соққан дауыл бейнесінде алып, оның ескі ордаларды құлатып, билеушілерді тақтан тайдырып, жалшының көз жасын тиганын жазады. Бостандық иесі – жұмыскер табы деп таниды.

Осыдан бастап Сәбит Мұқановтың өлеңдерінің лирикалық кейіпкері жалшы-кедейлер ортасынан шығып, өзгерісті қолдаған, соған араласқан күрескер ұрпақтың өкілі болып көрінеді. Ол жаңа заманға өзін ие санайды. «Кедей баласы», «Күресшіл ұрпаққа» атты өлеңдерден мұны анық байқаймыз.

Жиырмасыншы жылдар әдебиетінде кедейлердің теңдік алуы, қатарға қосылып, еңбек етуі, қоғамның белсенді мүшесі болуға ұмтылуы – ең көп жырланған және заманның қажет етіп отырған тақырыбы болатын. Сол дәуірдегі ақын-жазушылардың бәрі осыған үн қосудан бастады. Солардың ішінде Бейімбет Майлиннің Мырқымбай туралы өлеңдерінің орны ерекше. Сәбит Мұқанов – осы тақырыпты Бейімбет Майлиннен кейін тереңдей жырлаған ақын. Оның Шоқпыт туралы өлеңдері бұған дәлел. Ол қазақ кедейі Шоқпыттың қоғамдық әр кезеңдеріндегі (1905, 1910, 1914, 1916, 1918, 1921, 1923) өмірін, тіршілігін, ұғым-түсінігін бейнелей отырып, қазақ кедейінің ізденуі, оянуы шындығын ашады. Олардан бір кездерде жоқшылық билеген Шоқпыттың жаңа дәуірде шаруасының қызығын сезіне бастағанын көреміз. Ол еңбекті бұрынғыдай бейнет көрмей, тұрмыс талабы ретінде ұғынуға жетеді («Шоқпыттың шаруасы», «Сүт зауыты», «Егістік», т.б.).

Жиырмасыншы жылдар әдебиетінде кең көтерілген тағы бір тақырып – кеңестік әкімшіліктің ұйымдастырылуы тұсындағы төрешілдік пен салт-санадағы ескішіл көзқарастарды сынауға ұмтылыс еді. Феодалдық, көшпелі ағайыншылық билеген ортада жаңалықты қабылдау да оңай болмаған. Бұрынғы билеушілердің қулық-сұмдығы, билікке келген қараңғы кедейлердің саясатты түсінбей, ағайындық келісім арқылы шешуге талаптануы, жаңа салттың қалыптаспаған кезіндегі кертартпа қылықтары күнделікті баспасөз бетінде сыналып жатты. Әдебиет те оған үн қатпай отыра алмады. Сәбит Мұқановтың «Албасты», «Мадонна», «Ағай мен жеңгей», «Қоғамның кемшілігі» сияқты өлеңдері осындай заман талабына үн қосудан туған.

Отызыншы жылдардағы Сәбит Мұқановтың ақындық ізденісі қазақ өлеңіне, оның мазмұны мен түріне, ырғағына өзгерістер жасау талабымен ерекшеленеді. Бұл кезде жаңа заманды Маяковскийіне жырлау, қазақ өлеңін ауызша, тақпақтап оқуға ыңғайлау қажеттігі күн тәртібінде тұрды. Сәкен тәжірибесі қазақ ақындарына жаңаша талап қойды. Бұл саладағы ізденістерде Маяковский поэзиясының ерекшеліктерін шындап түсініп болмай, оның түріне еліктеу, өлең жолдарын бөлшектеуге ұмтылу сияқты

формалистік қателіктер де аз болған жоқ. Сәбит Мұқанов ә дегеннен-ақ Маяковскийге өз жолымен келуге тырысты. Ол өлең мазмұнын дәуірдің үні есебінде көтеріп, соны бейнелер жаңа түрлер жасады. Ақын байырғы қазақ өлеңін сындыру, қирату жолымен емес, 11 буынды қара өлеңнің әр сөзіне ойлы салмақ беріп, оны жеке тармақ етіп бөліп, оған интонациялық екпін түсіріп тұтас күйінде ой түйінін шумақпен бірге аяқтауға бейімдеді. Сәбит Мұқановтың бұл саладағы ізденісі «Ақынға» (1930), «Мәдени бәсеке» (1931) атты өлеңдерінен басталып, «Майға сәлемде» (1933) орнықты. «Майға сәлем» Бұл жылдардағы Сәбит Мұқанов жазған өлеңдер ішінде сол дәуірдің ұғымынан туған және әдебиетті үгітке пайдалану саясаты нәтижесінде жазылған ұраншыл өлеңдер де аз емес. Ол заман өзгерістеріне негізгі себепші деп қарап, Қазан төңкерісін, коммунистік партияның басшыларын, Кеңес өкіметінің науқандық шараларын мадақтаған өлеңдер де жазды. Мұндай өлеңдер ақын шығармашылығында із қалдырмай, өткен заманмен, науқандармен бірге өлді. Бірақ Сәбит Мұқанов өлеңдеріндегі теңдік, бостандық идеясы, заманның тенденциясы және орталық езгідегі халықтың арман-тілегі болып сақталып қалды, әлі де қала берері даусыз. Сәбит Мұқановтың бұл саладағы дәуірлік ізденісінің нәтижесі. Ондағы мазмұн байлығы күрделі өлең түрімен ұштасып, үлкен көркемдікке ие болған. Өлеңнің лирикалық кейіпкері – өз заманының ойлы, білімді, қайраткер азаматы. Ол Отанын сүйеді, оның көркіне сүйсінеді, еңбекпен жасалып жатқан жаңа қоғамды қорғайды. Бұл арқылы ақын адам мен қоғамның бірлігін, мүдделерінің үндестігін, жеке адамның азаматтық есеюін бейнелейді. Жеке адамның сезімі жалпы халықтың көңіл күйімен астасып, заман рухын көрсетер биік пафосты өлең жолдары туады.

Мың сәлем саған,  
Мәңгі жолдас, майым!  
Сен жылда жас жігіт боп келген сайын,  
Жер жібек барқыт киіп,  
Жасыл желек,  
Бүркенеді үйеңкі, терек, қайың [1, 118 б.].

Өлеңде жас жігіт бейнесінде алынған көктем мейрамы табиғаттың жаңаруын бейнелейді де, лирикалық кейіпкердің көңіл күйімен ұштастырылады. Ол елі, заманы, табиғаттың байлығы, көркі туралы толғанады.

Осы ізденісті ақын «Гүл бағындай Отаным» (1937), «Сөз – советтік армия» (1938), «Поэзия маршалы» (1940), «Мен кімін деп мақтанам» (1944), т.б. өлеңдерінде жалғастырды. Өлең өрнегінде оқырманмен тікелей тілдесу, ауызша сөйлесу тіліне жақын синтаксистік инверсияны қолдану, сөз мағынасын кеңейту арқылы бөлшектеп, 11 буынды өлең тармағын сақтау – бұл туындыларға да тән. Ақын өлең тармақтарын сатылап, ой қазығын дауыс ырғағына лайықтап, пікірді философиялық тұрғыдан түюге негіздейді. Көркем сөзді үлкен рухани күш ретінде таныған ол оны отан қорғау ісіне жұмсайды. Сөзге армия қызметін жүктейді. Ол сүңгуір қайық боп, дұшпанның кемесінің түбін сөгеді, самолет болып аспанға ұшады, истребитель болып жау шебіне шабуыл жасайды. Поэмалар бомбавоздың, проза ауыр зеңбіректің, очерктер барлаудың қызметін атқарады.

Ұранға даусын қосып осы кезде,  
Ең алдыңғы қатарда түсіп көзге,  
Майданға аттанбақшы ақындардың

Жүрегін жарып шыққан жалын сөз де [1, 187 б.] – деген жолдарда әдебиеттің қоғамға, Отан қорғау ісіне қызмет етуі сөз болады. патриот ақын жүрегінде заманын, елін мақтан тұту, оның көркін жарқын (гүл бағындай) суреттер арқылы тану орын алады.

Бұдан кейінгі дәуірлерде де, негізінен көркем прозаға ауыса жүріп Сәбит аракідік өлең жазумен де шұғылданды. Ұлы Отан соғысы кезінде Мәскеуді қорғауға Қазақстанның даңқын көтерген панфиловшы жауынгерлер, майдан батырлары жайлы өлеңдер жазды. Кавказ, Украина, Қытай сапарлары жайында да сезімін өлеңмен өрнектеген кездері болды. Тың көтерушілерді мадақтады. Алайда олар ақын лирикасында үлкен із қалдыра алған жоқ.

Сәбит Мұқанов – қазақтың поэмасына да елеулі үлес қосқан ақын. Ол поэмаларды көп жазды. Кеңес дәуірінде осы жанрдың тууы мен қалыптасуы тарихына Сәкен, Илияс, Иса сияқты ақындармен қоса, Сәбит Мұқанов та көп еңбек сіңірді. Оның поэма жанрындағы ізденістері де, көркемдік ұғым-түсініктері де әрқилы. Өлеңдеріндегі сияқты ақын поэманы да ауыл батырағының қанаудағы өмірі мен көрген қиыншылықтарын суреттеуден бастады. Схемалық сюжетке құрып, оқиғаны суреттеуден гөрі баяндау көбірек берілсе де, «Жұмаштың өлімі» (1919), «Кұрдас» (1923), «Жайлау үстінде» (1923), «Альбом» (1924), «Пионер» (1925), «Наурыз күні» (1925) сияқты поэмалар Сәбит Мұқановтың тынымсыз ізденісін танытады. Алғашқы екі поэмада ол бар қайратты өмірін кісі есігінде сарп еткен жалшының өмірден жақсылық көрмей, қорлықта өлгенін суреттей отырып, олар көрген әділетсіздікті еске алады. Ақын енді өмір жаңарып, кедейлерге теңдік тиді деп қуанады. Таптық сезім ояна бастайды. «Альбомда» жасынан бірге өскен кедей мен бай балаларының идеялық жағынан бірге өскен кедей мен бай балаларының идеялық жағынан ажырауын көрсетсе, «Жайлау үстінде» поэмасында бұрынғы, бүгінгі жайлау өмірін салыстыра отырып, елді еңбекке, еңбекшілдікке үндейді. Қалада оқып келген пионердің («Пионер») орыс тілі, Ленин туралы әңгімелері арқылы кедейдің қара лашығына жаңа заман идеясының ене бастағанын бейнелейді. Бұл шығармалар поэма жанрындағы ақынның алғашқы тәжірибесі есебінде бағалы. Оларда тақырыпты таңдауда ғана емес, оның идеялық-көркемдік ізденістерінде де біркелкілік байқалмайды. Кейде ол заман беталысын (тенденциясын) сыңаржақ түсінетінін танытып алады. «Жайлау үстінде» поэмасында еңбекті мадақтай отырып, оны жайлау өміріне, жайлаудағы елдің көңіл күйіне, ойын-сауығына, жалпы ел дәстүріне қарсы қойып алатыны да бар. Мұндай біржақты ұғым оның сол кездегі өлеңдерінде де кездескен. Ол адамның қоғамдық қызметіне оның жеке өмірін, махаббатын қарсы қойып та өлең жазған. Көптің игілігі үшін жеке өмірдің рахатынан безуді ұсынған.

Сәбит Мұқановтың жанрындағы сәтті ізденісі «Жетім қыз» (1926) поэмасынан басталады. Бұл – қазақ-қалмақ жаулаушылығы заманындағы аңыздық сюжетке құрылған поэма. Онда бір соғыста жеңген қалмақтардың Күнайым атты қазақ сұлуын алып кетіп, ханына тарту еткені айтылады. Зорлықшы әрі кәрі ханға тиюден қашып, өз басын өлімге қиған қыздың мұңы қазақ арасына күй болып тараған. Сәбит Мұқанов осы күй оқиғасын өлең өрнегіне түсіріп суреттеген. Оқиға сарыны баяндауға құрылса да, қыз мұңын шерткен домбыра үнін өлең ырғағына келтіре суреттеу поэманың елеулі табысы болып саналады. Ақын тенденциясы таптық, рулық, хандық құрылыс озбырлықтарын әшкерелеу сарынынан байқалады.

#### Әдебиет:

1. Ерғөбеков Қ. Сәбит Мұқанов. – Алматы: Мектеп, 1989. – 203 б.
2. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: 1980. – 186 б.
3. Кәкішұлы Т. Сәбең өткелдері. – Алматы: 2000. – 119 б.
4. Ерғөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Астана: Таным, 2003. – 203 б.
5. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.

## ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ДРАМАТУРГИЯСЫ: ДРАМАЛЫҚ ЖАҒДАЙ, ТАРТЫС ПЕН МІНЕЗ

**Қадыров Ж.Т., Кусаинова Г.М.**  
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Балаларға арналған пьесалардың тақырыптары да әр алуан болуы заңды. Әдебиетте белгілі бір тақырыптың тууына қоғамдағы өзгерістер, адамдардың мақсат-мүдделері себеп болады.

1960-80 жылдардағы балалар драматургиясына үлес қосушы қаламгерлер қатарынан Сәкен Жүнісов те сүбелі орын алады. Драматург С. Жүнісов: «Алғаш қалам алғанда адам өмірінде екінші рет қайтып оралмайтын – балалық шақ туралы жазуды мақсат еттім. Балалық шақ әдетте уайым-қайғысыз, ең бір бақытты кез сияқты ғана көрінеді. Бірақ терең үңіліп, жіті қарасақ, қилы-қилы, аумалы-төкпелі заманға қарай балалық шақтың да өз үлесі бар. Мен 1941 жылы 1 класты бітіріп, жазғы каникулға шығысымен соғыс дауылы басталды. Сол күндерден бастап-ақ менің құрбыларым пионер лагерінде демалудың орнына колхозда соқа айдады, масақ терді, шағын, жаңа киім орнына әскерге кеткен ағаларының киімін тарылтып, аудартып киді. Ала көбеден көзімізді ашқанда соғыс отын хабарлаған информбюроның суық хабарын естіп түрегелсек, сол хабармен көзіміз ілінетін. Талай бала әкесіз жетім қалды, талай бала ағасынан айырылды. Соның бәрі соғыс зардабы еді. Соғыс алапатының сәби өміріне де қандай кеселі барын келешек ұрпаққа жазып беруді өзіме міндет еттім» [1, 171 б.], - деп шығармашылық бастауынан сыр берген болатын қарымды суреткер Сәкен Жүнісов.

1960-1990 жылдар аралығындағы балаларға арналған пьесалар: С. Омаровтың «Ақымақ арыстан», С. Жүнісовтің «Жаралы гүлдері», Ә. Табылдиевтің «Кербақай мен Кердеңбай», О. Әубәкіровтің «Қожа мен спорт», Қ. Баянбаев «Адасқанның айыбы жоқ», Е. Домбаевтің «Сертке серт», Ж. Тұрлыбаевтың «Жиһанкез бала», К. Әмірбековтің «Уәде бермеуге уәде бер» т.б. бірқатар дүниелерді атауға болады. Бұл шағын драмалық дүниелердің кейбіреулері қара сөзбен, екіншілері ақ өлең үлгісімен жазылған.

Академик С. Қирабаев: «Жаралы гүлдерде» автор соғыс кезі шындығын өмірдің салмағы мойныны түскен ауыл балаларының характерін бейнелеу арқылы ашады» [2, 203 б.], - десе, профессор Р.Нұрғалиев: «Жаралы гүлдер» драмасының жақсы табысы – кейіпкерлер тілінің дараланып берілуінде. Соғыс уақытындағы ауыл балаларының мінезі, іс-әрекеті көз алдына келеді. ...жас өспірімдерге берер тағылымы мол шығарма» [3, 107 б.], - деп, пікірлер түйеді.

«Жаралы гүлдер» пьесасы – 1941-1945 ж.ж. соғыс кезінде тылдағы халықтың, әсіресе, жасөспірімдердің өмірін, тіршілік-тауқыметін шындықпен суреттейді. Жас бола тұра әке соғысқа кетіп, бар тұрмыс ауыртпалықты бұғаналары бекімесе де, жасымайды, өздерін іштей қайраумен, жеңіске қол ұштарын беріп жүргендерін ерлік санайды. Пьесада аты аталатын Бақыт, Қасым, Аплаш, Балташ, Балшекерлердің өмірлері, тұрмыс-тіршілігі бір болғанмен, әр кейіпкерлердің тек қана өзіне тән мінез даралықтарын дұрыс тауып, аша білген.

«Жаралы гүлдер» драмасы турасында баспасөз беттері мен арнайы қарастырылған сыншы, өнертанушы ғалымдардың еңбектерінде сөз болып, кезінде жақсы пікір алған болатын. Жазушылар Ә. Әбішев пен Т. Жұртбайдың: «Ажар мен ажалды», «Жаралы гүлдерді» дәл қазір де, ертең де сахнаға қойсаң, оның жазылған мерзіміне қарамай тура бүгінгі күннің төл туындысы деп қабылдауың сөзсіз» [4], -

дегендері, орыстың жазушысы К.Паустовскийдің: «Кез келген тақырыпты бүгінгі күндік етуге болады, тек жазушының өзі өз ғасырының биігінде болсын», - деп бір кездері айтқан сөзімен үндесіп тұр.

Белгілі театр сыншысы Ә. Сығаев: «Соғыс күндеріндегі тыл өмірінен сыр шерткен автор өзінді тұңғыық ойға батырады. Ескі күйсандықтан сызылған әуен сонау бір балғын шағыңа саяхат жасатады» [5, 52 б.], - деп айтқан сөзі жүрек тебіренерлік. Бұл пікірлер драматург шығармаларының өміршеңдігін көрсетеді.

Пьесаның бірінші бөлімінің бірінші көрінісі бір топ балалардың ескі күйсандықты қалай болса солай ұрғылап жатқан көрінісі үстінен басталып кетеді. Орта жастағы ақын

Б а қ ы т т ы ң. Тоқтандар, аясандаршы, бұл күй сандық емес пе.

Б а л а. Бұл тозған пианино ғой, Бақыт ағай, ешкімге керегі жоқ. Көп тілдері сөйлемейді. Биыл мұны завхоз далаға шығартып тастаған [«Жаралы гүлдер»].

Балалардың жауабынан кейін ойға беріліп, орамалымен күйсандықты сүртіп, іштей ойға шомады. Бақыттың монологы арқылы пьесаның экспозициясын ашылып тұр.

Б а қ ы т. Иә, тозған пианино. Бірақ балалар білесіңдер ме, қазір бұл-үңсіз қалған көне ескерткіш. Сөйлете білсең, көне дүниенің де өз тілі бар. Ескіні де қадірлей біл. Мен ауылыма келген сайын осы пианиноны бір көрмей кете алмаймын. Әрдайым осы күйсандық өткен өмірді еске салады...» [«Жаралы гүлдер»], - деп ары қарай ақ өлең түріне көшіп, барлық өткен, кеткен, болған істердің барлығын осы үлгіде сыр шерте жөнеледі.

Екінші көріністегі оқиғада «Повойенной дороге» атты өлеңін айтып бір топ ауылдың балалары кіреді, оларды соғыс комиссары, капитан Жанғожин «честь» беріп қарсы алады. Екінші көріністе драма оқиғасы ширақ дамып, персонаждар өз орындарымен, суреттеліп, тартыс күшейе түседі. Яғни, ауыл балалары: Қасым, Аплаш, Бақыт сияқты жасөспірімдер өздері майдан даласына әзір екендіктерін, тіпті кешіктірмей соғысқа жіберулерін де өтіне келеді. Бұл қылықтарына военком таң қалып: «Мылтық ата білесіңдер ме?,- деген сауалына:

Б ә р і. Білгенде қандай. Білеміз – деп жауап қатады.

В о е н к о м. Мылтықты ата білу бар да, Берлинге дейін жеткізу бар,-деп соғыс жағдайынан суыртпақтап сыр шертеді,

әрі соғыс жасына жетпегендерін де ескертеді. Военком балалардың бірінен «әкең қайда?» - дегенде:

Б а қ ы т. Соғыста. Екінші Украина майданында. Бес ай болды хат келмегелі.

В о е н к о м. Фамилиясы кім?

Б а қ ы т. Мәмбетов.

В о е н к о м (селк етіп): Мәмбетов?, - деп ары қарай сөзді бұра береді [«Жаралы гүлдер»].

Военкомның есіне осыдан бірнеше ай бұрын басқарма келіп: «Бақыттың әкесінен «қара қағаз» келгенін, әзірше жесір әйелі мен баласына естіртпей тұра тұруын өтінеді, себебі қой соңында жүрген әйелдің, жұмыстың қайнап жатқан кезінде бөгеті болатынын, күзде шаруа аяқталғасын естіртеміз» - деп өтініш етеді.

Г ү л с і м. Балаларды елге апару керек, Бақыттың шешесі кеше келген. Бүгін естіртпекші.

Б а т т а л. Естірту дегеннің өзі бір пәле болды ғой.

Г ү л с і м. Пәлесінен бұрын талайлар талма ауруға да шалдыққан жоқ па? [«Жаралы гүлдер»], - деген Гүлсім мен Баттал, басқарма мен военком арасындағы диалогтан драматург С. Жүнісов соғыс кезіндегі ел басына түскен ауыр психологиялық тұрмыс-тіршілігін аңғартады.

Пьесада Баттал мен Гүлсім арасында да бір жұмбақ сыр жатқандай. Сүйген жігіті соғыста Гүлсім, ісі мен сөзі шалық, әңгүдік Батталды менсінбейді. Драма авторы осы эпизодтан соғыс уақытында жастай жар құшағынан айырылған әйел затының басындағы трагедиясын да береді. Суреткер С.Жүнісов пьесада шығарма шырайын кіргізетін детальді сәтті қиюластырады. Аспанда қалықтап ұшып бара жатқан тырналарға Бақыт қолын соза ұмтылуы, үн қосуы – барлығын да шебер үндестіріп тұр.

Мысалы:

Тырау-тырау тырналар,  
Тізіліп қайда барасың?  
Сәлемімді ала бар,  
Көрсен майдан даласын.  
Майданда жүрген әкем бар,  
Көрсен сәлем айтарсың.  
Жеріме кірген жыландар,  
Тұмсықтан ұрып тойтарсын.

Бала Бақыттың жалынышты, қорғансыз сәлемі, аспанда қалықтап, қалт-құлттап жылы жаққа ұшып бара жатқан қорғансыз тырналар...психологиялық жай-күй ...

Төртінші көріністе Бақыт аяулы анасынан қапыда айырылып, ал әкесінің қаралы хабарын бір мезетте естуі – жасөспірімді қатты есеңгіретіп тастайды. Бірақ драматург С. Жүнісов әкесінің соғыста қаза болуын жас жігітке естірту үшін басқаша амал қолданған, военкомның аузына сөз салып: "Мынау әкеңнің майданнан жіберген киімдері",- деп, осы бір ауыз сөзге "әкең ерлікпен соғыста қаза болды" дегізіп тұр. Трагедиялық хал. С. Жүнісов трагедиялық халге шеберлігінің бір қыры - шағын бір беттің көлемінде Бақыттың екі қайғылы монологымен бірінші бөлімін аяқтаған.

Мысалы:

Б а қ ы т. Тым құрмаса бір күн қасында бола алмадым-ау, апа. Кеш мені. Қасында бола алмадым. Соңғы сөзіңді ести алмадым. Енді сен алыстасың. Енді менде ана жоқ! , - деген ішкі ой-толғағынан анасын жоқтап зар еңіреген бала-жігіттің, атың өшкір соғыс үшін күн-түн демей дамылсыз жұмыс соңында жүріп шешесімен бақұлдаса алмай қалғанын да сезіну қиын емес.

Ал, мына монолог салмағы одан да асып түскен.

Б а қ ы т: Па-па (шинельді құшақтап, тізерлеп отырып қалады) Па-па, апа, жалғыз...Жалғыз қалдым ғой. Бір күннің ішінде жетім қалдым. Жетімекпін енді. Неге...Неге менің атымды Бақыт қойдыңдар. Неге, неге Бақытсыз қоймадыңдар (Тағы шинельді құшақтап, анасының қасына сүйретіле барып, тізерлеп отыра кетеді [«Жаралы гүлдер»]).

Қайғылы хал. Бір отбасының трагедиясы. Бақыт монологнан соң, авторлық ремарка арқылы беретін: «Тағы шинельді құшақтап, анасының қасына сүйретіле барып тізерлеп отыра кетеді» дегенінен, тылдағы ананың қабіріне, майданда қалған әкенің қабірінен, бір-біріне сала алмаған ерлі-зайыптылардың топырақтарын, "шинельді" ана бейіті топырағы үстіне жабу арқылы тебіренерлік күй кештіреді. Бұл – драматургтің сәтті ойлап тапқан деталы.

Екінші бөлімде майдандағы соғыс хабарын беріп тұратын радио үнін бір топ бала құлақтарын тосып тыңдап тұр. Радио үні немістердің әлі де күшінің мықты, бірнеше қалалар мен деревняларды бомбалағанын хабарлайды.

Б а қ ы т. Шіркін-ай, папам тірі болғанда ғой, әлі де соғысып жүрер еді-ау. Осы радиодан соғыс хабарын берген сайын бұрын папам туралы бірдеме айтатындай елеңдей қалушы едім. Қазір бір түрлі күдерімді...» (дауысына булығып, сөзін жалғай алмайды)

Драматург С. Жүнісов пьесаның екінші бөлімінде Бақыттың немістерге деген ызакегін жиі көрсету арқылы әкесінің құнын көңілімен қайтаратындай қылып суреттейді. Бірде досы Балташ ауылға көшіп келген переселенец немістерден доп сатып алып, оны ауыл болып қызықтайды. Бақыт та қызықтап көрейін дегенде,

Б а л т а ш. Әуелі қолыңды жуып кел», - деп балалық көңілмен әзілдей салмасы бар ма.

Б а қ ы т. Қолым неміс добынан таза! (Балташтың қолынан добын жұлып алады да, желін шығарып жіберіп, табанына салып покрывшканы қақ айырады).

Осы жерде авторлық ремаркамен келтірілген диалог-айтыстарда Бақыттың сөздерінен әке кегін алушы болашақ ұл өсіп келе жатқанынан сыр тарқатады. Міне, пьесаның тәрбиелік-тағылымдық қасиеті де, болашақта отанын қорғайтын ұлдың өсіп келе жатқаны да осында.

Ал мына диалогта:

Б а қ ы т. Әй, осында военком келе жатыр...

Қ а с ы м. Осы военкомды көрсем жүрегім зу ете қалатын болыпты. Ылғи жаманат жеткізетіндей көрініп тұрады.

Б а қ ы т. Енді маған несін айтар дейсің, - деген сөздерінен менде енді ешкімім жоқ [«Жаралы гүлдер»], - деп тұрғандай, адамның бойына психологиялық толқу тудырады.

Пьесаның орталық қаһарманы – Бақыттың бейнесі кесек, нанымды суреттелген. Оқиға басында өзінің балалық қылығымен көрінсе, әкесі мен шешесінен айрылған соң есейген, ақыл тоқтатып өмірге деген көзқарасын өзгертеді. Пьеса авторы Бақытты оқиғаға көбірек араластыра отырып, қайғылы сәттерді басынан көбірек өткізеді. Әсіресе, ”неміс” туралы сөз болса, қаны басына теуіп шыға келіп, үлкенсің ба, кішісің ба, «төпелеп» түсуге бар.

Оқиғадағы Баттал – әр қилы мінездің адамы. Пьесадағы шытырман оқиғаларға Батталдың да үлкен үлесі бар. Драматург бірде Батталды соғыс кезіндегі тыл өмірінің шырқын, күйісін, онсыз да жүдеп-жадаған халықты өзінің жың сияқты ісімен, бейпілауыз, қасақана кісінің арына ауыр-ауыр сөздер айтқыш, озбыр адамның кейпін, өтірігі мен шындығы қатар өрілген, жоқ жерден пәле жапқыш, ал кейде аңқылдақ, бала сияқты, ел өмірін бір кісідей ойлайтын мінезімен де даралана алатын жерлері аз емес. Батталдың ауыл балаларына орыс тілінен сабақ беруі де күлкі тудырады.

Шығармадағы неміс ұлтының әйелі, мұғалім Таурид Эмма Ивановна - жазықсыз жапа шегіп, өмірдің теперішін көп көрген, өз ісіне адал берілген жан. Әуел баста ауылға жер аударылып келгенде комендант Баттал арына тиетін ауыр сөздер айтып, жігерін құм қылатын кездері болды. Мектептегі ұстаздық қызметіне де сенімсіздік тады. Бірақ Эмма Ивановна ол қылықтарына мұқалмай, керісінше табандылық танытады.

Драматург пьесаның соңғы көрінісінде Таурид Эмма Ивановнаның ұлы Карлдың неміс концлагеріндегі ерлікпен пара-пар қызметін паш етеді. Оны неміс офицері мен Карлдың диалогынан көрініс береді. Мысалы:

Н е м і с о ф и ц е р і. – Азғын! Өз нәсілін айырбастаған сатқын! Сені біз асыл нәсілді неміс деп, ұлы Рейхтің офицер чинін бердік. Сен кімдерді ажалдан айырып қалмақсың?

К а р л. Мұндағылардың бәрін ажалдан айырып қалу мүмкін емес. Мен неміс ұлтын арашаладым. Неміс те дүние жүзіндегі басқа ұлттардай таза халық екенін, олардың да шын ұлдары мен нағыз фашистері барын дәлелдемек болдым.

Н е м і с о ф и ц е р і. ...Сатқын болсаң да неміс деген атың үшін саған соңғы тілегіңе лұқсат. Соңғы сөзіңді айт. Не тілейсің?

К а р л. Мен фашистерден бостандық тілеймін. Соңғы ақтық демім біткенше неміс халқының ұлы әнін тыңдап өлсем болады. Маған Бетховеннің «Айлы түнін» орындасандар екен.

Н е м і с о ф и ц е р і. «Айлы түнді» Бетховеннің өзінен тыңдарсың. Онда сені бөгемей тезірек Бетховеннің қасына жөнелтейік (атып жібереді). [«Жаралы гүлдер»].

Драматургтің шебер шешімінің бір қыры – Карлдың аузына қай ұлттың өкілі болса да, қандай жағдайда болсын "отан, ана, елінің өнеріне" басын июдi, өнеге етудi көздесе керек. Карл ақтық демi таусылайын деп тұрған шақта анасын іздеуi , "Туған анам, сенiң алдындағы борышымды өтедiм. Фашистерге бiр минут бас игем жоқ. Соңғы рет, Отаным - Совет елiм, сенiң алдында, ақ шашты анам сенiң алдында соңғы рет...бас...иемiн.(Офицер тағы да атып жібередi. Карл басын ие берiп, сылқ етiп құлайды [«Жаралы гүлдер»].

Драматург пьесаның соңғы шешiмiн сәттi келтiрген. Баласы Карл неміс офицерiнен соңғы тiлегiнiң орнына ұлы композитор Бетховеннiң "Айлы түнін" қалап едi, ал оны бейбiт өмiрде ақ шашты анасы көзiне жас алып жiгерлене, шабыттана күйсандықпен ойнайды.

«Жаралы гүлдер» пьесасы мектеп жасындағы балалардың бойында отанға деген сезiмдi оятуға үлесi бар шығарма. Пьесадағы басты кейiпкерлерi: Аплаш, Бақыт, Баттал, Таурид бейнелерi, характерлары толық ашылған.

«Жаралы гүлдер» драмасындағы кейбiр кейiпкерлер «Әр үйдiң еркесi» атты пьесасында жалғасын табады. «Әр үйдiң еркесi» пьесасының көтерген тақырыбы – кезiнде мемлекеттiң қолдауымен қой шаруашылығын дамыту үшiн шопан жастар бригадаларын құруға байланысты қазақтың бiрнеше жазушы-драматургтерi туындыларын арнады, атап айтқанда Қ. Мәшһүр-Жүсiп, С. Жүнісов т.б. қаламгерлер болды.

Драматург Сәкен Жүнісов өз үлесiн қосып, жаңа iске жастарды жұмылдыруды насихаттайды. Алдыңғы шығармадағы Баттал, Бақыт, Балшекерлердi басқа қырларынан, басқа характерларымен, басқа жағдайда жаңа әрекеттерiмен танимыз. Ұрпақ жолын жалғастырушы – балалармен де жүздесемiз. Шығармада характерлар әр қырынан, бар жағынан танылады.

Пьесадағы тартыс – ұйымдардың алғашқы құрылу кезеңiндегi қиыншылықтар, ата-аналар мен мектеп мұғалiмдерiнiң сол кездегi халықтың психологиясы бойынша белсене араласуымен нәтижеге жету жолы болды.

Қазақ балалар драматургиясы кеш қолға алынғанымен де, алатын орны ерекше. Балаларға арналған пьесалардың тақырыбы, салмағы, жанрлық жүгi, көркемдiгi, қаһармандар қақтығысы, мiнез, драмалық бейнелерi, драмалық жағдайы-ересектерге арналған пьесалардан кемдiгi жоқ. Сонымен қатар балалар араласпайтын, қатыспайтын, ерекшелiгiмен танылмайтын пьеса жоқ деп те айтуға болады.

#### Әдебиет:

1. Жүнісов С. Өлара (Сын,мақала). – Алматы: 1985. – 171 б.
2. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы:1993. – 203 б.
3. Нұрғали Р. Айдын. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі. – Алматы: 1985. 107 б.
4. Әбішев Ә, Жұртбаев Т. Соц.Қазақстан. Алматы, 1967.
5. Сығаев Ә. Сахнадағы ойлар. А., 1979.



## NEURO-LINGUISTIC PROGRAMMING AS A BASIS OF THE UPDATED CURRICULUM IN KAZAKHSTAN

**Karaulova A.N.**

*(M.Kozybayev NKSU)*

Nowadays Kazakhstani education is dynamic and always moves as well as other branches of social development. At present all the schools in Kazakhstan have started working on the updated curriculum.

As it is said in Educational program for the in-service training of the English Language pedagogical staff in the context of the updated curriculum for comprehensive school education in the Republic of Kazakhstan the updated curriculum is a cardinal change of the structure of the educational process, based on the constructivists learning approach, criteria assessment of learning achievements of students – summative and formative, as well as spiral system of learning a particular subject. Most scientists consider that the essence of the spiral system of studying a subject is that the learning process moves “in a spiral,” that is, previously studied topics reappear in the educational process, expanding general knowledge step by step and adding more and more details, features, in other words, deepen knowledge on this topic.

In this context it is possible to talk about the constructivist approach to learning, which involves a combination of a communicative approach, a lexical approach, a PPP (presentation, practice, production), a total physical response, an audio-linguistic approach, target learning, leadership and some others approaches based on the behaviourism theory worked out by influential American psychologists in history, an atheist and radical behaviorist Frederic Skinner [1]. His behaviorism theory in other words might be called as the theory of operant learning which presupposes particular patterns of behavior evoked with a definite stimulus as a response to the environment or surrounding circumstances. It is a universal for any living creature – a mouse or a human and this fact has been proved by F. Skinner [2].

According to his theory of operant learning, if the teacher needs to correct behavior by forming new habits or a new form of behavior, it is enough to use positive reinforcement for the "target" behavior. By constantly reinforcing this behavior, the teacher will ensure that the student will repeat this behavior many times in the future [2]. It should be noted that this approach has become as one of the main statements in the updated curriculum though it has a different name, but the main purpose of it that the teacher should always give positive feedback to students. Even if a pupil does not do well at the lesson, the teacher should start with successfully finished tasks, then to point some weak sides or mistakes carefully. This is caused by expected response to environment, as any "fine" or punishment leads to an individual seeking out other forms of behavior that may be even more undesirable than the form that led to punishment [2]. So it means that if a teacher finds a particular “key” to each student, success is inevitable. However, at the same time, it is not an easy deal to find an individual approach.

Before formulating the principles of neuro-linguistic programming, scientists noticed that students are divided into certain categories according to the representative system. Thus, for instance, Michael Grinder in his work “Righting the educational conveyor belt” defines the following types:

1. Visual. This system helps a person navigate in space due to the visual organs. Visual people perceive the world around them through a visual analyzer (eye). They learn

information better after a visual demonstration of the material. Even verbal attraction of the child's attention is better with the use of words such as "look, see". Based on this, a teacher who knows the methods of neuro-linguistic programming will try to attract the attention of the visual using the phrases: "It looks like", "See how it looks", etc.

2. Auditory. The system is divided into listening to external or internal sounds. This system helps a person navigate in space due to the hearing organ. All the information heard is "embedded" in the memory and stimulates the imagination. If the teacher wants to influence the audience, he must:

- speak expressively;
- decorate his speech with techniques and turns;
- play intonation in speech;
- speak clearly;
- describe a lot and colorfully;
- use in speech words such as "listen, by ear, it sounds convincing", etc.

3. Kinesthetic. The system is divided into internal kinesthetics and external kinesthetics. External kinesthetics include tactile sensations such as temperature, touch, and humidity, while internal kinesthetics include emotions, feelings, and a sense of balance and body condition. The sense of taste and smell often serve as quick links to images, sounds, and sensations associated with them. A system of highly developed skin receptors actively reacts to various influences. Kinesthetics perceive and remember information better if they have the ability to touch an object or perform any actions themselves. Based on this, a person who knows the methods of neuro-linguistic programming will try to attract the attention of the kinesthetic with the help of such phrases: "Don't you think that this question concerns you, too, feel it", or for a better effect, you can touch his hand, etc.

4. Discrete. It relies in its work on the logical analysis of information received from other systems. In other words, to understand the material, display it in your imagination and remember, you need to conduct a logical analysis of the data. To influence the discrete, approach it with the phrase "I think..." or "You reckon...", also suitable "What do you think..." [3].

Michael Grinder emphasizes, that representative systems do not exclude each other. The student can imagine the scene, to associate with her /her feelings and hear the sounds, that is, to run all three systems at the same time. Yet some part of the thought process will remain unconscious [3].

In this way we can say that defining a representative system of any learner is very significant due to the fact, that each person is able to get information and understand it only in his or her own "language", which the teacher should grasp and use it in different cases.

The next step after determining the type of child's perception of the most obvious point of impact is the technique that is often called "pattern breaking" in neuro-linguistic programming.

In the article: "The application of neuro-linguistic approach in teaching children process" the authors S.A. Yevstafieva, G.Y. Kushnaryova mention, that techniques such as "incomplete sentences" and "positive comments" help the teacher easily focus the class's attention on him. At such moments, any words are put directly into the subconscious as a program, the execution of which the vast majority cannot even realize, let alone even remember its essence. In the process of neuro-linguistic programming, other rules can be applied, for example, exclude phrases from the conversation that imply an apology or disregard for the interlocutor. For instance, "Sorry, but you're in class" or "Let's quickly sort out a new topic with you"; or avoid phrases "attacks", such as "What kind of mess is going on here?" It is better to resort to using phrases that cause positive emotions in the child, it is possible to mention in conversation an anecdotal situation that occurred with your friend or

ask a couple of questions of a personal nature that contribute to the student's personal attitude (for example, about parents, health, etc.) [4].

Thus, using interaction with personal representative systems, it is possible to achieve two main goals: first, to make the student perceive what the teacher is giving; second, to overcome the child's negative attitude to the proposed information.

Besides, it is significant, that at the stage of representing the information, it is very important to hold children's attention and make them understand the teacher. Anchoring and visualization are effective methods for using in the process of teaching children.

Many scientists in neuro-linguistic programming highlight, that visualization is a great means of presenting and exploring the information, which is appropriate not only for visual students. Visualization consists of some components.

1. Color. Students must learn to fill their minds with one particular color.
2. Geometrical figure. You need to present an image of any geometric shape and try to change its color, shape, and size.
3. Dimensional object. You need to visualize the ball, chair, Cup and try to "see" this object from all sides.
4. Visualization of an image of a familiar person, building, room, and specific place [5].

Visualization facilitates easier memorizing the words by feelings caused by examining an object and changing some of its features and it is widely used in Kazakhstani schools by teachers at their classes.

Any teacher's behavior that resonates with the class is an anchoring. S.A. Yevstafieva in her work says that the task of programming in education is to teach the teacher to create a certain state in the minds of students, which is associated with establishing links between nonverbal signals and content (gestures, posture, a certain place in the classroom). The task "Raise your hands" helps the teacher to establish feedback with the class. During this task, students' attention is drawn to the teacher's speech. The task "motionless body" performed by the teacher himself helps to attract the attention of students. This task becomes most effective if the teacher performs it while moving around the class [5]. Here we see that the essence of anchoring is reflected in receiving a total physical response.

It is obvious, that the whole system of Kazakhstani education and the updated curriculum itself are based on many techniques taken from neuro-linguistic programming and the theory of operant learning, but the names of techniques or approaches are changed or completely different. It makes us reckon, that it is quite possible to implement other techniques of neuro-linguistic programming into educational process in order to make it much more effective.

There are some tips to build an efficient lesson using neuro-linguistic programming, proposed by M.A. Pavlova in her book "Intensive course of increasing literacy":

1. "The beginning of the lesson is with a positive anchor. If learning is associated with something pleasant, it is effective." Such an anchor can be, for example, quiet, pleasant music, which will not only set children up for a working, but not strictly official way, but will also become an additional way to attract the attention of children - auditory, who are worse than visuals perceive information.

2. You need to create "motivation for learning", that is, it is necessary to create a reason for learning related to the semantics of the child itself.

3. Using the "right-hemisphere and left-hemisphere" approach in the lesson, the comparison operation (what is common and what is different), using predicates of all three systems, eye access keys, accounting for different perceptual systems. All this is very important, since the information submitted in all three modalities is perceived as real.

4. "Using the state of misunderstanding". This specific state is due to the fact that some people, when they begin to not understand, get angry and lose information, while others, on

the contrary, use this state. But an error is also the result of an activity, so misunderstanding becomes a kind of door to understanding. And in order for this to happen, you need to find something that was done well.

5. "Compare a student's success with their own past state, not with the success of others. Less often say "NOT".

6. "Adjusting to the future at the end of the lesson. A successful student knows where, when, and how they will apply what they are learning» [6].

In our opinion these tips are available for any subject in any country because using at least some techniques and approaches of neuro-linguistic programming, it is possible to achieve a lot. For example, that lessons become interesting to all students, therefore, the level of assimilation of the material and overall academic performance will increase. In addition, a more individual approach to each child will help to overcome the effect of the "educational conveyor", which stamps the same-minded, independent and unable to self-actualize people.

So we may conclude that these methods mentioned above in neuro-linguistic programming can be used not only in school educational discourse, but also, in the process of self-education, for example, for mastering the skills of speed reading, memory development, increasing the level of their own literacy and learning foreign languages etc.

#### References:

1. Educational programme for the in-service training of the English Language pedagogical staff in the context of the updated curriculum for comprehensive school education in the Republic of Kazakhstan – handbook for teachers, second edition, Astana, 2015.
2. <https://codenlp.ru/about/frederik-skinner-biografiya>
3. Grinder M., "Righting the educational conveyor belt", New York, 1989.
4. Евстафьева С.А., Кушнерёва Г.Ю., Станкевич А.В., Проскурникова Е.А., Амитина О.В., Долматов В.П., Курмаев В.Ж., Медведев В.В. "Применение нейролингвистического подхода в процессе обучения детей" - Образование и воспитание № 5 (15), Kazan, 2017.
5. <https://psymod.ru/psikhologiya-obshcheniya/nlp/1415-centr-nlp-v-obrazovanii-dlya-chego-on-i-nuzhen-li.html>
6. Pavlova M.A. "Intensive course of increasing literacy based on NLP", Moscow, 1997.

УДК 159.9.7.05

### ХАРАКТЕРИСТИКА ПОНЯТИЯ «ТВОРЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ЛИЧНОСТИ» В ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

**Кукузова Ж.А.**

*(СКГУ им. М.Козыбаева)*

Социальные, политические, экономические изменения, которые происходят в нашем обществе привели к необходимости в воспитании творческой личности. Перед членами нашего общества, растут требования к таким качествам как: креативность, изобретательность, предприимчивость, инициативность, решительность. Другими словами — это качества, которые основываются на базе творчества. В связи с этим особую актуальность приобретает вопрос развития творческого потенциала личности, который также является одним из важных вопросов в современной педагогике и психологии.

Научным предметом исследования творческий потенциал личности становится в XX веке. В отношении того, что является источником творчества, какова сущность

творческого потенциала личности, высказываются различные точки зрения. Однако, изучая научную литературу, можно сделать вывод что многие ученые связывают понятие «творческий потенциал» прежде всего с «творчеством».

П.К. Энгельмейер в своих исследованиях выделил следующие стадии процесса творчества:

1. Рождение замысла, гипотезы (на этой стадии важную роль играет интуиция);
2. Выработка схемы или плана логики исследования;
3. Конструктивное выполнение научной задачи (умения) [1, с. 87]

К. Юнг связывал творчество с бессознательным, утверждая, что бессознательное полно предрассудков для будущих психических ситуаций, новых мыслей, творческих открытий. Оно является источником творческого таланта, творческого вдохновения. Юнг выделил два начала в человеке - личное и творческое, которые могут находиться в конкурентных отношениях.

Также К. Юнг в своих исследованиях делит творческий процесс на два типа: интровертированный и экстравертированный. Интровертированный творческий тип связан с сознательной способностью и самостоятельностью творческой комплексной работы в структуре творческой личности. Поэтому творческая личность интроверта пассивна, она является лишь проводником в сознание сильной энергии, результатом творчества (произведение искусства, научные открытия) является автономная система саморазвития, самосозидания. Этот тип является примером области художественного творчества, искусства. Экстравертированный творческий процесс ориентирован на сознательно сформулированную идею, поэтому творческая личность создает в зависимости от данных, темы творчества, тщательно работая с оборудованием. Этот тип является примером области научного творчества [2, с. 67].

С точки зрения Г.С. Альтшуллера, автора «Теории развития творческой личности», творческие способности - это не талант, а природа человека, а творчество - это норма человеческого существования. Каждый человек обладает творческим потенциалом, но творческое «генетическое сокровище» не раскроется до тех пор, пока у личности не появится шанс его реализовать [3, с. 10].

По мнению К. Роджерса творчество является неотъемлемой частью самоактуализации человека. Он утверждает, что стремление к самоактуализации является врожденным, и на его осуществление оказывает значительное влияние творческая установка личности.

К. Роджерс определил внутренние и внешние условия творческой деятельности. Внутренними условиями творчества являются открытость новому опыту, то есть экстенциональность, внутренний локус оценивания и способность к необычным комбинациям. К внешним условиям творчества он относил признание безусловной ценности индивида, создание обстановки, в которой отсутствует внешняя оценка и психологическую свободу самовыражения. Сопутствующими компонентами творческого акта по его мнению являются эмоции [4, с. 23].

Главным образом связывал творчество с воображением С.Л. Рубинштейн. Однако связь между ними не такова, чтобы можно было исходить из того, что воображение осуществляет доминирующую функцию, и можно выводить из него творчество как продукт.

Л.С. Выготский считал, что психология творчества основана прежде всего на исследованиях эмоций. Когда эмоции находятся в гармонии с настроением, мы способны воспринимать образы. Творческие люди часто отождествляют себя с другими, а это означает, что они обладают высоким уровнем эмпатии и эмоциональной экспрессивностью [5, с. 197].

Рассуждения о важной роли положительных эмоций для творческого процесса находят подтверждение в психологических исследованиях израильского психолога Авнера Зива. Авнер Зив сопоставлял оценки учащихся десятых классов по двум тестам вербальной креативности. Первая группа учащихся слушала запись выступления популярного комика, вторая группа занималась неюмористической деятельностью. Учащиеся первой группы демонстрировали большую беглость, гибкость и оригинальность [6, с. 43].

Рассмотрим творческий потенциал личности в узком и широком смыслах. В узком смысле творческий потенциал - это творческие способности, и прежде всего способность к воображению и креативному мышлению, в широком смысле – это еще и индивидуальные особенности личности, способствующие реализации творческих способностей: мотивы, эмоциональные и волевые качества, общий уровень компетентности.

Во многих источниках творческий потенциал отождествляют с понятием креативность. Креативность - аспект интеллекта, характеризующийся новизной в мышлении и решении задач, предполагает дивергентное мышление, требуя как большего числа ответов на простую ситуацию (например, необычное использование, ассоциативные связи) [7, с. 273].

Большей частью о творческом потенциале судят по творческим способностям и одаренности. Часто данные понятия используются как синонимы, однако это все же разные понятия.

Что касается творческих способностей, их разделяют на общие и специальные. Специальные способности связаны с определенной деятельностью (изобразительной, музыкальной, литературной, педагогической, управленческой и т. д.). В специальных способностях большое значение имеют врожденные задатки. Общие творческие способности свидетельствуют о готовности личности к успешной деятельности независимо от ее содержания. К их числу относят такие способности, как способность к вариативности, гипотетичности в процессе решения задач, способность к импровизации и умению действовать в нестандартных ситуациях [8, с. 83-88].

С.Л. Рубинштейн также выделяет общую и специальную одаренность, а Б.М. Теплов говорит о типах одаренности так: «Решительно во всякой одаренности есть и общее, и особенное. Поскольку в различных формах деятельности имеются общие моменты, постольку можно говорить и об «общей одаренности» в широком смысле, как об одаренности к весьма широкому кругу деятельности» [9, с. 32-35].

По мнению американского психолога Дж. Гилфорда одной из составляющих творческого потенциала личности является дивергентное мышление. Дивергентное мышление связано с порождением множества решений на основе однозначных данных и, по предположению Гилфорда, является основой творчества. [10, с. 433-457].

Т.А. Барышева и Ю.А. Жигалов отмечают, что в структуру творческого потенциала помимо дивергентности входят способности к интуиции, к преобразованию, к прогнозированию, ассоциативность [11, с. 17].

Одну из составляющих креативности - способность к преобразованию отмечают также такие авторы, как Ломброзо Ч., Роджерс К., Дилтс Р., и другие. Ж.П. Пиаже писал, что вся история науки свидетельствует о том, что прогресс знаний никогда не происходит путем простого добавления, а требует постоянного переформулирования предыдущих точек зрения. Творчество же, это преобразующая активность человека, поиск новых сочетаний и взаимодействия уже известных элементов. Поэтому способность к преобразованиям является одной из основных динамических характеристик креативности [12, с. 8-17].

Американский психолог С. Медник обращал внимание и на важность ассоциирования как одной из составляющих творческого потенциала. Он предложил психологический тест на выявление этой способности. Испытуемому предъявляют два слова, например «изумруд» и «молодой». Нужно найти слово (ассоциацию), которое соединило бы эти два понятия (в данном случае таким словом является «зеленый») [13, с. 220]. Способность к ассоциированию, по мнению Т.А. Барышевой необходимо рассматривать как свойство характера, а развитие данной способности – как актуальную проблему практической психологии, ориентированной на развитие творческого потенциала личности.

Таким образом, изучив научную литературу в области психологии и педагогики можно сделать вывод, что в понятие «творческий потенциал личности» входит множество составляющих, как творческие способности, интеллект, дивергентное мышление, воображение, интуиция, индивидуальные свойства личности, а именно волевые качества, мотивы, эмоциональность.

#### Литература:

1. Энгельмейер П.К. «Теория творчества». СПб., 1910.
2. Психология творчества: Методические рекомендации / Сост. А.Л. Галин. Вып.1. Новосибирск, 2006.
3. Альтшуллер Г.С. «Как стать гением». Минск, 1994.
4. Роджерс К. «К теории творчества: Взгляд на психотерапию. Становление человека» М., 1994.
5. Выготский Л.С. К вопросу о психологии творчества актера. В кн.: Якобсон П.М. Психология сценических чувств актера. М., 1936.
6. Ziv A. Facilitating effects of humor on creativity // Journal of Educational Psychology. 1996.
7. Большой толковый социологический словарь. - М.: АСТ, Дэвид Джери, Джулия Джери. 1999.
8. Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности.: Питер; СПб.; 2009.
9. Теплов Б.М. Способности и одаренность: Ученые записки Гос. НИИ психологии. Т. II. М., 1941. Теплов Б.М. Психология музыкальных способностей. М.; Л., 1947.
10. Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта: Психология мышления. М., 1965.
11. Барышева Т.А., Жигалов Ю.А. Психолого-педагогические основы развития креативности. СПб., 2007.
12. Пиаже Ж. О природе креативности // Вестник МГУ. Серия 14: Психология. 1996.
13. Mednick S.A. The associative basis of the creative process // Psychological Review. 1982.

ӘОЖ 821.512.122

## ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

Кулибекова Ж.С., Абиляхиров Е.Ж.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тақырыптық-көркемдік, жанрлық ерекшеліктері мол, шығармашыл ақын-жазушылардың еркін ойлы, осыған дейінгі дәстүрлі әдебиеттен үйрене отырып, өз алдына жаңалық нақыштары қанық ұлттық әдебиеттің негізін қалады. Діни-ағартушы, ағартушы-демократ, Алаш ұранды әдебиет өкілдерінің туындылары жаңа серпіліс, жаңа тыныс, жаңа леп әкеліп, әдебиеттің дамуындағы соны беттерді ашып, қазақ әдебиетін түр мен форма жағынан байытты.

XX ғасыр басында қазақ топырағына роман жанрының келе бастауы ұлттық әдебиетті мазмұндық-тақырыптық жағынан байытып, қаламгерлердің шығармашылық көкжиегін кеңейтті, әр түрлі тақырыптағы мәселелерді қозғауда мүмкіндікті көбейтті. Әсіресе, қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігі мәселесі жиі сөз бола бастады, әйелдің басындағы жағдайға осы кездегі жазушылар тарапынан көңіл аударылды. Сол орайда,

қазақ қызының, қазақ әйелінің мұң-мұқтажы, тұрмысы, ішкі жан-дүниесі, яғни психологиялық жайы көркем прозаға арқау болды.

Барлық жазушылар дәл осы прозадағы роман жанрына машықтана бастады. Әр дәуірге бір жанр тән дейді ғұламалар. Дәл солай, кеңес кезіндегі қазақ әдебиетіне роман жанры тән десек қатеспеспіз. Алғаш қазақ романын М.Дулатұлы жазды, «Бақытсыз Жамал» 1910 жылы шықты. Одан Ж. Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» тәрізді үлкен-үлкен, профессионалды романдары жазыла бастады. Ж. Аймауытовтың қазақ романына алып келген жаңалығы – психологизм тәсілі болатын. Кейін бұл әдіс қазақ романдарында кең қолданыс тапты. М. Жұмабаевтың роман жанрымен теңдес тұратын «Шолпанның күнәсі» әңгімесі осы уақытқа дейін өзіндік көркемдік тәсілімен таң қалдыруда.

Психологиялық роман - адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән берілетін роман. Егер психологиялық романдардың тарихын қарастыратын болсақ, оның ең алғашқы үлгісі ретінде ХҮІІІ ғасырда Англияда жазылған Стерннің «Тристан Шендидің, джентельменнің ғұмыры мен пайымдары» романын атауға болады. Осы шығармасында адамды, адамның ойын психологиялық, мінездік толқыныстар тұрғысында бейнелеп береді.

Қазақ әдебиетіндегі тырнақалды психологиялық роман – Ж.Аймауытовтың «Ақбілегі». «Ақбілекте» психологиялық роман табиғатына тән негізгі сипаттарымен шығарманың сюжеттік-композициялық концепциясының кейіпкердің ішкі әлемін талдау мақсатына талдау тәуелділігін болжауға болады. Төл прозамыздағы психологиялық романның озық үлгісі – Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романы. Соғыс және әйел тақырыбын зерделей отырып, жазушы әйел жанының терең қалтарыстарына үңіледі, әйел сезімінің ешқандай қоғам идеологиясына, жағдайға мойынсұнбайтын құпия құдіреттерін паш етеді [1, 171-172 бб.].

XX ғасырдың бас кезіндегі қаламгерлердің шығармашылық мұрасы осы кезең әдебиетінің болмысын ашатын, айғақтайтын, негіздейтін әдебиет үлгісі болып табылатынына баса көңіл бөлінді. Ә. Қоңыратбаев атап өткеніндей, «С. Көбеев, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, М. Сералин, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев есімдерімен байланысты жаңа әдебиетіміз де түгелімен сол ағартушылық идеяның ізімен, Абай дәстүрімен дамып, сыншыл реализм әдебиеті деңгейіне көтерілді». Ол XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі басты бағыттар табиғатын көркемдік әдіс тұрғысынан да айқындауға, сол арқылы жанрлық ізденістер арнасын әдеби үрдіс заңдылығына орай қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиетінің тарихының күрделі кезеңі мен тұтас дәуірінің болмыс-бітімін тануда әр ғасырдың алар орны айрықша болып табылады. Ғалым Б.Кенжебаев: «Дұрысында, тарихта болған, заманында өзінің шамасы келгенше қоғамдық, прогресшіл қызмет атқарып, әлеуметтік, мәдени, әдеби мәні бар азды-көпті шығармалар қалдырған ақын, жазушылардың бәрінің де аттары аталуға, қызметтері мен шығармалары көрсетілуге, зерттелуге тиісті; саяси және басқа үлкен қылмысы барлары болмаса, аттары аталмайтын, қызметтері мен шығармалары көрсетілмейтін ақын, жазушылар болмауға тиісті» [2, 146 б.] - деген таза ғылыми және азаматтық ұстанымда болды. Сол арқылы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін кешенді зерттеу мәселесін күн тәртібіне өткір қойды.

С. Көбеев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Жұмабаев сияқты көрнекті жазушылардың прозасында әр қилы адамдар тағдыры суреттеліп, сол кездің әлеуметтік ақиқаты, әйелдің ауыр тағдыры барынша шынайы суреттеліп, дүниеге Қамар, Ғайша, Ақбілек, Күнікей, Жамал, Шолпан сияқты көркем бейнелер келіп, олардың болмыс-бітімдері жан-жақты көрінеді. Әрине, әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдыруда жазушыға ең қажетті фактордың бірі – суреткерлік



екеніне көз жеткіземіз. Бұндай шындықты айтудың уақыты да жеткен болатын, себебі, қазақ әйелінің жай-күйі бұл қаламгерлерді қатты алаңдатқаны сөзсіз. Қолжаулыққа айналған аянышты тағдырлар, олардың ішкі жан-дүниесі, қоғам мен қазақы ортаның, отбасының әйелге деген қарым-қатынасы - осының бәрі туынды нысаны болды. Жазушылар өз шығармаларындағы кейіпкерлерінің мінез-құлқын жан-жақты ашуға тырысады. Жазушы тілінің шеберлігі арқасында біз кейіпкерлерді сан түрлі қырынан тануға және түсінуге мүмкіндік алдық. Оларды көркем бейне ретінде қарастыра отырып, бастарындағы жағдайдың сол кезеңдегі барлық дерлік қазақ әйеліне тән қалыпты екеніне көз жеткіздік.

Бұл жазушылар өздерінің ізденімпаздықтары, тәжірибесі мен шеберліктері, тақырыпты ашудағы талпыныстарының нәтижесінде әйелді көркем бейнеге тән қасиеттерге сай тұрғыда бере алды, әйел психологиясын әдебиетте сомдаудың үздік үлгілерін танытты.

Мысалы: «Сорлы Ақбілек! Сен жыламай кім жыласын! Тас емшегін жібіткен, тар құрсағын кеңіткен, аруанадай анаңнан айрылдың. Келешектегі бақытты өміріңнің кілтіндей көріп, сары майдай сақтаған алтын қазынаңнан айрылдың! Ар-ұятың төгілді, адамшылығың жойылды. Жас нәуетек жүрегің – соқпай жатып өрт болды. Жаңа піскен жауқазын – піспей жатып жоқ болды. Шамшырақтай жас жаның-жанбай жатып шоқ болды. Есіл ерке балалық – аяққа құйған астайын шолтаң етті – тоқталды. Жыла, жасың бұла! Жасыңмен қайғы жуылсын! Жасыңнан теңіз жиылсын!» [3, 202 б.]. Бұл шығарма Ж. Аймауытовтың белгілі «Ақбілегі». Бұл сөздер автордың шығарма кейіпкеріне арналған сөзі, автордың толғанысы. Бұл романды кейбір зерттеушілер тұңғыш психологиялық роман деп те атап жүр. Әрине, бұл пікірге қосылуға болады.

Автор шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекет барысында көрінетін көңіл-күй құбылыстарын өте көркем түрде суреттеген. Ж. Аймауытовтың психология ғылымына байланысты қазақ ғалымдары арасында тұңғыш еңбек жазғаны белгілі. Автордың осы шығармада кейіпкерлердің жан-дүниесін, мінез-құлқын, тебіренісін шебер суреттегенін байқап отырмыз. Ақбілектің басынан өткен жағдайға байланысты, оның ағаларының да өз кезегінде ішкі толғаныстары қоса беріледі: «Ақбілек аспанға қарады - аспанды мезгілсіз бұлт құрсар емес, жерге қарады - жер баяғы жер, қозғалар емес, сүрінер ме екен деп, өкшесін тебінді - кер жорға сүрінер емес, өзге аттарды сау желдіріп, тепсеңде теңселіп келеді. Ақбілек қасындағы ағаларына қарады. Ағалары Ақбілекке қарар емес, көздері алдында, сипай қамшылап, «ауылға қашан жетеміз?» дегендей тебінгілері сыртылдап келеді [3, 202 б.].

«Ақбілек» романында кейіпкердің ішкі жан дүниесін суреттеулері көрнекті орын алады. «Қартқожаны» жазған кездегі тәжірибесін толықтыра отырып, ол бұл шығармасында адам характерін тереңірек ашуға, кейіпкердің психологиялық жайларын толықтыруға көбірек көңіл бөлді.

Қолға түсіп шерменде болған жанның өң-түсі екенін біле алмай, торға түскен торғайдай шығар есік іздеп аласұрған сәтін дәл бейнелеп береді: «Саңқал киізден сығалап аңғал шуақ Ақбілектің бетіне түсіп жайраңдаса да, телегей аққан жасын құрғатуға септігі болған жоқ: жанын жанышқан қараңғылық жарық дүниені аңсатты, ... құтылмасына көзі жеткен соң, тым болмаса мына сусылдаған сары қолдан сытылып, даланы бір көргісі келді» [3, 159 б.].

Мұның ар жағында жирен орыстың Ақбілекті зорлап сүйгісі келгені, қыздың көнбеуі, өзара қызға талас ең соңында келіп оның қара мұртты орыс офицерінің еншісіне тиюі суреттеледі. Шығармада аты аталып, түсі түстелмесе де қара мұрттың бейнесі арқылы, жазушы патша әскерлерінің ішінде де адамдық қасиеттерін жоғалтпаған, асыл сезімді жандардың бар екенін көрсетуге тырысқандық байқалады.

Қара мұрт пен Ақбілектің кездесулері қыздың тағдыры алдындағы, қара күшке деген белгісі еді. Анталаған көп солдаттың талқысынан құтылудың жолы еді.

Жап-жас қыздың жау қолында жәбірленуі, көрген қиыншылықтары мен психологиялық сезім күйлері оны есейтіп, мұнды еткені сезімді. Мұнды адам әрқашанда ойшыл келетіні аян: «Саялдық қара бұлттар-ау! Ақбілектің жанын тұншықтырған қара тұман аз болды дедіндер ме, үстіне мұнша төтенше, анау асқар таулардың басына төнсеңдерші! Күздің сарғыш жапырақтары-ау! Кімді әлдилеп, сыбырлап тұрсыңдар?... Сұлудың жүрегін жанышқан ауыр шерді сендер сейілтем дейсіңдер ме?

Бұлттар-ау, серпілмейсіңдер ме?!

Жапырақтар-ау, сыбырлап жерге төгілгенше, шерлі сұлуға сая болсаңдаршы!

Ызғырық-ау, ызылдағанша, жапанда жалғыз қалған баланың әкесіне хабар берсеңдерші!...

Түн түнереді. Ақбілек үрейленеді [3, 178-179 бб.].

Тұтқыннан құтылған Ақбілек жол бойы табиғатты тамашалай жүріп оған таңырқай басқаша көзқараспен қарап, онымен тілдеседі: «Құдайдың күдіретіне таңданады. Су ағады да жатады, бір таусылуы жоқ, қатерлі өлімді де білмейді. Ешнәрсені сезбейді. Мен ішсем де бұған бәрі бір - жақсыға да, жаманға да сусын болады» [3, 179 б.].

Ақбілектің бейнесін ашуда оны қоршаған ортасы, қарым-қатынастағы әркілы адамдар, олардың іс-әрекетін танытатын түрлі эпизодтар маңызды роль атқарғанын ескерген жөн.

Қазақ қоғамындағы әйелдің орны өткен ғасырдың өзінде өзге мұсылман елдеріндегі ахуалмен салыстырғанда анағұрлым прогресивті, жаңа тілмен айтсақ, демократиялық талаптарға жақын болғаны белгілі. Алайда, тарихтың желі теріс соғып, қазақ елі отарлық қамытына тап болған кезеңдерде қалың жұрттың, әсіресе, әйелдің тауқыметі көбейе түсті. Әйел теңсіздігіне қарсы күрес ұлт зиялыларының ұлт мақсаттарының бірі болатын [4, 5 б.].

«Шолпанның күнәсі» - жазушы Мағжанның әйел психологиясын ашудағы проза жанрында жазылған әңгімесі.

Жазушы идеясы сан алуан жолмен көркем образ арқылы іске асады деген белгілі қағида бар. Ең алдымен, кейіпкердің сыртқы пішін-келбетінен бастап, оның көңіл-күйі, жан дүниесі – психологиясын айқын таныту суреткердің шеберлігіне байланысты. Бұл тұрғыдан келгенде Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесі де көркемдігі жағынан биік талаптарға жауап бере алатындығы анық.

М. Жұмабаев шығармашылығының зерделі зерттеушісі Ш. Елеуқенов былай деп жазады: «Шолпанның күнәсі» атты әңгіме, сөз жоқ, қазақ прозасының көркем дамуындағы ірі кадам, «Батыр Баян» поэмасын қосқанда, қазақ әдебиеті психологизміне соны дем бітірген шығармалар [5, 113 б.]. Автор «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде шығармашылық еркіндікке жекелеген әйел образы, оның мінез-құлқын, табиғатын зерттеу, танып-білу арқылы әйелдің адами-пенделік сезім арпалыстарын кеңінен қамти жазу арқылы барды. Әңгімеде бір Шолпанның болмыс-бітімін ашу арқылы жалпы әйел затының жан сезіміне терең шолу бар, сонымен бірге адамның тіршілік иесі ретіндегі жан сырын аршып, сол арқылы барша әйелдің басында кездесетін мінезді, табиғатты зерттеуге ұмтылу бар.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесі жанры жағынан бұл – психологиялық әңгіме. Жан әлемінің құпия сырларын саралайды. Әңгіменің бас кейіпкері Шолпан – әр түрлі сыртқы жағдайлардың және ішкі толқыныстардың нәтижесінде үнемі өзгеріп, үрдіс дамып отыратын характер. Жазушы сол өзгерістерді жан диалектикасын жіті қадағалау жолымен көрсетеді. Осының арқасында бала көру сияқты қарапайым тақырып биік

адамгершілік өреге көтеріліп, адамның құлықтылығы, бас бостандығы проблемаларына ойысады. М. Жұмабаев драматизм элементтерін, трагедияның қалың бояуларын әңгіме соңында қоюландыра түседі. Өмірін өз қажетіне, өз қалауына сай өзгертуге талпынған қазақ әйелі. Ойлағаны, қалағаны болғанымен, бәрібір алдынан қарғыс атқыр «өлім» шығады.

«Шолпанның күнәсі» әңгімесінің ерекшелігі жөнінде Б. Мамыраев былай деп жазады: «...М. Жұмабаев өзіне дейін қазақ прозасында әлі жасалмаған жаңа қадамға – адам психикасының құпияларына бойлауға батыл көше білді. Мағжан кейіпкерлері өздерінің қымбат та құпия ішкі сезімдерін жария етуден, өздерін сол үшін ешкім түсінбеуі мүмкін-ау деген ойдан еш қорықпайды» [6, 126 б.].

Шығарманың идеялық мазмұнын кішкене көрініс арқылы түйіндеу, кейіпкер психологиясын терең білгірлікпен сипаттай отырып, образдың жан сырын ашу – жазушының қаламына тән сипат.

Шолпан деген жас келіншек өте бақытты. Бағына орай құдай оңдап теңіне қосылды. «Мал орнына сатылып, жаны сүймеген жанға жар болатын қазақтың сансыз қыздарының ішінен әлдеқалай өзінің сүйгеніне тиген Шолпан...» [7, 91 б.]. «Ондай бақыт кез келген қазақ қызының маңдайына ол кезде біте бермегенін автор ескертіп өткен. Шолпанның орамал тартып келіншек болған алғашқы уақытта жатса-тұрса Алладан тілейтіні – сол бақытын қайтсе де аман сақтап қалу. Тіпті күйеуі мен екі арасын баладан қызғанады. Бұл тілек дертке айналып, ішке түседі, жан дүниесінің төрінен орын тебеді» [5, 282 б.].

Шолпан бейнесі арқылы отбасы бірлігін сақтаған, құдай қосқан қосағының бақытын ойлаған әйелдің бейнесін толық сипаттай білген. Шолпан - теңіне қосылған бақытты әйел, дәстүрлі отбасындағы ерін ардақтайтын адал жар. Отбасының алтын дінгегі махаббат үшін құрбан жанның сезімін мына жолдардан анық ұғына аламыз: «Задында баланы жек көргендіктен емес, ерімен екі ортасындағы жібектей нәзік махаббат жібі үзілмеу үшін, екі жанды бір-біріне қоса білген иманнан да ізгі махаббатқа басқа бір жан келіп, жік салмау үшін бала болмауын тілеп еді Шолпан» [7, 91 б.].

«Автор ішкі монолог арқылы Шолпанның жан дүниесін шебер бейнелейді. «Балалы болсам, әдемі өмірім бұзылады-ау», деп ойлайтын еді Шолпан...Бала туса күйеуімен екеуінің ортасында бір тікенек өсетіндей болушы еді...Қиюласып қосылған екі жанның арасына жат бір үшінші жан түскен соң, екеуінің де жалынды, екпінді махаббаты бүлінер, бәсеңдер, суынар деп қорқушы еді Шолпан. «Ішкі монолог кейіпкер жан дүниесінде әбден толысқан ойды бейнелейді. Шынында да, бұл – ішкі ой. Сыртқа ол танығысыз өзгеріп шығады. Өзіндей жас келіншектермен аулақта кеңескенде: «Баласыз өмірдің қызығы жоқ қой», - деп аузымен ғана айтады. Аузы айтқанды қолы істемейді. Істеткізбейтіні іші. Ішінен құдайға «Бала бере көрме!» деп жалбарынады» [5, 282 б.].

Әңгіменің «Шолпанның күнәсі» деп аталуының өзінде терең мағына жатыр. Бұл жерде кінә мен күнә деген ұғымдарды ажыратуымыз керек. «Кінә мен күнә синонимдер емес, екеуі екі жағдайда белгілі болатын дүниетанымдық ұғымдар, олардың басты айырмашылығы сонда, кінә – адам мен адамға қатысты болса, күнә –адам мен жаратушыға қатысты, нақты айтқанда, алла мен адам арасындағы мәселе» [8, 99 б.].

Тыңғылықты ғылыми талдаулар мен пікірлердің негізінде Мағжан мен Жүсіпбек сияқты шебер авторлардың әйел дүниесін, табиғатын, әлемін, сезімін, өмірін, тынысын, толғанысын қаншалықты зер сала отырып суреттеп, ішкі жанына терең үңіле білгені, зергерлік қырағылық пен асқан талғампаздығын барынша қолдана алғаны таң қалдырады. Себебі, әйелдің нәзік әрі мықты табиғатын көркемдеп жеткізу - асқан шеберлікті талап етеді. Қос қаламгер осындай биік үдеден ойдағыдай шығып, өздерінің

дара кейіпкерлерінің көркем бейнелерін шебер мүсіндеулері арқылы оқырман жүрегінен де, ұлттық әдебиеттен де лайықты орын алды.

Жазушылардың өзіндік қолтаңбасы мен сөз саптау ерекшеліктері шығармалардың идеялық-эстетикалық дәрежесін биіктетіп, ұлттық әдебиеттегі психологизм дәстүрін қалыптастырып, қазақ прозасындағы әйел психологиясын берудегі үздік туындылар қатарында мәңгі қалады.

#### Әдебиет:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев). - Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 бет.
2. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы // Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арн. ғыл.-теор. конф. материалдары (Алматы, 1959, 15-19 маусым). - Алматы: Қазақ КСР ҒА баспасы, 1961. - 374 бет.
3. Аймауытов Ж. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 560 бет.
4. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 бет.
5. Елеуенов Ш. Мағжан. –Алматы: Астана-Полиграфия,2008. - 392 бет.
6. Мамыраев Б. XX ғасырдың I ширегіндегі қазақ әдебиетінің даму негіздері. – Алматы: Жазушы, 1998. – 385 бет.
7. Жұмабаев М. I том. Өлеңдер, дастандар, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2002. – 208 бет.
8. Макпырұлы С. Қазына. Әдеби мақалалар, зерттеулер. Әдістеме. – Алматы: Арыс, 2004. – 320 бет.

ӘОЖ 821.512.122

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ ДАМУЫ

Кулибекова Ж.С., Ақылбекова Ұ.Б.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақ әдебиетіндегі психологизм – шындық пен өмірдің кіршіксіз көрінісінің байланысар тұсы, «көркем шығармадағы өмір шындығының кепілі – психология да, оны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығарма феномен – психологизм» [1, 4 б.]. Психологизм көркем туындымен жақын болғанымен, әр кезеңдегі көрінісі әр түрлі. Бұлай айтуымыздың себебі, көптеген ғалымдарымыз психологияның қалыптасуын сонау Күлтегін жазбаларымен, халық ауыз әдебиеті үлгілерімен байланыстыра келе, X-XII ғасырлардағы ғұламалардың туындыларында ұшырасатындығын сөз етіп, оның Әл-Фараби, Махамбет, Жанақ, Абай, Шәкәрім еңбектеріндегі шынайы ішкі толғаныстардың қаншама ғасырлардан бері көркем әдебиетімізбен жанданып, гүлденіп келе жатқанын айтады. Ғалым Б.Майтанов: «Психологизм – көркем әдебиеттің тұтас болмысынан ажырамас қасиет. Біз ол жағдайды байқай бермейміз. Сонымен бірге, психологизм – көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі, әрі стиль көрінісі»,– деп көрсетеді [1, 5 б.].

Әдебиетті адамның сыртқы сезімдерінің бейнесі дер болсақ, көркем әдебиеттің біртұтас негізі болуы міндет. Дегенмен психологизмнің барша көркем әдебиетке тән жалпылама қасиеттерімен бірге, арнайы стильдік құбылыс негізінде жекелік қасиеті де бар.

Психологизмнің өзіне тән жанрлық, стильдік, көркемдік ерекшеліктері бар. Солардың біразын әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы Г.С. Пірәлиева өз еңбегінде ашып көрсеткен болатын: «Біріншіден, психологиялық

прозада оқиға, кейіпкер, кезең, уақыт, тақырып, идея, т.б. деген мәселелер алдыңғы сапқа шыға қоймайды. Ол талап та етілмейді.

Екіншіден, мұнда ең бастысы – жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі, жеке адам санасындағы сапалық өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданады.

Үшіншіден, психологиялық прозаның эстетикалық, көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды» [2, 322 б.].

Психологиялық прозадағы сезім шынайылығы, психологиялық тереңдік, сыршылдық пен мөлдірлік және де адам жанын түсіну арқылы шығармаға айна қатесіз түсіру – прозаик қаламгердің таланттылығы негізінде іске асады. Психологиялық құбылыстардың ашылуы – ақынның көркем тіліне байланысты.

Психологизмнің ұлтық әдебиетте қолданылуы жайлы айтар болсақ, ұлы Абай поэзияда психологиялық бейнелеу тәсілдерін, адамның ішкі сырлары мен сөз өнерін оқырмандарына ашық жеткізе білген. Абайға дейін адам психологиясында туындайтын өзгерістерді бейнелеп көрсетудің екі түрі болған. Олар: 1) Психологиялық параллелизм; 2) Әр түрлі монологтар; «өзіне дейінгі әдебиеттің өрістей алмаған жағын толықтырып, сезім дүниесін сөз арқылы терең суреттеу әдісінің тамаша үлгілерін көрсеткен Абай қазақта алғашқы ақын болды» [2, 328 б.].

Әдебиет зерттеушісі, ғалым Майтанов XIX ғасыр соңында «Дала уәлаяты» газетінде жарық көрген «Бәти» әңгімесінде прозадағы психологизмнің алғашқы негіздерінің көрініс беретінін жазған. Демек, қазақ прозасының дамуымен бірге өркендеп, биікке көтерілген психологизм – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болған. Жаңадан өркендеп, қанат жайып келе жатқан проза жанры, қазақ табиғатына кеңінен таралу үстінде еді. Осы дәстүрді өз еңбектерінде пайдалана білген жазушылар қатарындағы М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», Ж. Аймауытовтың «Ақбілегі» сынды шығармаларында ашық түрде қолданғанын айта кеткен жөн. Ахмет Байтұрсынов – қазақ әдебиетінде ең алғаш психологизмге тоқталып, зер салғандардың бірі. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде психологизмді зерттеудің ең алғашқы белгілерін көруімізге болады. Бұл еңбектің «Дарынды сөз» деген бөлімінде көркем шығарманың өзіне тән ішкі бейнесін «Толғау» деп атай келе, мынадай түсініктеме береді: «Толғағанда айтатын сөзін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы адам әуелі көңілінің күйін-мұңын, зарын, мүддесін, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші ішкі ғаламында болған халдарды тысқа шығарып, басқаларға білдіртіп, өзгелерді сол көңілдің күйіне түсіріп, хал-жағдайын түсіндірумен толғайды. Толғау, қысқа айтқанда, іші қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, жанның тартқан күйі, ақындық деген жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, соның күйіне салып, толғай алуында» [3, 104 б.].

Ал 1934 жылы көптеген рухани тартыста жазылған М. Әуезовтің «Қасеннің құбылыстары» әңгімесі психологизмнің талаптарына тереңнен жауап береді. Бұдан көп уақыт бұрын жазылған Ш. Құдайбердиевтің «Әділ – Мария», Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романдары, М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесі психологиялық проза жасаудағы дайындық іспетті.

Қазақ прозасына 60-жылдары ерекше сыршылдық сарын келді. Лиризм мен психологизм қуаты қазақ прозасының өрісін ұлғайтты. А. Сүлейменов, Ш. Мұртаза,

Ә. Кекілбаев, О. Бөкей, Ә. Тарази, М. Мағауин, С. Мұратбеков, Қ. Жұмаділов, Д. Исабеков сияқты жазушылардың шығармаларында лиризм қарқынды дамыды. Аталмыш жазушылар прозадағы психологизмді қалыптастыруда көптеген ізденістер жасап, халық ауыз әдебиетінен, әлем әдебиетінен нәр алып, әрбірі өз өрнегін салып, даралықтарын көрсетті. Роман, повесть, әңгімелерде басты идея кейіпкердің жан толғанысы, мұны мен наласы, іс-әрекеті, оның әлеуметтік тіршілігі, өмірге деген көзқарасы, сыршыл сезімдері арқылы беріледі. Осылайша, көркем образ негізінде жазушы идеясы көрінеді.

Көрнекті қазақ жазушысы Ж. Аймауытов та психология ғылымын нақтылап зерттеп, көптеген психология саласындағы терминдердің қазақша аудармаларын жасап, ғылыми терминтануға енгізуге біраз үлес қосқан. Оның «Жан жүйесі мен өнер таңдау», «Психология» атты еңбектері оған бірден-бір дәлел. Мысалы: «Жанталдау», «Психоанализ» деп ала отырып, адам мінезін бірнеше түрлерге бөліп, олардың ерекшеліктері мен қызметтерін анықтап, терминдердің қазақша атауын төмендегіше көрсетеді: 1) күйгелек, 2) сарыуайымшыл, 3) қызбалы, 4) аяныш жанды, 5) салқын қанды, 6) ыстық қанды, 7) ұйытқымалы, 8) құмартпалы.

Бертін келе, психологиялық сарындағы айрықша шығармалар туындауына себепкер болған жазушылар Талаптан Ахметжанның «Нобель сыйлығы», Аслан Жақсылықтың «Ант ұрғандардың түстері», Асқар Алтайдың «Казино», «Шаһид», «Түсік», «Кентавр», «Тұл», Жүсіпбек Қорғасбектің «Үрей», «Өлі көл», «Жансебіл» атты жаңаша туындыларын атап өткен жөн.

Қазақ әдебиетіндегі зерттеуші ғалым Гүлдария Ержанова психологияның бұл екі түріне былай анықтама береді: «Тар типтегі психологизм деп жеке адамның жан дүниесіне ерекше көңіл бөлетін, оны тереңірек, анығырақ сипаттайтын туындыларды айтамыз. Кең типтегі психологизм деп адам өмірін, оның әлеуметтік тұрмысын ішкі жан сарайы арқылы жалпы түрде көрсететін әдебиетті айтады» [4, 35 б.]. Зерттеушілер суреттеу процесін адамның ішкі жан дүниесінде бірден көрініс таппайтындығын айтады. Көптеген зерттеушілердің тұжырымы бойынша ертедегі әдебиеттерде адам сезімі мен сырлары анық көрінбей, тек шығармадағы оқиға ғана суреттелген дейді. Демек, ол кезеңде әдебиеттің әлі де болса толықтай жанданбағанын байқаймыз. Адамның мимикасы, ішкі сезімдері ашылып зерттелмеген болатын.

Көзқарас, ишарат, сөйлеу, дауыстың тоны, сыртқы бет пішіні, тағы басқалар психологизмнің сыртқы түрлеріне жатады. Ал жылау, мұңаю, қайғыру, түс көру, күлу, қуану, дараланып, жалғыздану - бұлар психологизмнің ішкі түрлері болып саналады. Бұл екі түрдің бір-бірімен тығыз байланыста екенін Г. Ержанова атап кеткен. Осыған М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінен мысал келтірер болсақ: «Ғазиза әбден қиналды. Жан жарасы одан әрі тереңдейді. Сүйікті жан, бақытты өмір, шаттық пен күлкі – көкейдегі түпсіз тұңғыық арман болып қалды. Дәл қазіргі келбеті кешегі ақ жарқын Ғазизадан мүлдем басқа. Гүлдей құлпырған шырайлы жүзі солғын тартып, өңі қуарып кеткен» [5, 106 б.]. Бұл жерде суреттелген Ғазиза болатын. Бала кезінде әкесінен айрылып, ауру анасының қолында бой жеткендігі айтылады. Мұнда автор Ғазизаның қайғы-мұңын бейнелеп тұр. Ғазизаның өзі айтпаса да сыртқы бет-бейнесінен-ақ, ішіндегі барлық мұны мен жан айқайы көрінгендей. Ақын бұл жерде психологизмнің сыртқы суреттеу түрін қолданған. Он үш жастағы періште қыз Ғазизаның тағдыры тауқыметке толы болады. Көп қиналады. Жазушы осы көріністерді жай сезімсіз бере салмаған, барынша нанымды әрі сезімді сілкілететіндей етіп береді. Бір қарағанда соншалық қою сюжет те емес, дегенмен, өмірдің бір ащы суретін көрсетеді. Оқырманына да терең бір ой салады.

Өз туындыларында психологизмді кең түрде қолданған жазушылардың бірі – Ғ. Мүсірепов. Ғабиттің «Ұлпан» атты романы оған дәлел. Мұнда жазушы кең типтегі

психологизмді пайдаланады. Бұл шығармада тек қана Ұлпанның жеке басындағы ішкі толғаныстарына тоқталмайды, басқа да кейіпкерлердің жан дүниесіне үңіледі. «Әр түрлі ойлар бунай берді. Бастан кешкен қайғысыз-қайғылы күндер де тізбектеліп өтіп жатыр. Солардың бірі болып Есенейдің бір күйінгені де есіне түсті. Есеней ұзақ ауырып азаптанып жатып: – Ақнарым-ай, көрмеген азабың қалмады-ау!... Обалына қалған екенмін. Мұндай ит өмірден енді не күтіп жатырмын? Ана темір сандықты ашшы. Бір кішкене алтындатқан сауыттың ішінде аузы желімделген шыны болар. Соны алып берші... Бұл азаптың ініне біржола су құйайын!– деген» [6, 255 б.]. Жазушы осы бір суреттеуі арқылы кейіпкерінің күйінішін, мұң-зарын ішкі жан айқайы мен арпалысын айқындап, жеріне жеткізе айтып береді.

Тар типтегі психологизмді Т. Әбдік «Парасат майданында» атты шығармасында тек бір адамның басынан кешкен оқиғалары мен мінезі арқылы көрсетеді. Шығармадағы психология мен философияны ашып көрсету әр жазушыда әр қилы болып келеді. Психология сарыны тереңнен көрінетін шығарма – М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы. Бұлай айтуымыздың себебі – Абайдың бала кезінен бастап, ер жетіп, ой тоқтатып, ел ағасы болған кезіне дейінгі уақыттағы жан дүниесі мен шығармадағы сан түрлі кейіпкерлердің психологиясы суреттеледі. Абайдың қырыққа келіп, ойының кемелденген кезіндегі айналасындағы келеңсіз оқиғаларға көңілі толмай, ашынып сын көзімен қарауын автор философиялық және психологиялық ойлардың ауысып, өзгеріп отыруымен бейнелейді.

Қорыта айтар болсақ, психологизм – адам өмірінде болып жатқан дүниемен үндес, сол үшін де психологизмді адамның жан дүниесімен жақын көріп қарастырған дұрыс. Психологизмнің басты тұлғасы адам деп қарар болсақ, оның күнделікті тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, ішкі жан дүниесі шығарманың басты өзегі болады. Жалпы алғанда, барша ғылым түрлері бір-бірімен тығыз байланыста. Әдебиет те психологиямен жақын байланыста. Біз әдебиет пен психологияны бөлектеп қарастыра алмаймыз, өйткені психологизм мен әдебиет екеуі бірін-бірі толықтырып, жалғасып тұрған дәнекер іспетті. Адам баласының күнделікті өмірі психологиядан тұрады, сол үшін де көркем шығармада адамның мінез-құлқын, күйініші мен қуанышын ашып, айқындап көрсетеді. Себебі, шығарманы оқып отырған оқырман әртүрлі психологиялық көңіл-күйлер берілгенін көрмесе, ол шығарманы толыққанды сезінбейді, сәйкесінше, ешбір эстетикалық ләззат ала алмайды. Ал көркем шығарманың басты мақсатының бірі - оқырманның көркемдік талғамына сай болу немесе оны дамыту.

#### **Әдебиет:**

1. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 230 бет.
2. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 бет.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 104 бет.
4. Ержанова Г. Қазақ прозасындағы психологизм. – Алматы: Жалын, 1994. – 140 бет.
5. Әуезов М. Қорғансыздың күні. Әңгіме. – Алматы: Атамұра, 2002. – 432 бет.
6. Мүсірепов Ғ. Ұлпан. Роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 264 бет.

## АЛАШ ӘДЕБИЕТІ - ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТҮП ТАМЫРЫ

Кулибекова Ж.С., Байтемирова А.В.

*(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)*

XX ғасырдың басында қазақ халқының тарихындағы бүкіл қоғамдық ой-пікірдің өрістеп-қанат жаюына мүмкіндік туғызған, өзіндік айқын белгілері мен шығармашылық мұраттары жарқын болған Алаш ұранды әдебиет бағытындағы ақын-жазушылар мұрасының басты міндеті – ұлт-азаттықтың тірегі - ұлттық сананы ояту, ұлт руханиятына барынша әсер ету болды. Өз шығармашылықтарында отаршылдыққа қарсы ашықтан-ашық пікір айтып, азатшыл күрес идеясын өркениетті елдердегі саяси күрес тәсілімен ұштастыруды мақсат тұтты. Ағартушылық, өнер-білім ең алдымен ұлт-азаттық үшін қызмет ету керек деген берік байламды ой-идеясын насихаттады. Осындай бағытты бекем ұстанған шығармашылық иелері, ұлтжанды азаматтар мен тұлғалардың жеке бастары да талай уақыт үкімет тарапынан аясыз қудалауға ұшырап, Мағжан айтқандай, «Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі» болғандықтан, туындылары қара құлыпқа жабылғаны белгілі.

Ғасыр басындағы Алаш зиялыларын ұлы істерге жұмылдырған, қоғамдық-саяси, шығармашылық ізденістеріне негіз қалаған ұлттық идеяның бастау бұлағы, ең алдымен, туған халқының сол кездегі жан төзгісіз ауыр халы, отарлау саясатының оған жасап жатқан әділетсіздік әрекеттері еді. Сондықтан, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, М. Шоқай, Б. Қаратаев сынды дүлдідер бастапқыда осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаса, іле-шала Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, М. Әуезов, Ж. Аймауытовтар осы қатардан табылып, ғұмырлары мен шығармашылықтарын халқының болашағы үшін күрес жолында еш ойланбастан-ақ сарп етті.

М. Дулатовтың 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазақ!» атты бас шығармасы барша қазаққа атой салып, азаттық пен бостандыққа үндеген, патшалық әкімшіліктің соншалықты мазасын алған ең белгілі туынды еді. Кеңестер елін билеген коммунистер де осындай қазақтың нағыз ұлттық идеясымен суарылған кітапты өлердей жек көрді.

«Оян, қазақ!» ұлттық идеясы отарланған өлке үшін түсінікті де пәрменді формула болып шықты. Ол – табиғи-ырғақты даму мүмкіндігінен айрылған қазақ қоғамына және оның халқына зорлықпен таңылған кеселдерді айыптап қана қоймай, әркімнің және баршаның намысын жаныған, ел мен жер алдындағы жауапкершілігін тиянақтаған әрісі – Күлтегін жазуының, берісі – «Жеті жарғының» нағыз өзі [1,33 б.].

Алаш зиялыларының еңбектері туралы бүгінгі күнде жазылып та, айтылып та жатыр. Олар насихатталып, бүгінгі ұрпаққа пайдасы тиюі керек. Бізге қойылар негізгі міндет – ғалым Д. Қамзабекұлы атап көрсеткен: «алаш рухын насихаттау сол зиялылар секілді тәуелсіз ойлауға, кез-келген нәрсені салмақтап, оған ұлт мүддесі тұрғысынан баға беруге үйрену» [1,5 б.]. Дәл қазіргі күні ана тіліміздің көсегесі көгермей тұрғаны, дініміздің мүшкіл халі, рухани құндылықтар мен адами қасиеттеріміздің биіктен көріне алмай жатқаны ұлттық рухтың оянбай, жетіспегендігінен деп түсінеміз. Сондықтан біз сөз еткелі отырған бүгінгі күні ең өзекті мәселе – ұлттық рухты оятуға, туған халқын өрге сүйреуге бар күш жігерін жұмсаған Алаш ақындарының бізге артқан аманаты еді.

Қазақ әдебиетінің бұл буыны туралы ғалым Р. Нұрғали: «Табиғатынан дарынды жаратылған бұл буын өкілдері қазақы тал бесікте тәрбиеленіп, исламның иманды



бұлағынан нәр алып, мұсылманша хат танып, одан кейін жәдитше, орысша оқып, орта, жоғары дәрежелі білім алған; Орынбор, Омбы, Семей, Алматы, Ташкент, Уфа, Қазан, Мәскеу, Петербор секілді шаһарлар тәрбиесін көрген, өз заманының көзі ашық зиялылары. Отаршылдықпен шайқас, артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқ ету, азат, тәуелсіз демократиялық, дербес мемлекет құруды биік нысана ету, белгілі бір тап мүддесі емес, жалпы ұлт мақсаты үшін күресу, өркениетті нысана тұту – бұл ағымда болған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасының дүниетанымына ортақ, етене қасиет сапалар еді» [2, 5 б.], – деген пікір айтады.

Жаңа әдебиет азаматтық рухтың биіктігін, гуманизм мен демократтық көзқарасты, Отан сүюшілік пен туысқандық идеяларын жырлаушы, көркемдеп суреттеуші ретінде танымал болды.

Қазақ әдебиетінің жан-жақты дамып, барлық жанрларда қарыштап өскен, ұлттың рухани сұранысына жауап берген бай-бағылан дәуірін тудырған ХХ ғасыр қаламгерлері, олардың ғұмыры, тағдыры, шығармалары туралы бүгінге дейін айтылып келген пікір, талдау, зерттеу енді жаңа тұрғыда толығып, соны пайым, жинақтау-тұжырыммен қоюлана түспек.

Алаш қайраткерлерінің өткір поэзиясы қан төгіссіз, әділ шешім қабылдауды ұстанғандарын, халықтың шынайы жанашырлары екендігін көрсетеді. Алаш қайраткерлері қазақ тарихында өзіндік орын ала білді. Әрбір қазақтың азаматы арыстарымыздың жасаған игі істерін, атқарған қызметтерін, жүректегі патриоттық сезімдерін ұғынуды өздеріне міндет деп білгені жөн.

А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов қазақ елінің мүддесін білдіріп, оның шамшырағы болған ұлттық газетін құра білді, халықтың ауызбірлігін сақтап қалуға тырысты. Бұл қайраткерлердің әдебиет тарихында да қалдырған іздері тайға таңба басқандай. Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» атты өлең мысал жинағы, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңі сол ғасырдың айнасы, бейнесі болды десек, қате болмас [3, 224 б.].

Қазақ халқының ұлттық рухының тамырына балта шабу үшін коммунистер ең алдымен осы қозғалыстың бастау көзінде тұрған Алаш көсемдерін, олардың ізбасар шәкірттерін бір қырып тастады да артынан большевизмді жақтаған, кеңес өкіметін мадақтаған коммунист зиялылардың өзін де сыпырып әкетіп, көзін жойды. Аман-есен қалған оқығандарды үнемі үркітіп-қорқытып отырды, анда-санда науқан жариялап, солардың ішінен де біреулерді жұлып алып, түрмеге тығып отырды. Міне, сол кезеңнің, сұрқия саясаттың жасаған қитұрқылығы, айласы мен жексұрын әрекеті осы болатын. Бүгінгі күн тұрғысынан бағамдасақ, бұндай алып машинаға қарсы тұра, Алаш азаматтары өздерін алдын-ала құрбандыққа шалған еді.

Ахмет Байтұрсынов:

Қазағым, елім,  
Қайқайып белің  
Сынуға тұр таянып,  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,

Аш көзінді, оянып [4,30 б.], - деп, халықтың мүшкіл халіне себеп болған басты жағдайлардың түп-тамырын даналықпен көре біліп, «ояту» идеясын алға тартады. Ахмет Байтұрсынов поэзиясы азатшылдық рухымен дараланады. Ол ақын ретінде қазақ поэзиясына күресшілдік сарын әкеліп, азаттық жырдың озық үлгісін шашты. Оның өлеңдерінің ұлт-азатшыл рухы-мәңгілік жоғалмас ақындық үлгі болып қала бермек. Осыны аңғартпақ болған Р.Нұрғали: «Бұрын емеурін, ишара, мегзеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» кітабында ашық, анық, дәлді, нақты айтылады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар,

қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық бірталай өлеңдерге арқау болады; ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – басты сарын» [5,16 б.], – деген.

Міне, осы тұрғыдан алғанда ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің басты белгісі ең алдымен азаттыққа ұмтылу, соған «ояту», түрткі болу, нақты істерге жұмылдыру әдебиеті болғандығында деп тануымыз керек.

М.Дулатов шығармашылығының тырнақалдысы, ақынның даңқын қазақ арасы ғана емес, Ресейдегі түрік әлеміне тұтас жайған «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы 1909 жылы Уфада шығып, 1911 жылы Орынборда екінші рет басылды. Осы алғашқы жинағының өзінен-ақ, автордың мақсаты мен беталысы айқын аңғарылады.

Сол тұстағы қазақ халқын құрсап алған төрт қасірет түгел көз алдыңызға келіп, тұмшаланған сананы серпілтіп жіберердей:

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,  
Қазағым, енді жату жарамасты [6,10 б.].

Осы төрт жолдан ақынның бүкіл тыныс-тіршілігінің болмысы танылғандай. Осы төрт жолдан түгел қазақ елінің басындағы мүшкіл хал көз алдымызға келгендей болады.

Мағжанның алғаш жарық көрген өлеңінің өзінен-ақ, ақынның кейінгі ұлы мақсаттары көзге шалынады. «Тоқ етерін айтқанда, қазақ поэзиясының аспанына көтерілген жаңа жұлдыз – Мағжан - салған жерден ақындықты көз жасы, жүрек қанынан сорғалайтын – асыл сөз, дарынды сөз, қасиетті өнер деп біліп, бұл сапарды туған жерге, Отанға, халыққа қызмет етудегі киелі жол санайды» [5, 97 б.].

М. Жұмабаев – сыршыл да өршіл маржан жырларының құдіреті арқылы өзінің бүкіл болмысы мен поэзиясының ерекшелігін танытып кеткен ұлы ақын: «Қолы ғана емес, жаны, рухы, қызыл тілі кісендеулі, шандулы, шырмаулы, тордағы жыршы жүрегінен – қан, көзінен – жас ағыза отырып, зарлайды, жылайды, сонда да тапжылып, жаншылып қалмай, бас көтереді, қарсылық білдіреді. Зорлық-зомбылық, әділетсіздік әбілеттей басқанмен, бәрібір шындықты, ақынның асыл сөзін, келешекке деген үмітін үзе алмайды, түптеп келгенде, ақын мәңгілікке, өлместікке, бостандыққа, еркіндікке сенеді, сол рухты сезім, кісілікті ой алдында оқырманын имандай ұйытады» [5, 103 б.].

Мағжан – халқына шынайы жаны ашыған, жағдайына аландаған ұлт ақыны. Надандықтан құтылудың жолы өнер-білімді болу деп білген ақын, қазақ халқының ұлттық тұрмыс-тіршілігіндегі жақсы қасиеттерін жырға қосады. «Өткен күн» өлеңінде қазақтардың бұрынғы тұрмыс-тіршілігіне көз жіберіп, оның ізгілікті жақтарын үлгі етеді. Хақназар, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Қазыбек, Жәнібек сынды халық қорғаны болған ұлдарын мақтан тұтады; Шөже, Орынбай, Жанақ, Біржан, Наурызбайлардың «бір сөзі мың ділдалық» асылдар еді деп бағалайды.

Өткен күнді ойласам,  
Ойға терең бойласам,  
Кешегі қайран қазақтың  
Сәулеті мен дәулеті  
Көз алдыма келеді [7,28 б.], -

деп өзінің қазағын, оның өткен тарихын шабыттана жырлайды. Осындай берекелі ел надандықтан қор болып барасың, енді «арыстаным, сұңқарым, қажымас, талмас тұлпарым, басың көтер, тұр енді!» деп, қимылға шақырады. Осының өзінде ақынның ел ішіндегі саяси-әлеуметтік мәселені түсіне отырып, отандастарына да барынша жеткізгісі келген ниетін көреміз.

Осылайша, ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылар Абайдан творчестволықпен үйрене отырып, ұлы тұлғаның сан қырлы шығармашылығының жандарына жақын, ой-

пікіріне дөп келетін тұстарын дамыта отырып, өздеріне тән стилін таныта алды, өзіндік белгілерін айқындады. Сол орайда ұлттық әдебиеттің жаңа қарқында дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Абай дәстүрін шеберлікпен үйреніп, Батыс пен Шығыс классикалық әдебиетінен сусындаған Ахмет, Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Міржақып сынды сөз өнерінің шеберлері ХХ ғасырдың басында ұлттық поэзиямыздың әлемдік деңгейге көтеріліп, қоғамның шынайы шындығын ашып, оны эстетикалық қуатпен бейнелеудің күшті қаруына айналуы жолында аянбай еңбек етті. Бұл теңдесіз еңбек, қажырлы әрекет ұлт руханиятының дамуы жолындағы еселі үлес болып бағаланады.

Алаш зиялыларының Қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп көрсеткен болатын.

Бәрін біріктірген ортақ ұлы мақсат - ұлттық сананы оятып, азаттыққа қол жеткізу болатын. Сол мақсаттарына өле-өлгенше адал қызмет ете білді. Сондықтан, осындай абзал азаматтардың өмірлік жолы мен шығармаларындағы азаттық идеясы, қазақ халқының болашағы үшін жанкешті әрекеттері тарих беттерінде мәңгіге қалады, Тәуелсіз еліміздің әр азаматы, қоғам мүшесі естерінен шығармай, олардың озық ойларын негізге ала отырып, қоғамдағы әлеуметтік, саяси жағдайлардың жақсаруы мақсатында еңбектенулері қажет. Сонда ғана оң нәтиже болып, қоғамның рухани дамуындағы игі өзгерістерді көруге болады, сол кезде ғана Алаш азаматтары бастарын қатерге тігіп күрескен Тәуелсіздік тұғыры берік болады.

#### **Әдебиет:**

1. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 бет.
2. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. 3-т. Астана: Фолиант, 2005. – 652 бет.
3. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 бет.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 бет.
5. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. - Алматы: Күлтегін, 2002. - 528 бет.
6. Дулатұлы М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 327 бет .
7. Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 232 б.

**ӘОЖ 821.512.122**

### **САЛ-СЕРІЛІК ПОЭЗИЯНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Кулибекова Ж.С., Балгабаева А.Д.**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)*

Сал-серілер шығармашылығы - ХІХ ғасырдағы қазақ халқының бай мәдениетінің тарихынан елеулі орын алатын айрықша өнерпаз сала. Халықтық мәдениеттің ғасырлар дамуындағы өзіндік орнын айқындайтын бұл шығармашылық иелерінің әлеуметтік және адамгершілік салмағы, қадір-қасиеттері шынайы өнер туындыларына лайық, шын мәнінде ғажайып туындылар. Қандай мықты өнерпаз болмасын, ол өзін өнердің бірер саласында ғана тыңдата алса керек-ті. Ал, қазақтың бұл тұстағы бірнеше

өнер иелері, яғни синкреттілік белгілері тоғысқан өнерпаздар өз дәуірі ұсынған өнердің барлық түрлерін шебер игеріп, соның әрбір салаларынан өздерінің талант күштерін көрсетіп қана қоймай, мойындата да алды.

Сал, сері дәстүрі - өте ескі дәуірден сақталып, халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізіп, әдебиетке, ой санаға игі әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Оны тарих сахнасында мирас болған Біржан салдың, Құрманғазының бейнелері анық сипаттайды. Салдар мен серілер күштіге табынбайды, халықты, оның өкілдерін мақтап жыр шығарады. Олардың бар ынта-ықыласы - махаббатқа бас иіп, бәйек болып түсу, ол үшін ел-елді қыдырып, өзіне ақылды, сұлу қыз іздеу, барлық жас өмірін сарп қылып, мал-мүлкін аямай соның жолына құрбан ету. Сал мен серіні осындай ардақты ниетке бағыттайтын олардың жаратылыс ерекшелігі, дарынды ойы, ашық жарқын мінезі, сыпайылығы, сұлулыққа елтуі және әдемі дүниеден ләззат ала білуі [1,177 б.]. Олар қазақ поэзиясына зор үлес қосқан табан асты өлең нөсерін ағылтар ақпа ақын, халқымыздың ақындық өнерінің шеберлері (импровизаторы).

Сал-серілер ішінен Біржан сал, Сегіз сері, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Мәди, Әсет Найманбайұлы мен Мұхиттің поэзиялық туындылары өздерінің тақырыптық-көркемдік, поэтикалық ерекшеліктерімен айрықша қызықтырады.

Ұлттық поэзия тарихында бір басында ақындық-әншілік, композиторлық-орындаушылық, жыршылық-әңгімешілдік, импровизаторлық-ойыншылық сияқты сан қырлы өнер түрлерін аса сәтті тоғыстырған сал-серілер шығармашылығының үндестігі анық, атап айтқанда, адамның рухани байлығы мен тән сұлулығы, жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды суреттеп жеткізуде.

Сал-серіліктің пайда болу, бастау алу, қалыптасу мен даму тарихы тереңде жатыр, сал мен сері сөздерінің мағыналары да айрықша өнер иелерінің поэзиясы, тағдыры мен өмірлік жолдарының қаншалықты қызықты және ерекше болғанын меңзегендей. Ел-елді аралап жүретін әнші серілер, салдар - тарихи дәуірден келе жатқан мәдениетті қалыптастырушылар. Олар өздері шығарған ән-күйді, музыкалы шығарманы, халықтың эпикалық жырларын мәңгілікке сақтайтын аяулы ой иелері. Г. Потанин қазақ өнерпаздары басындағы синкретизмдік сипаттарды дәл таныған. «Қазақтардың поэзиясы мен музыкасы тығыз байланысты. Олар өлең шығарушы, бір жағынан, композитор, шығармасына әуенді де, ырғақты да өзі береді», - деген [2, 697 б.]. Сол себепті де бұндай жоғары пікір мен бағалауларға ие болған сал-серілер шығармашылығы мақтануды ғана емес, ғылыми терең зерттеуді, насихаттауды аса қажет етеді. Қазақ халқының талай ғасырлардан бері келе жатқан дәстүрі – ұлттың ажырамас кең өрісті өнері ретінде өзімен бірге сан ғасырлар бойы жасай бермек. Уақыт өткен сайын маңыздылығы арта түсері де хақ.

Ел еркесі, шынайы өнердің ақ серкесі, сұлулық пен әсемдіктің жыршысы, *«өмірінің әр белесі аңыз болған әйгілі де әсерлі, атақты да аяулы»* [3] Ақан сері Қорамсаұлының шығармашылығы ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің биік шыңы болып қала бермек.

Алаштың ардақты азаматы, ұлтжанды ақын М. Жұмабаев «... Ұшы, қиыры жоқ дариядай Сарыарқаның ортасында аралдай көгерген Көкшетау, Абылдайдың ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға отан болған Көкшетау – алаштың ақындығының да ортасы болған жер еді... Ақанның өмірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат өмір. Ақан да сұлулыққа табынған, алты алаштан *сері* деген ат алған. Бірақ Ақанның сұлулыққа табынуы тереңірек. Ақанның өмірінің жұмбағы түйіндірек. Мұның өмірі – мұң мен зар. Сондықтан, біз Ақанның алдымен өмірін жазып, сонан соң сөздерін тексереміз... » [4, 162, б.], – деп шыншылдықпен сипаттаса, ауыз әдебиеті үлгілерінің жинаушысы Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Ақан сері – заманның

сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі» деген баға береді [5, 77 б.].

Ал сал-серілер шығармашылығының көрнекті өкілі, арқалы ақын Біржан Қожағұлұлы Ақанның әншілік өнеріне көңілі толып:

*Алып келген базардан темір қақпан,  
Қақпан деген ән шықты біздің жақтан.  
Сыдырып қойған таспадай сыртың сұлу,  
Айналайын анаңнан сені тапқан* [5, 79 б.], –  
деп ағалық батасын берген екен.

Белгілі ақын К. Салықов қазақтың сегіз қырлы, бір сырлы асыл дүлдүлі Ақан Қорамсаұлының өлеңдері, әзіл-сықақ қағытпалары, нақыл сөздері мен айтыстары топтастырылған кітапқа бұрынғы толық жинағына кірмеген өлеңдері мен Орынбай Бертағұлымен айтысын «Ақан сері» атты еңбегіне енгізген.

К. Салықов: «Ақан сері дегенде Сырымбет, Құлагер елестейді, дарқан дарынды ақын, композитор, үздік әнші, асқақ азамат, ел мұңына оранған талай хикаялар елестейді. Өзгеге ұқсамас өмірі де, өнері де қазақ халқының мақтанышына айналды. Адам баласында сирек кездесетін сан қырлы дүлдүл бекзаттылықтың не екенін танытып кетті. Кейінгі жас ұрпақтарға дананың дарабоз қасиеттерін аша түсу біздің парыз бен міндетіміз деп санаймын» [3, 17 б.], – деп өз алдына мақсат қойған.

*Әншілік Біржан салдай ақтангері.  
Саятшы, бапкер, мерген, әділ қазы,  
Шерлі ақын, ойлы ұстаз Ақан сері,* – деп толғанады [3].

Ақанның осындай зор ақындық талабына жол салған – халық поэзиясы, ұлтымыздың бай фольклоры, халық ақындарының шығармашылығы, өнерлі де талантты сал-серілер ортасы, Көкшенің кербез сұлуы атанған қасиетті мекенінің әсем табиғаты.

Сарыарқа, оның ішінде Көкшетау, Ақмола, Баянауыл, Қарқаралы, Торғай өлкесі бойынан шыққан Ағашаяқ, Әсет әнші, Нияз, Шәрке, Сегіз сері, Өтепбай сал, Жарылғапберді әнші, Естай сері, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса сияқты біртуар дарын иелерінің қатарындағы Ақан серінің өзіндік шығармашылық тұлғасы, орындаушылық шеберлігі, ақындық қабілеті, талғампаздық қасиеті айтарлықтай. 16-17 жасында шырқап салған әуезді әндерімен көпшілік назарына іліккен жас Ақан сұлулықты, тазалықты, ақ махаббатты асқақтата ту етіп жырлап өткен. Ақындық пен әншіліктің періштесі Ақан серінің есімі өзге ақындар арасынан әрқашан дараланып тұрары даусыз.

Алдымен ауызға алатынымыз – Ақан серінің «Торыны таң асырып мінген қандай?», «Біздің көңіл қайда жатыр?», «Сүйген жардан айрылдым», «Қыз сипаты», «Ұзатылайын деп жатқан қызға», «Жайықтың ақ түлкісі аралдағы», «Сүйген қалқа», «Көңіл тілегі», «Көңіл сыры», «Әйелдер сипаты», «Ақ көйлек», «Ақтоқты», «Ғашық жарға», «Балқадиша», «Жамал қыз», «Қалқа бала», «Мақпал», «Нәзік гүл», «Ой, қалқа», «Райхан гүл», «Сырымбет», «Ұрқияжан», «Үш тоты құс» деген әйел жанының сұлулығы мен нәзіктігін, сезімталдығы мен көркін, пәктігі мен ерке қылықтарын тереңнен суреттейтін лирикалық өлеңдер қатары. Бұлардың әрқайсысынан ең ардақты, ең қастерлі қасиет – махаббат сезімінің зор рухани күш, адамға мол қуат беріп, қуаныш сыйлайтын мәңгілік құндылық екеніне көзіміз жетеді. Кеңінен танымал бұл туындылар әйелдер образының галереясын жасап, шынайы махаббат рухын ту етіп көтерді.

Серілердің сұлулықты қалай суреттейтіні туралы тоқтаусыз жазуға болады. Олардың әрбір қыздың басқа қыздан қалай ерекшеленетінін, жұлдыздарға, айға теңейтіні – осының барлығын әнге қосып тындағанда, көз алдына керемет бір бейнені елестеуге болады. Ақанда:

Мен көрдім нұрлы жүзің, қыпша белің,

Ақ түсті, көукәр көзді, тәтті тілің.  
Ажарың бақшадағы хор қызындай,  
Сипатыңды сырлауға келмес тілім [3, 47 б.].

Немесе:

Сипатың жұмақтағы хор қызындай,  
Жамандар сізді көріп қалтыраған.  
Кетуші ем жаман қызға көзім салмай,  
Жазамын атағыңды арып-талмай.  
Қанша айтсам мадағыңыз болмас тәмам,  
Сіз гүлсіз үкілі бөрік, жазық маңдай.  
Иншалла амандықпен табысармыз  
Көңілге өкініш пен қайғы алмай [3, 37 б.].

Ал Сегіз сері болса нағыз сұлулықты былай бейнелеген:

Бейне бір шынар секілді,  
Денең тіп-тік, тар мықын.  
Сұңғақ бойлы, ат жақты,  
Меруерт тісті, қыр мұрын.  
Алма мойын, кең иық,  
Шыбықтай белің бұралған.  
Бүлдірген ерін, бота көз,  
Аққу құстай сыланған.  
Бурадай әсем сандысың,  
Ер жігітке саймысың.  
Тоты құстай таранған,  
Маңдайға сыймас жармысың? [6, 32 б.].

Ал Біржан сал «Айжан қызға» атты өлеңінде:

Қызы екен Айжан сұлу Ақжол байдың,  
Құрметін көріп едім мен талайдың.  
Бұралған нәзік белі тал шыбықтай  
Бұралған жағасында аққан сайдың [7, 77 б.].

Біржан, әр тұста, өз атынан сөйлеп, тек өзінің ғана сезімін жырлап отырғандай әсер қалдырады. Кейде ақын меннің образдық сыры байқалмайды. Лирикалық герой ажырамай, өзінің жеке басының тартысы, не сезім серпіні ретінде әсер қалдырады. Бар жерде ақын өз атынан көптің сөзін сөйлеп, жырын жырлайды.

Жан едім әсем әнді сүйіп айтқан,  
Жағымды көпке бірдей, жұрт ұнатқан.  
Келетін нақысына жүз құбылтып,  
Кейде өрлеп, кейде шалқып, баяулатқан! [7, 58 б.].

Біржан, әр тұста, өз атынан сөйлеп, тек өзінің ғана сезімін жырлап отырғандай әсер қалдырады. Кейде ақын меннің образдық сыры байқалмайды. Лирикалық герой ажырамай, өзінің жеке басының тартысы, не сезім серпіні ретінде әсер қалдырады. Бар жерде ақын өз атынан көптің сөзін сөйлеп, жырын жырлайды.

Жан едім әсем әнді сүйіп айтқан,  
Жағымды көпке бірдей, жұрт ұнатқан.  
Келетін нақысына жүз құбылтып,  
Кейде өрлеп, кейде шалқып, баяулатқан! [7, 58 б.].

Шынында да Біржан халқының қалаулысы, әр елдің асыға күткен той-думанының басты серісі, жиылған топтың көңіліне рухани нұр құйған асқан дарын, өнерпаздар серісі, ел еркесі [2, 728 б.].

Ал мына бір «Жетісу» деп аталатын өлеңі бір жағынан табиғат туралы, бірақ та оқып көрсө:

Мен өзім Жетісуға барып қайттым,  
Манабын жақсылардың көріп қайттым.  
Қыздары Жетісудың сұлу екен,  
Жинағым-тергенімді беріп қайттым [7, 88 б.].

Ал Жаяу Мұса өз ғашықтық сезімдерін «Толқыма» деп аталатын өлеңінде былайша көрсеткен:

Дарияның ортасында кеме, қайық,  
Болғанда сіз-лашын, біз-бидайық.  
Жасымнан жаным сүйген сәулем едің,  
Тағдырда жазбаған соң, не қылайық.  
Дарияның ортасында көрдім сені,  
Сырғанды қайық қылып өткіз мені.  
Сырғанды қайық қылып өткізбесең,  
Болсаң да хордың қызы, көрмен сені! [8, 292 б.].

Ал Үкілі Ыбырай былай дейді:

Түрленіп тоқсан түрлі ән саламын,  
Жай тастап құлашымды, кең аламын.  
Түскенде сен есіме, ерке Гәкку,  
Құлпырып осынау әнді толғанамын [8, 300 б.].

Немесе жастық шағын есіне түсіргенде:

Жасымда болдым балдырған,  
Талайды сөзге қандырған.  
Сол балдырған кезінде  
Ғашықтық отын жандырған [8, 300 б.].

Ақан серінің өлеңдерінде теңеулер көптеп кездеседі, ол – қыздарды суреттеуде ең жақсы тәсілдердің бірі болып саналады. Оның «Жанатай қажының қызына» өлеңінде:

Аққу құстай сымбатты  
Айдын көлде қалқыған.  
Сайран бұлбұл секілді  
Бақыт іздеп талпынған [3, 64 б.].

Немесе:

Жүрмісің аман-есен перизатым,  
Арғыдан келе жатқан құсни затың.  
Көрген жан сипатыңа таң қалады,  
Бар шығар Гүлбарамдай салтанатың [3, 61 б.].

Тағы да:

Етегін ақ көйлектің алтындаған,  
Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған [3, 51 б.].

Әйел бойындағы сұлулық пен әдемілік тақырыбын сал-серілердің кең әрі жиі түрде суреттеп сөз етуі – заңды құбылыс. Бұл тақырыпта сыртқы бет-бейне әдемілігі мен ішкі жан-дүниенің жарасымды болып келуіне көп назар аударылады. Осы ретте сал-серілердің дүниетанымы, шығармашылық ауқымы, көркемдік ойлау жүйесіндегі жаңашылдық та көрінеді. Көркемдік жаңашылдық тек қана жаңа сөздер, өрнектер, тәсілдер табу арқылы ғана емес, бұрыннан бар бейнелеу құралдарын жаңаша қолдана білетін суреткерлік шеберлігі арқылы да танылады.

#### Әдебиет:

1. Марғұлан Ә.Х. Әнді ерттеп, күйді мінген кемеңгерлер // Жұлдыз №9, 1983. - 177-191 бб.

2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: Санат, 1997. - 928 бет.
3. Салықов К. Ақан сері. – Астана: Фолиант, 2008. – 208 бет.
4. Жұмабаев М. Ақан сері // Мағжан. – Петропавл, 2006. – 428 бет.
5. Негимов С. Өнерпаздық өрнектері. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 88 бет.
6. Сегіз сері. Таңдамалы шығармалар. II том. - Петропавл: Солтүстік Қазақстан заң академиясы, 2003. – 278 бет.
7. Біржан сал Қожағұлұлы. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы. – 1967. - 227 бет.
8. Екімыңжылдық дала жыры // Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000. - 752 б.

## ӘОЖ 821.512.122

### САТИРАЛЫҚ-ЮМОРЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ОРНЫ

**Кулибекова Ж.С., Казбикенова Ж.К.**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)*

Қазақ әдебиетіндегі мол әрі айрықша жанрдың бірі - сатира болып саналады. Өзіндік туу, қалыптасу және өркендеу мен бәсеңсу тарихы бар жанрдың әдебиеттану ғылымында алатын орны да маңызды. Оның жүйелі және кең түрде отандық әдебиеттану ғылымында зерттеле бастауы ХХ ғасырдың екінші жартысына тиесілі. Жалпы сатираның табиғатын әр қырынан зерттеген немесе жеке суреткер шығармашылығын зерттеу аталмыш кезеңнен бастау алады. Сатира ең алдымен поэзиялық жанр ретінде әлемдік әдебиет тарихында белгілі болған.

Энциклопедиялық анықтамада аталмыш жанрды антикалық дәуірде алғаш рет лирикалық поэзияның түрі ретінде туған және сатираның жанрлық басты белгісі есебінде өмірдегі әр қилы жағдайларды күлкі ету болып табылатындығы айтылған. Поэзиялық сатираның тақырыптық ауқымы кең болатындығы оның бойында тұрмыстық, қоғамдық, саяси-әлеуметтік, әдеби мәселелердің сөз етіліп, тіпті адамдардың көзқарасы мен іс-әрекеттерінің де суреттелуінен көрінетіндігіне назар аударылған. Сондықтан, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы поэзиялық сатираның тақырыптық-жанрлық ерекшелігіне келетін болсақ, бұл бағытта қазақ сатирасы аса қарқынды дамыды.

Кез келген халықтың әдебиет өкілдері өзінің сан ғасырлық даму тарихында қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді жеткізуде немесе белгілі бір тақырыпты жан-жақты көрсетуде әр түрлі әдеби тәсілдерге жүгініп, сол негізде өз шеберліктерін ғана танытып қоймай, сонымен қоса сол тәсілдің кең арнада көрінуіне де жол ашқан. Сондай әдеби тәсілдердің қатарына прозалық шығармалардағы юмор мен сатираны да жатқызуға болады. Олардың мақсаты біреу - яғни қоғамдық өмірде орын алған қайшылықты, әділетсіздік пен озбырлық сияқты келеңсіз мінез-қылықтарды сынға алып, күлкі-әжуа ете отырып, адамдарды олардан арылту, бойларын аулақ ұстау секілді қасиеттерді қалыптастыру немесе өз кемшілігін өзгелерден көру арқылы жою [1, 189 б.].

Тақырып аясы да кең, жанрлық ізденіс те мол болатын сатираның басты табиғаты - адамзат қоғамындағы түрлі құбылыстарды сынға алу. Бұл - аса биік танымдағы мақсат. Қалайша адамзат баласының қоғамын, оның ішіндегі адамның бойындағы кемшіліктерді жоямын деген мәңгілік адамдық арманның көрінісі. Сатира - қоғамдағы дертті жазатын, не ем іздейтін жанр. Бір сөзбен айтқанда, көтерер жүгі де жеңіл емес, бірақ адамзат қоғамының өсуі үшін, алға дамуы үшін, қателіктерін түзетуі үшін қажетті жанр болып табылады.



*Сатира* мен *юморды* егіз, ұқсас дей отыра, өзара айырмашылық-ерекшеліктері бар екенін де назарда ұстаған жөн.

*Сатира* арқылы сол халықтың болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық жағдайын, тіпті оқиғаның қай дәуірде, қандай дәрежеде жүріп жатқандығын білуге болады. Жалпы сатиралық шығармалардың басты ерекшелігі - жеңіл юмордан фельетонға дейінгі аралықта бірталай даму сатысынан өтеді. Ол жеке адамның басындағы шағын кемшіліктерінен бастап, бүкіл қоғамдық мәселелерді сынға алады. Көбінде қозғағалы отырған объектісін тақырыптарынан-ақ оңай байқауға болады. Әрине, еркіндік, сөз бостандығы жазушылардың шығармашылық көкжиегін кеңейте түсті, бұл тәсілдің де олардың шығармаларынан орын алуына әкелді.

*Сықақ* (*lat.satira* - әр түрлі, көбінше өткір сықақ түріндегі өлеңдер тобы деген мағынада қолданылған) - өмірдің көлеңкелі жақтарын жіті байқағыштықтан, айрықша сезімталдықтан, ымыраға келмейтін сыншылдықтан туатын әдеби шығарманың мысқылшылдық сипаты, сарыны деп те түсінуге болады [1, 189 б.].

Сықақтың көптеген елдерге ертеден белгілі болған үлгілері - Ежелгі Рим ақыны Ювеналдың өлеңдері мен Рим жазушысы Петронидің «Сатирикон» атты прозалық романы. Сондай-ақ, ежелгі грек драматургі Аристофан сықақты комедияның тұсауын кесті. Ал, жаңа дәуірде өзінің өткір сықақты шығармаларымен Англияда Дж. Свифтің, Францияда Ж. Мольердің, Ф. Вольтердің даңқы шықты [1, 189 б.].

Шынында да сатира – алымды да шалымды нәрсе, оның өмір сүру, көрініс табу мүмкіншілігі мол, болмыс-құбылыстарға үңілу, араласу, суреттеу дәрежесі де әр қилы [2,120 б.].

Сатира әдебиеттің бір тегі ретінде де көріне алады. Сатира да – әдебиеттің өзге жанрлары секілді өмірді, құбылысты танудың, сұлулық пен әсемдікті, жақсылық пен жамандықты бағалаудың ең көне үлгісі. Өйткені, адам санасы жетілгенде, оның қоршаған ортаға, әр алуан адамдар арасындағы қарым-қатынасқа белгілі дәрежеде сыни көзқарасының, қатысының орнығуы заңдылық. Дүниеде не жақсы, не жаман, жақсылықтың, жамандықтың негізі неде деген әр алуан мәнді сұрақтар ықылым заманнан бері адамзатты ойлантқаны белгілі. Мұның небір ғажап мысалдарын алысқа бармай-ақ қай елдің болмасын ауыз әдебиеті үлгілерінен көруге болады.

Қазақ сатирасы Абай дәуірінде жоғары, жаңа деңгейге көтерілді, түр, мазмұн жағынан көп толықты. Бұған Қазақстанның Ресейге түгелдей қосылып бітуі, орыс әдебиеті мен мәдениетінің біздің сахараға терең бойлап енуі, әдебиетте Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған халықтық-демократтық бағыттың пайда болуы, ана тілінде мерзімді баспасөздің шығуы сияқты жайттардың әсер етуі негізгі түрткі болды.

«Қазақ поэзиясына сатира Абаймен кірді. Абай сатирасының ізі Салтыков, Некрасовқа қабысып жатады. Реалист ақын Абай реалист Пушкинмен, кекті Абай кекті Лермонтовпен үндес. Алған тақырыбын суреттеуі, дүниені сезінуі, әр өлеңнің өзіне тән екпіні, жылата алар мұңы, ширата алар кектілігі, орыс халқының ұлы классиктерімен үндес келіп отырады [1, 189 б.]. Мысалы, Абайдың «Болыс болдым, мінекей», «Мәз болады болысың», «Көжекбайға» сияқты өлеңдері адамның мінезін, іс-әрекетін мысқылдап, кекесіндеп бейнелеу жағынан алғанда асқан ақындық шеберлікті таныта алды.

*Сатиралық образ* – ұнамсыз тип. Сатирамен суреттелер құбылыс – керексіз, кесір құбылыс. Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып – сілкілейді, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді. Күні өткеннің, тозып біткеннің кедергіге айналғанын аңғартып, оған адам бойынан жиреніш шақырады [2, 125 б.]. Қулық пен сұмдықты, екі жүзділік пен мансапқорлықты, усойқылық пен ұятсыздықты, әйтеуір өмірдегі зиянды

жайттарды аяусыз әшкерелеп, адамдарды онымен ымырасыз күреске үндейді, сөйтіп ілгері басуға, кедергіні жоқ етуге жұмылдырады:

Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға.  
Шелтірейтіп орысың,  
Шенді шекпен жапқанға.  
Күнде жақсы бола ма,  
Бір қылығы жаққанға?  
Оқалы тон тола ма,

Ар-ұятын сатқанға? [3, 81 б.], - деп Абай «Мәз болады болысың» деген өлеңінде елін сатып, ұлықтан шен тағып, шекпен жамылған екі жүзді болысты ащы сатирамен аяусыз түйреп, масқара мазаққа айналдырып отыр. Өлеңде «ар-ұяттан» жұрдай, қуыс кеуде, құлқын құмар, мансапқор болыстың адам жиренгендей ажарсыз бейнесі – сатиралық образы бар.

Абайдың «Болыс болдым, мінекей» деген өлеңін талдайтын болсақ, ол қазақ қоғамы тіршілігінің сорақы жақтарын, өрістей түскен заманның озбырлықтарын, осы ортада туған «пысықтарды, болыстарды өзінің бар уытты тілімен шенеді. 1889 жылы жазған «Құлембайға (Болыс болдым, мінекей...)» деген өлеңінде:

Болыс болдым, мінекей,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде – қом, атта – жал

Қалмады елге тығындап [3, 76 б.], - деп болыс болған пенденің арсыздығы мен ұлыққа жағымпаздығын, халыққа безбүйректігін бейнелеген. Болыстық мазасыз кезеңді:

Болды да партия,  
Ел іші жарылды,  
Әуремін мен тыя,  
Дауың мен шарыңды.  
Құрбыдай қош тұттым,

Жасың мен кәріңді [3, 76 б.], - деген Абай әлгі болыстың халықтың қамын ойлайтындай шамасы болмайтынын қатты сынға алады.

Абай заманындағы болыс мінезі бүгін де өзгерген жоқ. Бір болысқа арналғанмен, ақын өз дәуіріндегі ел билеушілерге тән сипаттарды түгел жинақтаған. Оларды өз ортасынан бөліп алып, арнайы әшкерелейді. Аталған өлең улы мысқыл, кекесінге толы. Оның ішкі айласын, мінез-құлқын, қимыл-әрекетін толық суреттеп шығады.

Сатираның юмордан өзгешелігі – мұнда қаламгердің өзі сықақпен сілейте сынап отырған адамына жаны ашымайды, оның мінін түзеу, өзін өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі болмайды, керісінше, автор мұндай жексұрындық өмірде болмауы керек деген қатал үкімін шығарады; юморда түзеу мақсаты жатса, сатирада жою, жоқ қылу мақсаты жатады [2, 121 б.].

Б. Майлин мен Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы сатира мен юмор поэтикасын ерекше атаған жөн. Олай дейтініміз - бұл қос қаламгер өз творчестволарында күлкіге көбірек көңіл аударған, соған орай шығармаларының идеялық-көркемдік дәрежелері де ешбір төмендеген емес.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірге тасын қаласып, мазмұн-маңызын, көркемдік дәрежесін биікке көтеріскен Бейімбет Майлиннің сатиралық-юморлық жанрды өркендетудегі айрықша еңбегін атауға негіз бар. Қазақ прозасындағы әңгіме жанры Бейімбет шығармалары арқылы кемелдене түсті. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әралуандығымен дараланады. Ол көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман

тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер. Сол жолмен жүріп әдебиетімізде де, публицистикамызда да аса көрнекті, мол көлемді қазына қалдырды.

Б. Майлиннің әңгімелерінде әзіл-қалжың, юмор мен улы сықақ сабақтасып отырады. Ескерте кететін жағдай - жазушы әңгімелеріне әзіл-қалжың мен сықақтарды сырттан әкеп телімдемейді, олар оқиғаның барысында өзінен-өзі туып өрбиді.

Майлин - ең алдымен юморист. Әдебиетті өмірдің сәулесі десек, өмірдің өзінде күлдіргі жағдайлар аз емес. Өмір шындығын бұлжытпай, дәл беремін деген жазушы ол жайттарды аттап өте алмайды. Драмаларда күлдіргі-юморлық әдіс әрдайым кездесетіні былай тұрсын, күлдіргі тіпті, адамдар басындағы ауыр, қайғылы халдерді суреттейтін трагедияларда да кездесе береді. Өмірдің кемшілік жағын көрсету үшін күлкі шақырарлық сөз, сөйлем, сөз тіркестерін шебер қолдануды кейбір жазушылар негізгі әдістерінің бірі етеді. Майлиннің көптеген әңгіме, фельетон, өлеңдері юморлық әдіспен жазылған. Б. Майлин юморы - орыс не Европа классиктерінен үйрену нәтижесінде туған, оны қазақ топырағына егіп өсіруден пайда болған юмор емес, қазақ халқының өз топырағында өскен, өз өмірінің, өз әдебиетінің, өз тілінің негізінде қалыптасқан юмор. Осындай бай мұра қалдырған Бейімбет Майлин шығармашылығы жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Б. Майлин сатирасының қалыптасып дамуының негізгі *бір* арнасы, қайнар көзі - халықтық шежіре, әзіл-оспақ, қалжың, мысқыл. Б. Майлин жас кезінен-ақ тауып айтатын тапқырлыққа, шымшып әжуалайтын, мінеп-шенейтін тілділікке талпынды, үйренді. Соның соқпағын басып өтіп, кең арнаға шықты. Ел арасындағы неше түрлі дерттерді, келеңсіздіктерді, адам бойындағы кемшіліктерді *өткір сатирамен, мысқылды, кекесінді юмормен* жазып көрсетуге аңсары ауды.

Юмордағы *күлкі - әзіл*, ал әзіл келемежге айналса – *ирония*, келемеж ащы мысқылға айналып, сын үдей түссе – *сарказм* болғаны» [2, 121 б.], – дейді.

Қазақ прозасындағы иронияның қолданылуы әр түрлі. Біреуінде *иронияны* өз қаһарманына қолданса, біреуінде қаһарман қоршаған ортаға, болмаса жазушы өтіп жатқан оқиғаға ирониялық көзқарасын білдіреді. *Ирониялық рең* Т. Әлімқұлов, М. Мағауин, О. Сәрсенбаев, Т. Әбдіков, Д. Исабеков, М. Қаназов т.б. қаламгерлердің творчествосына тән.

Сатира поэтикасында образ жасаудың тәсілдері де әр түрлі. Солардың бірі ирония – кемшілікті, мін-мүлікті астармен перделеп сынау, сықақтау, мысқылдау, кекету. Жалпы күлкілі нәрсені көру үшін ең алдымен юморлық сезім керек. Сол жайттарды көре білетін көңіл, аңғара алатын алғыр қасиет юморлық сезім – сөз зергері жазушы Ғ. Мүсірепов шығармаларына тән. Осы қасиетінің арқасында автордың талай ирониялық жағдайларды шебер жеткізе алғандығын кейіпкерлері мен оқиғалары негізінде көреміз. Оған жоғарыда айтқан жайттар және келесі шығармалары да толық дәлел болады. Қаламгердің «Көк үйдегі көршілер», «Үздіксіз өсу», «Жайлау жолында», «Туннель», «Тулаған толқында» т.б. туындыларын ешбір шығармалармен шатастыра алмайсыз. Осының бәрінде ауыл адамдарының сан алуан тағдыры мен мінез-құлқын әр қырынан көрсетіп келеді. Әрине, адамдар өздерінің жағымсыз жақтарын жасыруға тырысады. Олардың шын мәнінде қандай екені оқиға-іс үстінде көрінеді [2, 124 б.].

Ғабит алғашқы повестері: «Тулаған толқында», «Көк үйдегі көршілерде» өмірге ажуалай қарап, жымия күліп, прозаға жаңа бір өрнек ала келгені мәлім. Бұл әжуа өмірді жек көріп, іштей наразы болғандықтан туған ащы сөз емес; қайта өмірді сүйген, жақсылыққа құмартқан жазушының жылы лебізі, жарқын қабағы еді.

«Сатира өмірдегі негізсіз құбылыстарды қазып тауып, көптің көз алдына, көрініске шығарады. Оны қағып-сілкілейді, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді. Көпті одан күлдіре түңілтеді. Күлдіру былай тұрсын, күні өткеннің кедергіге айналғанын аңғартып, оған адам бойынан ыза шақырады, адамдарды онымен күреске, ілгері басуға,

кедергіні жоқ етуге жұмылдырады» [4, 285 б.] - дейді академик З. Қабдолов. Демек, сатира - қаламгерге аса қажет қуатты құрал.

Қорыта айтқанда қазақ еліндегі әр қилы тарихи-қоғамдық уақыт және жағдай қазақ халқының рухани өміріне тікелей ықпал етті. Міне, осы әлеуметтік өзгерістер мен рухани серпіліс қазақ сатирасына әсер еткен негізгі факторлар еді. Қазақ сатирасында, көбіне, сол кезеңде белең алған келеңсіздіктер адамдық ар тұрғысында сыналып, сатираның қаруына ілігеді.

#### Әдебиет:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев). - Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 бет.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 352 бет.
3. Абай. Қалың елім қазағым. Шығармалары. - Алматы: Жалын, 1995. - 384 бет.
4. Қабдолов З. Жебе. - Алматы: Жазушы, 1977. - 385 бет.

ӘОЖ 821.512.122

## ӘДЕБИЕТТЕГІ МИФОЛОГИЯ

**Кулибекова Ж.С., Курманова Г.К.**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)*

Әр халық өзінің даму тарихында, өмір кешкен дәуірінде сол дәуірдің ізіндей қылып, бір белгі тастап кетеді. Сондықтан олардың бағзы замандардан бергі өмір кешкендігі айқын дәлелді болады. Адамзат ұрпағының балғын, бала кезеңінде олар жаратылыстың терең сырларын білген жоқ, табиғаттың алдында өздерінің дәрменсіздіктерін сезді. Сондықтан күнге, отқа, найзағайға, тағы да басқа дәл сондай қаһарлы табиғат құбылыстарына табыну, оларды құдай санап сыйыну белең алды. Бұл әдет-ғұрып, жоралғылардан кейін мифтер, аңыз-әңгімелер, фольклорлық шығармалар туды.

Миф (грек. Mythos - баян, аңыз, мысал) – табиғаттан тыс жай және таңғажайып құбылыстар мен оқиғалар туралы аңыз-әңгімелер. Миф алғашқы қауымдық қоғам адамдарына тән дүние туралы қиял-ғажайып ұғым. Халық ауыз әдебиетінің бір түрі болып есептелетін бұл аңыз-әңгімелерде адамдардың өз айналасындағы дүние туралы тұрпайы түсінігі көрсетіледі. Миф – халық шығармашылығының ең көне жанры. Мифтер негізінде ерте замандағы халықтық туындылардың тілдік көркемдегіш құралдарын, фольклорлық дәстүрлерді және оның поэтикасын зерттейді [1, 141 б.].

Зерттеуші Серікбол Қондыбай «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын қазақ мифологиясының қыр-сырына талдау жасаған кітабында миф туралы мынадай пікірді келтіреді: «Миф деген сөзді жұрт екі түрлі, біріне – бірі кереғар келетін мағынада түсінеді. Баспасөз беттерінде осы «миф» деген сөздің «ертегі сияқты, яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған қиял» мағынасында берілгенін байқаймыз. Ал, шындығында, «миф» деген сөздің нақты мағынасы осы келтірілгендерге қарама-қарсы.

Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте (жертарапта), нақты бір саяси-әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта (уақыт пен кеңістік) туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі – сыртқы күштер туралы, өз қоғамының

ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы. Яғни, бұл жағдайдағы миф – ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы шындығы, басқаша айтқанда – «шын» деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі ақиқаты. Миф - әрине, тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, қисыны бар, яғни бұл жағынан, «ақиқат» деп есептеуге болатын дүние» [2, 28 б.].

Міне, осылайша «миф» деген ұғымды бағдарлап, салыстыра, салғастыра қарайтын болса, ол қиялдан туған адамның өзі білмейтін, өзі түсінбейтін нәрсесін фантастикалық форма арқылы санасында пішіндеуі деген ұғымның оның ауқымына сыя бермейтін түсінік екендігі байқалады. Миф дегеніміз – жаңаша түсініктің қалыбына салып қарасақ, адамдардың өмір кешкен ерте замандардағы бастан кешірген оқиғаларының немесе санамен сезіп-түйсінген, қисынға келетін ақиқат нәрселерінің көрінісі. Әрі аталған пікірдің бүгінгі таңда жан-жақты қолдау тауып келе жатқандығы тосын емес.

Миф әлем халықтарының бәрінде бар. Оған ежелгі Греция, Рим, Египет, Үндістан, Қытай мифтері және кейінгі кездері зерттеле бастаған Азия, Африка, Америка, Австралия т.б. елдердің мифтерін айтсақ та жеткілікті.

Яғни, ертедегі адамның санасы мифологиялық сипатта болған. Сол замандарда табиғат құбылыстарын түсіндіру үшін олар мифтерді пайдаланған, мифтік бейнелер арқылы жаратылыстың сырлары мен шығу тегін ұғуға тырысқан. Қазақтар жақсылық істерді басқаратындарын аруақ, періште, перизат т. б. десе, жамандық істерді басқаратындарын пері, шайтан, жын, албасты, жезтырнақ т. б. деп атайды. Сонымен олар жағалай қоршаған ортаны, табиғаттың зор күштерін қиялдық жолмен түсінуге және игеруге тырысты. Мифте әлі ғылыми ұғымдар, тұжырымдар жоқ, онда қоршаған орта, әлеуметтік қатынастар көркем сөз арқылы бейнеленеді.

Әрбір халық өзінің дүниеге келу жолында әртүрлі мифтерді ойлап шығарған. Дүниенің пайда болуы мен тәртібі, жақсылық пен жамандық, көркемдік пен түрсіздік, адам өмірінің мәні мен құндылығы т.с.с. сұрақтардың жауаптары халықтар аңыздарында әртүрлі дәрежеде берілген. Ол айнала қоршаған табиғаттың ерекшелігіне және соған сәйкес қалыптасқан халық тіліне байланысты болса керек. Мифтер – адамзаттың «балалық тарихындағы» туындылары. Сол кездегі адамдар мифтердегі айтылатын сиқырлы күштерге өзінің ықпалын тигізе алатынына кәміл сенді. Сонымен олар айнала қоршаған ортаны, табиғаттың зор күштерін қиялдық жолмен түсінуге және игеруге тырысты. Сол арқылы өздерінің табиғатпен етене жақындығын да көрсетіп отырды. Және екінші жағынан, адамзат баласы сол құпия, жұмбақ құбылыстарды түсінуге, игеруге деген қызығушылықтары мен талпыныстарын да танытты. Себебі, сол ортаны білуге, тануға деген әрекет - адамға тән нәрсе.

Айнала қоршаған ортадағы сан түрлі өзгерістер, қайталау үрдістері, жыл маусымдарының, күн мен түннің ауысып отыруы, жер сілкіну, дауыл, топан су, т.с.с табиғи құбылыстар көне мифтерде жұлдыздар мен планеталардың орналасуымен, солардың ықпалымен түсіндірілді. Аспандағы жұлдыздардан тұратын фигуралар жердегі ахуалды, болашақта болатын оқиғаларды анықтайды, - деп есептелді. Бүгінгі астрологиялық болжамдар (astron – грек сөзі, жұлдыз) сол көне замандағы пайда болған мифтерге сүйенеді.

Көп халықтардың мифтерінде әйел Құдай айрықша алады орын алады (қазақтың Ұмайы, гректердің Деметрасы, т.с.с). Әйел Құдай - құнарлықтың, жер бетіндегі тіршіліктің әміршісі. Ол – аңшыларға сәттілік әкелетін, жер мен мал шаруашылығында мол өнім тудыратын Құдай.

Әлемдегі Құдайлар мен адамдардың қарым-қатынастарына арналған мифтердің де орны бөлек. Ертедегі халықтардың мифтерінде әрбір табиғат құбылысын тудыратын

өз Құдайлары болды. Мысалы, үнді халқы өз мифологиясында 3000-нан аса Құдайлардың бейнесін жасады. Құдайлар грек мифологиясында да өте көп.

Қазақ әдебиетіндегі мифология өзіндік тарихы бар, іргелі сала ретінде қалыптасқан, орныққан зерттеу нысаны. Әрине, мифтер әдебиет саласында қызықты әңгімелер ретінде оқытылып жүр. Халықтар өмір кешкен дәуірінде сол дәуірдің ізіндей қылып, бір белгі тастап кетеді. Сондықтан, олардың бағзы замандардан бергі өмір кешкендігі айқын дәлелді болады. Тіпті адам алғашқы кезде дәрменсіз болды, ессіз күн кешті, өйткені олар маймылдан жаратылған еді деген сыңаржақ материалистік идеяны ұстанушылар да алғашқы кездері өмір сүрген адамдардың артына тастап кеткен рухани мұралары миф, аңыздарының алдына келгенде қауқарсыз қалып танытады. Ал мифтер, аңыздар дегеніңіз ежелгі тайпалардың, халықтардың ақыл-есінің жоғары деңгейде болғандығын көрсететін бірден-бір дәлел.

Кейінгі жылдары қазақ фольклортану ғылымында да мифтер зерттеліп, жүйелене бастады [3, 63 б.].

Мифтер қазақ ғалымдарының зерттеу еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Оның көрнекті өкілдері Шоқан Уәлихановтан бастап, берісі Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Е. Тұрсынов, О. Сүлейменов сияқты ғалым тұлғалар болып табылады. Жиырмасыншы ғасырдың басында өмір кешкен қазақ зиялысы, әдебиеттанушы Ахмет Байтұрсынов та миф туралы тың ойлар айтып, қазақ мифтерінің ерекшеліктерін айқындап кеткен. Миф өзгешеліктері, бір жағынан, халықтың тұрмысына, салт-дәстүріне де байланысты.

А.Байтұрсыновтың ойынша, мифтер табиғатта болып жататын өзгерістердің (күн күркіреуі, жел, дауыл, құйынның соғуы, күн тұтылуы, т.с.с) әрқайсысының істеуші иесі бар деп білген алғашқы адам баласының табиғат ісін танымаған күйде шығарған ертегілері, ертегі сияқты әңгімелері. Табиғаттағы зат атаулының иесі (тау иесі, жел иесі, күн иесі, су иесі, тас иесі, көл иесі т.б.) болады деген көне мифтерді ғалым-фольклорист С. Қасқабасов алғашқы қауымда пайда болған рух-иелік мифтерге жатқызады. Көне наным-сенімдерге негізделген ауыз әдебиетінің кейбір жанрлары мифтік наным-сенім аясында пайда болған. Қазақ ауыз әдебиетіндегі наным-сенімдерге байланысты туған «кұрт шақыру», «жан шақыру», «дерт шақыру», бақсы сарыны, бәдік, арбау – байлау өлеңдері, тыю, үшкіру, қағу, дем салу іс - әрекеттерінен магиялық әрекет, сөз құдіретіне сенген мифтік сана көрінеді. Бұл өлеңдер белгілі бір іс-әрекетке құрылып, ғұрыпты, рәсімді, жораны өткеру үстінде ғана айтылады.

Ғалым Ә. Марғұлан «Ер Төстік» жыры мен ескі грек әдебиетіндегі «Илиада», «Одиссей» жырына салыстырмалы талдау жасап, «Ер Төстік» жыры сияқты мифтер ескі шумерлерде, гректерде көп болған және «Ер Төстікте» бір жағынан, фантазия күшті болса, екінші жағынан, кәрі заманның мифі» - деген пікірін білдірген.

Ғалым-академик Рахманқұл Бердібай мифтердің, аңыздардың халықтың рухани дүниетанымымен байланыстылығына назар аударады. Оның айтуынша: «Халықтың өткен замандардағы салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы қазіргі кезде қазба жұмыстарының нәтижесінде терең дәлелденіп отыр. Мұның барлығы олардың ойлау санасының жемісі» - деп орынды есептейді.

Демек, әдеби жүйедегі мифтік зерттеулер, бір жағынан алғанда, сол халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен терең байланысты болса, екінші жағынан, оның астарында небір сырлардың жасырынып жатқанын, оның жан-жақты зерттеу кезінде ғана ұғынылатынын байқай аламыз.

Қазақ әдебиетіндегі миф, аңыз жасаушылық жекелеген қаламгерлердің шығармашылықтары арқылы еніп, прозамызға ерекше бір өзіндік өрнек, стильдік айшық түзеді.

Аңыздар мен мифтерді көркем әдебиетте әдеби тәсіл ретінде қолдану ХХ ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап, кеңінен өрістеп дамыды. Бұл тек қазақ әдебиетіне ғана емес, көршілес елдерге де тән құбылыс еді. Кеңестік дәуірдегі сөз зергерлері В. Быков, А. Мұхтар, Т. Ахтанов, В. Астафьев, Р. Ғамзатов, А. Ким, В. Белов, С. Наровчатов және т.б. қаламгерлер шығармаларынан аңыздық прозаның айшықты үлгілерін жаңа мазмұндық формада пайдаланғанын көреміз [2, 33 б.].

Мифтік шығармашылықты әдебиетте қолдану сонау фольклорлық шығармалардан келе жатқан құбылыс. Өзінің сакральдік, яғни киелілік қабатынан адамзат қоғамының дамуы барысында біртіндеп ажыраған миф түрлі ертегі, хикаят, аңыз, эпсана, т.с.с ауыз әдебиеті үлгілерінің жасалуына материал болды. Бірақ бұларда мифтік сана, яғни шынайы болмысты қиялмен қабылдайтын пайым жанр поэтикасының талабына сәйкестік міндетті түрде болды. Ал адам санасына «мифтік емес» сипат тән кейінгі ғасырларда миф түсінігіне қатысты барлық категориялар автордың қаламына тән стильдік ерекшелікті һәм даралықты көрсететін көркемдік тәсіл қызметін иеленді. Мифтік шағармаларда жиі қолданылатын мотивтер оның шындығында, есте жоқ ерте замандарда пайда болғанын айғақтайды.

Қазіргі қазақ лирикалық поэзиясының белгілі өкілі Есенғали Раушанов шығармалары туралы айтқанда тіл ерекшелігі, көркемдік құралдарды пайдалану тәсілінің өзгешелігі дейтін мәселелерге алдымен баса назар аударуымыз қажет. Өйткені, ақын өлеңдерінің ерекшелігі біріншіден, жас талапкерлердің бәрінің де басында болған, бола беретін еліктеу секілді ауруға жол бермеген, сондай-ақ халқымыз сырына қанық қара өлеңнің өзгеше сипат бар. Екіншіден, өзінен бұрын ғана емес, өзгелерден де бұрын талай айтылған, өмірдің өткіншілігі мен мән мағынасы туралы ойды образ арқылы өзінше бере білерлік қабілеті, сара суреткерлік нышаны байқалған. Үшіншіден, ақындық өмірбаяны енді ғана басталғанның өзінде-ақ, небір шұрайлы, сырлы, астары терең теңеулерді жіпке тізгендей етіп жырына арқау ете отырып туған жер көркін, өзінің парасатты пайымдарын шынайылықпен, ақындық сергек көңілмен жас қауым, қалың жұртты еріктен тыс елең еткізгенін өзі де аңғармай қалғандай.

Жылдар бойы сан іздеп таба алмаған,  
Жыр дәптерін оқытты далам маған.  
Қанатында екен ол аққулардың,  
Қауырсын боп мен неге жаралмағам [4, 25 б.].

Есенғали Раушановтың бұл өлең жолдарындағы мифтік құбылушылықты аңғартатын – «қауырсын боп жаралу» тілегі. Халық ұғымындағы киелі құс – аққудың қанатына жырды телу – ақындық қиялдың жемісі ғана емес, табиғатқа деген шексіз ынтызарлық пен сүйіспеншіліктің де көрінісі. Мифті зерттеуші С. Қондыбай «қазақтың тектік танымында аққудың орны айрықша» екенін атап көрсете отрып, «Мифологияда аққу – үш кеңістікте, яғни суда, жерде, аспанда қозғала алады, сондықтан да үш кеңістікті жалғастыру қабілетіне ие аққуды мифтік медиаторлар қатарына жатқызады», - дейді [2, 55 б.]. Құстар әлемі Есенғали шығармашылығынан ерекше орын алатынына құстар тақырыбындағы лирикалық әуенге толы танымдық мақалалары дәлел.

Әр алуан тақырыптағы өлеңдерінде Е. Раушанов мифтік құбылушылық желісіне айналып соғып отырады.

Келіп ем өзімді өзім зор санаумен  
Кезіктің сонша дария, сонша баумен.  
Кеш бата өзің сипап еркелетер  
Пернесі домбыраңның болсам-ау мен [4, 33 б.], -

деп келетін жолдарда ақындық көңіл күй жайын, күйші қыздың өнеріне деген, күйге деген ерекше ықыласты жеткізетін соңғы жолдың мәні ерекше. Анық

құбылушылық болмаса да, соның елесін, сілемін аңғартатын, яғни домбыраның пернесі болуды арман еткен бір сәттік сезім өлеңнің эстетикалық салмағын арттыра түскен. Ақын осындай ерекше тілек пен сезім халін беруде тұрақты тәсіл ретінде мифтік құбылушылықты басты нысанда ұстайды.

Көне мифтерде адамның қауіптен не басқа да жағдайлардан қашып немесе тірлік характертерінен қарап, аңға, құсқа т.б. табиғат нысандарына айналуы тұрақты желі болып келеді.

Жапыраққа айналып кетсем мен деп,  
Жасырындым күн ауа топ шеңгел кеп.  
Меңсіз қара ат мінген Түн мені іздеп жүр,  
Мені іздеп жүр, сай құлап, тепсеңді өрлеп [4, 34 б.].

Көңіл күй қалтарыстарын сөз өрімдерімен бейнелеген өлең шумағының тұтастай бітімі көне танымдық бастауларға сілтегендей. Жай ғана табиғат мезгілі емес, сана-сезімге ие, барынша «адамданған» түн бейнесі адам жанының қат-қабат толқыныстары мен әсерлі сезінулерін бойына сіңірген.

Лирикалық кейіпкердің «жапыраққа айналуы» қалап, топ шеңгелге келіп жасырынуынан басталған өлеңді толығымен мифопоэтикалық ойлауды көркемдік-эстетикалық мақсатқа сабақтастырған туынды деуге болады. Миф дүниесіне ойша саяхат жасасақ, ағашқа, жапыраққа айналу желісінің бірнеше мысалына кез боламыз. Сол сияқты ағаш - мифтік әлемде ғаламдық сипатта, яғни үш әлемді байланыстырушы, я болмаса ғұмыр сыйлаушы, тіршілікті сақтаушы. Үш әлемді байланыстырушы ағаштың тамырлары төменгі дүниеге, діні ортаңғы дүниеге, бұтақтары мен жапырақтары жоғары дүниеге тән. Жоғарғы дүние – рухтар мекені түрінде танымға сіңгенін ескерсек, ақын өлеңіндегі «жапыраққа айналу» тілегінің көркемдік мәнін аңғарамыз. Алғашқы бастауға ұмтылу тілегі адамзат баласына тән әрекеттердің бірегейі. Адам-табиғат бірлігі туралы таным түрлік әркелкілікке негізделгенмен, мазмұндық, яғни рухтық бірлікке бағытталған. Күллі құбылушылық оқиғаларының туындау негіздері де осыған келіп саяды.

Негізгі әңгіме – адам рухының адамгершілік қалпы, сана биіктігі. Айтар ойды мүлде басқа аңғарыммен аңдатуға бейім өлең табиғаты саналы түрде мифопоэтикаға бет бұрады. Мифтерде таулардың, төбелердің бұрын адам болғаны, кейін әлдебір себептерден осы қалыпқа түскені туралы да сарындар да көп кездеседі. Мысалға Алтай тауы мен Ертіс өзеніне қатысты әңгімені алуға болады. Бұл мифтік әңгімеде Алтай – әкесі, Ертіс – ерке ұлы делінеді. Келіншеқтау, жеке батыр туралы мифтер де осының дәлелі. Ақын бұл айтылған мифтердің мазмұнын емес, пішіндік мәнін ғана негізге алып, жаңаша поэтикалық бейне жасайды. Әр шумақтың соңындағы өлу сарыны – бір түрден екінші түрге өту амалында көрініп, ақындық ой жүйесі түзіледі. Келесі шумақтың құрылымы бөлекше:

Аң патшасы болғанмын, сауық ері,  
Бакты мені орманның қауым елі.  
(Бауырым, сен «бастығым мисыз» дейсің,  
Дұрыс. Бұрын себебі ол тауық еді) [4, 43 б.].

Алғашқы екі жолы Мағжанның «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар...» метафоралы тіркесін еске түсіреді. Рух азаттығын, асқақтығын жырлаған ақынның бұлайша бейнелеуінің мәнісі түсінікті.

Е. Раушановтың «аң патшасы» болған лирикалық қаһарманының мақсат-мұратын осы тұрғыда түсінген жөн.

Ақын поэзиясында мифтік-фольклорлық желілер ұлттық, қала берді адамзаттық өзекті мәселелерді көтеруде жетекші мәнге ие. Мифтік ойлау шеңберіндегі құбылушылық желісі түрлі бейнелілік, ишаралық, тұспалдық сипатымен ерекшеленіп,



ақын поэзиясының көркемдік аясын кеңейте түседі. Мифтік құбылушылық желілерін пайдалана отырып, адамзат тарихындағы оқиғалардың астарына үңілген, ұлттық қасиетті құндылықтарға жүгінген ақын өзінің дүниетанымы мен қаламгерлік ұстанымын бұл бағытта да даралай көрсетеді.

#### Әдебиет:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев). - Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 бет.
2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. Алматы: 2004. – 504 бет.
3. Ыбыраев Ш. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2001. – 320 бет.
4. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Раритет, 2006. – 384 б.

ӘОЖ 821.512.122

## ПОЭЗИЯДА ӘЙЕЛ ПСИХОЛОГИЯСЫН СУРЕТТЕУДІҢ АЙРЫҚША БЕЛГІЛЕРІ

**Кулибекова Ж.С., Құрбанқұл Б.Ж.**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)*

Поэзияның басты мақсаты – адамзат баласының жүрек түкпіріндегі небір сезім қылдарын тербетіп, жан дүниесіне әсер етіп, рухани байытып, жақсылық пен ізгілікке тәрбиелеу, биік мақсаттарға жетелеу, әдемілік пен сұлулықты көркемдеп жеткізу. Ал, соңғы уақыттарда жаһандану үрдісі басымдық алып, ұлттың сан ғасырлық құндылықтарын батыстық сананың көлегейлей бастағаны жасырын емес. Ұзақ уақыт бойына белгілі бір идеяларды азық еткен қазақ оқырманы өзінің рухани сұранысын қанағаттандыратын туындыларға аса зәру. Қазақ поэзиясындағы сол жаңалықтарды, соны қасиеттерді ашатын ғылыми саралаудың өзекті болатындығының себебі де осында.

Лирикалық туындылардың тақырыптық ауқымы кең екендігі белгілі. Атап айтсақ, Отан, туған жер, табиғат және табиғат көрінісін суреттей отырып, қоғамдағы маңызды мәселелердің мәні ашылады, елдің ардақты тұлғалары, қоғам қайраткерлері, өнер адамдарының бейнелері, адамның мінез-құлық ерекшеліктері, махаббат пен сүйіспеншілік арқылы өзіміздің ішкі жан дүниемізді танып-білуге мүмкіндік аламыз. Ал, шынайы поэзия кез келген өлең сүйер қауымды ерекше әлемге жетелеп, адамның аяғы баспаған мекендерге апарып, қиял қанатында еркін самғауға үйретеді.

Ұлттық әдебиеттің көркемдік деңгейін көтеретін, эстетикалық талаптарға сай жауап беретін, оқырманның құлақ құрышын қандыратын, ұлы Абай:

«Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы» [1, 51 б.], - демекші, ішкі мазмұндық жүйесі мен сыртқы пішіннің өзара ұйқаса, үйлесе келуінің негізінде осы талаптарға сәйкес туынды ғана өлең деп атауға лайық болады. Бұл жерде Абай өлең жазуда ең алдымен өзіне қатаң, бірақ қажетті талаптар қоя отырып, өзгелерден де соның орындалуын күтеді.

Көркем сөз шеберлерінің қаламдарынан дүниеге келген поэзиялық туындылардың тақырыптық арнасы әр алуан екенін көре отыра, олардың бір-біріне ұқсамайтындығына

да көз жеткізуімізге болады. Мұның өзі әр қаламгердің үнемі шығармашылық ізденіс үстінде, өсу, даму үстінде болғандығын айқындайды. Шын мәніндегі талантты, дарынды суреткерлердің туындылары бірін-бірі қайталамай, толықтыруы тиіс.

Поэтикалық қуаты мол, идеялық мазмұны терең ақындардың шығармалары өлең сүйер ұрпақтың да рухани әлемін байытуға үлес қосары сөзсіз. Поэзияда көп сөз болатын өзекті тақырыптың бірі ретінде әйел, оның махаббаты, сезімі деп атауға болады, әсіресе әйел психологиясын суреттеу, оны жеткізуге тырысудағы азамат ақындардың шығармашылығы мен әйел ақындар поэзиясының өзара айырмашылық-ерекшеліктері жоқ екенін айта кеткен жөн. Бұл, әрине, күрделі, сонымен қызықты тақырыптардың бірі деуге тұрарлық.

Поэзиядағы психологизмнің өзге жанрлық түрлерден ерекшелігі - кейіпкердің ішкі әлемін, сезім күйін, ой-толғанысын, қуаныш-қайғысын барлық қайшылығымен терең ашып, үңіле зерттеп, шынайлықпен нақты бейнелеуінен көрінеді.

Лирикалық туындыдағы басты іс-әрекет жеке адам характеріне құрылатыны белгілі. Оны әдебиеттануда лирикалық кейіпкер дейміз. Автор мен лирикалық кейіпкер ара-қатынасының ара-жігін айыру мәселесін қарастыру аса күрделі. Бұл мәселеде көптеген қателіктер мен түрлі пікірлердің де кездесетіні заңды. Бұл туралы З. Ахметовтың: «Лириканы түсіну пайымдаудағы үлкен және жиі кездесетін қателік – ақын өз атынан айтқанының бәрін тек өзі туралы, өз басы жайында айтып отыр деп қарау, ол болғанды ғана емес, болатындығы да өзіне ғана емес, өзгеге де тән көңіл-күйін сезіне, айта алатынын ескерушілік» [2, 51 б.], - деген пікіріне назар аударсақ, лириканы, ондағы оқиғаны оқырманның дұрыс қабылдай ала білуіндегі жайттарды айтқанын түсінеміз.

Лирикалық кейіпкер тек өз басының күйін ғана күйттемейді, бұл ақын атаулыға тән қасиет болса керек. Поэзия әлемінде жасқа – кәріге немесе ерлерге – әйелдерге деп арнайы қойған тақырып жоқ. Бұл жөнінде Фариза ақын «Адамзатқа тән сезім, түйсік, тағы басқа қадір-қасиеттердің әйел затына да тән екенінің ақиқаттығын айту қажет еместігі секілді, әйел сезімінен туған поэзия жалпы поэзиядан басқа, бейтаныс бір әлем құбылыстарының туындысы деп түсінуді теріс дәлелдеу де артық тәрізді. Анна Ахматованың «Мужество» деген өлеңін оқи отырып, нәзік те тамаша жыныстың өкілі бола тұра, әйел басымен еркектің аузынан шығар сөзді айтты деп айыптай аламыз ба? Демек, бұдан поэзиямызда ақынның жынысы басты рөл атқармайды; ақын дүниені қалай көтереді, сол көріністі өз сезіміне сіңіріп, сосын қалай өзінше суреттей алады – әңгіме түйіні осында» деуінде қаншалықты оң пікір айтқанына көзіміз жетеді. Яғни, бұл жерде поэзияға өнер ретінде қарап, онда сөз болатын оқиғаларды беруде қандай көркемдік әдістер мен жолдар қолданылғанына ең бірінші кезекте назар аударған жөн деген ой жатыр.

Әйел психологиясын беруде азамат ақынға қарағанда әйел ақынның шеберлігі, түйсігі нақтырақ немесе жақындау десек, әрине, қате пікірге ұшыраймыз. Мысалы, бұл орайда атақты М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесін алсақ, ондағы автор тарапынан берілген әйел психологизмнің биік үлгісін танимыз.

Қазақтың ақын қыздарының шығармашылығына жеке тоқталып, біршама зерттеген С. Айбергенова өзінің «Қазақ ақын әйелдер шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы» атты диссертациясында осы бір «өзгеше әлемнің» өзіне тән мынадай бірнеше ерекшеліктерін атап көрсеткен болатын: «... Біріншіден, қазақ әйелдер поэзиясына тән ең басты ерекшелік, дүниеге, қоршаған ортаға, кешеге, бүгінге және ертеңге Ана көзімен қарап, Аналық сезіммен жырлау. Мұның өзі әуелі ұят – иман, әдеп-иба деп өскен ұлттық тәрбиелеуіміздің дұрыстығына тағы да көзімізді жеткізе түсетін фактор.

Екіншіден, ерекше бөліп айтар қасиеті – ақын әйелдердің көркемдік әлемінің палитрасына жинақталған бояулардың әрі қанық, әрі алуан түрлілігі. Әйел ақындар аққу үнімен, нәзік сарынымен, қарлығаш қамқорлығымен ізгі ниеттерге үндейді екен.

Үшіншіден, қазақ ақын әйелдерінің поэзиясынан бөлек бір тектілік аңғарылады. Бұл тектіліктің екінші атын дәстүр жалғастығы деуге болады: қара тасқа гүл өспейді, гүл құнарлы топырақта көктейді» [3, 28 б.].

Жаратылыста бәрі әйелден бастау алады, ештеңе әйелдің қатысуынсыз бітпейді, әйелдің абыройымен өлшеніп, әйелдің бостандығымен бағаланады, әйелдің сүйіспеншілігімен, махаббатымен әлем де, қоршаған орта да құлпырады, жаңғырады, өзгелер де қуат алады. Себебі, әйел адам мейірленсе, ғашық болса, әлем де құлпырады, азаматтар да шабыт алып, небір көзсіз ерліктерге барады. Барлық тіршілік атаулы әрекеттеніп, айнала гүлденеді, айрықша кейіпке енеді. Ал, әйелдің көңілін кірбің шалып, сәл де болса қаяу түссе, барлығы да түнеріп кетеді. Бұл әр дәуірде, әр ұлтта, әр жас кезеңдерінде болған және бола беретін құбылыс.

Сондықтан, әйелдің психологиясын әдебиетте суреттеп жеткізуде өзіндік қиындықтар да бар. Бұл көңіл толқындарының ауысып келуіне ғана байланысты емес, бұл жердегі мәселе тереңірек, яғни психологиялық жайттар жайында.

«Бір жақсылық бір жамандықпен астасып жатады. Әйел затының қоғамдық, саяси, рухани еркіндікке жетуі оның көтерер жүгін де салмақтандырып жібереді. Бұл – адамзаттың, тарихтың өсу заңдылығы.

Дегенмен, әйел заты осы салмақтың бәрін арқалап жүріп, өз тірлігінің өмірдегі мән-маңызын түсіне жүріп, әйтеуір маңайына мейірім шашуға, көңіл кеңдігіне, парасаттылыққа баулауға ұмтылады. Қоғамға қызмет етеді. Бала өсіреді. Ата-ана, жар күтеді. Әйел жанының жылуы дүниенің қасандығын, қалың мұздары мен сыздарын жібітеді» - деген Ф.Оңғарсынованың осы пікірінде әйел жанын түсінген және көпшілікке таныс мәселелер бар.

Көркем әдебиеттегі психологизм табиғаты – бүгінгі таңдағы әдбиеттану мен сында өте жиі кездесетін күрделі теориялық тәжірибелік мәні мол мәселе. Әдебиеттің негізгі предметі адам болғандықтан, оның рухани әлемін, ой-сезімін, түсінік-түйсігін, дүниетанымын, ішкі қайшылықтарын ашып көрсету – суреткердің негізгі міндеттерінің бірі. Ал қаншалықты ашып, жеткізе алды - бұл да аса маңызды болып табылады.

Қазақ лирикасындағы әйел-ана, қыз-келіншектер бейнесін психологиялық пайым-танымда тереңнен толғаған ақынның бірі ретінде Фариза Оңғарсынованы атаған орынды. Оңғарсынова лирикасындағы қазақ әйелінің қадір-қасиеті, болмыс-бітімі ерекше назар аударып, терең үңіле зерттеуді қажет ететін поэзиялық туындылар екені айқын. Ақын өлеңдеріне арқау болған аталмыш тақырып аясында Фариза әйелдің сан қырын, сан көңіл күйін, табиғатын шебер сомдай білген.

Жаратылыс-жалғанның жасампаз жаны - әйел-ананың өмірдегі өрісі, қоғамдағы рөлі мен орны қазіргі әдебиетте барынша әдемі де терең жан-жақты жазылды, алайда, лирика жанрында қаншалықты дамыды?! Бұл туралы сөз етсек, тағы да әйел ақындар шығармашылығында өшпес із қалдырған М. Хәкімжанова, М. Айтхожина, Т. Әбдірахманова, А. Бақтыгереева, К. Ахметова сынды ақын-әйелдердің әйел кейіпкерлері арамызда жүр. Қазіргі қазақ поэзиясындағы бұл тақырыпқа өзіндік ерекшелігімен үн қосып жүрген Г. Салықбаева, Ж. Әскербекқызы, З. Елғондинова т.б баршылық.

Жалпы Фариза ақынның жырға қоспаған тақырыбы, өмір туралы толғақты ойларының ұшы-қиыры жоқ деп кесіп айтуымыз керек. Соның ішінде, сөз соңына қарай болса да, әйелдер тағдырын өлеңдеріне өзек еткені жөнінде бірер сөз айтпай кету айып болар еді. Бұл ретте Фаризаның Еңбек Ері Камшат Дөненбаева, бұлбұл әнші Бибігүл Төлегенова, халқымыздың қаһарман қыздары Мәншүк пен Әлия, керемет

сазгер Ғазиза Жұбанова, ақын қыздар Майра мен Сара және Мәриям Хакімжанова туралы жыр-дастандары жеке-жеке мақала жазып, талдауға лайық көркем туындылар. Аналар жайындағы жырларының өзі бір төбе. Әйел тағдыры мен жанын жырға қосқан ақын оның себеп-сырын да жасырмай жайып салады. Әйелдер өмірін тереңнен толғап, тебірене жыр төгіп жүрген, солар үшін мұңайып, солар үшін қабырғасы қайысып, солар үшін от кешіп, судан өтуге әзір болып жүрген сізге бір әйел заты алғысын айтты ма деп сауал берген оқырманға ақынның жауабы даяр: ғұмыр сыйлаған, Отан сыйлаған Анаға айтар алғысым шексіз, парызым мен қарызым қисапсыз. Сондықтан ғұмыр-бақи аналардың яғни әйелдердің сыры мен жырын, мұңы мен қуанышын жырлап өтемін [3, 18 б.]. - деп зерттеуші С. Айбергенова атап көрсеткендей, шын мәнінде Фариза лирикасының негізгі және маңызды нысаны - әйел тақырыбы деуге болады. Және бұл орайда айта кететін мәселе - әйелдің ерге, азаматқа деген махаббаты, сүйіспеншілігі ғана емес, еліне, жеріне, перзентіне, тіліне, Отанына деген кең ауқымдағы сезімін білдіретін иірімдері мен көңіл толқындарын ескерген абзал. Себебі, өзіміз түсініп отырғанымыздай, «Әйел - қырық шырақты» демекші, әйел жанының жылуы бәріне де жеткілікті.

Ақын жырында әйелдер бейнесінің көңіл күйі дауылды сезім болып жырланады, тек жай жырлау емес, қазіргі замана талабының биік өрісіне лайықтап жырлау - Фариза туындыларының бір қыры.

Әйел жаратылысының нәзіктігі мен қылықтылығын, жаны мен тәнінің сұлулығын, махаббатының мөлдірлігін тап Фариза Оңғарсыновадай жарқыратып, сүйсінте жазған ақын жалғыз-жарым ғана. Әйелдің болмысындағы табиғи қадір-қасиетін, әсіресе мөлдір махаббатын, осы жолда кезігетін қызғанышы мен сүйінішін, рахаты мен ләззатын жеріне жеткізе иландыра, сүйсіндіре, тереңнен толғап жазған соң ғана ол мың сан оқырманға ой салуда.

Өртеді-ау мені тәтті ернің,  
Жолықтық, жаным, кеш неғып...  
Күрсіндім осы сәттердің  
өкінішілігін еске алып...[4, 56 б. ].

Қыз кездейсоқ жолыққан жігітке ғашық болып қалады, алайда осынау кешігіп кезіккен махаббаттың ғұмыры қысқа болатынын есіне алған лирикалық кейіпкердің өкініші өзегін өртейді. Оған оқырман да опынады. Аталы сөздің құдыреттілігі осындай-ақ шығар-ау?!

Фариза Оңғарсынованың әйел тақырыбында жазылған өлеңдерінде көбінесе, әйел жанын сондай өжет, батыр, алғыр етіп көрсетеді. Мұны ақынның әйгілі «Әйелдің монологынан» атты жырынан көруімізге болады. Мысалы:

... Бірақ өзің айныдың,  
Ұмыттың да жастықтың жұмақ күнін,  
Сен мысқылдап, мен — болсам жылап тұрдым.  
Өмір атты бұрқанған дарияға  
Бұрымымнан ұстап ап лақтырдың...  
Сенің от құшағыңда  
Ардан аттап, қалдырдым пәктігімді  
Ләззатқа батырған ақ түнімді.  
Айырдым мен аяусыз енді кимес  
ақ көйлекті тігілген сәтті күнгі...  
Мен кінәлі емеспін ар алдында  
Құдайың да кешеді тап мұнымды [4, 63 б.], -  
деп келетін жолдарда қаншалықты шынайылық, өміршең сезімдер тұнып тұр.

Әйел психологиясын әр қырынан танытуда Ф. Оңғарсынова айтарлықтай шеберлік пен көркемдік таныта алған.

Ақын Күләш Ахметова шығармашылығынан да әйел адамның замандық дамуы мен ішкі сырларын, жас ерекшеліктеріне сай әйел психологиясын көре аламыз. Ақын жырлары, әсіресе әйелдер психологиясына жақын тартқан туындылары бұған дейін де жоғары бағаланған, осы күнде де өзекті, болашақта да өз оқырмандарын табатыны хақ. Олай дейтініміз, жыр арнасы толқығанда туылған жинақтарды қолға алсақ, әйелдер – өздерінің жанына жақын жолдарды міндетті түрде табады. Ақын шығармашылығында әйел бейнесі арқылы тақырыптың мәнін ашу жиі кездеседі. Ақынның табиғат, бейбітшілік тақырыптарындағы шығармаларынан белгілі бір ұғымдардың сипатын баяндау мақсатында қолданылған теңеулер арқылы ана бейнесін, әйел болмысын көреміз.

«Қуаныш еді...» деп уайым-қайғысыз өмір, табиғаттың алаңсыз жатқан мейірлі шапағаты, жұмақтан кем түспеген жердің көркіне тамсанған ақын көңілі жырланады.

Сызылып жұмбақ жүріспен  
шығатын қыздар өрімтал [5, 176 б.] – деп, елдің көркін де қуанышты сәттердің куәгері ретінде қыздардың бұраң қағып жүруі арқылы бейнелеп отыр.

Қуаныштың үстіне қуаныш жалғап, ел мен елді туыс қылып, жер мен жердің арасына даңғыл жол салатын да қыз бала. Сол қыздың бір бейнесі – ұялшақтық мінезбен сипатталады.

Кетіпті-ау екі-үш жаз өтпей

Ұялшақ қыздар үй болып [5, 113 б.].

Адамның адам болып дүниеге келіп қана қоймай адам болып өмір сүруі маңызды. Адамгершілікке тәрбиелеп, білімге баулуға болады, бірақ мінез – табиғаттан берілетіні хақ. Әр адамның пейілі мен пиғылы, өмірлік таңдаған жолы мен ортасы да мінезіне байланысты. Ақын Күләш келесі өлең жолдарында байлыққа құнығып, басқа табиғи ләззат пен сұлулықты көзіне ілмейтін пенде туралы сөз қозғайды.

Мән таппайтын әннен, күйден, өлеңнен,

Бір ару бар асыл тасқа бөленген.

Сол аруға таңның, гүлдің, жұлдыздың

Қымбаттығын ұқтыра алмай келем мен [5, 114 б.],- әсіресе бүгінгі күнде өзектілігі еселене түскен өлең жолдары деуге болады.

Мазалайды санамды бір сансыз мұң.

Бәлкім, мұңсыз өткен күн де мәнсіз күн.

Мықтысың деп таңданады біреулер,

Мықты емеспін. Әйелмін ғой. Әлсізбін [5, 163 б.], - деп әйел затының сырттай мықты болып көрінетіндігін және шын мәніндегі әйел атаулының ішкі дүниесін «Түнгі биік жұлдыздардай жұмбақпын», нәзіктігі мен тазалығын да айтып, табиғатынан қорғансыз және жасқаншақтығын «Ақ маралдың лағындай қорқақпын» деп жырлайды.

Халқым сүйіп, далам қолдап тұрған соң

Қалай ғана әлсіз әйел болам мен?! [5, 164 б.] – деп, бәйшешектің қауызындай жұқа жанның өзгелерді өмір қарқынына ілесіп, дауылдарында құламайтын болаттай берік болуға баулитын қайсарлығын, өр мінезділігін де паш етеді. Міне, әйелдің сан қырлы, сан түрлі, кейде түсінікті, кей ретте жұмбақ, біресе мұңды, бірде көңілді, бірде нәзік, енді бірде өжет, бірбеткей - деп осындай типтес мінездеулердің легін жалғастыра беруге болады. Бірақ, соның бәрі қосылып келгенде ғана әйел жанын, психологиясын, мінезін, табиғат-болмысын дегенмен де жеткілікті бере алмайтын шығар-ау... Сонымен, Ф. Оңғарсынова, К. Ахметова сынды ақындардың поэзиялық туындыларында әйел психологиясының қатпарлары мен болмыс-бітімі жеткілікті беріліп, бұл тақырыпты аса байытты деуге негіз бар.

#### Әдебиет:

1. Абай. Қалың елім қазағым. Шығармалары. - Алматы: Жалын, 1995. - 384 бет.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 бет.
3. Айбергенова С.Т. Қазақ ақын әйелдер шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы. Канд.дисс. Автореферат. – Алматы, 1995. – 38 бет.
4. Оңғарсынова Ф. Мен сенің жүрегіңдемін. – Алматы: Жазушы, 1975. – 120 бет.
5. Ахметова К.Күн шыққанда күліп оян. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Ана тілі, 1996. - 302 бет.

ӘОЖ 821.512.122

### ҰЛТТЫҚ САНА МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ

**Кулибекова Ж.С., Махатова Д.Т.**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)*

Сан ғасырлық адамзат тарихында ұлттық сананың қалыптасуы мен дамуы аса маңызды мәселе болып табылады, сондықтан оған ерекше мән берілгені жөн. Ұлттық сананың түп негізі – тарихи таным, тарихи сана-сезім. Яғни, бұл жердегі басты назар аударатын жайт – тұтастық, бірлік, елдік мәселесі. Елімізде тарихи сананы қалыптастыру – ел бірлігінің мызғымас кепілі, ол тұтас руханиятқа жеткізеді. Ал, руханият, өз кезегінде белгілі бір ұлттың өзіне тән айқын белгілерінің көрінуінде маңызды орын алады. Өзіміздің ұлттық рухани құндылықтарымыз бен түп тегімізді біле отырып, өзгелерге жалтақтамай, нақты өмірімізде қолдану арқылы болашағымызға үлкен жауапкершілікпен қарауға зор мүмкіндік бар.

Сөз өнері дамып, өркендеумен бірге, кемеліне келгенде әдеби сара жол - дәстүр пайда болады. Көркемдік дәстүр – шығармашылық тарихтың әдеби айнасы, бағыт-бағдары.

Ұлттық мінез бен сананың көркем әдебиеттегі көрінісі де көркем шығармамен қабат өріліп, біте қайнасып жатыр. Суреткер образ жасап, характер, ұлттық мінезді сомдағанда, шығармашылық әдіс қолданғанда өзіне дейінгі әдеби дамуға, дәстүрге сүйеніп, даралық жолына түседі, өзіндік стилін танытады.

Әдебиет – ұлттық топырақтан нәр алып, көркем өскінге айналған асыл сөз қазынасы. Халық ауыз әдебиетімен бой көтерген қазақ әдебиеті де орыс, шетел әдебиетінен бұрын, алдымен ұлттық әдеби дәстүр негізінде тамыр жайған. Ал ұлттық әдеби дәстүр дегеніміз - басқа халықтардың көркемдік әлемінен ерекшеленетін мазмұн мен пішін. Өзіндік ойлау нақышы, сөйлеу мақамы бар әрбір ұлт әдебиетінің төл кейіпкерлері, ұлттық даналығы мен жантануы болады. Суреткер өмірді сол ұлттық болмыс негізінен танып барып, әдеби қаһармандардың өзара қарым-қатынасына негіздейді. Оның шығармасының мазмұны ақиқат-шындықты құру үшін қаһармандар өмірін, тип пен характерді төл санамен байланыстыруы тиіс. Ұлттық өзгешеліктер кейіпкердің ойлау жүйесінде, шешімі мен әрекетінде көрініс табады. Характердің ұлттық сипатын анықтау типтік жағдай мен типтің ұлттық сипатының дәлелдігінен бастау алады [1].

Тегінде, ұлтты ұлт ретінде сақтап тұрған салт-дәстүрдің ешбір ауытқуға ұшырамауы қандай бақыт?! Ұлттық рух, сана, дәстүр, дін, діл, тіл, т.б. қасиеттер ұлттың рухани құндылықтары қатарында ұлтпен бірге өсіп не өшіп отырады емес пе? Өйткені, А. Байтұрсынов айтқандай: «Ұлттық сана дегеніміз – ұлттың өзін сезінуі және түсінуі, сезімге әрі ой-пікірге арқа сүйейтін ұлттық сана болады». Ал қазақ халқының (өзгенің де) ұлттық мәдениетінің тарихи дамуының өзегі – ана тілі екендігі белгілі.

М. Жұмабаев айтқандай, «ұлт жоқ жерде тіл жоқ». Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол қоғамның, әр мемлекеттің, әр ұлттың мәдениетінің мәйегі. Тіл – ұлттық бірегейліктің негізі, әрбір халықтың өзіне тән ділі, дүниетанымы, мәдениеті, рухани қазынасы тіл арқылы ғана сақталып, дамиды [2]. Сондықтан тіл арқылы сол ұлттың өткеніне баға беріліп, болашағының тағдыры айқындалады. Әр ұлт үшін тіл мәселесі өзекті.

Сан ғасырлар бойы адамзат баласын материалдық қажеттіліктер ғана емес, рухани даму, өсу, өзгеру жолдары да қатты аландатқан. Өркениеттің алдында шешуі қажет сан сұрақтар мен көптеген мәселелер тұрған уақытта руханилықтың, жаңғырудың орны айрықша болады.

Ұлттық сананың жетілуінің бір белгісі - ұлттың өзін-өзі анықтауы. Көне қазақ танымында бұл мәселе «жеті атасын білмеген – жетесіз» делініп, арғы тарихпен ұштасқан [1]. Яғни, түп-тек немесе арғы аталар тарихын білу, есте сақтау және өмірде нақты қолдану ғана өзінің кім екенінді ұмытпау үшін ғана емес, өзінді тану мақсатында, өзінді түсініп, ішкі дүниеге үңілу үшін аса қажет. Себебі, адамзат баласының алдында бүгінгі жаһандану дәуірінде сан қилы сауалдар тұр, соларға жауап іздеп, өмірлік орнын анықтау маңызды болып табылады.

Рухани жаңғырудың терең тамырлары өз кезегінде ең алдымен халықтың сан ғасырлық тарихында, әдебиетінде, тілінде, тұрмыс-салты мен өмір сүру философиясында, мәдениетінде, тәрбиесінде жатыр. Бүгінгі ұрпақ осы тамырлардан нәр алса, ұлттық құндылықтар, менталитет, қазақилықтың жойылмай, керісінше, дамуына жол ашылады, бүгінгі жаһандану жағдайында адаспай, өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалады. Бұл белгілер кез келген халықтың өркендеп, жетілуі үшін маңызды, яғни, «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», - деп Н. Назарбаев айтқандай, өткен тарихтан сабақ ала отырып қана болашақтың берік негізін қалауға болады.

Бағзы заманда ғұмыр кешкен ата-бабаларымыздың әрі дүниетанымы, әрі рухани мәдениеті болған түрлі діни нанымдар, ырым-жоралғылар негізінде табиғаттың ажырамас бөлшегі бола отырып, онымен қаншалықты тығыз бірлікте өмір сүргенін көреміз. Олар табиғатты, оның небір құбылыстары мен өзгерістерін жіті қадағалап, күнделікті тұрмысқа қажеттілерін ала білді, табиғатпен осындай етенелік оларды өмірдің әр қилы жағдайларына баулып, шыңдады. Ата-баба рухының мықтылығының бір сыры да осында жатқан шығар. Табиғаттан өзіне қажеттісін ала білген адамзат баласы оған соншалықты қамқорлық та көрсетіп отырды. Олар сан қилы фольклор үлгілері, мифтер түрінде бізге мұра болып жетті. Ежелгі дала көшпенділерінің өмірге деген, ата-ана мен ұрпағына деген, үлкен мен кішіге деген қарым-қатынастары біздің күнімізде де қолданатын салиқалы философия, өмірлік сабақтар болуы тиіс. Былайша айтқанда, дап-дайын күйдегі дәрістер, тек қажеттісін ал да өз игілігіңе пайдалан, жұмса.

Әдебиеттің негізгі міндеті – адам санасының мүмкіндіктерін зерттеу екендігін ескерсек, белгілі жазушы Бейімбет Майлиннің жаңа кейіпкерлері – Мырқымбайлары мен Раушандары, міне, сол кезеңнің уланған, бүлінген сананың, ұлттық таным-түсінігіне өзгеріс енген көркем көріністері.

«Бүкіл әлем халықтары ғалымдары ұлттық сананы психология, философия, логика, социология т.б. сияқты ғылымдардың мүмкіндігін пайдалану арқылы зерттеп келеді. Бұл ғылымдар аталмыш мәселеге тек жанама түрде ғана бара алды. Сондықтан бұл аталған ғылымдар ұлттық санадағы өзгерістерді және сол өзгерістерге әсер ететін жағдайларды зерттеудің дәлме-дәл табылған методологиясы бола алмады» [2], – деп әдебиеттанушы ғалым Жұмабай Әбілов бұл мәселенің ұлттық ғылымда арнайы зерттеле қоймағандығына қынжылыс білдіреді.

Уақыт өз кезегінде әдебиет, өнер алдында жаңа міндеттер мен талаптар жүктейтіні белгілі. Бұл орайда, 60-70-жылдардағы ұлттық прозаның дамуын, көркемдік ізденіс жолын тану үшін осы кезеңдегі өзге жазушылардың шығармаларымен бірге Д. Исабековтің туындыларын жан-жақты қарастырғанды жөн көрдік.

Қазақ прозасындағы ұлттық сана мәселесін аталмыш жазушының шығармаларынсыз толық бағалау мүмкін емес. Себебі, Д. Исабеков - екпіні бөлек, соқпақ өрнегі өзгеше қаламгер. Өмір жырын шертуде оның үні сазды, әсерлі, суреткерлік бояуы анық. Ол салған өнер өрнегі – жеке шығармашылық жетістіктен әрі асып, халықтық сипаттағы ұлттық игілікке айналған, ұлттық өнердің әлемдік аренада тайталасар талантты шығарма деп қарауға болатын құбылыс.

Өмірлік материалды көп білу, көрген-білгенін көңілге тоқып, өмір құбылыстарын зерделеп ұғып, жадында сақтап, оны көркем шындыққа, өнер туындысына, көркем полотноға суреткерлікпен айналдыра білу – жазушы шеберлігі. Ұлттық мінез бен сананың көркем әдебиеттегі көрінісі де көркем шығармамен қабат өріліп, біте қайнасып жатыр. Суреткер образ жасап, характер, ұлттық мінезді сомдағанда, шығармашылық әдіс қолданғанда өзіне дейінгі әдеби дамуға, дәстүрге сүйеніп, даралық жолына түседі.

Осы мәселе турасындағы қаламгерлер қатарында тынымсыз еңбек етуші деп Д. Исабековті атауға болады. Жазушы Абай жасаған ел мінезінен қоғамның өгей жандарын бөліп алып, бөлектейді. Абай бес дұшпанға бес асыл істі қарсы қойса, Д. Исабеков әлді мен әлсізді шендестіре суреттеп, мінез бен әрекет қақтығысын тудырады. Ұлттық мінез өзгерісін ақын айтқан тұрақсыздықтың шығу себебінен іздеген. Әр ел әдебиетіндегі ұқсас ұлттық мінездің айырмашылығын анықтарда мінез-құлық тұрлаусыздығын басты қазық еткен. Жазушы Абай заманындағы ұлттық мінезді тарихи категория, диалектикалық үрдіс ретіндегі эволюциясын көрсетуді міндет еткен. Абай тудырған типтік образдар ұлттық мінез болса, Д. Исабеков те образдарын сондай сипатта сомдаған. Кейіпкерлері қандай әрекеттерді басынан кешірсе де, өз халқының дүниетаным, жантану деңгейіне суреттеп отырып өзгешелік табу қос суреткердің шығармашылық тұғырнамасы болған.

Шығармашылық ұлттық сипатын көрсетуде, ұлттық характерді танытуда қаламгерді Ж. Аймауытов дәстүрін де ұтымды жалғастырғанын көруге болады. Д. Исабеков идеялық салмақ артқан тұрмыстық теңеулердің қолданысында Ж.Аймауытов стилінің ізі салынған. Пейзаж бен психологиялық параллелизм тудырған метафоралар мен теңеулер Д. Исабеков кейіпкері мен оның көңіл ауанын суреттеудегі тұрмыстық теңеулермен жалғасын тапқан. Мысалы: кемпірдің кәрілігін «екі алақанын жорға сиырдың тұяғындай сыртылдатып» [3, 333 б.], – деп суреттесе, жігіттің кісі есігіндегі өмірін: «...кемсіту мен қорлық жілік басына үймелеген сарысудай ертеңгілік көзін ашқанда да көңілінен кетпей кілкілдеп тұрып алды» [4, 330 б.], – деп нақтылайды.

Қаһармандар тартысынан туған жағымдысынан ұнамсызы басым түсетін характерлер ұлттық мазмұнынан пішінді бөліп алуға болмайтынын, қайта бірін-бірі толықтырып тұратынын айғақтайды. Д. Исабеков М. Әуезовтің кейіпкерлерінен заман шындығын ұлттық характермен сабақтастырып суреттеудің өзіне тән ерекшелігін үйренеді. Типтік характер өз кезегінде ұлттық характер бола алатынына көз жеткізу үшін образ ашатын ортаны ғана емес, оның халықтық болмысқа тән әрекетін де тыңнан ойластырады. Ұнамды кейіпкерлер күресі нәтижесінің біз күткендегіден басқаша болуы – жеңіліп жатуы арқылы ұлттық кейіпкер бейнесінің сомдалуына өзгеріс әкеледі. Әдеби даму арналарының, көркемдік ойлау үлгілерінің нәтижесінде Д. Исабеков дәстүрді жалғастырған және жаңа жетістіктерге жеткен. Ұлттық кейіпкер бейнесіне қатысты дәстүр әсері мен алмасуынан өркендеудің жаңа жолына түсіп, кемелденген.



Д. Исабековтің «Қара шаңырақ» әңгімесіндегі әке мен бала арасындағы бір-бірін түсінбеушіліктің негізі өзінің шыққан тегінен, ұлттық тәлім-тәрбиесінен алыстап бара жатқан ұрпақ санасы. Шөмішбай қарт - қара шаңырақ иесі. Қазақ халқы үшін шаңырақ - киелі ұғым. Ол - бүтін бір тұқымның, әулеттің басын қосатын, қасиетті босаға. Осындай таным-түйсікті санасына сіңіріп өскен Шөмішбай қарт үшін одан алыс кету түсініксіз. «Осы иттер әке-шешеміз бар-ау деп ойламайды ғой деймін. Әйтпесе, «қалайсыңдар» деп сүт пісірімге келіп кетсе қайтеді шіркіндер. Бір-екі қанты мен үнді шайларының, тіпті мылтықтарының да керегі жоқ жүдә, өздері көрініп кетсе нетеді...Келеді деп күнде тосамыз, дарбазаны жел сықырлатса да сендердің біреулерің екен деп елең ете түсеміз...», – деген сәттен қарттың балаларына деген өкпесіне қоса сағынышы да көрінеді [5, 456 б.].

Әңгімеде жазушы әке мен баланың ұғым-түсінігінің ашық қайшылығын дастарқан үстінде суреттеген. Немересі Қуатты бауырына алып, тәрбиелемек ниетте келген қартқа баланы балабақшаға орналастырамыз деген келін-баланың сөзі соққыдай тиді. Сәби бойынан ұлттық тәрбиені, болмысты, рухты дарытатын, ата мен әже бауырынан Қуаттың алыстауына бірден-бір себеп - әке-шешенің «жаңаша өмір сүру салтын» көксеген дүниетанымы. Ал олардың бұл «кезеңдік дертіне» кінәлі - қоршаған орта, қоғам.

Көрінгеннің босағасын жағалап, пәтер жалдап күн кешіп, баланы қолы бос кемпірлерге тастап жүрген Есіркеп пен Зеркүлдің тұрмысы Шөмішбай қарт үшін бос әурешілік сияқты. Әңгімедегі: «Ал, ана қаршадай баланың тірі жетім боп жүрісі анау, әрбір қолы бос кемпірдің босағасын сағалап. О, алла, өстіп бала өсірмек пе олар» немесе «Көсіліп жатсаң сирағың сыртқа шығатын құрқылтайдың ұясындай тамда отырып өз күндерін өздері көргіш-ақ. Қартайғанда оқып ояз боламын деп жүр ме екен, одан да жұрт қатарлы баспана салып алмай ма түге, ауылдағы жесір кемпірдің Тұңғышбай тентегі құрлы жоқ па?» – деген сәттер жазушының көтеріп отырған идеяларының бір ұшығын сездіреді [5, 458 б.]. Баспанасыз көрінгеннің босағасына телмірген қазақ жастарының тұрмысын көрсете отырып, жазушы олардың көп дүниеден ұтылып жатқанын байқатады. Алдымен өздері алыстаған ұлттық танымнан, бауырындағы сәбиін де алыстатып әкетіп бара жатыр. Дегенмен, жазушы әңгіме аяғында Есіркепті де, Қуатты да өздері шыққан қара шаңыраққа қайтарып әкелуді ниет етеді. «Жақсы сөз - жарым ырыс, сұңқылдап қайдағыны айтып тұрғанын қарашы. Одан да, ана бесікті дайындап қой, келіп қалған кезде шала бүлінесің бе тағы» [5, 477 б.], – деген сәтте қарт аузына бесіктің алынуы жақсылықтың белгісі. Шөмішбай қарттың сөзінің астарынан әрине, балаларының келе жатқанына қатты қуанған сезімін де байқап қаламыз, бірақ, соны білдірмеу үшін ол кемпіріне ұрсыңқырап сөйлейді. Бесік - халқымыздың сан ғасырлық тарихында маңызды орын алған әр отбасының қымбат құралы, сондықтан, «Тәрбие - тал бесіктен» демекші, автор да осы ретте оған көңіл бөле кеткен, сол арқылы ұлтымыздың мызғымас қазынасын көргендей боламыз. Ол феномен ұлттық характер негізінде көрінеді.

Ұлттық мінез – әр халықтың діні, тарихы, дәстүрі арқылы қалыптасатынын көркем шығармадағы бөлінбес бөлшек немесе кейіпкердің ұлттық болмысымен ерекшеленген үрдіс [6, 147 б.].

Табиғи тепе-теңдік бұзылған жағдайда пайда болатын тартыс үстінде дүниеге келген жазушы Д. Исабековтың көркем бейнелері – қазақ ортасынан ойып алынған кейіпкерлер. Әр халықтың түпкі тамыры, табиғи қалпы әріде жатқан психикалық мінез-құлықта болатындығы секілді, қазақ болмысын, түп-тұрпатын түзейтін кейіпкер де ұлттық кейіпкер болуы үшін оның бойында кешелі-бүгінгі мінез-бітім болуы заңды.

#### Әдебиет:

1. Піралиева Г. Ана тілі газеті, 2011, 22 қыркүйек.
2. Әбілов Ж. Этнодеформация (Ұлттық сана мәселелері). Оқу құралы. - Қызылорда: Тұмар, 2007. - 176 б.
3. Мақыров С. Көркем тартыс проблемасы // Қаз ССР ҒА Хабарлары, 1991, № 2, 12-16 бб.
4. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1993. – 464 бет.
5. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. 2 том. – Алматы: Жазушы, 1993. – 464 бет.
6. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Жазушы, 1982. – 148 бет.

ӘОЖ 821.512.122

## ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТИҢ «АЗ И Я» ЕҢБЕГІНДЕГІ КӨШПЕНДІЛЕР БЕЙНЕСІ

**Кулибекова Ж.С., Муканова Ұ.А.**  
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Олжас Сүлейменов "Аз и Я" тарихи еңбегінің авторы ретінде белгілі. Ол 1960 жылы әдеби институттың студенті ретінде "Сөз" туралы жұмыстарды жариялады. Оның кандидаттық диссертациясының тақырыбы - "Игорь жасағы туралы жырдағы түркілік" болып табылады.

Сүлейменов өзінің концепциясы туралы былай деген: "Мен алғаш рет Игорь жасағы туралы жыр екі тілді оқырман үшін екі тілді автормен жазылғанын мәлімдедім. Демек, Ресейде ол кезде билингвизм болды. Мен көптеген ескі орыс деректерінің көздеріне сүйене отырып, мұны дәлелдеуге тырыстым. Кеңестік тарих ғылымында орыс тілінде половецкий және татар-моңғол шапқыншылығы кезінде арқан немесе қымыз сияқты бірнеше түркі сөздері болды деп саналды. Мен әрқашан орыс деп саналған көрінбейтін түркізмдер туралы айттым. Бұл академиктерді таң қалдырды. Бір қызығы, "Игорь жасағы туралы жырдың" алғашқы екі тілді оқырманы болып шықты. Сүлейменов жұмысының жалпы желісі "сөзде" түркі лексикасының кең қабаттарынан және одан әрі қайта жазу кезінде бұрмаланған тұтас түркі фразаларын анықтауға бағытталған және "Аз және Мен" атты кітабында белгілі болғандай, қорытынды сөз айту құқығына ие болды. Бұл жұмыс 1975 жылы аяқталды, оған қоса тыйым салынды және кітапханалар мен дүкендерден алынды. Кітап алғаш рет 2005 жылы Ресейде, төрағасы Никита Михалков болған Орыс мәдениет қоры жанындағы Грифон баспасынан шықты [1, 272 б.].

1975 жылы "Аз и Я" кітабы мен өзара қорытындылары ортақ "Қиылысатын параллельдер" кітабында парадоксалды тұжырымын табатын лингвистика саласындағы ақынның көп жылдық ізденістері басталады: "Бүкіл әлем - бір ел, бірыңғай Конституциямен, ортақ заңдар жиынтығымен және бір алуан мәдениетпен бір федеративті мемлекет". Сүлейменов өз оқырманының назарын оқшаулаудан қорғайтын тілдік парадигмалардың ішкі үндесуіне, сонымен қатар, мәдени қалыптастырушы лексикалық қабаттар мен грамматикалық құрылымдардың ғасырлар бойы таңқаларлық тұрақтылығына аударады. Әлемнің барлық тілдері бір-бірімен байланысты және мұндай логика оқырманды өркениетті дамудың ерте пайда болған үрдісі ретінде жаһандану туралы ойға әкеледі.

О. Сүлейменов Адам – мәдени тіршілік екенін, тек мәдениетке қолдау көрсету және тәрбиелеу қабілетінің арқасында ғана ол әрі қарай даму мен өзін-өзі жетілдіруге дайын және түр ретінде сақталғанын өзі үшін мызғымас ақиқатқа сүйенеді.

1994 жылы ол шешен халқы трагедиясының 50 жылдығын атап өту үшін Вайнах қоғамының белсенділерімен бірге Грозныйға барады. Бұл мысалдардан Олжас Сүлейменовтің кез-келген ұлттың қасіреті және оған көмектесуге деген мәңгі тілегін көреміз. Бұл халықаралық конференцияға шақырылған адам, бірақ бұл ең бастысы болған жоқ. Ең бастысы - журналист ежелгі түркі жазуын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары және Министрі Иманғали Тасмағамбетовтің «Ұлы мәдениеттің көрнекі бейнесі» атты баяндамасында былай делінген: «Көне түркі руникалық жазуы туралы сөз қозғағанда, Қазақстандық ғалымдардың осы игі іске қосқан үлесін ерекше атап өтпеуге болмайды. Осыған байланысты, бірінші кезекте, жерлесіміз Олжас Сүлейменовтің бүкіл әлемде кең резонанс тудырған және Совет үкіметінің бұрыннан жарық көрген кітабының таралымы жойылғанға дейін әділетсіз қатал цензураға ұшыраған “Аз және Мен” атты туындысын ұстанамыз. Олжас Омарұлының соңғы еңбегі – “Жазу тілі” - бұл іргелі академиялық еңбектер санатына жатқызылуы мүмкін, сонымен қатар, жанды және қол түсінікті тілде жазылған» [2]. Олжас Омарұлы Сүлейменов - мамандығы бойынша геофизик-инженер, кәсіпқой ақын, ізденуші-зерттеуші ғалым, яғни сан қырлы жан. Оның еңбектерінің замандастары мен кейінгі ұрпақтарға пайдалы болатыны айқын.

“Көшпенділердің бейнесі бұрмаланған. Мені тек қорғаушы ретінде ғана емес, үкімнен кейін соңғы сөз құқығын талап ететін сотталған көшпенді ретінде қабылдағандарыңыз жөн деп ойлаймын. “Ауырлықты” қайта қарау қажеттігіне төтеп беру үшін мен “Аз и Я” кітабын жаздым [3].

Бұл Олжас Сүлейменовтың “Көшпенділер мен мәдениет: қазақ тәжірибесі” атты эссесінен алынған, ол 1978 жылы ЮНЕСКО шығарған “Мәдениет” журналында басылып шыққан. Бұл сөздерде “Аз и Я” кітабын жасаудың авторлық ойы ашылады. Дәлірек айтқанда, автор кітаптың мәтінінде: “Бірігу идеясына байланысты түркі лексемаларының славян тілдеріне енуін негіздеу” деген өз міндетін атап өтті.

Кітап ежелгі орыс әдебиетіндегі ескерткіштердің өзіндік Әнұранымен басталады: “өлеңге сөз” үйретеді. Жылдар бойы оны оқып, поэтикалық білім аласың. Орыс тілі мен поэтикасының тірі оқулығы” [4]. Олжас Сүлейменовті түркі тілінде осы сөздің шынайы мәнін іздеуге мәжбүр етті. Және ол оны тапты. Енді автордың аузында князь Всеволодтың сипаттамасы мүлдем өзгеше, одан да мықты ақындық дыбыстауға ие болады. Ескерткіштің тілдік байлығына орыс тілінің заңдары бойынша түркі тамырларынан жаңа сөздерді қалыптастырған түркі тілдес сөздерді тікелей қолдану арқылы ғана қол жеткізіледі. “Сөздер” мәтінінде “тілші” сөзі бірнеше рет айтылады. XVI ғасырдың аудармашысы және одан кейінгі сөзге бұл мағынаны берді. Шын мәнінде бұл сөз түркі тілінен “дала” деген сөз. “Тілші” сөзі дала – дала тұрғынын білдіреді. Міне, діни нанымдардан ескерткіштің мазмұны мен мағынасын бұрмалаған мысал. Егер христиандыққа дейінгі кезеңде “тілші” сөзі тұрғындардың бірін білдіретін болса, онда христиан кезеңінде ол оппозиция таңбасын өзіне алды. Келесі тілдік мысал Киев Русь және Ұлы дала халқының белгілі бір бірлігі туралы да тығыз байланыстар туралы айтады.

“Сөз” мәтінінде “неке ұлы” деген сөз бар. Орыс тілінде “неке” сөзі қыпшақ неке - одақ (сөзбе-сөз тіркесімі), ал ол бір санатынан шыққан. Бұл сөз Ресей мен дала өмірінің қызықты беттерінің бірін ашады. Өйткені, Киев князьдері жиі әйелдерін алып, өз ұлдарын даланың өкілдіктеріне үйленді, сол арқылы Русь даланың қолдауына ие болды, өзіне берік тылды қамтамасыз етті. Бұл бөлік славян тайпаларының Ұлы даланың көптеген халықтарына қарама-қарсы болмағанын ішінара түсіндіреді.

Дала, тілшілер кейінірек половцы деген жалпы атау алды. Даладан шыққан адамдар, ал Ұлы дала әртүрлі, орыс князьдері өте жиі және туыстық байланыстарға байланысты және саяси, экономикалық пайымдауларға байланысты өз достарына

тартылып, даладан шыққандарға өз жерінде қоныстануға мүмкіндік берді. Осылайша атауы: степняков-берендеи-сатушылар, қара клобуктер, қара-қыпшақтан құрылған. Соңғылары, шежірелер бойынша, Ұлы Киев княздерін таңдауда маңызды рөл атқарды. Половецтер Руське жаңа мораль әкелді. 1054 жылы Ярославичтердің кеңесі өтті. Түркі “сежз керлы” - ең маңызды сегіз қамқорлық. Оған жүгінсек, Святослав оның ең маңызды сегіз ісін атап өтеді: «Венгр таулары тіреп, патшаға жол кірісіп..., Киевтің қақпасы мен т. б.». Бұл тұрғыда кітаптың авторы оқиғалар мен адамдардың адамгершілік бағасын өзгертетін қызықты жаңалықтар жасайды. Игорь тұтқынға алынды. “Мұнда Игорь алтын седладан құлға ауысты”. Бұдан артық қорлау мүмкін емес. Аударма мәтінінде осылай. Ал түпнұсқада Игорь “седло кощие” клубына ауысты. Кошичево - құл ретінде еркін аударма жасалған. Олжас Сүлейменов түркі “көшпенді” деген сөзді қояды. Және өзге де адамгершілік мазмұнмен фраза естіледі. “Игорь көшпенді седлоға ауыстырды.” Әйтпесе: Русьпен тығыз ақылмен байланысты дала адамгершілік қырынан өтуге мүмкіндік бере алмады. Және мұндай аударма кейіннен Гзак пен Кончак әңгімесімен толығымен келіседі. “Біз соколенка Красной девицейге ұрамыз”. Құлға қатысты осындай жарты хандар бере алады ма? Әрине, жоқ. Өйткені, бұл қарағай көріністерінің толық болмауын білдіреді, ол да болуы мүмкін емес.

Олжас Сүлейменов “сөздің” соңғы жолын анықтаумен осы шығарманы түсінуді, тарихи үрдісті түсінуді негіздеуде соңғы нүкте қойды. Ол адамзат тарихының ұлттық бөлінуіне қарсы наразылық білдіретінін байқадық. Оның жұмысынан қандай қорытындылар шығарылады? Біріншіден, түркі және славян халықтарының өзара қарым-қатынасына жаңа көзқарас жүзеге асырылды. Екіншіден, көшпенді халықтың жаңа, дәстүрлі емес бейнесі бекітіледі, яғни ол жоғары адамгершілік норманы ана сүтімен бойына сіңіретін қағида ретінде келеді: “Егер адамды кездестірсең, оны қорға: мүмкін, сен оны соңғы рет көресің”. Бұл норма “көшпенділер варварға ұқсас” деген қалыптасқан ұғыммен байланысты емес.

Басқаша айтқанда, Олжас Сүлейменов кеңес тарихының академиялық догмаларын жоққа шығаруға тырысты. Кітап пен оның авторына қарсы қарапайым, сыни науқан басталады. Бұл еңбек “ұлтшылдық, пантюркистік және сионизм рухына енген” деп аталады. 1976 жылдың 17 шілдесінде Қазақстан КП ОК “О. Сүлейменовтің “Аз и Я” кітабы туралы” қаулысымен кітапты ақтап, оны іске қолданыстан алып, авторға хат жазуға мәжбүр етті. Бірақ, оны қорғаушылар да болды. Бұл - ірі ғалымдар, жазушылар мен ақындар. Мысалы, ақын Константин Симонов былай деп жазды: “Кітапта мен үшін ең бастысы – бұл тарихқа деген көзқарас – қатаң және сонымен бірге, әділ. Сіздің кітабыңызда сұрақ қою, қай жерден бұрылып, қайда кетті, маған кеңес жазушысы ретінде жақын, ақырында адам ретінде, бала кезінен өз халқының тарихына құмарлықпен, тәтті және ащы пікірлер берілген”.

Әр түрлі сындарға қарамастан, Қазақстан КП ОК тарапынан ресми айыптауға қарамастан, ол өз позициясына адал қалды, ол өзі келген тұжырымдарға сенімді. Қазақстан КП ОК бюро мүшелеріне ашық хатта ол былай деп жазған: “тіл көрсеткіші күтпеген. Ол көрсетеді, бұл христиандыққа дейінгі, ежелгі славяндар, бейбіт алда тюрками. Бірге мал жеп, жерді жырттып, кілем тоқып, бір-бірімен сауда жасап, бір әріптермен жазды. Тек бейбітшілік пен достық кезінде ғана славян тілдеріне тары, мата, хат, қағаз, қарындаш, сөз, тіл, дос, жолдастар сияқты түркі сөздері кіре алады” [5, 55 б. ]. Басқаша айтқанда, бүгінгі таңда “еуразияшылдық” ұғымымен анықталғандай, ол Олжас Сүлейменовпен белгіленіп, одан бас тарта алмады. Ол этностардың, мәдениеттердің қарым-қатынасы да күрделі, тарихтың өзі сияқты бірдей екенін көрсетті. Еуразия тағдыры осыдан мыңдаған жыл бұрын түріктер мен славяндардың өзара қарым-қатынасына, өзара байланысына, өзара тәуелділігіне байланысты болды.

#### Әдебиет:

1. Сулейменов О. «Аз и Я». - Алматы: Еңбек, 1992. - 216 бет.
2. Сулейменов О. Собрание сочинений в семи томах: Тюрки в доистории, 5 том, - Алматы: Атамұра, 2004. - 440 бет.
3. Сулейменов О. Собрание сочинений в семи томах: Язык письма. Том 4, книга 1. - Алматы: Атамұра, 2004. - 256 бет.
4. Сулейменов О. Собрание сочинений в семи томах: Язык письма. Том 4, книга 2. - Алматы: Атамұра, 2004. - 320 бет.
5. Сулейменов О. Пересекающиеся параллели. - Алматы: Дәуір, 2002. - 112 бет.

**ӘОЖ 821.512.122**

## **АСҚАР АЛТАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СЕНІМ МОТИВИ**

**Кулибекова Ж.С., Сейдахмет Г.С.**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)*

Кеңес дәуірі кезеңінде ұлтымыздың өзегі болатын: тілімізді, дініміз және дәстүрімізді дамытып, жандандырып, зерттеуге және оның шығарма, поэзияларымызда дәріптелуіне белгілі бір деңгейде тиым салынған еді. Осы Кеңес үкіметі тұсында дін турасынан сөз қозғамақ, еңбек жазбақ түгілі, дінімізде кілттік сөз болып табылатын «құдай», «тәңірі», «пайғамбар», «періште» сынды т.б. сөздерді қолданудың өзі екінің бірінің жүрегі дауаламайтын ерлік еді. Әрі поэзияға қарағанда проза жанрында діни тақырыпта қалам тербеудің өзіндік қиыншылық, күрделілік, сыни қырлары да бар. «Қазақтың бас ақыны» саналатын ұлы Абайдың өзі: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас!..» деп бастап, Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев сынды ақындарымыз поэзия жанрында қостап осы тақырыпта жырлағанымен, проза жанры ақсап қала берді. Оған себеп ретінде: біріншіден, кеңестік дәуірдің қыспағы дейтін болсақ, екіншіден, қалам тартып жазғысы келгенімен, мұсылмандық, діни сауаты аз болғандықтан деп аламыз, үшіншісі, сол замандағы тәрбиеге байланысты, яғни, шексіз сенім мен батыл жүректі қажет еткендігіне тоқталамыз.

«Жаратушы», «Жаратылыс», «Ислами сарындағы» тақырыптардың еркін, тәуелсіз жазылуы тәуелсіздік алған жылдарымыздан бастау алып, тәуелсіздік жылдарындағы жазушыларымыздың шығармаларынан көрініс береді. Тәуелсіздік жылдарындағы жазушыларымыздың легіне Айгүл Кемелбаева, Төлен Әбдіков, Асқар Алтай, Роза Мұқанова, Дидар Амантай, Думан Рамазан, орыс тілінде жазатын Аслан Жақсылықовтарды жатқыза аламыз.

Тәуелсіздік жылдарындағы жазушыларымыз бұрын-сонды қозғалмаған тақырыпта қалам шертіп, түрлі бағыттарда жұмыс жасап, әлеуметтік-діни, экология, саяси мәселелерді қозғап, постмодернистік бағытта, фантастиканың түрлі бағытында қалам тербеп, қазақ әдебиетіне көптеген жаңашылдықтарды әкелуімен ерекшеленеді. Тәуелсіздік жылдарындағы жазушымыз Асқар Алтай шығармаларында осы ерекшеліктердің барлығы дерлік кездеседі. Соның ішінде сенім мотиві: мұсылмандық өмірдегі кілттік сөздерді көркем шығармаға қосып, қалай көркем бейнелегендігі, кейіпкердің сол сәттегі жай-күйіне, эмоциясын жеткізуде дәлме-дәл қолдана білуі, қазақи менталитетке тән етіп әр кейіпкерді шебер суреттеуінің өзіне арнайы тоқталып өтуге болады және пендесінің «құдайына деген сенімді» Асқар Алтайдың кез-келген шығармасында көркем суреттеумен кездестіре аламыз. Мысалы, жазушының «Казино», «Кентавр», «Альпинист», «Киллер сауысқан (Көкжендет)», «Түсік» сынды ең танымал әңгімелерінен өзге «Стақан», «Мәйт», «Қабірші», «Лайбаран», «Тұл»,

«Шаһид», «Көзімнің қарасы» т.б әңгімелеріне де исламдық сарынды қоса отырып, кейіпкердің жай-күйін, оқырманға айтар ойын түрлі бағытта қалам тербеп жеткізе алуы жазушының басты жетістігі деп білеміз.

«Мені де, өлім, әлдиле» дейді Мағжан. Адам өлімді есіне алған кезде ғана Аллаға жақындай түсетіні тағы рас. Қаламгердің басым көпшілік кейіпкерлерінің Құдайды іздеуі бекерден бекер емес. Асқар Алтайдың айтпағы Құдай – адам жүрегінің сәулесі. Ол – өлгенше пендесімен бірге болатын жалғыздығы, қуанышы мен қайғысы. Автордың кейіпкерінің жалғыздығы – Құдай. Автор кейіпкерлерінің ұлы идея үшін азап шегіп, қайғының отына күйі – қаламгердің сюжет ойыны тәрізді. Суреткер кейіпкерінің күйінбеуін, бәрібір тастай қатып қалған өмірдің жүрегін жібіте алмайтындығын бағамдатады. «Ұлылық дегеніміз – өзінді-өзің тергеу» (Ибсен), «Өмірдің талаптарымен келісе алмаған адам азапқа түседі» (Бодлер) деп айтқандары еске түседі. Жалпы Бодлер айтпай-ақ, қазақтың ұлы ақыны Абай «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда», Мағжан «Сұм өмір абақты ғой саналыға» деген ғақлияны ұлылықтың тонналық қасіретін бек сезгендіктен айтқан [1].

Жалғыздық сарынын Асқар Алтай прозасында пенденің тәңіріне деген сенімі арқылы, Құдай мен Адам тұрғысынан қарастырады. «Казино» әңгімесінің алғашқы сөйлемі: «Құдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат...» деп басталуының өзі оқырманға шығарманың идеясын түсінудегі басты аргумент. «Жалғыздың да Құдайы бар» демекші бас кейіпкер Жошының әңгіме басындағы күйі, өмірден көңілі қалған кейіпкердің өмір сүру себебі – құмар ойыны мен Есілай сұлу ғана екендігін анық байқауға болады. «Құдай жоқ» деп өзін сендіруге тырысқандығы шығармада:

*«...Мұның құмарын тарқататын, азартын ашатын – казино. Есілайдың айдар таққан «Хрусталь Храм», «Пирамида» да жел мен уақыттың жемі. Бір-ақ сәтте күйрейді... Шыны... шыны-адам... шыны-қоғам... бәрі де шытынағыш. Тәңірінің тәлкегі – бәрі... Жо-жоқ. Адамның арсыздығы. Ал құдай жоқ. Жо-о-оқ!*

1815	21	707	40013	761
1820	68	1074	160296	3268

Эти цифры, по убеждению А.И. Левшина, не отражают полной картины торговых поставок. Надобно полагать, - пишет данный автор - в цветущее время мены с казахами, ежегодно только в Оренбурге выменивали у них до 500 тыс. овец и столько же в других местах границ с Россией.

Во второй половине XIX века российское купечество стало использовать в Казахстане новую форму торговли - ярмарочную. В Казахстане для его обширной малонаселенной территории и неразвитостью путей сообщения с кочевым образом

жизни ярмарки оказались удобной формой крупной торговли. Особенно развита ярмарочная торговля была на севере Акмолинской области. Здесь действовали три крупные ярмарки: Таинчикульская (близ Петропавловска), Константиновская (в Акмолинске), Петровская (в Атбасаре), и более 50 мелких и средних.

На ярмарке стекалось огромное количество людей и товаров. Выбор места и сроки проведения ярмарок устанавливались с учетом передвижения кочевников.

Номенклатура товаров была такова, из России и Сибири привозили на продажу пшеницу, овес, кожи выделанные, посуда фаянсовая, чугунная железная и другие железные предметы. Из казахской степи привозили лошадей, КРС, баранов, сало топленое, сырец, сырые кожи, шкуры различных зверей. Из Средней Азии и Китая привозили чай байховый, кирпичный, различные фрукты, пшено сарацинское (рис), шелковые ткани, хлопчатобумажные ткани. Если рассматривать соотношение товаров этих государств, то по объемам поставок на Константиновскую ярмарку лидировали азиатские товары - почти 64% от общего количества привезенных товаров, затем товары кочевников - 21,4%, российские - 12,6%. Наивысший процент реализации имела продукция казахстанской степи - 100%), хлеб и фураж - 100%), затем шли российские товары 68,8% и азиатские - 35,3% [100]. На лицо высокая продаваемость казахских товаров, т.е. скота.

Помимо ярмарок продолжала существовать в отдельных районах разъездно-меновая торговля, которая носила неэквивалентный характер для казахов.

В отличие от этой формы торговли ярмарки были более выгодны казахам. Здесь без посредников они приобретали необходимый для себя товар. Ярмарки являлись не только местом торговли, но и местом трансляции культуры. Во второй половине XIX века и в последующий период ярмарки сопровождались народными играми, забавами. Здесь заводились знакомства между казахами и русскими.

Ярмарки являлись местом взаимопроникновения культур, приобщения к новым товарам, многие из которых заимствуясь у русских входили в повседневную жизнь казахского общества. Необходимо заметить, что этот процесс происходил на разных уровнях. Представители элиты казахского общества хорошо расположенные к русскому правительству, были кооптированы в новый административный аппарат и стали русскими гос. (служачими. Представители этой категории, получая русское образование, приобретали знания, этикет высшего общества. Они одевались в европейском стиле, приобретали предметы роскоши и во всем стремились походить и следовать русским придворным.

Более низкая социальная ступень - шаруа, также стали перенимать новые обычаи и нравы, приобретая на ярмарках новые для себя, неизвестные предметы: зеркала, свечи, самовары, швейные машинки, рабочий инвентарь. Все эти предметы изменяли жизнь казахов, адаптируя их к оседлой жизни. Работая с новыми орудиями труда они приобретали новые навыки и знания.

Помимо материальных приобретений сами казахи знакомили русское население со своей духовной культурой. На ярмарках часто звучали музыка, проходили айтысы - состязания акынов, казахские джигиты показывали свою удаль в скачках, в борьбе, ловчей охоте. Здесь же сами казахи знакомились с европейской музыкой. Знакомясь с ней казахские музыканты адаптировали свои мелодии под европеизированную музыку. Ярким примером приобщения к русской культуре является перевод стихов Абая Кунанбаева, в частности письма Татьяны к Онегину из произведения А.С. Пушкина. Этот отрывок из поэмы был переложен на музыку и вся казахская молодежь ее знала в песне, сочувствуя героям. Таким образом, спектр взаимодействия культур был достаточно широк.

Естественно ни одна ярмарка не проходила без угощений национальной кухни. Особой популярностью пользовался кумыс, который являлся активным продуктом продажи казахов. Так кумысом в Акмолинском уезде торговали 55 человек, на сумму 6 тыс. рублей [101]. Здесь же казахи познакомились с растительной пищей русских.

В целом ярмарки упрочили связи казахского хозяйства с капиталистической экономикой России. Продолжительность ярмарок, их товарооборот во многом зависел от покупательской способности казахов. Крупные казахстанские ярмарки были тесно связаны между собой и общероссийскими Нижегородской, Ирбитской, на которые прежде всего и поступали закупленные в Казахстане скот, кожи, шерсть, оттуда же доставлялись промышленные товары.

Ярмарки содействовали развитию товарно-денежных отношений, создавали стимул к увеличению товарности скотоводства и промыслов. В Акмолинском уезде только кошмы, пользовавшиеся спросом среди местного населения, продавались на сумму 50 тыс. рублей [102]. Вместе с тем в 80-х годах наступает кризис скотоводческого хозяйства, вызванный джутом 1879-80 гг. и торговля скотом сокращается, что снижает торговые обороты ярмарок.

Переселение крестьян, основание большого количества поселков и создание внутреннего емкого рынка вызвали усиление позиций стационарной торговли. Усиливается роль более мелких ярмарок и базаров. Увеличение числа крестьянского населения привело к товарности их продукции. Крестьяне нуждались в наличных деньгах, что тоже вынуждало их торговать. Крестьяне-переселенцы торговали овощами со своих огородов: морковью, капустой, огурцами, свеклой, луком, изредка арбузами и помидорами. Торговали и животноводческой продукцией: маслом, молоком, сметаной, сыром, мясом, кожами. Базары приводились почти во всех крупных селениях. В отличие от них ярмарки проводились весной и осенью. Осенью крестьяне спешили продать свой урожай, весной расчетливые крестьяне продавали излишки. Активно в ярмарках участвовало казахское население. Кто-то из них ставил юрту, продавали курт, творог, кумыс. Завязывалось тамырство между казахами и русскими или украинскими мужиками. У каждого из них была нужда, она то и сводила их. Об этом свидетельствует краевед В.Д. Кузнецов в своей книге "Мал золотник, да дорог", где передает отрывок воспоминаний жительницы села Новопокровка Кати Тютиной "... бывало подъезжало к нашему двору одна, две казахские арбы, отпрягают лошадей, пьют чай, потом едут на базар. Это наши тамыры из Амамаева или Сабыр-кина аулов, что 10-15 км от нашего села. Они запросто общались с нашими родителями без переводчика, потому что отец мог с ними изъясняться на казахском языке.

После базара во второй половине дня возвращаются, вымоются в бане, которую они утром заказали, напьются чая. Нам, детям, что-то из угощений передано, взрослых угощали кумысом" [103].

Таким образом, торговля была своего рода одним из каналов развития и взаимодействия двух культур. Торговля стимулировала контакты, как экономические, так и культурные. В ходе торговых операций русские и казахи познакомились с языком друг друга, традициями, ценностными ориентациями. Зарождались не только деловые контакты, но и содружество ярким примером которого является «тамырство».

Тамырство - особый вид отношений между казахом и представителем другой национальности, который возникал на взаимопонимании потребностей друг друга в дружбе, как необходимый элемент во взаимоотношении с людьми другой национальности. Каждая казахская семья стремилась обрести тамыра в иноэтничной среде. Тамырство стало одним из основ дружбы казахского и русского народов. Процесс тамырства, корни которого возникли в связи с переселением крестьян имеет бытование и сейчас, особенно в сельской среде.

Тамыр – это друг до смерти. Обряд заключения дружбы состоит в присяге на Коране. Перед церемонией созывают народ, режут скотину и угощают приглашенных. Звание «тамыр» дает известные права человеку в смысле «хозяйничанья в юрте друга, если при посещении его не оказалось дома; распоряжение его исполняются женщинами и жителями беспрекословно. Как приказания хозяина. Вступление в такой союз обязывает обоих не отказывать друг другу ни в каких просьбах, и подчас тамырство заканчивается судебным делом, когда один из друзей злоупотребляет своими правами и в то же время недостаточно уступчив. [1, с.67]. Но с умиротворением степи, с доведением в ней гражданского порядка постепенно исчезает потребность в прежних связях и от прежнего понятия тамырства остаются лишь кое-какие остатки, потерявшие прежний практический смысл. Теперь тамырство понимается как побратимства. Побратимов связывала тесная дружба, обязательства взаимопомощи, взаимоподдержки. Взаимоотношения нередко более тесные, чем кровные. Сейчас мы понимаем тамырства как вид тесных отношений между людьми разных национальностей, который возник в потребности друг в друге. Тамырство стало одним из основ дружбы казахского и русского народов.

#### Литература:

1. Итоги переселенческого движения. Т.2, с.49, 51.
2. Кузнецов В.Д. Мал золотник, да дорог. Петропавловск, 1999 г., 19 с.
3. Артыкбаев Ж. Указ.соч., с. 197.
4. Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. А., 1989 г., с.24.
5. Материалы по киргизскому землепользованию. Акмолинская область, Атбасарский уезд. Т. П, Воронеж 1905 г., с. 5-6.
6. Очерки экономической истории КССР, Алматы.
7. Киргизское хозяйство Акмолинской области. Т.3. Петропавловский уезд. СПб, 1910 г., с. 19.
8. Соколовский Г. Казахский аул. Ташкент. 1926 г., с. 35.
9. Ч.Ч. Валиханов Пол.собр.соч. А-ты. 1985 г. Т. 4, с. 148.
10. Курилов В.Н. Река и речка в картине мира русских сторожилов России, с. 435-438.
11. Поспелов Е.М. Национальная политика СССР и топонимика. // Топонимика и межнациональные отношения. М., 1992 г., с. 3.
12. Тезекбаев М.Т., Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова. К проблеме топонимики в РК. <http://www.ertisdidary.kz/>.
13. Аргынбаев Х.А. Семья и брак у казахов. Алма-Ата, 1975. С. 304.

ӘОЖ 81'

### Т. АХТАНОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ КӨРІКТЕУІШ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

**Хамзина Г.С., Абдрешова Д.Б.**  
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Жазушы кейіпкер бейнесін өмір шындығымен жанастыра суреттейді. Шығармадағы сөз тіркестері, бейнелеуіш сөздер, сол кездегі қазақ халқының тұрмысына, ұғымына лайық қолданылған сөздер мен сөйлемдерден тұрса, эпитет, теңеу, троп түрлері мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың тұрмысы мен салт-дәстүріне байланысты лексикалардан құралады.

Қазақ әдебиетіне қатысты теориялық және жекелеген шығармаларды талдауларда эпитетке қатысты тұжырымдар қалыптасқанын, соның нәтижесінде рухани



мұраларымыздың көркемдік ерекшеліктерін саралауда эпитетке байланысты айтылған ұсыныстар мен толғамдар турасында да сөз қозғауды жөн көрдік. Осы тұрғыдан алғанымызда шығарманың көрнекі тілі жөнінде терең түсінік қалыптастырып, оның түрлі әдістерін нақтылай көрсеткен алғаш еңбектің негізі А. Байтұрсыновтан басталады.

Қ. Жұмалиев: «Тұрақты эпитет деп көпшілігіне сол нәрсеге тұрақталып, бекілген эпитеттерді айтады. Мысалы: «Қызыл ту», «қызыл әскер», «шұбар түс» т.б.» [1, 29 б.].

Сонымен қатар, әдебиет теориясына арналған еңбекте, эпитет болатын сөз көбіне сын есім, кейде зат есімдер мен есімше, көсемше етістіктер арқылы затты анықтайтын сөздер болатындығы түсіндіріледі.

Прозадағы эпитеттер: қасқыр көзді көне адам;көк тұмсық; тарғыл бет адам; бір дала ауыз; жаман тымақ;шоқша сақал; қара жон солапат көсе жігіт; қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұртты т.б.эпитеттер, біріншіден, кейіпкердің келбетін, портретін, өзіндік ерекшелігін нақты, дәл көрсетуге қызмет етеді; екіншіден, кейіпкердің көңіл-күйін,ішкі сезімін ашады. Озбыр омырау, өксікті күндер эпитеттері Борантің өткен күндерін сипаттар тұр. Енді бірде Борантің бейнет пен жан азабын тартқан күндерін жаны көзіне көрінетін алай-түлей қараңғы, қара күндер, барса келмеске біржола кеткендей деп береді. «Жазушының қолданылған эпитеттері суреттеген нәрсесіне өзінің қатынасын көрсетеді» [2, 187 б.].

Қаржасбайдың шалдуар баласы бір күні қарындашын тартып алып, бермей қойды («Қаһарлы күн», 26-б.). Бұл мысалдағы шалдуар деген сөз Қаржасбайдың баласының қандай адам екенін айқындап, бұзақы, тентек, сотқар екенін білдіріп тұр.

Адал құс ерте қайтты («Қаһарлы күн», 35-б.). Бұл сөйлемдегі адал деген сөз эпитет болып қолданылған. Себебі, сөйлемді әсерлі, айшықты етіп көрсету үшін. Бұл – автордың көркем шығармада шебер қолданысы.

Жұттың аяқ шенінде шенді басты үйлер азығын да тауысты («Қаһарлы күн», 35-б.). Осы келтірілген сөйлемде «шенді басты» деген тіркес эпитет болады. Өйткені, «шенді басты» деген тіркес арқылы сөйлемге айрықша өң беріп, үйдің иелерінің кім екенінен хабар беріп тұр.

Қысыр сөзді қысқартайын, әңгімеге жол тартайын («Боран», 15-б.). Осы сөйлемдегі эпитеттер күнделікті қолданылатын сөздер болып көрінгенімен, «қысыр» деген сөзге ерекше бір образдылық үстеп тұр. Сондықтан да бұл эпитет болады.

Боран ашылса, шартылдаған сар шұнақ аяз қысты («Қаһарлы күн», 34-б.). Мысалда келтірілген эпитет – «сар шұнақ» деген сөз. Автордың шебер қолданысымен сөйлемге айшықты, бейнелі – экспресивті көркемдік бере отырып, өзінің образдылығымен суретін көз алдына елестету үшін қолданылған.

Арасанға түскендей, пысынып, қошқыл маңдайынан, қоңқақ мұрнынан шып-шып тер шығып, бала молда да тезірек далаға ұмтылды («Қаһарлы күн», 39-б.). Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін («Боран», 151-б.). Келтірілген мысалдрадағы эпитеттер адам бейнесін сипаттап беруде үлкен мәні бар. Яғни, сөйлемдерде эпитет тамаша шеберлікпен қолданылған.

Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны («Боран», 14-б.). Осы сөйлемде қарт деген сөз эпитет болып қолданылып тұр. Өйткені Алтайдың ерекше бір сипатын, сапасын көрсетеді. Яғни Алтайды ерекшелеп, ажарлай түсу үшін «қарт» деген көркем сөз үстемелей қосылады.

Сұлу әйелдің от құшағын, тәтті лебізін кім аңсамайды?(«Боран», 153-б.). Осы сөйлемде қолданылған эпитеттер сөйлемге айрықша өң беріп, өмір суреттерін дәл өрнектеуге қызмет етіп тұр.

Теңеу – адамның дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі. Ең алдымен ол ең пәрменді ойлау формаларының қатарына жатады. Ойлаудың басқа түрлерінің барлығы да тек теңеу арқылы ғана, теңеудің тікелей қатысуы нәтижесінде ғана жүзеге асады.

Қазақ тілінде теңеуді жан-жақты зерттеген ғалым Т. Қоңыров теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрлымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген. «Қазақ теңеулері» атты монографиясында ғалым теңеуге мынандай анықтама береді:

«Теңеу дегеніміз – ұқсас ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [3, 7 б.] – дейді.

Жазушы романдарындағы теңеудің стильдік мәніне көңіл аударсақ, теңеулерді бірде кейіпкерлердің кескін – келбетін, бет-пішінін, сыртқы көрінісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолданса, бірде кейіпкердің мінез-құлқын, көңіл-күйін, ішкі сезімін ашуда таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады.

Мамырбай өгіздей өкілді, сылқ ете отыра кетті. Ауыл қойдай маңырап, қозыдай шулап жатқанда, дүрсілдеткен атты тақырын шеттегілердің құлағы шалып қалды («Боран», 205-б.).

Жүзі айтарлықтай айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұрандасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса – есің кетіп, сұңқыл қақса – шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді («Боран», 14-б.).

Мидай жазық, кең дала, жел жоқ... Аспанда ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай ақ бұлттар («Қаһарлы күн», 32-б.).

Жазушы шығармаларында ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын теңеулер: ай мен күндей, үріп ауызға салғандай, еті уыздай аппақ, білектері, сандары оқтаудай т.б. кездеседі.

Теңеудің жұбы етіп қазақ халқы бұрыннан сиырды, қой мен түйені, қасқырды, атты, шал-кемпірді күнделікті өмірде маңызы бар құбылыстарды алса, Т. Ахтанов шығармаларында теңеудің жұбы етіп атты, түйені, қой мен сиырды, құсты алады. Мысалы, ...балалар енесіне табысқан қозыдай жамырасып... Бекболатты тамақ ішуге шақырған екен. Қаңылтыр аяқтағы сылдыр су сорпалы жеріген жылқыша тамсанып ұрттаған болды. Сорпа ішіп отырғанын да аңдаған жоқ: ойы бөлініп, қиялы әлдеқайда отыр еді («Боран», 207-б.).

Бұл сұрауларды Қаһарлы күн жарадай көріп отырды («Қаһарлы күн», 30- б.).

Аспанда ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай ақ бұлттар («Қаһарлы күн», 32-б.).

Әлде кім біледі, содан бері шыр жықпай инеліктей қатып ол кетті («Қаһарлы күн», 34-б.).

Т.Ахтанов шығармаларында әдебиеттің ажарлау құралдарына метонимия тәсілі де теңеу мен метафора, синекдоханы кейіпкердің белгілі қасиеттерін ерекшелеп көрсету үшін пайдаланған. Мысалы, жау жүректер, күйінділер, даңғойлар, ұр да жықтар т.б. метонимия тәсілімен бейнелі образдар жасаған. Синекдохалар кейіпкер бейнесін жасауда әр түрлі қызметте жұмсалса, идиомалар авторлық баяндауда, кейіпкер тілінде өз орнын тауып, аса шеберлікпен жұмсалған. Кейіпкер мінезін беруде жазушы тура мінездеу, жанама мінездеу тәсілін де қолданғандығы мысалдар арқылы берілді. Жазушы адамның ішкі сезімін, көңіл-күйін сыртқы дене мүшелерімен астастыра суреттейді. Сыртқы кескін-келбетін суреттей отырып, кейіпкердің эмоциялық жай-күйін, мінез қырын айқындайды.

Жазушы романдарындағы метафоралар көбінесе фразеологизм құрамында келеді. «Метафора тек ауыспалы мағына ғана емес, ол өзі бойына көптеген қасиеттер мен

қызметтерді сыйғыза білген күрделі процесс. Метафораның табиғи болмысы бір уақытта екі мағынаның бір сөзде қатар өмір сүруіне икемделген» [4, 9 б], – деп көрсетеді А. Сыбанбаева.

Ықаң да, Тыпаң да дәулет құсы бастарынан ұшқан адамдар еді («Боран», 225-б.). Дәулет құсы-тұрақты тіркес, дәулет құсы басынан ұшу – бақ, биліктен айрылу.

Семей – бір губерния елдің жүрегі.

Семей – бір губерния елдің миы. Ызғындай елдің ортасындағы өнер-білімнің, сауда-кәсіптің, отарба, от кеменің тоғысатын кіндігі, қара шаңырағы – Семей («Боран», 300-б.).

Кіндік, жүрек, шаңырақ тұрақты метафора болса, Семей – бір губерния елдің миы-өзіндік метафора.

Қарашолақ азаматтары “қара тақтай” осы деп, азарда – безер боп тұрған соң, “асылдың жұрнағын” бұрынғы дәрежесіне қайта мінгізді («Қаһарлы күн», 141-б.). Қаһарлы күннің ақыл ауданы азарлық кеңігендей, жалғыз өз басынан гөрі көптің де қамы деген сөздерге құлақ қойғандай болды («Қаһарлы күн», 99-б.).

Қара тақтайсыз мұғалім-тебенсіз кемпір ғой.

Қуарған қу бас өмір-жапырақсыз ағаш.

Тұрмыс-күн-көріс тартысы. Мысалдағы метафоралар – жазушы қаламына тән метафоралар.

Алдымызда қылышын сүйреткен қызыл шұнақ қыс. Айналамыздағы қала – қызыл жау. Келешегіміз-аяз, аштық соғыс, ажал. Бірінен болмаса бірінен өлуіміз хақ. Қызыл түспен байланысты жаңа ұғым, түсінік берген, яғни қаталдық ұғымын туғызған.

«Сөз қолданыс – жазушы шеберлігінің айнасы. Бұл орайда әңгіме желісі болатын шеберлік тұстары әр алуан болып келеді. Солардың бірі – шығармада айтылмақ оқиғаның сырын тұспалдап ашатын сөздерді қолдану» дей келе ғалым Р. Сыздықова ұлы жазушы М. Әуезовтың қызыл сын есімін қатыгездікті беру үшін қолданғандығын көрсетеді [5, 44 б.].

Т. Ахтанов қызыл сөзін қаталдық, қатыгездік символы ретінде ұсынған. Жазушы ақ, қара, суық сын есімдерін де символ ретінде қолданып, оларға стильдік жүк артқан. Мысалы, ақ түс – адалдықтың символы, қара түс – зұлымдықтың символы екені белгілі. Суық жүрісті деген тіркестің құрамындағы суық сөзінің мәні жауыздық, қаталдық деген ұғымдарды туғызады.

Сәске мезгіл еді, әжесі: «Сиыр суға келді» деген соң, Қаһарлы күн құдық басына жөнелді («Қаһарлы күн», 29-б.). Мұндағы метафора «құдық басы» автордың тілдің ерекше философиялық белгілеріне тән ойлау қабілетін танытып отыр. Философиялық ойлау мен көркем шығармашылық адамның айналасындағы дүниені танумен байланысты. Автор қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстар өзгешелігімен оқырман қауымға әсерлі болып отыр.

Метонимия (грекше *metonymia* – қайтадан атау) – өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану [6, 225 б.].

Синекдоха метонимияға жақын, өйткені синекдоха да екі ұғымның іргелестігі арқылы жасалады. Мұның метонимиядан айырмасы мынада: метонимияда сандық айырмашылық болмайды; ал синекдохада сандық айырмашылық болады. Егер сан жағынан айырма болмаса, синекдоха болмайды. Синекдохада бір ұғымды екінші ұғымға ауыстырғанда: бірі — үлкен, екіншісі — кіші; бірі — жалпы, екіншісі — жалқы; бірі — бүтін, екіншісі — бөлшек болуы қажет. Әрине, үлкені — кішінің орнына қолданылғанда, мағынасы тараяды да, кішісі — үлкенінің, орнына қолданылса, мағынасы зораяды, кеңиді.

Синекдоха - бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны (дараны), үлкеннің орнына кішіні қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуы [7, 145 б.].

Жазушы прозасында синекдоха, метонимиялар да эмоционалды-экспрессивті мәні жағынан ұтымды шыққан.

Мысалы, Ауыл күрсінеді. Күрсініп жүріп қыбырлайды («Қаһарлы күн», 93-б.). Сарыарқа күңіренді. Ауыл әбігері («Боран», 189-б.). Халық, ел деген ұғымның орнына ауыл сөзін қолданған.

Жау жүректер, күйінділер, жастар бір кісілік әлі бар, даңғойлар, өжеттер, ұр да жықтар, ұрылар “соғысамыз” деді.

Қорғалақтар, қорқақтар шегініп қалды ... Тайқалақтар қай жағына қосыларын білмей ... Бөлінгендер қалғандарға кіжінеді. Жаны тәттілердің атын аударып аламыз, қамшы береміз. Соғыспайтын болса, жасақта не ақысы бар? Деп жанкештілер қамшы басты. Қамшы жеген қорқақтар қайта тығылады. Жасақ қайта жанданды, соғысқа қамданды («Қаһарлы күн», 88-б.). Жазушы метонимиялар арқылы жасақтың арасында бірлік жоқ екендігін көрсетеді, әрі даңғойлар, ұр да жықтар, ұрылар деп соғысамыз деушілерге деген көзқарасын қоса білдіргендей.

Автор адам сөзін қайта-қайта қолдана беруден гөрі оның орнына анатомиялық дене мүшелерінің бірін жұмсайды. Бүтіннің орнына бөлшекті қолданады. Көбінесе бас, сақал, мұрт, ауыз, қол т.б. дене мүшелері атаулық ұғымдардың орнына жүреді.

Қара мұрт шығып кетіп еді, бір уақытта қалпағын шекесіне салған сең-сең бас, теке көз, бұжыр сорыны алып келді («Боран», 162-б.).

“Амандығын біле кетейін” деп Қаһарлы күн бір танаудікіне келді. Бірақ танаудың өзі жоқ, қатын, баласы бар екен («Қаһарлы күн», 24-б.).

Саулық қойдың жасындай жасымыз бар, мынау отырған бурыл сақалдар неге тұлға боламыз («Қаһарлы күн», 47-б.).

Эпизодтық кейіпкерлерді кейде нақты бір нәрсеге ұқсатып, не бір белгілеріне қарап атау жазушы тілінде көп кездеседі. Кейіпкерлердің аттары да өздеріне сай: Бозінген, Тұяқ, Доға, Құлтума, Жылтыр, Тыпаң, Ықаң, Бүкір т.б.

Адам ұғымының орнына кейде тек киімдерін ғана қолданудан ол адамның кедей, бай екендігі немесе қандай да бір ерекшелігі ашылады. Мысалы: Қасындағы тымаққа “несіне қамқор бола қойдың?” дегендей ала көзімен қарады («Қаһарлы күн», 83-б.). Төрдегілер көріп қойды ма дегендей Қаһарлы күн қалбалақтап, қызараңдап, көп ұзамай жаман тымақтардың қасына отыра кетті («Қаһарлы күн», 81-б.). Бұл жерде тағы айта кететін жайт, жаман тымақ бірде адам деген ұғымда білдірсе, яғни синекдоха болса, енді бірде эпитет болып та қызмет атқарады.

Т. Ахтанов кейіпкерлердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына қарай метонимия табады. Мысалы, Агенттері өңкей қаланың соғылғандары («Қаһарлы күн», 134-б.). Қаладағы талаушылардың ішінде де солардың агенті болады екен. Кеше қазақ оқығандары сөйлесіп, институттағы нағыз мұқтаждарын біліп беруді маған тапсырып еді. Мұқтаждар қарық болып қалды... Тасаттық берген жердің қасынан өтіп бара жатса, ет біткен жайрап қалыпты. Еттің басында аузы, басы май екі мешкей қораптағы арбаға піскен етті төгіп, кенеліп жүр, ауыздары толулы: “ана табақты бері әкел” дегеннің орнына тұмсығын көтеріп мәңіреді. Олардың ар жағында ет пен теріні бірдей жинап, аяғы сайға тимей, қожа-молдалар қаздаңдап жүр («Қаһарлы күн», 87-б.). Бұлардың барлығы образды қолданыстар. Айтайын деген ойды бейнелі етіп білдіру үшін, әсерлі сөздер пайдаланған. Жан-жануарларға тән қимыл-әрекетті адамға байланысты қолдану арқылы оқырманына әсер туғызады.

Егер ақ сақал «бері таман кел» деп, оң жағынан орын сілтесе, әлгі бала бірталай тұратын еді («Қаһарлы күн», 39-б.).

Жазушы туындыларында жансызға жан бітіре суреттеп, көз алдымызға әкелетін кейіптеулер де кездеседі.

Міне, Ертіс. Суы қара барқынданып, жауырынын күжірейтіп, көк ала сең арқалап, езуінен көбігі бұрқырап, екпіні үй жыртқандай долы Ертіс. Өне бір сеңдер иін тіресіп, үзеңгі қағысып келеді. Оның ар жағында аңдағайлаған жеке қара сеңдер тұмсығын жұлдырып, күрс-күрс сынып басы зеңгіп, үйдей шомбал кесек мұз майдандағы даулескер батырдай, жолдағыларды кеудемен соғып, соныдан жол салды. Алыптың айбарына неғып шыдасын?

Шошандаған қагілез сеңдер тұмсығын жұлдырып, күрс-күрс сынып, басы зеңгіп, шыр көбелек айналды. Алыстан бұршақ теңдеген нөсер келе жатқандай, әйтпесе қамыс кешіп жолбарыс жүргендей, сеңге қақалған Ертіс булығып, кеудесі сыр-сыр етеді. Ертістен бойды шіміріктіріп қоңыр салқын жел еседі. Кемерді тасқын кернеген. Аралды су алған. Аралдағы сәні кеткен сояу ағаштар. “Пәлеңді аулақ қыл!” дегендей жаны сауғалап, сеңдерге басы тиіп теңселеді. Тамыры тармақты, әулетті ағаштар ғана басын көкке көтеріп, елең қылмай тұр.

Бегіне әжім кірген құлабалар “алла” деуге әлі келмей, екпінді сеңге құрбан болып жатыр («Қаһарлы күн», 74-б.). Осы үзіндіде табиғат құбылыстары адамның қимылымен ауыстырыла суреттелген. Осындағы кесек мұздардың жолындағыларды кеудесімен соғуы, Ертістің сең арқалауы, жауырынның күжіреюі, сеңдердің тұмсығын жұлдырып, басы зеңгуі, Ертістің сеңге қақалып, булығып, кеудесінің сыр-сыр етуі, ағаштардың сеңдерге бас июі, жан сауғалауы образды түрде суреттелген. Автор жансызға жан бітірген, бәрі жанды нәрседей қозғалысқа, қимылға түскен.

Жазушы табиғат құбылыстарын жандандырып, әсерлі суреттеу үшін кейіптеуді қолданады.

#### **Әдебиет:**

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1969. – 243 бет.
2. Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы, 1996. – 240 бет.
3. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы, 2007. – 480 бет.
4. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы, 2002. – 161 бет.
5. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 207 бет.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1976. – 465 бет.
7. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997. – 272 бет.

## **ӘОЖ 81**

### **Б. СОҚПАҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА СИНОНИМДІК ҚАТАРЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ**

**Хамзина Г.С., Жаныбекова Қ.Қ.**  
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Тілімізді байытатын, сөздік қорымызды молайтып тереңдете түсетін мағыналы сөздердің бірі – синонимдер. Әрбір тілдің қаншалықты дамып жетілгендігін синонимдер арқылы байқауға болады. Тұлғалары бөлек, мағыналары жақын сөздер – көркем шығармаға қажетті тілдік құралдар. Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу арқылы айтпақ ойды дәл беруге, образ-бейнені әсерлі етіп жеткізуге болады. Синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысының өзіне тән

мағыналық реңктері бар. Көркем шығарманың экспрессивтік арқауы – сөз болса, оның экспрессия тудыратын күші семантикасында, мағынасы мен мағыналық реңктерінде.

Қазақ тілінің бай тіл екендігі синонимдердің молдығынан көрінеді. Ғалым Ә. Болғанбаев «Синонимдер дегеніміз – әр түрлі айтылғанымен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән мағыналық, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз тобынан болған сөздер» деген [1, 10 б.]. Осы жайында К. Аханов мынадай ой айтады: «Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді. Сөздік құрам неғұрлым бай, орамды болады. Сөйтіп, синонимдердің молдығы – тілдің байлығын, дамыған тіл екендігін аңғартатын көрсеткіштің бірі. Синоним сөздерді жете білудің үлкен мәні бар. Лексиконы синонимдерге бай адам сөз мағыналарының арасындағы нәзік айырмашылықтарды дөп басып айтуға шебер келеді. Өзара мәндес сөздердің мағыналық нәзік айырмашылықтарын жете білген адам синоним сөздердің сыңарларының айтылатын ойға дәлме-дәл келетінін тауып қолданады да, оның жазғаны немесе сөйлеген сөзі нысанаға дәл тиіп жатады, әрі келісті, әрі мәнерлі болып шығады», – дейді [2, 173 б.]. Ғалымдар синонимдердің мынадай белгілеріне қарап талдайды:

- 1) Сөздің дыбысталуында аз да болса, тұлғалық өзгешелігі болуы қажет;
- 2) Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі қажет;
- 3) Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуға тиіс;
- 4) Бір сөз табынан болған синонимдер бірыңғай грамматикалық тұлғада келіп, контексте бірін-бірі алмастырған жағдайда бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Тіл-тілдің лексикасында қолданылуына байланыссыз, жеке тұрып та лексикалық единица ретінде бір-бірімен синоним сөздер бар да, тек қолданылуына қарай бір-бірімен мәндес болып келетін сөздер де бар. Мысалы, үлкен, зор деген сөздердің орнына алпамсдай, еңгезердей, абажадай деген сөздер қолданылып айтылады. Бірақ солай бола тұрса да, бұлсөздер үлкен және зор сөздеріне тұрақты синоним бола алмайды. Бұлар аталған сөздермен тек қолданылу ыңғайына қарай мәндес болып келеді.

Синонимдер әр түрлі жолдармен пайда болады.

1. Сөздердің мағыналық жақтан дамуы қосымша жаңа мағыналарына ие болуы синонимдік қатарлардың жасалуына әсер етеді. Осыдан көпмағыналы сөздер мен синонимдердің қарым-қатынасы, өзара байланысы келіп туады. Көп мағыналы сөз әр мағынасында әр түрлі синонимдік қатарға еніп, синоним сөздердің шеңберін кеңейтіп отырады.

2. Заттар мен құбылыстардың бірден көзге түсіп, байқала қоймайтын айрықша белгілері мен қасиеттерін бірте-бірте ашып, оларды атау үшін және мағыналарының реңкін ажыратып айту үшін, тілде жаңа сөздер жасалып отырады да тілдің бүтіндей сөздік құрамы даму, баю күйінде болады.

3. Әдеби тіл лексикасының диалект сөздердің есебінде толығыуы нәтижесінде де синонимдер жасалады.

4. Тілде белгілі бір стилистикалық қызметте жұмсалатын эфвемизмдер басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерінде мәндес синоним жасалады.

5. Белгілі бір тілдің лексикасы басқа тілдерден енген сөздермен де толығып, байып отырады. Кейде басқа тілдерден енген сөздер сол тілдің байырғы сөздерімен мәндес келіп, сонның нәтижесінде синонимдер жасалады [3, 6 б.].

Синонимдердің сәл ғана мағыналық нәзік айырмашылықтарды қамтып, оралымды түрде жеткізе білуде мәні айрықша. Мұнымен бірге, синонимдердің стильдік мәні де күшті. Сөйлемде я жазуда бір сөзді қайта-қайта қайталай беру, мысалы, алдыңғы сөде

қолданылған сөзді, соған байланысты екінші сөйлемде қайталап қолдану кейде стильдік жағынан кемшілік тудырады, қолайсыз, ретсіз болып көрінеді. Мұндай жағдайда сол сөздің синонимін тауып қолдану орынды, келісімді болады. Мәселен мына берілген сөйлемге назар аударалық: –Ішіміздегі көкірегі зерделі, сауаттымыз Дүйсен үкімет ісіне араласып, ауылнай болған соң Әпсаттардан басқамыз ойға көшіп келдік, - деп бастайтын әкем бұл әңгімесін. Осы сөйлемдегі көкірегі зерделі деген мен сауаттымыз деген сөздер – бір-біріне синоним. Жазушы бір сөйлемде бір сөзді қайта-қайта қайталамай, оның синонимдерін тауып қолданған. Осының нәтижесінде сөйлем де көркем құрылған.

Академик Рабиға Сыздықова синонимдердің көркем сөзде қолданылуы туралы: «Синонимдер – тек мағыналас (мәндес) келген сөз қатарлары ретінде лексикалық категория ғана емес, қолданыста, әсіресе көркем сөзде ең қуатты, икемді, актив стильдік құрал» [4, 27 б.] деп санайды.

Синонимдер омонимдерге қарама-қарсы құбылыс. Омонимдер жазылуы бірдей, мағыналары әр басқа сөздер болса, синонимдер, керісінше, жазылуы әр басқа, мағыналары бірдей сөздер деген түсінік баршамызға мәлім. Өскелең бай тілдің басты белгілерінің бірі – синонимді сөздер. Тілдің өсіп, көркеюі үшін, бай әдеби тіл боп жетілу үшін синонимика категориясының айрықша маңызы зор. Тілдегі мақал-мәтелдер, жұмбақ, идиомдар ойды бейнелеп, меңзеп айтудан, астарлап, кестелеп, айтудан туады. Сол сықылды тілдегі синонимді сөздер, синонимді тізбектер де негізгі бір ойды әлденеше құбылтып, айтудан құралады деуге болады [4, 31 б.].

Синонимдік қарды құрастырушы сөздер бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болуымен бірге, барлығының бір сөз табына қатысты сөздерден жасалуы шарт. Әр түрлі сөз табына қатысты сөздерден синонимдік қатар жасалмайды. Белгілі бір синонимдік қатар жасалуы үшін, оның құрамына енетін сөздердің барлығы да не бірөңкей зат есім сөздерден, не бір өңкей сын есім сөздерден немесе бірөңкей етістік сөздерден болуы керек. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында бар.

Тіл-тілде мағыналары жағынан бір-біріне тепе-тең синонимдер, әдетте, кездеспейді, ал егер кездесе қалса, өте сирек ұшырайды. Синонимдес сөздер өзара мәндес сөздер болғанымен, олардың мағыналық жақтан қалай да бір айыомашылығы болады. Синонимдес сөздердің өзара мағыналық жақындығын (ұқсастығын) айқындаудан гөрі олардың бір-бірінен мағыналық айырмашылығын айқындау әлдеқайда күрделі. Бұлай болатындығы мынадан: синонимдес сөздердің бір-бірінен мағыналық жақтан айырмашылығы көбінесе сәл ғана нәзік айырмашылық түрінде болады да, мұның өзі бірден ашық-айқын аңғарыа бермейді. Бұл – бір. Екіншіден, синонимдес сөздердің бір-бірінен өзара айырмашылығы қолданылу ыңғайына қатысты стильдік айырмашылық түрінде ғана болуы мүмкін. Синонимдес сөздердің мұндай жақтары стильде түрлендіре ажыратылып айқындалады.

Синонимдер тікелей стильмен байланысты болып келеді. Тіл-тілде сараланған, қалыптасып орныққан бірнеше стильдік тармақ болады. Тілдің даму барысында оның лексикасындағы көптеген сөздер сараланып, белгілі бір стильге телініп, әр топқа бөліне бастайды. Мұны белгілі бір синонимдік қатардың ішіндегі сөздердің қолданылуынан да аңғаруға болады. Мысалы, көк аспан деген синонимдік қатардың құрамындағы аспан сөзі, жер жүзі, жер шары деген синонимдік қатардағы жер шары тіркесі көбінесе ғылыми стильдерде қолданылады. Тілдегі барлық синоним болмаса да, көптеген синонимдік қатардың құрамындағы мәндес сөздердің әр қайсысы белгілі бір жанрда, стильде қолданылуға икемделеді.

Қазақ тілінің синонимдері саны мен көлемі жағынан да, синонимдік қатарларының молшылығы жағынан да өте бай. Бір ұғымды білдіру үшін кейде 20-30 синоним сөз қолданыла береді. Синонимдердің қолданылу өрісі өте кең, сөйлегенде,

жазғанда, белгілі бір ойды сегіз саққа жүгіртіп, тілді соншалықты оралымды етеді. Әр адамның ойлаған нысаналы мақсатына, көңіл, күй, көзқарасының әуеніне қарай айтайын деген сөзін, пікірін басқа кісілерге нақтылы, дәл әрі көркем етіп жеткізуде синонимдердің атқаратын қызметі соншама үлкен.

Синонимдер тілдің кемеліне келіп, қаншалықты жетілгендігін, оның образдылығы мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептеледі. Адамның ойлаған ойын, көңіл-күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Олар белгілі бір ойды тоғыз саққа жүгіртіп, тілді соншама оралымға келтіреді.

Тіл мамандарының арасында күні бүгінге дейін бірауызды шешімін таба қоймаған жайлардың біразы синонимге қатысты болып келеді. Зерттеушілердің біразының айтуларына қарағанда, синоним болатын сөздер бір ғана ұғымды білдіруге тиіс. Екінші топтағы мамандар синоним болу үшін ол сөздердің мағыналық жағынан жақын болуы қажеттігін қуаттайды. Үшіншілері синонимдіктің басты белгісі деп сөздердің өзара алмасу мүмкіндіктерін атап көрсетеді. Соңғы пікірге табан тіреушілер нақтылы үш шартты ұсынады:

- 1) лексикалық мағыналардың жақындығы немесе тепе-теңдігі;
- 2) лексикалық мағыналардың тек қана тепе-теңдігі;
- 3) лексикалық мағыналардың тепе-теңдігі емес, жақындығы [5, 11 б.].

Үстірт қарағанда, қайшылық бар сияқты көрінуі мүмкін, өйткені бірде-бір тепе-теңдікті керек шарт ретінде түсіндіреді де, енді бірде тепе-теңдіктің керегі болмай, жақындықтың ғана болғаны жөн деген ұғым туындайтын түрі бар. Шындығында, синонимдік қатардағы сөздердің лексикалық жағынан бір-бірімен жақындығы ғана емес, тепе-теңдігі де ескерілгені мақұл. Мысалы, Бақсы дәрі-дәрмектерін жаққаннан кейін, сыртынан орап, таңып тастады.

Әдетте, синонимдік қатардағы сөздердің тепе-тең мағыналық қатынаста болатыны туралы сөз болғанда, оған күмән келтірушілер де кездеседі, оларды варианттармен шатастырады. Ең болмағанда, тіл білімі – лингвистика деген сияқты мысалдармен шектеледі. Өйткені, тепе-теңдік мағыналық қатынастардан жасалатын синонимдердің қазақ тілінде мол ұшырасатынын зерттеушілер дәлелдеу үстінде. Айталық, ер-азамат, ата-тек, ел-жұрт, мейрам-мереке, әсер-ықпал, азат-еркін, т.с.с. сөздер мысал бола алады. Мұндай сөздерді жазушылар мен журналистер жиі қолданады.

Сын есімнен болған қос сөзді синонимдер:

Қожекеңнің көңіліне бір тегік бола ма деген үмітпен жұрт енді Тышқанбайдың үлкен адамгершілігін, марқұм әкесінің де ақ көңіл, жақсы адам болғанын, ал енді жарты тонна дегенің әжептәуір салмақ екенін, қалайда мәңгілік ескерткіш болатынын атып, әлі келмей жатқан құлыптасты жер-көкке түсірмей мақтап, бірсыпра серпіліп қалды.

Кезінде атқа мінген аздаған сауаты бар, көзі ашық Қожекең баласын ырым-жырыммен үйлендірем деп қопандаған жоқ.

Зат есімнен жасалған қос сөздер:

Журналист осынша байлық пен сән-салтанаттың ғылым адамына қанша қажеті болғанына түсінбей, қабырғадағы алтын рамаларға салынған Рубенстің «Арыстан аулауы» мен Брюлловтың «Помпейдің ақырғы күніне» т.б. толып жатқан портреттерге, сувенирлерге, асыл тастармен әшекейленген парсы кілемдеріне, доктор Бейкердің мәрмәр тұғыр үстіндегі от сәлесіндей жарқыраған алтын бюстіне таңырқай қарады.

Жын-перілер жайлаған түн баласында лашықтан шығып, қам ойлайтын тірі жан некен-саяқ.

Өмірінде не ата-анаға, не дос-жаранға көңілдегі жақсылығыңдыжасай алмай, бүкіл уақытыңды өткізіп алу қандай өкінішті.



Атаның құнын елемей, қияндағы қысыр ерегіске мал-жанын салатын қазақ емес пе.

- Әпсаттардың үй-іші не күйде екен, қыр жақтың жағдайы жақсы емес деп жатыр ғой, барып білуге халдерінің келмегені-ау, - деп зарлай береді.

Майдан жақтан хат-хабар үзілген жоқ.

Істің мәніне Әбен сонда түсінді; күш-қуатынан айырылып, құр сүлдері қалғандай, бүкшиіп басын көтермеген күйі хатшыға қолын созды.

Сонау ойын-сауық, той, бейбіт күнде, туып-өскен мекен-жұрт осыншалық ғапыл, ғйыштан-ғайып көзден бір-бір ұшты.

Бақсы дәрі-дәрмектерін жаққаннан кейін, сыртынан орап, таңып тастады.

- Сіздерге деп осы шыбын-шіркей болып жүреді.

Күрделену арқылы: күрделі сөздердің құрамына енген түбір сөздер оп-оңай бірікпейді. Өзінен-өзі қосарланбайды немесе кездейсоқ тіркеспейді. Олар белгілі бір заңдылыққа, ұғымға негізделіп күрделенеді.

Ә. Болғанбаев пен Ғ. Қалиев: «... синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданғанымыз сияқты, оларды қосарлап та (қосақтап та) пайдаланамыз. Екі синоним сөз қосарланып қолданғанда бұлардың білдіретін ұғымының көлемі кеңейеді [5, 116 б.] – деген ой айтады.

Синоним сөздер – кез келген тілдің қаншалықты дамығандығын, оның оралымдығын көрсететін сөз байлығының құнарлы бір саласы. Сонымен қатар олар әр халықтың ұлттық танымын бейнелеуде де өзіндік қызмет атқарады. Ғалым Ә. Болғанбаев: «Шешен де шебер сөйлеудің бір ұшы – тілдегі синонимді қыбын тауып, орнымен үйлестіріп жұмсай білу қажет. Дикторға мәнерлі сөйлеу, мәнерлі түрде оқу қандай қажет болса, сөйлеуші мен жазушыға да синонимдердің реңктерін айқын ажыратып, тап бастырып, дәл қолдана білу соншалықты керек» [1, 42 б.] – дейді. Ал профессор М. Балақаев «Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері» еңбегінде: «сөздерді қалай болса, солай жұмсай бермей, саралап, талғап жұмсау, жаңа сөздерді жазушының талғампаздық ой елегінен өткізіп, орынды жұмсау ақын-жазушының шеберлігіне байланысты. Синоним қатарына енетін сөздер жазуда да, ауызекі сөзде аздап болса да стильдік өң алып тұруға тиіс» – дейді [6, 47 б.]. Бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір тұрақтылыққа ие болған синонимдерді жазушы сұрыптап пайдаланады. Синонимдік қатар түзетін сөздер барлығы бірдей бірінің орнына бірі жұмсала бермейді, олардың мағыналары мәндес болғанымен, қолданылуында елеулі айырмашылықтар болады. Сондықтан кез келген қаламгер синонимдердің стильдік қолданысына басты назар аударады. Жазушы Б. Соқпақбаевтың осы талап үдесінен шыға білгендігі шығармаларындағы синоним сөздердің орнымен қолданып, үйлесім табуынан көрінеді:

Оған өзі аш-арық, қолы қысқа халықтың бәрінің бірдей шамалары келмейтін.

Мысалдағы аш-арық сөзіне автор қолы қысқа тұрақты тіркесін сыңар ретінде қолданады. Аш-арық синонимдері жүдеу мағынасына ие болғанымен, жеке-жеке сөз ретінде екеуінің мағыналық ерекшеліктері болады. Аш сөзі тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі нашар, ішіп-жерге ештеңесі жоқ адам. Ал арық сөзі адамның физиологиялық күйін сипаттайды. Екі сөз қосарлана қолданылып, жағдайы төмен адамның күйін бейнелеген. Енді автор бұл сөздерге мағынасы жағдайы төмен сөзіне сәйкес келетін қолы қысқа тұрақты тіркесін өзара мәндес сөздердің жиынтығы ретінде қолданып, танымдық мақсатта жұмсайды. Қолы қысқа фразеологизмінің қолданылуы сөйлемнің экспресивтік мәнін күшейтіп, тұрмысы өте төмен мағынасын беретін реңк жамайды. Әрі бала танымындағы білімнің деңгейін көрсетеді.

Қазақ айналайынды шілдей тоздырып, көгертпей келген бір көне дерт бар. Ол аталастық, рушылдық, алакөзділік.

Бұл сөйлемдегі шілдей тоздырып, көгертпей келген дерт сөзінің мағыналық сипатын аша түсуде, эмоционалды-экспрессивті реңк үстеуде ұтымды қолданылған аталастық, рушылдық, алакөзділік синонимдік қатарлары қазақ болмысындағы бар кемшілікті жинақтап көрсетіп отыр.

Көздерінде шақпақтың отындай от, жігер бар.

Жоқшылықтың тепкісін қанша көрсе де Көнекбайдың жүні жығылмаған, еңсесі түспеген.

Бізді бір шыбықпен айдап бағындырады. Ешкімнен қорықпайтын, қаймықпайтын. Алдына әзірейіл келіп тұрса да қасқайып, айылын жимай сөйлейтін.

Мінезі жұмсақ, майда жүріп, майда тұрады. Шамасы келсе, бой түзеп, тәуір киініп жүргенді дұрыс көреді.

Бір ғажабы жылына он екі ай мініліп жүрседағы көк аттың жалы қисаймайды, қоңы ортаймайды.

Аталастық, рушылдық, алакөзділік сөздері қазақ ұлтының табиғатын ашуда үлкен қызмет атқарады. Аталған сөздердің беретін мағынасы қазақ балалары үшін де үлкен танымдық мәнге ие.

Синонимдік варианттарды пайдалану қаламгердің тағы да стиліндегі көпсөзділікке жоқ екендігін, мүмкіндігінше жинақылыққа, қысқалыққа құштар жан екендігін аңғартады. Аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат еткен қаламгер синоним сөздердің екінші сыңарларына көбіне тұрақты тіркестерді келтіреді. Бұл тәсіл, әрине, жазушы мақсатының үдесінен шыққандығын аңғартады. Көркем шығарма мәтінінің әсерлілігі бір сөзді қатарынан әлденеше рет қайталап қолданып, соған ерекше назар аудару арқылы да күшейтіледі. Бұл тіл білімінде қайталау арқылы көрініс табады.

#### Әдебиет:

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, 1980. – 308 бет.
2. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері» – Алматы, 2003. – 316 бет.
3. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 2004. – 120 бет.
4. Сыздық Р.Ф. Сөз құдіреті. – Алматы, 2005. – 132 бет.
5. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006. – 262 бет.
6. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы, 1994. – 182 бет.

## ӘОЖ 17.82.30

### КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ «ЖҮРЕК» КОНЦЕПТІСІ

**Хамзина Г.С., Мұхтар Н.**  
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Тіл мен мәдениеттанудың өзара байланысы туралы мәселенің шешімін табу – түрлі лингвомәдени дәстүр өкілдерінің шындықты түйсінудегі әмбебап және өзіндік ерекшеліктерін іздеу барысымен тығыз байланысты. Сондықтан зерттеуге негіз болып отырған аспект «жүрек» концептісін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің материалдары арқылы концептілерді салыстыра-салғастыра талдау болып табылады. Осындай зерттеу жүргізудің нәтижесінде сол халықтардың менталитетінің этникалық ерекшеліктерін айқындауға мол мүмкіндік туындайды.

«Концепт дегеніміз біздің қарапайым ғана қарама-қайшылықтардың бірлігі деп атап жүрген терминіміз ... ойдың затқа қатысты бірлігі» деген ойын ортаға салса [1, 120

б.], Н.Д. Арутюнова «концептілер зат есім және етістіктік категориялардың тоғысуының нәтижесінде қалыптасады: етістікті категориялар пікірдегі, яғни сөйлемдегі мағынаның қимылын жасаса, зат есімдер – оларды жасалынған, аяқталған факт ретінде белгілейді», - деп тұжырымдайды [2, 102 б.].

В.В. Колесов С.А. Аскольдовты мақұлдай отырып, концепт үнемі «ұлттық субъектілік» болып қалыптасады; сөзбен іске асырылу барысында концепт бірдей көрініс, образ немесе ұғымдардың танымал мөлшерін белгілеуге қатысты гипероним ретінде қабылданады; бұл «жалпы ұғым» сияқты белгілі бір термин, тіпті оны әмбебап (универсалий) деп атауымызға да болады; бірақ олар жеке зат есімдік нақтылық бола алмайды деген қорытындыға келеді.

А.С. Аскольдовтың ұғымындағы «концепт» сана әрекетінің мазмұны болып саналады, ал сана субъектінің түсінік ретіндегі үш мүшелі формасы ретінде көрініс тапқан – оның көңіл-күйі – осы көңіл-күйдің күйзелісі [3, 122 б.].

«Жүрек» компоненті кез келген тілдің «тірек» компоненті болып саналады. «Жүрек» сөзінің тікелей мағынасы – дене мүшесі, ол адамның биологиялық, сонымен бірге психологиялық әрі рухани орталығын сипаттайтын бірден-бір негізгі компонент. Бұл концептінің әлемнің тілдік көрінісінде жасалуы адам табиғатының дуалистік сипатын көрсететіндігін білдіреді. «Жүрек» концептісі көп жағдайда және басым мөлшерде тілдің әлемдік бейнесін құрайды. Себебі әлемдік танымға сүйенсек «жүрек» – адамзат денесінің орталығы, адам денесінің осы мүшесі оның өмірлік күшінің негізі екендігі жалпыға белгілі, егер жүрек өзінің соғуын тоқтатса – онда адам да өзінің тіршілігін, яғни өмір сүруін тоқтатады. Сонымен қатар әлем тілдерінің барлығында «жүрек» концептісі адамның рухани өмірінің орталығы болып саналатын сезім мүшесі (немесе орны) ретінде де қызмет атқарады.

«Жүрек» концептісінің қызметі тек адам өмірінің эмоциялық ортасының бейнесімен ғана шектеліп қоймайды. Өздеріңіз көріп отырған жиналған материалдарды зерттеу негізіндегі мәліметтерде «жүрек» адам өмірінің барлық рухани орталығының практикалық көрінісі болып табылатынын дәлелдей түседі. Сондықтан тілімізде кездесетін: ер жүрек «Батыл, қайсар кісі туралы айтылады». Мысалы: Еспембетей ер жүрек, Қолмен бірге келеді, Топ «шу» десе, Ақбөрте, Артына шаңды боратып (Д.Б.). жүрегі айныды 1. «Құсқысы келді». Мысалы: Менің койкама басқа бір аурудың матрацын әкеп, төсеп қойыпты. Өлгіден жүрегім айныды (Л.Ж.). 2. «Безер болды, мезі болды, ығыр болды». Қабыш қазылған жердің топырағына баурын төсеп жатыр, жұмыстан жүрегі айнып жатқан сияқты (Ғ.М.). Жүрегі айныды фраземасы адамның денсаулығынан басқа да адам өмірінде, тіршілігінде болып жататын жағдайға қатысты мағынада да кездеседі.

Қазақ тіліндегі қорқыныш, үрей мағынасын білдіретін мына мысалды салғасытырып көрейік: Қазақ тілінде: жүрегі бұлк (солқ) етті. «Көңілі қобалжыды, қорқып, үрейленді, секем алды».

«Қайғы, қасірет, уайым, бақытсыздық; қапа, реніш» мағынасында қолданылатын тілдік бірліктердің «қауіп-қатер дабылы, жұртты дүрліктіру» мағынасында жұмсалатын тілдік бірліктерге қарағанда «жүрекке» әсері өте күшті. Өйткені «қауіп-қатер дабылы, жұртты дүрліктіру» мағынасындағы бірліктер адамға көбінесе дабыл, сигнал (тревога) ретінде жұмсалса «қайғы, қасірет, бақытсыздық; қапа, реніш» мағынасындағы тілдік бірліктер оны одан әрі деформациялап, қысып, түтіп жеп, тіпті тыныштық бермейді. Ағылшын тіліндегі «қауіп-қатер дабылы, жұртты дүрліктіру» мағынасындағы тілдік бірліктер «жүректің үрейін ұшыру» мағынасында қолданылады.

Ал адамның ішкі адамгершілік қасиеттерін анықтайтын «жүрек» концептісімен байланысты тілдік бірліктердің діни әлемдегі қолданыс аясы ерекше деуімізге болады: Мысалы: жүрегі таза; жүрегі жылы; жүрегі суық; ақ жүрек; қара жүрек, жүрегі кірлі т.б.

Қазақ ұғымындағы: аузын ашса жүрегі көрінеді «аккөңіл, ақ жүрек адал, үлкен жүректі, жаманшылығы жоқ адам»; ыстық жүректі «жақсы қасиетті» білдіретін мағынада қолданылса, қара жүрек «нашар, жағымсыз іс әрекеттерді» білдіретін мағынада адамдардың бейнесін бейнелеген. Одан өзге өңі қандай қара болса, жүрегі де сондай қара «нашар адам, жақсылық емес, жаманшылыққа бейім» дегенді білдіреді. Қазақ менталитетіндегі адамның діни наным-сенімге беріктігін, Аллаға, Алла ісіне, Алла жолына адалдығын жеткізетін тіркес – жүрегі Аллада. Орыс тілінің әлемдік бейнесінде «жүрек» дінде маңызды рөл атқарады: Мысалы: Господь смотрит на сердце «Тәңірім жүрегіңе қарайды»

Ал діни тұрғыда қарастырсақ: Жүрек – иманның тұрағы, Алла тағалаға сенім мекені. Ислам дінінде жүрек адамның өзегі, дәні саналады. Адам жүрекпен жетіледі, бойындағы бар игі қасиет жүректен шығады. Жүрек қандай болса, адам да соның ыңғайымен қалыптасады. Иман ұяламаған жүрекке перде тұтылып, кір шалады. Мұндай жүрек Жаратқанды танып білуге қабілетсіз. Иманды адамның Жүрегі нұрланып тұрады, ол қайрат пен ақылға бағынбайды, жақсылыққа қуанады, жамандыққа ермейді. Ақиқат ауылын тапқан жүрек алдамайды, алаламайды, адалдықтан айнымайды. Хадисте «Алла адамның түр-әлпеті мен мал-мүлкіне емес, оның жүрегіне қарайды» деп айтылған. Жүрек – сопылық ілімдегі негізгі ұғымдардың бірі. Жүрек, яғни көкірек көзі заттың ішкі мәніне бойлай алады, тылсымды түсініп, ғайыпты сезінеді, шабыт алып қанаттанады. Әлеммен тілдесетін жүрек шекара дегенді білмейді. Аллаға арнап зікір салу арқылы ғана жүрек жай табады. Себебі, Алла жүректі иман, мағрифат және махаббат үшін жаратқан. Ислам философиясының көрнекті өкілі Әбу Мұхаммед әл-Газали (1059-1111) жүрекке «әрі дене мүшесі, әрі жартылай рухани мағына» деп анықтама берген. Жүрек адамның ең жоғарғы және ең төменгі болмысын біріктіреді. Әл-Газалидің тұжырымдауынша, жүрек адам денесінің барлық мүшелерімен байланысты және «мемлекет әміршісі» секілді оларға билік жүргізеді. Бір жағынан – тілек пен құштарлық, екінші жағынан – дене мүшелері жүрек тіршілігін қолдап отыруы қажет. Тағы бір ислам философы Әбу Бәкр Мұхаммед ибн әл-Араби (1165-1240) де «жүректі» «болмыстың бірлігі» туралы іліммен байланыстырды. Оның көзқарасы бойынша, адам «жүрегіне» біртұтас құдайлық сипат тән. «Жүрек» туралы исламдық түсінік сопылық поэзия классиктері шығармалары арқылы бүкіл шығыс әдебиетіне таралды. Мыс, қазақ халқының ұлы ойшылы Абай шығармаларында «жүрек» сезімі «нұрлы ақыл», ал ақылдың өзі суық ақыл түрінде алынып жырланады. Абай: «Ақылмен хауас барлығын, Білмейдүр, жүрек сезедүр», – деп, Жаратушы иені ақылмен білмейсің, жүрекпен сезесің деген ойға мегзейді. Ал М. Жұмабаев болса: «Дариға сол күндерде күнім қараң, Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған. Болғайсың сыншы болсаң, әділ сыншы, Күнәні жүрекке қой, қойма маған», – деп, «жүректі» адам болмысының мәніне балайды [4, 105 б.].

Адамның ішкі адамгершілік қасиеттерін анықтайтын негізгі концептілердің бірі «жүрекпен» байланысты тілдік бірліктердің діни әлемдегі қолданыс аясы ерекше деуімізге болады: Мысалы: жүрегі таза; жүрегі кірлі (қара); жүрегі дертті, міні бар; қара жүрек, қара жүректі. Бұл тіркесімдердің Абай, Шәкәрім шығармаларындағы қолданыс жиілігі өте тығыз. Мысалы: Жайнаған таза жүрек, талапты жас; Жүрегіңде мін болса; Тазарып жүрек кірінен, Өртейін деп отқа көмдім, т.б. Сонымен қатар, Жүрегі жылы; жүрегі суық; ақ жүрек; қара жүрек, т.б. сияқты антонимдік тіркестерді Шәкәрім шығармаларынан байқауымызға болады. Мысалы: Ақ жүрекке кезіксең өзге түкке қайрылма, Қылсаң адал еңбек, айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылды адамның. Тең болмас ақ жүрек пен сұм залалкес.т.б. Мұнда «жүректі» ақ жүрекке, яғни тазалыққа теңеген, әрі соған құрылған

Қазақ ұғымындағы: аузын ашса жүрегі көрінеді «ақкөңіл, ақ жүрек адал, үлкен жүректі, жаманшылығы жоқ адам» мағынасында айтылатын тіркес кездеседі. Сол сияқты ыстық жүректі тіркесі «жақсы қасиетті» білдіретін мағынада қолданылса, қара жүрек «нашар, жағымсыз іс әрекеттерді» білдіретін мағынада қолданылып, нашар адамдардың бейнесін бейнелеген. Одан өзге өңі қандай қара болса, жүрегі де сондай қара «мысық тілеулі нашар адам, жақсылық емес, жаманшылыққа бейім» дегенді білдіреді.

Қазақ менталитетіндегі адамның діни наным-сенімге беріктігін, Аллаға, Алла ісіне, Алла жолына адалдығын жеткізетін тіркес – жүрегі Аллада [5, 390 б.]. Абай, Шәкәрім шығармаларының ішінде жиі кездесетін сөздердің біріне «жүрек» жатады десек, сол тіркестердің көбісінің беретін мағынасы діни тұрғыдан беріледі. Мысалы: Абайдың: Жүректің көзі ашылса, Нақтықтың түсер сәулесі.

Демек, жоғарыда аталған тілдік бірліктер «жүрек» компоненті негізінде туындаған мағыналарды түсінуге, олардың ұлттық санамен, болмыспен, тарихпен, рухани мәдениетпен, халықтың әдет-ғұрыптары және салт-санасымен байланысын түсінуге жол ашады.

#### Әдебиет:

1. Колесов В.В. Философия русского слова. –М., 2002. – С. 448.
2. Арутюнова Н.Д. Истина: фон и коннотации // Логический анализ языка. Культурные концепты. – М., 1991. – С.30.
3. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность. Антология. – М., 1997. – С. 268.
4. Нысанбаев Ә. Қазақстан ұлттық энциклопедия.– Алматы, 2002. – 4 том. – 720 бет.
5. Момынова Б.К. Шәкәрім поэзиясының тілі. – Алматы, 2008. – 144 бет.

## ӘОЖ 17.82.30

### Қ. ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ СӨЗДЕР

**Хамзина Г.С., Тәрбие Б.**  
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Жазушылар іс-әрекет арқылы ғана емес, тіл қатысы арқылы да мінез ерекшелігі көрінетін кейіпкерді ұсыну оңай болып келмейді. Шығармада образ жасауда кейіпкерлер тілінің орны ерекше болып келеді. Кейіпкерлердің тілінен, сөз саптауынан олардың бейнесі көрінеді. Кейіпкерлер түрлі жаста және олардың қарым-қатынастары, достықтары, әр мамандық иесі, білімі де әр қалай екендігінде. Кейіпкерлер тілінің мазмұны нақты, құрылымы қысқа болып келеді.

Қазақ тіл білімінде көркем әдебиеттегі кейіпкерлер тіліне қатысты мәселелер М. Балақаев, Ә. Қайдаров, С. Исаев, Р. Әміров, Х. Нұрмұқанов, Б. Шалабаев т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Жалпы көркем шығармаларда әрбір кейіпкердің сөз саптауы мен сөз мәнері әр түрлі болып келеді. Бұл олардың қоғамда алатын әлеуметтік жағдайына, ортасына байланысты болып келеді. Сол себепті, олардың әрқайсысының өзінше сөйлеу дағдысы болады. Кейіпкер тілінің осындай ерекшеліктері тілдің лексикалық және грамматикалық қабаттары арқылы жүзеге асады. Кейіпкердің тілі арқылы оның мәдениеттілігі, жас мөлшері, қызметі, кәсібі, өскен ортасы, сыпайылығы, дөрекілігі т.б. бейнелері байқалады. Кейіпкердің сөйлеу мәнеріндегі өзіндік ерекшелігі оның лексикасынан басталатыны белгілі. Кейіпкер тілі ауызекі сөйлеу тіліне жақын келеді.

Бұл туралы Р.Әміровтің еңбегі бар [1, 5 б.]. Ал сөйлеу тілі лексикасының құрамына қарапайым, тұрпайы, жаргон сөздер де жатады.

Тілімізде ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін тілдік материалдар аз емес. Мұндай сөздер әдеби тілге жатпаса да көркем шығармаларда кездеседі. Көркем шығармада түрлі кейіпкерлердің болатыны және олардың арасында қақтығыстардың да болып тұратыны заңдылық. Ал өмірде әр түрлі жағымды, жағымсыз адамдардың бар болуы – өмірдің шындығы. Бұл туралы академик М.Серғалиев: «Ауызекі сөйлеу стиліне әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің қолданылуы – табиғи құбылыс», – деген тұжырым жасайды [2, 62 б.].

Шығарма материалына негіз болатын жағымды, жағымсыз адамдардың тілі – тіл білімінде табу, эвфемизм дисфемизмдер (какофемизм) деп аталады. Қаламгерлер сөздерді өз мағынасында пайдаланумен қатар, сөздерді ауыспалы, келтіріңкі мағынада, қанатты сөздер мен тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамында пайдаланады [3, 93 б.].

Эвфемизмдер мен дисфемизмдер – көркем әдебиетте жиі кездесетін экспрессивті және эмоционалды лингвистикалық қолданыстар. Бұлардың айырмашылығы экспрессивтік реңкінде, мұндай сөздердің барлығы күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездеседі. Сөздің мағынасы дөрекілеу болып келген жағдайда тілдегі басқа бір сөзбен алмастырылып беріледі. Мұндай жағдайда дөрекі, тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер қолданылады. Тіл білімінде мұндай құбылыс эвфемизм деп аталынады [4, 71 б.].

Жазушы туындыларындағы тілдік құрылымның бір қатарын сөйлеу тілінің элементтері құрайды. Қаламгердің стильдік даралықтары олардың белгілі тілдік құралдарды қолдануларындағы ерекшеліктерінен көрінеді.

Эвфемизм – көркем шығарма тілінде өзіндік тиімді орны, реті бар болып келетін сөз қолданыс түрі. Зерттеушілер эвфемизмді ойды бейнелеп, көркем түрде жеткізудің негізгі бір тәсілі деп санайды. Эвфемизм, сыпайы сөз – мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу. Эвфемизм сыпайыгершілікке, әдептілікке байланысты туған. Олар (эвфемизмдер) сөздердің синонимдік қатарын молайтады. Синонимдерді қолданудың бір тәсілі ретінде эвфемизмдердің қызметі жайлы синонимдер сөздігінде төмендегідей анықтама берілген: «Мағынасы жағымсыз сөздердің мәнін тыңдаушыларға жеңілдетіп, жұмсартып айту тәсілі болып саналады» [5, 180 б.].

О дүниеге аттану кезегі кімге келіп тұр? дегенді жай бір күнделікті шаруадай-ақ сөз етіп отыр («Ақбураның асуы», 207-б.).

Шынында, эвфемизм – мағына ауыстырудың сөз тапқырлыққа байланысты өнімді түрі. Ол – тілдің көркемдегіш, бейнелеуіш құралдарының ішіндегі болмашы ғана түрі. Эвфемизмдер этикаға, сыпайыгершілікке, ұят сақтауға, моральдық нормаларға да байланысты болып келеді. Олардың өзін бірнеше топқа бөлуге болады: соның ең бір көбірек тарағаны – ауру-сырқатқа, дене-мүшесінің кемістігіне байланысты туған аурулар.

Адам өлімі қай заманда болса да ең қорқынышты құбылыс. Сондықтан ерте кезден бастап-ақ, адамзат өлім туралы естіртуге аса сақтықпен қараған. өлімді өз атымен емес, тұспалдап айтатын болған. Мәселен, «Ақсақ құлан» күйі – осының ертедегі бір айғағы.

Некеге, семьяға байланысты эвфемизмдер: қатын – ертеректе – ханша, белгілі әйел, ауқатты әйел мағынасындағы сөз. Қазіргі қазақ тілінде анайы мағынасында қолданылады.

Осы эвфемизмдерге қарама-қарсы құбылыс қарапайым сөздер көркем туындыларда стильдік мақсатпен де жұмсалады.

«Қарапайым сөздер – сөйлеу тілінде сөздің мазмұнын тұрпайыландыра, айналдыра түсу мақсатымен қолданылатын тілдік құрал. Қарапайым сөздер лексикасына қарапайым, тұрпайы, анайы сөздер (какофемизмдер), варваризмдер, жаргон сөздер мен кейбір диалектизмдер, тұрпайы мәнді фразеологизмдер т.б. енеді (шикі өкпе, қара борбай, төмен етек, боқмұрын, сұмырай, суми, сен тұр мен атайын т.б.). Қарапайым сөздердің мынандай ерекшеліктері бар: 1) стильдік мәні бар нәрсені төмендету, кеміту, бағасын түсірерліктей болады; 2) диалектизмдер сияқты территориялық жағынан шектелген емес, жалпы халыққа түсінікті, таныс сөздер; 3) әдеби тілде қолдануға болмайтын жат сөздер» [6, 235 б.].

Қарапайым сөздер туралы басқа да пікірлер бар. Т.Пірімбетов қарапайым сөздерді сөйлеу тілінің басқа да дәрежелік сипаты бар элементтерінен ажырату үсөйлеу тілі элементі ретінде келіп жалпы халыққа түсінікті әрі әдеби нормаға жатпайтын, сөз мәдениеті төмен адамдарда кездесетін, басым көпшілігі тұрпайы болып келетін экспрессивтік-эмоционалдық реңкі бар сөздерді, сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды атау қажет» [7, 9 б.]. Ал Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев тұрмыстық-қарапайым сөздерге бір нәрсенің бағасын кеміту, құнын төмендету мақсатында қолданылатын, стилистикалық бояуы бар сөздер, дәрежі, тұрпайы сөздер, қарғыс-алғыс мәнді сөздерді жатқызады [8, 123-126 б.].

Оқырманның эстетикалық талғамын жетілдіру үшін көркемдеуіш құралдар, эмоционалды-экспрессивтік қызмет атқаратын сөздер қолданылады. Әдетте жағымсыз, әдепсіз, дәрежі, тұрпайы сөздер, дисфемизмдер кейіпкердің ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады, көркем прозада олардың жасалу жолдары, қолданылу аясы әрқилы.

Дисфемизмдер – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Тілімізде стильдік қызмет атқаратыны сөзсіз. «Дисфемизмдерді қолдану ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшелік болып табылатындығын көруге болады», – деп пайымдайды Ә. Ахметов [9, 56 б.]. Шындығында, дисфемизмдердің тілімізде ең жиі қолданысқа түсетін жері – ауызекі сөйлеу тілі. Жалпы дисфемизм, яғни тұрпайы, анайы сөздер бір адамды кемсіту мағынасында жұмсалады. Дисфемизмдер – әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. Дисфемизммен сөйлейтін адамдар мәдениеті төмен, әдепсіз адамдар деп есептелінеді. Бұлар көркем шығармада, көбінесе, ауызекі тілдің сөйлеу ретінде кейіпкерлердің тілінде ұшырасады.

Ол күшікті де көрмегелі көп болды, - деді Рахима немересін еске алып («Момын», 132-б.).

Күллі ауылдың боқмұрын тентектері де өзіне өлердей үйір болатын. («Момын», 132-б.).

–Онан да ән тыңдамайсың ба, ақымақ! («Момын», 133-б.).

–Мақұлық-ау, өлтіресің бе қаршадай баланы? («Момын», 132-б.).

Кейіпкерлер тіліндегі жайсыз мәнді қарапайым сөздер сөздің экспрессивтілігі мен мәнін күшейтеді және пендеге немесе анық өмір құбылыстарына байланысты айтылады, дәрежі сөздер кейіпкер образын нақтылай, анықтап беру үшін қолданады.

Қ. Жұмаділов повестерінде кейіпкерлерінің бейнесін әр қырынан көрсетіп, олардың бейнесін жасауда түрлі сөйлеу мәнерін пайдаланады. Кейіпкерлердің мінезі, сөйлеу ерекшеліктері олардың ішкі жан-дүниесіне байланысты беріледі.

Жазушы повестерінің тілін зерттей келе, біз оның жалпы лексикалық тіл байлығын повестерінде көркемдікпен қолданғанын байқадық.

Варваризмдер (грек. barbarismos - бөтен елдік) - сөйлеу не жазу кезінде орынсыз қолданылған басқа тілден енген сөздер. Мысалы, қазақ тіліндегі 19 ғ. кейбір жазбаларда араб, парсы сөздерінің, 20 ғасырдағы ауызекі тіл мен жазбаларда орыс сөздерінің орынсыз қолданылуы жиі байқалған. Ғылым, техника жаңалықтарына, т.б. байланысты бір тілден екінші тілге сөз ауысып отырады. Мұндай қажеттіліктен болатын тарихи құбылыстар варваризмге жатпайды.

Лингвистикада варваризм, негізінен, үш түрлі мағынада қолданылады: варваризм – белгілі бір тілдің нормасына қайшы, ол тілдің заңы бойынша «теріс құрастырылған» сөз формалары мен тіркестер; варваризм – шетел әдет-ғұрпы, өмір-тұрмыс салты реарийлеріне қатысты кірме сөздер; варваризм – әзірше өзін қолданып отырған тілден «азаматтық құқық» ала алмай, тек кейбір әлеуметтік мұқтаждықтарын өтеу үшін «амалсыздан» пайдаланылатын шетел сөздер мен тіркестері. Мәселен, авеню – кең көше. Бұл сияқты сөздер орыс тіліне басқа тілден енген, мұндайлардың грамматикалық формалары орыс тіліне әлі сіңіп кете қойған жоқ. Сондықтан да мұндай формалар, яғни варваризмдер тек кірме қалпында қолданылады.

Варваризмдермен экзотикалық-шетелдік, басқа тілдік лексика байланысты болып келеді. Экзотикалық лексика – бөтен тіл иесінің ұлттық, жергілікті, өзіндік ерекшелігін айқын танытатын құралдың бірі. Мәселен, орыс тілі үшін қазақ тіліндегі қымыз, сарымсақ, уық, кереге, тобылғы, қазы, қартпа, т.б. – экзотикалық лексика. Мұндай сөздер орыс шығармаларында дәл осылайша қолданылып, сілтемеде олардың ұлттық мағынасында түсініктеме беріледі.

Нұрсұлу бір жаққа баруға жиналып жатқаны сол еді, телефон шылдыр ете қалды. («Бөлтірік- бөрік астында», 297-б.).

Сонымен, Қ. Жұмаділов туындыларында кейіпкерлерінің бейнесін анағұрлым шындыққа жанастырып ашу үшін, кейіпкерлер тіліне баса көңіл бөлінген. Кейіпкерлердің мінезі, сөйлеу ерекшеліктері олардың ішкі жан-дүниесіне байланысты беріледі. Кейіпкерлер тіліндегі лексикалық топтарды шеберлікпен жұмсайды. Ойды бейнелеп көркем жеткізуде кейіпкер тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің, варваризмдердің атқарар рөлі ерекше екеніне көз жеткіздік. Ол шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк береді.

#### Әдебиет:

1. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. – Алматы, 1977. – 92 бет.
2. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Алматы, 2006. – 228 бет.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1983. – 454 бет.
4. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 1971. – 93 бет.
5. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2003. – 496 б.
6. Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы, 1998. – 788 бет.
7. Пірімбетов Т. Қарапайым сөздер мен сөйлеу тілінің басқа да элементтерімен арақатынасы // ҚазССР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. –1986. № 1. 12-16 бет.
8. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2001. – 256 бет.
9. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1995. – 197 бет.

### ӘОЖ 17.82.30

## КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ «ШАҢЫРАҚ» КОНЦЕПТІСІ

**Хамзина Г.С., Хамзиева З.Б.**  
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Белгілі бір ұғымның адам санасында қалыптасуын, оның дамуын әр ұлтта сол ұғымның түсінілу ерекшелігін анықтауды бір ғана тіл біліміне артып қою дұрыс болмайды. Тілдің танымдық, бейнелілік, ғылыми, «ғаламдық тұтастық» сипатын зерттеуді жеке тілдік деректер шырғауына байланбай, жалпы адамзаттық



дүниетанымдары тұрғысынан қарау шарт. Тілдің танымдық сипаты әр түрлі ғылымға ортақ мәселе. Қазіргі лингвистикада тілдің бұл мәселесін жалпы философиялық, логика, антропология, т.б. алуан түрлі ғылым салалары ат салысып келе жатқаны белгілі.

Концептінің санада бейнеленуі туралы ғалым Н. Уәли былай дейді: «Концепт индивид санасында сәулеленген сезімдік-заттық образдың (перцептивті модус) негізінде пайда болады. Концепт негізінде сезімдік тәжірибе жатады. Сезімдік-заттық образ (код) концептің ядросы болып табылады. Осы заттық код белгілі бір объектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептің мазмұны ұлғаяды, мазмұны кеңи түседі. Өлгі белгілердің қайсыбірінің мәнділігі күшейе түсуі, қайсыбірінің көмескіленуі ықтимал [1, 16 б.]. Біздің нысанымыз «шаңырақ» концептісі де алғашқыда баспана, отбасынан бастап, мемлекеттік деңгейдегі ұжымдық сананы бейнелей алатын үлкен концептуалды мәнге ие болған.

Концепт ретсіз нәрсе емес. Оның компоненттері (белгілері) белгілі бір тәртіпте болады. Заттық-образдық ядро нақты болады, ал ядродан алшақтау жатқан белгілер дерексіз, абстрактілі болуы мүмкін [2, 134 б.].

Шаңырақ ұғымының ұлтымызға тән дүниетаным, наным-сенім, салт-дәстүр секілді мәдени факторлардағы алатын орны ерекше. Өйткені, тілімізде «шаңырақ» лексемасына қатысты лексикологиялық, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер мен прецедентті мәтіндер киіз үйдің басқа құрылымдық бөліктеріне қарағанда көп кездеседі. Сөздіктерде берілген анықтамаларға сүйене отырып, шаңырақ сөзінің негізгі мағынасы ретінде «туған үй», «отбасы», «отан» мағыналарын, ал түр-тұлғалық белгісі ретінде «киіз үйдің ағашы», «үйдің жоғарғы бөлшегі» мағыналарын қарастыруымызға болады.

Көптеген ғалымдар лингвистикалық құбылыстың толық сипаттамасын қамтамасыз ету үшін сөйлеу актісін жүзеге асырудың нақты жағдайларын ескеру қажет деп санайды. Коммуникация – белгілі бір адамның ғана емес, белгілі бір әлеуметтік жағдайдағы адамның да өнімі. Осыған орай, ұлт санасының тереңде жатқан менталдық құрылымдары мен ұлтқа, адамзатқа тән адами құндылықтар жүйесінде өзіндік орны бар тұжырымдамаларды айқындаудың негізгі көзі – көркем шығарма.

«Концептілер үйреншікті танымның әртүрлі амалдары үдерісінде пішінделеді: сезімдік тәжірибе, адамның практикалық, танымдық және ойлау әрекеті, сонымен қатар вербалдық және бейвербалдық қатынас үдерісінде, бұл ретте концептінің неғұрлым толығырақ, жан жақты пайда болуы әрекеттің әртүрлі формаларының тіркесуінде пайда болады. Әрекет көлемнің кеңеюінен концепт мағынасы күрделене түседі. Құнды лингвомәдени материал фразеологиялық бірліктер, идиомалар, мақал-мәтелдер, афоризмдерде рәсімделетін концептілер болады. Олар арқылы біз қандай да бір халықтың айрықша дүниетанымы жайында, олардың танымдық тәжірибесінің ерекшеліктері туралы біле аламыз. Тілде адамдар үшін маңызды мәдениет пен өркениет феномендер ғана ауызша безендіріледі» [33, 412 б.]. Демек, қандай да бір құбылыс тіл фразеологиясында көрініс тапса, онда фразеологиялық бірліктер мәдени маңызды ақпарат дереккөзі болып қызмет атқара алады. Бұдан басқа, фразеологиялық бірліктер, идиомалар, мақал-мәтелдер, афоризмдер бейнелі, олардың арқасында белгілі бір концептілер неғұрлым терең әрі толық көрініс табады.

Мысалы, қара шаңырақ. Қазақ тілінде қара шаңырақ – атадан балаға мирас болып қалған үлкен үй. Дәстүр бойынша, үйдің үлкен ұлдары өз еншілерін алып, бөлек отау тігеді де, кенже ұлы әке үйіне мұра болып қалады. Қазақ үшін қара шаңырақ қашан да киелі саналған.

Көркем шығармалардың ішінде «Шаңырақ» ұғымының киіз үй бөлшегінің атауы болуынан бастап, отбасы, ел, мемлекет деңгейіне дейінгі аралықтағы бүкіл мағынасы қазақтың классик жазушыларының туындыларынан табуға болады.

«Шаңырақ – киіз үйдің бөлігі». Бұл аталған концептінің денотаттық мағынасы. Қоңырқұлжа шаңырақтан түскен күн сәулесінен бетін сәл әрірек қозғады да, қайтадан тоқалына қарады. Абылай шаңырақтан көзін алмай бозарып келе жатқан таңға қарап ұзақ отырды (І. Есенберлин).

Қырық шақты жігіт шауып келген бойы «ақ орданы» айнала беріп сойылмен бір-бір салып өткенде-ақ уықтары сатыр-сұтыр сынып, шаңырағы үйдің ортасына жалп етіп құлады (Ғ. Мүсірепов).

«Шаңырақ – үй, отау». Лингвистикадағы бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны қолданатын синекдоха тәсілімен қалыптасқан бұл ұғым қазақ үшін қолданылу жиілігі басым ұғым.

Сондықтан алдымен жастардың шаңырақ көтерудегі жауапкершілігін арттырудың тетіктерін қарастыру керек деп ойлаймын («Алаш айнасы» газетінен). Қарауылда қалды әне, қара шалым, тектім-ау, Қара шалдан қалғаны – Қара шаңырақ тек мынау. Қара күйе жағылып арыңа аппақ, ауылым, Қара ниет қоғамның құрбаны боп кеттің-ау (Қ. Сарин)...

Қайран үйім қалыпсың ғой ескіріп,  
Мен оралдым қадіріңді кеш біліп.  
Әкем салған өз қолымен шарбақтың,  
Қора жәйдің зар-мұңы тұр естіліп.  
Есейгенде кетіп едік жамырап  
Қалды содан қайран үйім қаңырап  
Балалықтың, Ата-анамның аяулы  
Жалғыз көзі осы қара шаңырақ (Қ. Құдайберген).

«Шаңырақ – отбасы». Шаңырақ лексемасы отбасы (семья) ұғымын да алмастыра алады. Халқымыз үшін бұл ұғымның етене болып кеткені соншалық – аталған ұғымдар синонимдік қатар түзуге де әлеуетті.

Осылай базар болып тұрған алтын отауымыздың шаңырағы бірақ күнде, ойламаған жерде, салдыр-күлдір етіп ортасына түсті... (Ә. Нұршайықов)

Жағдайдың осылай қалыптасуына шаңырақ иесі – Батырхан кінәлы, әрине (Қ. Жұмәділов).

«Шаңырақ – ел, тайпа, халық».

Шаңырақ ұғымы ел, тайпа, халық ұғымын да алмастыра алады. Мұны көрген Кенесары Қоқан хандығын қайтадан күшейіп кеткенше, Ташкент құшбегісінің қарамағындағы жеті мың шаңырақ қазақ ауылын өзіме қосып алайын деп, осы айдың айдың он бесінде төрт мың қолмен Ташкентке қарай аттанды. Қасым ханнан кейін халықтың басын қосып, бір шаңырақтың астына жинайтын ұл тумағаны ма?..

«Шаңырақ – мемлекет, Отан». Бұл ұғымды білдіретін тілдік дәйектер қазақ елімен бірге, бұл шекарадан да асып, түркі жұрты, әлем деген ұғымдарды да біріктіре алады. Мысалы: Мағжан Жұмабаевтың әйгілі «Түркістан» өлеңінен үзінді:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,  
Түріктен басқа от болып жан туып па?  
Көп түрік енші алысып тарасқанда,  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

(М. Жұмабаев).

«Бір шаңырақ астында» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: көп ұлтты Қазақстан халқының татулықпен, бірлікпен өмір сүріп жатқаны жайлы танымдық

ойларын дамытып – Тәуелсіздікке тірек болған ел бірлігінің ең басты тұтқасы екенін жете түсіндіру.

«Шаңырақ – ұжым, мекеме». Шаңырақ лексемасы қазір ұжым, мекеме, дәлірек айтсақ белгілі бір ортақ қоғамдық мақсаты бар адамдар тобы, олардың жұмыс орны деген ұғымды да білдіреді.

Мысалы: Қыздар Университеті – отандық жоғары білімнің қара шаңырағы (Г. Алдамбергенова).

Ал осыдан бес жыл бұрын бұл директор бола сала институттың шаңырағы астына жұртты жимады ма (Ә. Нұрпейісов).

Соғыстан кейін осы қара шаңырағымызда қызмет жасаған азаматтарымыздың қолтаңбаларын, суреттерін көруге болады (Қ. Рахманғалиев). Алдағы уақытта қара шаңырағымызда түрлі жаңа спектакльдердің тұсау кесерлері өтпек (А. Маемиров).

Дулат Исабековтың «Қара шаңырақ» әңгімесі – ұлттық мінездің негізі ауылмен байланысты екенін тағы бір аңғартатын туынды. Жаппай қалаға көшу, ауылда қалған ата-баба қонысы, үлкен үй саналатын қара шаңырақты күзетіп шал мен кемпірдің қалуы қазақ даласына енген рухани және материалдық өзгерістердің ұлттық менталитетке тиген әсерін айқындай түскендей. Қазақы қара шаңырақтың қасиетті белгісі – бесіктің жастар қолданысынан шығып бара жатқанына деген қынжылысты сезінесіз. Немесе ұлттық мінездің заман өзгеруімен түрленгенін Есіркептің әкесіне: «Көке, сіз дем ала беріңіз, біз тамақ даярлап жіберейік,» – деуінен тағы бір аңғаруға болады. Қазақ халқында қашанда ер-азамат қазан-аяққа араласпаған, бұл отбасы анасының еншісіндегі дүние екені ықылым заманнан белгілі. Міне, қаламгер осындай кішкентай эпизодтарды шым-шымдап әңгімеге енгізу арқылы қазақы ұлттық мінездің өзгерісін көз алдыңызға әкеледі. Қазір біздің қоғамда үйреншікті болып кеткен әрбір іс-әрекеттің тарихи салт, әдет-ғұрып емес, кейіннен таңылған құбылыс екенін үнемі есіңізге салады.

Қазақ тұрмысында орын алған салт-дәстүр, ұғым-түсініктер мен ырымдардың бір тобы шаңыраққа байланысты қалыптасқан. Киіз үйдің басқа бөліктеріне қарағанда, шаңырақ қазақ тұрмыс-салтында ерекше түсініктерге ие. Халық тұрмысында қалыптасқан түсініктер көбінесе уақыт өте келе ұлттық символдарға ұласатынын есепке ала отырып, шаңырақтың символдық мәнділігін мынадай дәйектемелер арқылы келтіргіміз келеді:

Мәселен, қара шаңырақ ұрпағының соңғы өкілі көз жұмғанда оның моласының басына шаңырақты қойып кететін болған. Жаугершілік заманда ел дүр көтеріле көшкенде, киіз үйді уақыт тығыздылығынан тастап кетуге мәжбүр болғанда да отбасы мүшелері шаңырақты тастамаған, екінші жағынан, ол киіз үйдің уық, керегелері тәрізді жиналып жатпайды, әр уақытта үй тіккенде дайын күйінде қолданылады. Көш кезінде шаңырақты ерекше қадірлейтін түйеге артады. Ондай түйені атқаратын қызметіне орай шаңырақ түйе деп атаған. Шаңырақ түйе көшті бастап, ең алдымен жүрген.

#### Әдебиет:

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док... авторефераты. – Алматы, 2007. – 56 бет.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – М., 2004. – С. 272.
3. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Психология. – М., 2000. – С. 512.

**М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУ МЕН ЭПИТЕТТІҢ  
ҚОЛДАНЫСЫ**

**Хамзина Г.С., Шералиева Г.Р.**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)*

Көркемдеудің өте ертеден келе жатқан әрі кең тараған бір түрі – теңеу. Халқымыз ғасырлар бойы образды теңеулердің сан алуан түрін тудырған.

Қазақ тілінің белгілі маманы Т. Қоңыров теңеулер жайлы: «Теңеу дегеніміз ұқсас, ортақ белгілерінің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелігін, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы», – дейді [1, 7 б.]. Ғалым теңеулер жасалуының оң түрін көрсетіп өткен. Солардың ішінде көп кездесетіндері -дай, -дей, -тай, -тей, -ша, -ше жұрнақтарының көмегімен және сияқты, секілді, сықылды, тәрізді сөздерінің көмегімен жасалатын теңеулер. Мәселен, Жеріміздің түгі етіміздің түгіндей, бұны орасаң өзіміңді қоса орасың, қоса жарайт мінекей. (Абай жолы, 3-том, 21-б.). Күншығыстан соққан баяу жел суықтың көрігіндей болып,ызғарды көбейте түсті. (Оқыған азамат, 30-б.). Күміс қоңыраудай күлкісі де күн күйінен, көңіл кірбіңнен аулақ. (Абай жолы, 3-том, 28-бет)

Мамырдың ашық жарқын таңындай екен.(Абай жолы, 3-том, 28-б)

Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалаң бұлттардың түсі өртке қызған темірдей қып-қызыл. (Қорғансыздың күні, 37-б)

Теңгедей бұлтты жоқ таза аспанда таласып жымындаған қызғылт, жасыл, сарғыш түсті жұлдыздар тұңғыық аспанның елбіреп қараған от көздеріндей.(Ескілік көлеңкесінде, 124-б)

Түн аспаны сансыз жұлдыздай көздерімен сезімді көңілге ым қаққандай болады. (Ескілік көлеңкесінде, 124-б)

Соның бәрі ашқарақ нәпсі мен адасқақ көңілді айқара бүркеп тұратын жылқының құйрығынан өрілген алақандай қыл перденің олрнына жүре алмағаны ғой! (Қаралы сұлу, 87-б.).

Автор қолданған теңеулер жасалу үлгісі жағынан ерекшеленбейді. Олардың барлығы да халық әдебиетінде қалыптасқан үлгі-форма бойынша жасалған.

М.Әуезов қолданған теңеулерде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, ата кәсіптері көрініс беріп отырады.

Қаламгердің ауыл өмірі, тұрмыс-тіршілігінен мол хабардар, сол ортадан шыққандықтары айқын сезіледі. Шығармалардан дәстүрлі теңеулермен қатар халық ұғымына етене жақын авторлық теңеулерді де кездестіреміз. Сөйтіп, қазақ талай заманнан бері өз бірлігін өзіне-өзі өкпелеген шалдуар қызыл сөзге қызыл иттей талатумен келеді (Үркер, 287-б.). Халықтың көсегесін арғымақтай сыланған кермиық қысыр сұлудың сылаңдаған сымбаты емес, салпы етек сары балақ ұрғашының қашан көрсең де, кампыйып тұрар кебеже құрсағы көгертеді (Үркер, 288-б.).

М. Әуезов теңеулерінің синтаксистік ерекшелігі – жалаң теңеулерден гөрі күрделі теңеулердің көп кездесетіндігі. Жоғарыда келтірілген теңеулердің көпшілігі күрделі теңеулер. Теңеулерді бұлай күрделендіру теңеліп отырған нәрсенің немесе адамның жан-жақты мінездемесін жасауға мүмкіндік береді.

Автор тіліндегі теңеулерді саралай келе өрнекті теңеулердің төмендегідей мақсаттарда қолданғанын байқадық.

Біріншіден, кейіпкердің бет-пішінін, сыртқы көрінісін, портретін жасау үшін.

Алақандай қос жанарының қандай сыр да сыйғандай (Аңыздың ақыры, 140-б.). Мұнара басына ханымның киіміндей киім киініріп, оған ұқсайтын нөкер қыздардың бірін жібермекші болған-ды (Аңыздың ақыры, 144-б.).

Екіншіден, адам сезімдерін, көңіл күйлерін, психологиялық халін, әсерлері мен ойларын нақтыландыру ретінде.

Бауыры от құшақтағандай өртеніп барады. Ханым талма соққандай әлденеге сүлдері құрып, ұзақ жатты (Аңыздың ақыры, 148-б.). Өне бойын қайтадан темір құрсаудай сыға түскен ащы ыза ақырында көзінен жас боп ытқыды (Аңыздың ақыры, 149-б.).

Үшіншіден, табиғат көріністері, жеке құбылыстар мен заттарды оқушыға әсер етерліктей көрсету мақсатында.

Ұлан байтақ даланың түкпір түкпірін түтінге толтырған ызғындай елдің қара жұрты Қаратау ол күндері жапырағы жайылған үрім бұтағының жан жақтан жамыраса табысып, қатар отырып бір дастарқаннан дәм татқанын көруге асыққан кәрі анадай еміреніп жатар ды (Үркер, 269-б.).

Ал жазушының күрделі теңеулерінің қатарында фразеологизмдік тұрақты теңеулер байқалады: Тек дәл аяғының астындағы мұнараның басына көтерілетін оймақтың аузындай қара қуысты ғана әлгі бір жан-жағын түгел обып келе жатқан озбыр бұлыңғыр әлі жалмап үлгере қоймапты (Аңыздың ақыры, 21-163-б.).

Сөйтіп, қимыл әрекеттің сипатын дәл де толымды түрде бейнелеуде жазушы бұларға семантикалық та, стильдік тұрғыдан да сәтті қызмет атқарып отыр.

Теңеулерді жағымды, жағымсыз мәнде қолдану ретінде де жазушы талғампаздық танытады: Бұққан Жігітекті тағы да бұқпа торғайдай, басынан асыра тас лақтырып, бұқтыра түсіпсің. (Абай жолы, 91-б.). Өткір шүңірек көк көзі, суық қасы, көк сұңқар қанатындай, жаба біткен жан екен. (Абай жолы, 95-б.). Шебер де он екі мүшесіндегі ен сұлулықты шәйімен қымтап, көлденең көзді оқыс шалт еткен ай дидарымен ынтық қып қоятын кермиық сұлудай, кез келген тіміскі көзге сыр шаша бермеске керек (Аңыздың ақыры, 82-б.). Автор бірінші сөйлемінде адам бойындағы жағымсыз мінезді сынға алған. Ханымға күндестік жарасымды еместігін түсіндірмек болған. Екінші сөйлемде баланы жетім қозыға теңеп, оның қорғаусыз қалған жай-күйін шебер суреттейді.

Алғашқы сөйлемде көзі атыздай болған күндес қатынның қызғаныш ниетін көрсетуде жағымсыз мән ретінде сөз, сөз тіркестерімен әсерлендіре (экспрессивтендіре) түскен. Бұл жайтты қазақ тіліндегі теңеу проблемасын арнайы зерттеген ғалым Т.Қоңыров «Теңеу троп атауларының бәрімен де ұштасып, сабақтасып жатады. Бір топ теңеулер метафоралық қызмет атқарса, енді бір тобы эпитеттік қызметте жұмсалады, келесі тобы метонимиялық теңеулер ретінде көрінеді», – [1, 192 б.] деп әдейі де атап өтті.

Қаламгер теңеулерінің арасында езу тартқызғандай, күлкі келтіргендей сипаттылары да жоқ емес. Мысалы:

– Кеспіріңнен айналдым, кеспіріңнен, - деді Апама. – Судан шыққан су тышқан секілдісің ғой, төрлет, төрлет. – Сақалы тұштаңдап өзі төмен ысырыла берді». Әңгіменің осы жерін оқып отырып, еріксіз жымыясыз. Өйткені, жасы жетпіске келіп қалса да, өзінің құрдасы келіп қалған соң еркінсі сөйлеп, автордың Апасын судан шыққан су тышқанға теңегенде, «расымен солай ма екен» деген ойға қаласың. Әрине Қашыбай қарт бұл сөздерді өз замандасына айтқан әзіл ретінде айтқан деп қабылдағанмыз жөн болар.

Мұндай теңеулерді оқып отырғанда, оқырманның да езу тұсы, сірә біраз кейін тартылмай қала қоймайтын шығар деп ойлаймыз.

Теңеудің ішінде болымсыз теңеу дейтін болады. Бұнда бір затты екінші затқа теңегенде болымсыз мағына шығарады, Мысалы: Ол әнші әдемі жігіт емес. Дегенмен бір көруге сиықсыз адам сықылды да емес. Денесі томардай жуан да емес. Талшыбықтай жіңішке де емес т. б. (М.Ә.).

Шығармадағы сөз саптаудың өңін келтіріп, әрін беріп тұрған теңеу түрлері оқырманды өзіндік ерекшеліктерімен еліктірмей, елең еткізбей қоймайды. Бұл арада жазушының өзіндік бір ерекшелігі, даралығы көзге ұрып тұрады. Әсіресе сол кездегі өмір сүрген қоғам бейнелерін, сол замана келбетін бейнелеуде жазушының ерекше шеберлігі аңғарылады. Жазушы теңеу түрлерін де сол қоғам, заман деңгейіне, түйсігіне сай қолдана білген.

Қаламгер ойдың барынша көрнекті, мәнерлі түрде берілуін көздеп, тілдегі көркемдеу мен әсерлеудің барлық түрін қолданады. Әсіресе образды айқындау үшін қолданылған эпитеттердің молдығы көзге түседі. Эпитет тілдің барлық деңгейлерімен тығыз қарым-қатынаста өмір сүретін, өзінің эпитеттік мағынасы мен қызметін, сол деңгейлердің көмегімен жүзеге асыратын күрделі құбылыс.

Эпитет 3. Қабдоловтың айтуынша: «Заттың, құбылыстың, айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз [2, 90 б.]. Суреттеліп отырған құбылысты оқырманның көз алдына елестетіп, сезіміне әсер етуші ерекше қызметіне байланысты бағалауыш эпитет жиі қолданысқа түседі. Олар заттар мен құбылыстардың белгілерін анықтап көрсету арқылы бейнелілік, көркемдік қызмет атқарады. Әдетте эпитет жазушының суреттеген құбылысымен, белгілі жағдай, кезеңдерен байланысты болып отырады.

Сүрмелі көздің сояу кірпіктері қыдығы кеткен бетте өз-өзінен мен мұңдалап тұратын қақсақалдыққа тән қайсарлықты астына бүгіп, өп- өтірік көлгірген болады (Аңыздың ақыры, 28-б.). Тіпті ауық-ауық бұған жіберіп тұратын селдір сақал, қысық көз елшілерінің өзі бірде елпілдеп аяғына жығылып, бірде кілгіре қарап, манаурай тіл қатып, мардамси қалады (Аңыздың ақыры, 11-б.). Сол екі арада бұл өмір бойы естімеген әуелі әлденеге тұншығып, артынша-ақ құлақ жарардай бажылдай жөнелген ащы дауыс шықты (Аңыздың ақыры, 33-б.).

Еркін эпитеттің де, тұрақты эпитеттің де негізгі мағынасы – эпитеттік мағына. Бұл екеуінің арасында ешқандай семантикалық айырмашылық болмайды. Олардың атқаратын стильдік қызметі де ұқсас. Эпитет категориясының бұл екі түрі затты болмаса құбылысты эмоционалдық жағынан тиімді, экспрессивтік жағынан әсерлі етіп суреттеуді мақсат етеді.

Осы екі түрге жеке-жеке тоқтала кететін болсақ, тұрақты эпитетке берілген мысалдар жазушы шығармаларында біршама бар. Мысалы, Ал енді осы алтын бесікті тіршіліктің көп-көп кәсіби жемтігіне саудалап кететіндер де бар ғой. Ең ғажабы сол – олар бәрібір күндердің күні басына қатер төніп, қыспақта қалғанда, немесе өзге жұрт қаны басқалығын бетіне басып, құлбырау салғанда, алдымен есіне сол алтын бесік пен ардақ ана оралар (Сонда, 116-б.). Бұл мысалдағы алтын бесік – тұрақты сөз тіркесі. Беретін мағынасы – туып өскен құтты ұя...

Екі мүшелі есім тұрақты эпитеттер зат есімдерден болу мүмкін.

Мынау мәрмәр сәкіден бір қадам алыстаса болды – бүкіл дүние пыш-пыштасып қоя беретіндей (Аңыздың ақыры, 111-б.). Шымыр-шымыр қайнап шығып, сыздықтата атқылап тұрған мөлдір судың момақан сылдыры анау алтынмен безеп тастаған жап-жалпақ емен есіктің ар жағындағы күтуші кемпірдің, азбан құлдардың одан әрі нөкер қыздардың жапа-тармағай сусылдасқан жабыр-жұбыр әңгімесіне ұласып, бір қадам алыстаған сайын күшейе түскендей (Аңыздың ақыры, 112-б.). Екі беті ду-ду жанып барады, не істеп, не қоярын білмей, мамық көрпеге көміле түсті (Аңыздың ақыры, 113-б.).

Эпитет қай стильде кездесе де екі мақсатта қолданылады. Біріншісі - анықталған мүше ретінде, екіншісі, көркемдік бейнелі мағынада қолданылады. Анықталатын мүше ретінде келетін эпитет ресми құжат тілінде жиі қолданылады. Бұл сын есім немесе сын есім ретінде есімшенің орнына қолданылатын сөздер тобы болып келеді.

М. Әуезов шығармаларындағы эпитеттердің қолданысы:

Өмірші аузына қандай берік болса, құлағын да әркімнің аузына төсеп отыра алмайды, оған біреудің өсегін тыңдағаннан гөрі басындағы алтын тәжді жұлып ал, сасық ауыз өсекшінің алдына түкіргіш қып қойғаны әлдеқайда дұрыс (Аңыздың ақыры, 17-б.).

Бәрінен де бір сығыр көз, жылтыр қараның қорлығы өтті (Аңыздың ақыры, 24-б.).

Бірақ жаман айтпай, жақсы жоқ, олардың біреу міреуін таққұмарлықтың эзезілі арбап жүрсе, бұның аяқ астынан балаларын шақыртқаны, ондай қара ниет шаруаны тым шұғылдатып жіберкі де мүмкін ғой (Аңыздың ақыры 31-б.).

Мұрагерінен әзір сұрқия ой шыға қоюы мүмкін емес (Аңыздың ақыры 30-б.).

Бұл үзіндідегі эпитеттер – авторлық эпитеттер. Эпитеттің бейнелілік, суреттілік қасиетін ескерген Г. Мұхаметқалиеваның айтуынша, эпитет анықтауыштан экспрессивтік-эмоционалдық функциясы және бағалауыштық қызметімен ерекшеленеді [3, б-б.]. Қара ниет деген эпитеттің мағынасына тоқталатын болсақ, арам ойлы, залым, сұм деген мағына береді. Сұрқия ой деген эпитетте терең мағына жатыр. Сұрқия деген сөздің өзі оңбаған, залым, сұмырай деген мағына береді. Яғни ой деген зат есімді анықтап, сын есім қызметін атқарып тұр.

Кейіпкердің мінез ерекшелігін танытуда эпитеттердің қызметі айрықша. Әлде солардан оғаш мінез байқады ма екен? (Аңыздың ақыры, 30-б.).

Жаппар бұрынғыдай емес, әлденеге тас түйін боп, бойын жиып алыпты (Аңыздың ақыры, 71-б.).

Өмірші ұлы шөлге келгелі бері оппа құмның осы бір обыр мінезінен назарын қанша алып қашса да, құтыла алмай-ақ қойды (Аңыздың ақыры, 5-б.).

Оғаш, тас, обыр – дәстүрлі эпитеттің еркін пайдаланылған түрі, образдылық элемент ретінде жұмсалған. Оғаш мінез, тас түйін мінез, обыр мінез адамның жан дүниесі, көркін танытуға қолданылған сөз ларындағы емес, адамның бойынан табылған жағымсыз қасиеті үшін айтылған сөз. Ерсі, дөрекі, өрескел мінездердің бірі. Жалпы, мінез әр пендеге тән, лайық психикалық қасиеттердің жиынтығы.

Автор шығармаларында ақ, қара түстерді белсенді қолданғанын байқадық. «Ақ» және «қара» атаулары халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүр, танымымен тығыз байланысты екенін білеміз. Халық санасында қалыптасып қалған ақ түс атауының символдық мәні мынадай: ізгі тілек пен жақсылық, қасиетті, әдемілік, махаббат, қайырымдылық. Өмірдегі заттар мен құбылыстардың сапасы мен қасиеті қандай болса да, олардың бірқатарын ақ деп айқындау ұлттың мол мейірім, іңкәр көңілінің, үлкен үміт, телегей тілегінің, шалқар сезімінің, асыл арманның куәсі. Қаралы жаулық салынып, қызулы базар есігін жапқанына алты жыл болды. (Қаралы сұлу, 88-б.). Қара жел үзілмей соққан күздің суық күніндей қуарған жүдеу жылдар. (Қаралы сұлу, 86-б.). Ақ денесі ашылып, қара шашы төгіле жайылып жатыр. (Қаралы сұлу, 98-б.).

Қаралы жаулық деген эпитет арқылы кейіпкердің жай күйін, келбетін айшықтай түссек, ақ дене эпитеті арқылы айқындай түседі. Сол себепті осындай сөздің болуы заңды құбылыс болып табылады.

Сонымен қатар, автор табиғат келбетін, әдемілігін эпитеттер арқылы әсерлі күйде суреттейді. Әлдеқандай долы дүлей қара жерді тас талқанын шығарып, күл қып уатып, сосын бір алапат табаққа салып ап, елеп, кебегін желпіп ұшырып жатқандай, жер мен көк түгел шаңға айналып кеткен-ді (Аңыздың ақыры, 5-б.).

Проза тіліндегі осындай авторлық және дәстүрлі эпитеттер кейіпкер портретін жасауда, мінездеуде, әр алуан іс-әрекеттерді, табиғат көріністерін суреттеуде қолданылады. Қаламгер қолданған эпитеттер – көркемдік, әсерлілік үшін жасалған, шығарма тілінің көркемдігін арттыратын көріктеу амалдарының бір түрі.

**Әдебиет:**

1. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192 бет.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2003. – 697 бет.
3. Мұхаметқалиева Г. Тұрақты эпитеттің тілдік табиғаты. Филол.ғыл.канд....автореф.: 10.02.02.– Алматы, 2005. – 25 бет.

**УДК 801**

**МАРКИРОВАННОСТЬ ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНЫХ ВКЛЮЧЕНИЙ  
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ**

**Хисматуллина А.Н.**  
(*СКГУ им. М.Козыбаева*)

Данная статья посвящена изучению маркированности интертекстуальных включений художественных произведений, то есть тому, что служит сигналом на наличие интертекста для читателя при декодировании. Цель данного исследования – показать на примерах интертекстуальных включений их маркированность в художественном произведении.

Пражская лингвистическая школа занималась исследованиями в области фонологии, так посредством понятия «маркированность» Н.С. Трубецкой описал фонемы, которые отличались наличием или отсутствием какого-либо коррелятивного признака. Позже данный термин был использован Р. Якосоном в области морфологии и семиотики [1:189]. Получив широкое распространение, понятие нашло место для применения в лингвистике текста.

По Н.С. Трубецкому маркированности присуще два принципа: бинарность отношений между рассматриваемыми элементами, и относительный характер данных отношений [1:189]. Маркированность интертекстуальных включений художественного произведения раскрыта в самом понятии интертекстуальность. Интертекстуальность в своем понимании подразумевает референтность к определенному фрагменту иных предтекстов. Выполняются два признака маркированности: бинарность и относительность, так как интертекстуальность в базовом тексте, не является таковой в предтексте,

Важность маркированности интертекстуальных включений обусловлена тем, что декодирование интертекстуальных включений реципиентом (т.е. читателем) при работе с художественным текстом зависит от его интертекстуальной компетенции, чем больше объем памяти прочитанного ранее, тем сильнее эффективность декодирования [2: 96]. При декодировании интертекстуальные включения могут быть и вовсе упущены из виду, если читатель не был знаком с предтекстом, или потерять свою значимость. Например, отсылка к произведению Э. Бронте «Wuthering Heights» в третьей книге сумеречной саги С. Майер «Eclipse». Эдвард читает книгу «Wuthering Heights» и в разговоре со своей возлюбленной Беллой выражает свою симпатию к герою Хитклиффу. Потом, когда Белла была одна, она открыла страницу, которую читал



Эдвард в момент разговора и ее привлек один абзац, где был описан взгляд Хитлиффа на любовный треугольник [3].

«And there you see the distinction between our feelings had he been in my place and I in his, though I hated him with hatred that turned my life to gall, I never would have raised a hand against him. You may look incredulous, if you please! I never would have banished him from her society as long as she desired his. The moment her regard ceased, I would have torn his heart out, and drank his blood! But, till then – if you don't believe me, you don't know me – till then, I would have died by inches before I touched a single hair of his head! [7: 108]»

Посредством использования данного произведения Стефани Майер хотела провести параллель между отношениями главных героев ее саги и «Wuthering Heights». Именно по этой причине на протяжении всего произведения присутствуют цитаты из предтекста. Если читатель не знаком с цитируемым художественным текстом, то данного отрывка достаточно, чтобы иметь представление о том, что хочет донести автор. Особенно будет к месту фраза из данного отрывка «drank his blood», так как Эдвард является вампиром, и который не очень рад тесной дружбе Бэллы и ее друга детства [4].

Маркированность интертекстуальных связей показывает читателям наличие референтности к тому или иному предтексту. Стоит выделить примеры маркированности интертекстуальных включений. Кавычки, сноски, изменение стиля текста (подчеркивание или курсив) – являются графической маркированностью [2:97]. Следующим маркером может послужить заголовок произведения или название главы. Сравним два заголовка «Centaur» Дж. Апдайк и «For Whom the Bell Tolls» Э. Хэмингуэя. В первом заголовке сразу можно найти ярко выраженную отсылку к Кентавру из древнегреческой мифологии. Ввиду широкой распространенности и популярности мифологии реципиентом не составит труда раскрыть для себя посыл адресата, т.е. автора произведения. Если же в первом случае все эксплицитно, то в произведении Э. Хэмингуэя человек не знакомый с творчеством Дж. Донна, а именно с его произведением «Devotions upon Emergent Occasions» 1623 года, упустит данный момент при декодировании, но общее понятие данного высказывания с большей вероятностью будет интерпретировано. Заголовок сам по себе включает в себя содержание произведения. И в первом, и во втором случае выполняются два признака маркированности. Бинарность заключается в том, что существует предтекст, т.е. для «Centaur» это мифология, для «For whom the Bell Tolls» это «Devotions upon Emergent Occasions», на который ссылается непосредственно текст. Относительность отношений раскрывается в том, что произведение с интертекстуальными связями может стать предтекстом для другого произведения, в свою очередь предтекст может включать интертекст.

Ещё одним примером служит эпиграф к произведению [2: 97]. «Эпиграф в сжатой форме стремится выразить главный смысл, ведущую идею, сверх задачу своего произведения, используя для этого яркие цитаты, крылатые выражения» [5]. В произведении «The death of Jim Loney» Джеймс Уэлш использовал в качестве эпиграфа строки из произведения «Under the Volcano» М. Лоури. Как правило, эпиграф сопровождается ссылкой на произведение, которое является предтекстом.

«Ah, to have a horse, and gallop away, singing, away to someone you loved  
Perhaps, into the heart of all the simplicity and peace in the world;  
Was not that like the opportunity afforded man by life itself? [6]»

Следующим маркером интертекстуальности может выступать имя персонажа или введение фигур других произведений [2:98]. Ярким примером может послужить манга «Bungo Stray Dogs» А. Кафки, где персонажами являются японские, русские и американские писатели, а названия их способностей связаны с их произведениями. Так,

у Марка Твена способность называется «Гекльберри Финн и Том Сойер», что является отсылкой к двум его произведениям: «Приключения Тома Сойера» и «Приключения Гекльберри Финна», а у Говарда Филлипса Лавкрафта такая же неординарная способность «Великие древние», как и вымышленные мифологические существа его произведений. Сюжет манги является полностью вымышленным, лишь только отдельные моменты жизни писателей отражены в характере и поведении.

Пародии на произведения имеют своего рода интертекстуальные связи, так как используют в качестве основы оригинальные произведения, но с другим сюжетом. В настоящее время среди молодежи очень популярно писать fan fiction, где используются за основу не только литературные произведения, но и кинофильмы, мультфильмы и т.д.

Графическая маркированность, заголовок, эпиграф, имя персонажа, введение фигур предтекста в произведении служат маркерами интертекстуальных связей в произведении. Маркированность выступает сигналом читателю на наличие интертекста при чтении и декодировании текста. В данной статье показаны примеры, которые легко увидеть в тексте и ввиду популярности произведений, но также есть и те, которые требуют хорошей интертекстуальной компетенции. Конечно, маркированность интертекстуальных связей распространяется не только на художественные произведения, она применима к научному труду, газетной статье или картине, при любых обстоятельствах, когда выполняются два принципа: бинарность отношений и относительность данных отношений.

#### Литература:

1. Загороднова О.А. Прагматическая маркированность как свойство научного текста // Вестник костромского государственного университета. – г. Кострома, 2017 – С. 189-192, Том 23.
2. Чернявская В.Е. Лингвистика текста. Лингвистика дискурса: учеб. пособие – М.: ФЛИНТА: наука, 2015. – 208 с.
3. Meyer S. Eclipse – Hachette UK, 2009. – 672 p. – Chapter 11.
4. Mason J. Intertextuality in practice – John Benjamins Publishing Company, 2019. – 94-95 pp.
5. Мальчин А.Э., Чельцова Л.К. Справочник издателя и автора [Электронный ресурс] – Студия Артемия Лебедева, 2015. – 1010 с. Глава 14.
6. Lowry M. Under the Volcano [Электронный ресурс] – Penguin UK, 2000. – 400 p.
7. Brontë E. Wuthering Heights - Wordsworth Editions, 1992. – 251 p.

УДК 821.512.122.0

### ЖОБА ЖҰМЫСЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Сандыбаева Ж., Рахметова Р.С.

(Абай атындағы ҚазҰПУ)

Еліміздегі білім беру үдерісінің жаңартылған білім мазмұнына көшуі, әлемдік білім беру кеңістігіне бет бұрысы білімге деген көзқарасты жаңаша тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. Осыған сәйкес қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – білімді, бәсекелестік қабілеті жоғары, алған білімін өмірмен ұштастыра алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі жаһандану жағдайында өзіндік дамудың негізгі өлшемі ретінде оқушылардың коммуникативтік дағдысын қалыптастырудағы білім беруді жаңашаландырудың маңызыерекше. Оқушылардың қабілетін ашу, қызығушылығын

оыту, ызара жэне ызін - ызі бағалай бiлуге үйрету талабы мұғалімнің де, оқушының да шығармашылық ізденісіне жол ашады. Осы тұрғыда ең ұтымды әдістердің бiрi, оқушылардың жоба жұмысымен жұмыс жүргiзе бiлу қабiлетi.

Ең алғаш рет «жоба» терминін 1908 жылы АҚШ-ғы ауыл шаруашылығы мектебiнiң тәрбие бөлiм меңгерушiсi Д. Снезден пайдаланған. ХIХ ғасырда күз және көктем маусымдарында ауыл шаруашылығының жұмыстарына тартылған фермерлердiң өмiр сүру жағдайы олардың балаларының мектепке баруына мүмкiндiк бермедi. Практикалық оқыту болашақ фермерлердi оқытудың негiзi деп есептеген американдық педагогтар оқушыларға мектептен үйде орындау үшiн жалпылама атауы «үй жобасы» деп аталатын бiрқатар тапсырмалар берiп отырды. Осылайша жоба әдiсi пайда болған. Ал, 1911 жылы АҚШ тәрбие Бюросы «жоба» терминiн заңдастырды. Осылайша жобалап оқыту технологиясы өткен ғасырдың басында АҚШ та дүниеге келген. Оны проблемалар әдiсi деп те атаған. Жобалық практикалық әдiс американдық педагог және психолог Дж. Дьюй, сондай ақ оның шәкiрттерi мен iзбасарлары В.Х. Клипатрик, Э.У. Коллингс идеялары арқылы дами түстi [1].

Жобалап оқыту технологиясы орыс педагогтарының да назарын аударып, ХХ ғасырдың басында жоба әдiсiне көп көңiл бөлген С.Т. Шацкий болды. Ол 1905 жылы оқу үрдiсiнде жобалап оқыту технологиясын пайдаланды.

Е.С. Полат технология және жобалау түсiнiгiн негiзге ала отырып жоба әдiсiн нақты бiр өнiм жасау үрдiсiнде негiзгi шығармашылық болатын дидактикалық амалдар, iзденiс, мәселелiк әдiстiң бiрлестiгi мен танымдық iс-әрекеттiң белсендiру, шығармашылықты дамыту, - деп тұжырымдайды [2].

Жоба бұл тек қана өткiзiлген жұмыстың нәтижесi ғана емес, iс-әрекеттiң «өнiмi» [3], демек алған бiлiмдерiн оқушыларды жаттанды емес, шынайы өмiрде қолдануға шақырады.

Жобалар әдiсi-бұл мәселенi егжей-тегжейлi әзiрлеу арқылы дидактикалық мақсатқа қол жеткiзу тәсiлi, ол нақты, практикалық нәтижемен аяқталуы тиiс. Бұл қойылған мiндеттерге қол жеткiзу үшiн оқушылардың белгiлi бiр ретпен iс-қимылының, оқушылар үшiн жеке маңызы бар және түпкiлiктi өнiм түрiнде рәсiмделген проблеманы шешу тәсiлдерiнiң жиынтығы.

Жоба әдiсiнiң негiзгi мақсаты оқушыларға түрлi пәндiк салалардан бiлiмдi интеграциялауды талап ететiн практикалық тапсырмаларды немесе мәселелердi шешу процесiнде өз бетiнше бiлiм алу мүмкiндiгiн беру болып табылады. Егер педагогикалық технология ретiнде жобалардың әдiсi туралы айтатын болсақ, онда бұл технология зерттеу, iздеу, проблемалық әдiстердiң, шығармашылық әдiстердiң жиынтығы ретiнде қарауға болады. Жоба шеңберiнде оқытушыға әзiрлеушi, үйлестiрушi, сарапшы, консультант рөлi берiледi.

#### ***Оқытушыға қойылатын талаптар:***

➤ жобалардың ең қызықты және iс жүзiнде маңызды тақырыптарын көре және таңдай бiлу;

➤ зерттеу, iздеу әдiстерiнiң барлық арсеналын меңгеру, оқушылардың өзiндiк зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра бiлу;

➤ өз пәнi бойынша оқушылардың барлық оқу-тәрбие жұмысын зерттеу, iздеу, шығармашылық жоспарлардың өзiндiк қызметiнiң әртүрлi жеке, жұптық, топтық түрлерiнiң басымдығына қайта бағыттау;

➤ аудитория алдында өзiн-өзi ұстай бiлуi, пiкiрталасты ұйымдастыра және жүргiзе бiлуге қабiлеттi коммуникативтiк дағдыны меңгеру;

➤ жаңа идеяларды жасау, оқушыларды қойылған мәселелердi шешу жолдарын iздеуге бағыттау қабiлетi;

➤ жоба тобында тұрақты оң эмоционалдық көңіл-күй орнату және қолдау қабілеті;

➤ компьютерлік сауаттылықты меңгеру (мәтіндік редактор, телекоммуникациялық технология, деректер базасын пайдалану);

➤ таңдалған жобалардың мәселелерін шешу үшін түрлі салалардан білімді біріктіре білу.

***Оқушыға қойылатын талаптар:***

✓ негізгі зерттеу әдістерін білу және меңгеру (әдебиетті талдау, ақпарат көздерін іздеу, мәліметтерді жинау және өңдеу, алынған нәтижелерді ғылыми негіздеу арқылы түсіндіру, жаңа мәселелерді көру және ұсыну, гипотезаларды ұсыну, оларды шешу әдістері);

✓ компьютерлік сауаттылықты меңгеру, бұл мыналарды көздейді: ақпаратты (мәтіндік, графикалық) енгізу және редакциялау, компьютерлік телекоммуникациялық технологияны пайдалану, электрондық кестелер бағдарламаларының көмегімен алынған сандық деректерді өңдеу, деректер базасын пайдалану, принтерде ақпаратты басып шығару;

✓ коммуникативтік дағдыларды меңгеру;

✓ танымдық мәселелерді шешу үшін әртүрлі пәндер бойынша бұрын алған білімін өз бетімен интеграциялай білу.

Жоғарыда көрсетілгендей, жоба қатысушыларына қойылатын талаптар өте жоғары, сонымен қатар келесі ережелермен толықтыруға болады, онсыз топтық жұмыс жүруі мүмкін емес. Оларға ең алдымен жатқызуға болады:

- барлық жағдайларда тілектестік, келісілген мерзімде барлық тапсырмаларды орындау міндеттілігі, жұмыста өзара көмек;

- жұмысты орындауда мұқият және адалдық, әсіресе, егер ол зерттеу сипатында болса;

- ой, идеялар көрінісіндегі толық тең құқылық және еркіндік.

Орындалған жобалардың нәтижелері материалдық болуы тиіс, яғни қандай да бір рәсімделуі тиіс:

- бейнефильм;

- альбом;

- "саяхат" бортжурналы;

- компьютерлік газет;

- альманах;

- баяндама;

- жарнамалық даңғыл;

- ашықхаттар жиынтығы;

- планшет;

- плакат;

- нұсқаулық.

***Шағын жобаның құрылымы***

1. Титул парағы: *жобаның тақырыбы, жобаның мақсаты жоба тобының құрамы, жоба авторы.*

***2. Жобаның өзектілігі***

- стратегиялық мақсаттар

- тактикалық мақсаттар

- міндеттер

Жоба жұмысы қазіргі уақытта оқытуда кеңінен таралған. Оны қазақ тілі пәнін оқытуда жоғары сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын қалыптастыруда пайдалану өте тиімді.

Жобаның жүзеге асуын төмендегі кестеге сәйкес бөліп көрсетуге болады:

### Жоба жұмысы дайындау және жүзеге асыру кезеңдері

Кезеңдері	Жұмыс мазмұны	Оқушының іс - әрекеті	Оқытушының іс - әрекеті
1. Ұйымдастыру	Тақырып таңдау, мақсаттарды нақтылау. Жұмыс тобын анықтау.	Ақпаратты нақтылайды. Тапсырманы талқылайды.	Оқушыға мотивация береді. Жобаның мақсатын түсіндіреді. Бақылайды.
2. Жоспарлау	Мәселені талдау. Ақпарат көздерін анықтау. Міндеттерді қою және нәтижелерді бағалау критерийлерін таңдау. Топтағы рөлдерді бөлу.	Міндеттерді қалыптастырады. Дереккөздерді нақтылайды. Өз жетістіктерінің критерийлерін таңдайды және негіздейді.	Талдау мен синтезде көмектеседі (өтініш бойынша). Бақылайды.
3. Зерттеу	Ақпаратты жинау және нақтылау. Баламаларды талқылау («миға шабуыл»). Оңтайлы нұсқаны таңдау. Жұмыс жоспарын нақтылау. Орындау.	Ақпаратпен жұмыс істейді. Идеяларға талдау мен сұрыптау жүргізеді. Жобаны рәсімдейді.	Бақылайды. Кеңес береді (өтініш бойынша).
4. Жобаны қорғау	Баяндаманы дайындау; жобалау процесін негіздеу; алынған нәтижелерді түсіндіру; жобаны ұжымдық қорғау; бағалау.	Жобаны қорғайды. Жобаның нәтижелерін ұжымдық бағалауға қатысады.	Жоба нәтижелерін ұжымдық талдау және бағалауға қатысады.
5. Рефлексия	Жобаның орындалуын, қол жеткізген нәтижелерді (табыстар мен сәтсіздіктер) және оның себептерін талдау; қойылған мақсатқа қол жеткізуді талдау.	Жобаның ұжымдық өзін – өзі талдау және өзін – өзі бағалауға қатысады.	Бақылайды. Талдау процесін бағыттайды (егер қажет болса).
6. Презентация	Жобаны түсіну туралы, прооблеманы шешудің таңдалған жолы туралы түйіндеме. Жоба жұмысының қорытынды нәтижесін көрсету.	Жобаны презентациялаудың әдісін таңдайды. Жоба міндеттерінің қойылуы және шешімі туралы қысқаша, бірақ нақты түрде жеткізеді.	Бақылайды. Жалпылайды. Түйіндейді.

Жобаның бірыңғай ортақ типологиясы жоқ. Әртүрлі әдебиеттерде түрлі авторлар өз нұсқаларын келтірген, сондықтан да көптеген деректер негізінде жалпылама берілген нұсқасын беруге болады.

**Ұзақтығы бойынша жобалар:**

- қысқа мерзімді ( 1-2 апталық);
- ұзақ мерзімді (екі аптадан бірнеше айға, кейде тіпті жылға дейін созылады) [4].

**Жоба әдісімен оқытудың артықшылықтары:**

- топта жұмыс жасау дағдысы;
- қарым-қатынасдағдысы;
- жобаға қатысушылардың жекелей дағдысының дамуы;
- жеке пікірмен жұмыс, талдау дағдысы.

Жоба жұмысы көбінесе бір ғана аудиториялық сабақпен шектелмейді (бірнеше сабақтарға созылуы мүмкін) және оқушылардың аудиториядан тыс ауқымды жұмыстарында қажет етеді [5].

Қорытындылай келе, жоба жұмысы оқушылардың бойында жекелеген білім жиынтығын беріп қана қоймай, өздігінен ізденуіне, алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдана алатын, коммуникативтік дағдыларды меңгеруде, яғни әртүрлі ортада жұмыс істей білуге үйрететін бірден бір әдістеме. Сонымен қатар, қарым - қатынас кеңдігімен, түрлі мәселелер төңірегінде әртүрлі пікірлерлі тыңдап, талдау мүмкіндігін береді. Жоба жұмысы оқушылардың өз бетімен білім алу әрекетін ұйымдастырып, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға негіз болады.

**Әдебиет:**

1. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. и др. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. М.: 2001.
2. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие. – Москва: издат.центр; «Академия» 2003.
3. Рахманов И.В. Предисловие к словарю наиболее употребительных слов английского, немецкого, французского языков. Наука, М.: 1960.
4. [http://charko.narod.ru/tekst/metod\\_proektov\\_2008/Krasnov.pdf](http://charko.narod.ru/tekst/metod_proektov_2008/Krasnov.pdf). Метод проектов в университетском образовании. Сборник научно-методических статей. Под ред. М. А. Гусаковского. Минск: БГУ, 2008.
5. Т.Г. Хашченко, Е.В. Макарова. Интерактивные методы обучения в образовательном процессе ВУЗа. Ульяновск. 2011.

**УДК 821.512.122.0**

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫНЫҢ  
ЖАҢАШЫЛДЫҚ СИПАТЫН ОҚЫТУ НЕГІЗІ**

**Сейсенбаева Жанар Айтбергенқызы**

*(Абай атындағы ҚазҰПУ, қауымд. профессор)*

**Даркенбаева Биби-Асия Даркенбаевна**

*(Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М012100 –қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты)*

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деп қорытындылауы мектеп оқушыларының әдебиетті саналы түрде оқып меңгеруін міндеттейді. Сондықтан оқушылардың мәдениеттің жаңаруын қазақ халқының әдеби туындыларына қызығушылық пен құрмет тұрғысында түсінуі көркем әдебиетті, қазақ әңгімелерін оқуға деген қабілеттерін арттырумен тығыз байланысты болуы тиіс [1].

Жалпы қазақ әдебиетінің көркемдік әлемін ұғыну жолы ұлттық әдеби мұраларды құрметтеу көркем шығарманы түсініп, туындыны оқу арқылы қалыптасады. «Кітап маған тақтан да қымбат» деп Шекспир айтып кеткендей, кітаптың адам өмірінде алар орны зор. Шығарманы таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өзіңнің өмірлік қажетіңе жарата білу – мектеп қабырғасынан, білім беру бағытынан бастау алатыны түсінікті. Бүгінде жаңашылдықты жанымыз сүйетін болғандықтан мақаламыздың бастамасын осындай ұлағатты сөздерден бастауды жөн көріп отырмын. «Мәңгілік ел» арқылы жаңашылдық сипатты, қазақ әңгімелеріндегі жаңашылдық сипатты дәріптеуді жөн көріп отырмын.

Қазіргі қазақ әңгімелерін оқытуда жоғары сынып оқушыларының жаңартылған білім беру мазмұны негізінде шығарманы оқытуды дамытудың әдістемесі қарастырылатындықтан оқытушы мен білім алушының өзара субъектілік іс-әрекеттері, оқу бағдарламасында қазіргі шығармаларды оқытудың әдіс-тәсілдерінегізге алынады. Қазақ әдебиетінің жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әзірленген пән бағдарламасында қазақ халқының заман тынысын көрсететін ең таңдаулы көркем шығармалар іріктеліп алынған. Олар оқушылардың көркем туындына оқуға қызығушылықтарын шыңдай түсуіге және қазақ әңгімелерін оқу арқылы жақсы дағдылар қалыптастыруға көмектеседі. Оқып үйренуге көркем шығармалардың екі нұсқасы беріледі. Біріншісі – хрестоматиялық мәні бар шығармалар болса, екіншісі – сыныптан тыс уақытта оқылатын шығармалар тізімі. Дегенмен, мұғалімдердің тізімдегі әңгімелермен ғана тоқталмай, өзі ұсынған әдеби шығарманы беруге еркі бар. Яғни, қазақ әдебиеті пәні оқытушысы – оқушылардың көркемдік эстетикалық талғамы мен әңгімелерді оқытуға ынталандыру үшін сабақтың кезінде сыныптан да тыс оқуға нұсқаулық беруге, оны қадағалап отыруы, оларды тиімді қолдану әдістерін іздеуі және соған сәйкесінше кеңейтілген жоспарлар түзген жөн.

10-сынып қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі оқушыларға «Мәңгілік ел» идеясының сипатын оқыту арқылы біз нені дәлелдейміз, неге көз жеткіземіз? Жалпылама алғанда барлығымыздың ортақ мақсатымыз саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпағымыздың білімді, тәрбиелі болуы алдымен отбасынан, кейін барып мектептен бастау алары ақиқат. Сол сияқты орыс тілді мектептерде де, оқушыларға қаймана қазақтың иісін сездіртіп, жұпарын сезінту басты міндеттеріміздің бірі болып табылары анық. Бүгін «Мәңгілік ел» идеясының жаңашылдық сипаты арқылы қандай түкпі нәтижеге қол жеткізе аламыз деген сұрақ туындайды ойымызда.

Ең алдымен өзге ұлтқа тарихтың тамырын, тіліміздің кең арналы екенін түсіндіріп қана қоймай, оны дәріптейміз. «Мәңгілік ел» ұғымы ата-баба арманы екенін сезіндіріп, санаға терең ой тастаймыз.

Мысалы: 10-сынып қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде «Адай» күйі туралы кішігірім айтылады. Күйдің тарихын түсіндіріп, Құрманғазы атты дара тұлғалы дана, аңыз адамды баланың санасына ерекше ұялатты. Бұл дегеніміз қасиетті домбыраны, мәдениетімізді, өркениетімізді паш етіп, жарқыратудың өрнекті жолы. Ал «Мәңгілік ел» тікелей мәдениет пен тарих. Осылайша өзге тілді мектептердегі балаларға біз «Мәңгілік ел» арқылы ұлтымыздың саналы да салтты жолын түсінідіп, дәріптейміз.

Осы сәтте 10-сынып бағдарламасындағы күйдің мән-мағынасын, қадір-қасиетін одан әрі жандандыру мақсатында біз "Бозінген" күйі туралы ел аузында, халық арасында жүрген аңыз әңгімелер туралы да айта кетсек, нұр үстіне нұр болатын еді. Себебі күй аңызы - музыка әлемінде тек қазақта ғана бар өзгеше байлық. Көктемнің шуағын көріп, қойы төлдеп, қара шаңырақты салар жалғыз інгендері боталап қарық болып отырған үйге, түнерген жәй бұлттындай жауыз шапқыншылар лап қояды. Шапқыншылар үйді ойрандап, өрістегі малға тап береді. Осы қуғын ішінде қыр асып қана жайылып тұрған бозінген де кетеді. Бозінген басы-көзге сабаланып, зорлықпен жетекте бара жатып, өзінің артта қалған ақ ботасын қимай зар илеп боздап, тостағандай жанарынан жас сорғалайды. Осылайша зар илеп бара жатқан бозінген бір қолдан босай қалған орайда сытылып кейініне қашады. Қуғыншылар қанша қуғанымен жете алмай, ақыры күдер үзеді. Неше күндік жолды зар еңіреп ботасына жеткен інгеннің сұлдері қалған екен. Сонда боздап тұрған бота да інгеннің алдынан жүгіріп табысады. Осы «Бозінген» күйінің тарихын өзге тілді мектептерге түсіндіре отырып біз төрт-түлік малдың қасиетін одан бөлек ерекше тарихқа айналған ана мен бала махаббатының арқасында шыққан әуенге мән беріп. Қаймана қазақтың ерекшелігін одан әрі үстемдей түсіп, бала санасына ерекше ой салып, оны мейірімділікке баулитын едік деген ой бар.

Қазақ елінің ежелден келе жатқан әңгемелері, аңыздары тек қызығушылықты оятып қоймайды сонымен қатар баланы жаңа ізденіс пен талпынысқа жетелейді.

Жаңартылған білім мазмұны аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың тілдік дағдысын дамыту арқылы оқушыны қандай жетістікке жеткізіп, қандай нәтиже аламыз деген сұрақты ортаға салып отырмыз. Тіл дамыту – оқушының тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық жеткізуге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету. Басқаша айтқанда тіл дамыту – оқушының қарым-қатынас құралына айналдыру. Бұл жалпы тіл үйрену мақсатымен толық сай келеді. Орыс тілінде оқытатын мектептерде оқушының тілін дамыту ұғымына қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық тұлғаларын меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру яғни қазақ тілінде сөйлесуге үйрету жатады; сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөйлем құру сөйлем арқылы ойын басқаға жеткізу, басқаның сөзін түсіну де тіл дамыту ұғымына жатады. Сөйтіп тіл дамыту – мағынасы, көлемі кең ұғым. Қазақ әдебиетін оқытуда тілді дамыту тапсырмалары назардан тыс қалған емес. Тіл дамыту әдебиет сабақтарында білім алушының тіл байлығы кеңейе түсетіні дәлелденген [3].

Тілді дамыту әдістемесі педагогика саласының бір ғылымы болып жеке дара бөлініп шықты. Оның талаптарға сай ғылымда мақсаттары мен міндеттері бекітілді. Әдістемеді қазіргі уақытқа дейін негізгі үш сұраққа жауап өзекті болып қалды. Олар:

- Оқушыға тілді дамытуда нені оқытамыз?
- Қалай оқытамыз?
- Не үшін осыны оқыту керек?

Қазақ тілтанушысы, көрнекті ғалым М. Балақаев «Адамның тіл дамуы, танымы мен ойлауын дамытумен тығыз байланысты болады. Оқушылардың ауызекі тілін дамыту үшін, ең алдымен, олардың сөздік қорын байыту керек, екіншіден әдеби сөйлеудің нормасын, сөйлемдерді дұрыс құрауды үйрету қажет, үшіншіден, ойларын байланыстырып айтып беру дағдылары мен шеберлігін қалыптастыруға назар аударған жөн», деген пікір білдіреді [4].

Қазіргі уақыттағы өзге ұлт өкілдеріне қиындық туғызатын жайттардың бірі – байланыстырып сөйлеу. Егер сөйлемде логикалық байланыс болмаса, тыңдаушы сөздің мағынан дұрыс түсінбейді. Өзге ұлт өкілдері үшін сөйлеудегі логикалық байланыстарды арттыру үшін деформациялық мәтіндерді орындау қажет. Байланыстырып сөйлем құрауға, фильмдер көру, ойындар ойнау, бір күндік жоспарын



айтып беру де жақсы нәтиже береді. Яғни бала неғұрлым әңгімелеуді қолға алса, соғұрлым сөйлем құрап жеткізуі де жылдам жетіледі. Сонымен байланыстырып сөйлеуге үйретуде әңгімелер құрастырып жазудың да көмегі көп.

Филология ғылымының докторы, профессор Ф.Оразбаева: «Оқушы тілін дамыту ауызша және жазбаша жүргізіледі. Тілді оқытуда бұл екі бағыт қатар байланыста іске асырылады. Қазақ тілін оқытудың алғашқы кезеңінде ауызша тіл дамыту басымырақ болады. Сөйлеу тілі кейінірек жазба тілді дамытуға негіз болады», - дейді.[6]. Демек, қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті сабағы негізінен тіл дамыту бағытында жүргізіледі. Педагогика ғылым докторы Н. Құрманова тіл дамыту туралы: «Оқушылардың тілін дамытуға берілген теориялық білімдерді тәжірибелік қажеттіліктермен, арнайылап жасалған әртүрлі тілдік жағдаяттармен, ауызекі сөйлеу ситуацияларымен қиыстыра отырып, тапсырмалар жасату. Тілді дамыту жағдаяттық жаттығулар мен құжаттар, берілген мәтін стильдердің артықшылықтарын ұғынуға ерекше көңіл бөлінеді». Сондықтан да бұл нәрселерді күнделікті сабақтың үстінде ұтымды пайдалану үшін ептілік пен дағдылық білім негізін танып, білу керек [3].

Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – тілдік төрт дағдыны қалыптастыру (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің алуан түрлерін білгеннен, әдеттен тыс дәстүрлі сабақтан бөлек тіл үренуде көптеген әдіс-тәсілдерді меңгеруге болады. Солардың бірі «Кіріспе болжамдары» кітабымен әйгілі Рашеннің табиғи әдісін алайық. Табиғи әдіс техникалары«Тыңдау-көру-орындау (ТКО)» және «Тіл үйренуші қоғамдастығы (ТҮК)» сияқты тәсілдермен бірге қолданылады. Оқушылар өздері естіген тілді белсенді тыңдау және естігендерін өңдеу арқылы тілдік құзыреттілік қалыптасатын «үнсіздік кезеңін» сипаттайды. Тіпті тілдің түсінуін жақсарту үшін сөйлеу қажет емес деп болжайды. Қарапайымнан біртіндеп күрделіге ауысу тіл үйретушіге де, тіл үйренушігі де оң әсерін береді. Джером Браунердің «Білім беру үдерісі» атты еңбегінде: «Оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады», дейді.

Екінші тілді үйрену, үйрету үшін тілдік дағдының мәні зор Ғ.Мүсіреповтың ғажап ойларынан «Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз».

Тілді оқыту әдісі үнемі уақытталабы, заман ағымына қарай жаңарып, өсіп отырады. Қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыруды өмір талап етеді.

Өзге ұлт өкілдеріне әдебиет пәнін оқытуда қолданылатын тапсырма түрлері:

- Аудиомәтін бойынша түсінігін айту;
- Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беру;
- Мәтінді оқып аудару;
- Жаңа сөздер бойынша жұмыстар;

Лев Толстой «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіне сүйеніш қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», дейді.

Ахмет Байтұрсынов «Баланың оқу құралының ең ұлығы – кітап, оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт» деген. Оқушы тілін дамытуда кітап оқу зор қызмет атқарады [5].

Кітап оқуға баулу, тәрбиелеу, кітап оқуға оқушыны қызықтыруды бастауыш сыныптан бастау керек. Қазір кітап оқу дағдысын оқушыда қалыптастыру-өте қиын жұмыс, оқушылар қазақ тілін де кітап оқуға дағдыландыру жұмысын ұтымды жүргізудің амал-тәсілдерін іздестіру орынды. Оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар, сұрақ-жауаптар оқушыларды қазақша сөйлеп үйретуге, сұраққа жауап

беруге, өздерін бір-бірімен сөйлестіруге, оқығандарын ауызша, өз бетінше істеуге дағдыландырады.

Мұғалім оқушының өздігінен оқығандарын елеусіз қалдырмай, ол туралы оқушымен әңгімелесіп отырады. Оның жолдары көп, кітаптар не туралы екенін сұрау, ондағы оқиғаларды айтқызу, кейіпкерлер туралы әңгімелесу, т.б.

Қорытындылай келгенде біз қандай мақсатқа жетеміз?! Жаңашылдық сипат, «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел» идеясы арқылы біз өзге тілді аудиторияға ұлтымыздың нақышын ғана түсіндіріп қоймай, оны түсініп, қызығушылықты арттыру мақсатындағы жұмыстарымен таныс боламыз. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтып, халықтың қымбат қазынасын – әдеби-мәдени мұраларды жандандырып, ұлттық тектілікті сақтау, «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру жолындағы маңызды жұмыстар білім мекемелерімен тығыз байланысты екені бізге мәлім. Тек қазақ тілді мектептерде дәріптеліп сақталу деген шекарадан алыстап, өзге тілді мектептерде де, белгілі орын алуы тиіс деген қағиданы ұстанып отырмыз. Көркем туындылардың тақырыптық, мазмұндық сипаттарын танытуда жаңа көзқарастар басшылыққа алынуы тиіс, одан бөлек жаңашаландыру мақсатында мәдениетарылық байланысты тарихты орнататын жаңа әңгімелер енгізуіміз керек. Көркем әдебиеттің табиғатына тән басты сипаттарды негізге ала отырып, берілетін білім мазмұнын салмағын арттыру және мәдени құндылықтарды ұғындыру, ұлттық тіл байлығы мен ұлттық дүниетанымды өзге тілді мектептерде терең меңгеруіне жол ашып, бағыт беру, эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру – басты ұстаным болып табылады.

#### **Әдебиет:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». ҚР халқына Жолдауы. – Астана: – 2014.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 56 б.
3. Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім туралы заң. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 32 бұйрығына 39-қосымша.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том. // Жалпы ред. басқ. Ысқақова А. – Алматы: Ғылым, 1985. - 591 б.
5. Салқынбаев М. Ел тәуелсіздігінің нышаны – мемлекеттік тіл. // Ақиқат. 2011. - №4.
6. Пірәлиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садықова А.Е., Саметова Ж.Ш. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы тіл мен әдебиет: оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2014. – 188 б.

## **БІЛІМ – ҒЫЛЫМДЫ ҮЙРЕНУ МОТИВІНІҢ ДАМУЫ САТЫСЫ**

*(Абай қара сөздері бойынша)*

**Бекмуратова А.С.**

*(Абай атындағы ҚазҰПУ, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының  
2-курс магистранты)*

«Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған» [1, 23] - деп президентіміз өз мақаласында атап айтқандай, Абай мұрасына зер салар болсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп- өркендеуіне

шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып - үйренгенін қалады.

Абай оқу, өнер-білім, тәлім-тәрбие жүйелері мәселелерін 20 шақты қарасөзінде әңгіме қылып, ағартушылық пікірлерін ұсынады. Олардың ішінде отыз екінші сөздің мән-маңызы ерекше. Мұнда Абай білім, ғылым мәселесін тереңірек қозғайды. Адам баласы білімді толық меңгеруі үшін не істеу керектігін ашып көрсетіп береді. Отыз екінші сөзде Абай абзал ойларының үшеуін, Абай өлеңдерінде кездесер асыл ойлар үшеуін осы өзіміз «талап» деп ат қойған осы сөзімізде келтірмек болдық.

Абай біріншіден, білім-ғылымды бір керегіме жаратамын деп, шын мейірленіп үйрену керектігін, адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түсетінін айтады. Білім-ғылымды үйрену үшін талаптанудың маңызын атап өтеді. Өзінің «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінде:

*Білімдіден шыққан сөз*

*Талаптыға болсын кез.*

*Нұрын, сырын көруге,*

*Көкірегінде болсын көз,*[2,123]- деп талаптың бүкіл әрекеттің басы, тегеріші екендігін тілге тиек етеді. Талаптың бірнеше шартын көрсетеді. **БІЛУ ►ІЗДЕНУ ►ЫНТЫҚТЫҚ** пен **ҚҰМАРЛЫҚ** тан тұрады. Алған біліміңді неге жұмсау керектігін іздене білу керек. Білім-ғылымыңды толықтыруға, білсем екен, көрсем екен деп қызығушылық танытып, ынтықтықты арттырып отырсаң, үйренгенінді ойыңа түйіп отырсаң нәтижесін көресің. Оқығаныңды көңілге тоқып, білмегенінді білуге ұмтылып, талаптансаң, рахат сезімге бөленіп, талпынысың артатынын сөз етеді. Бұл біліміңді берік ететіндігін айтады. Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.

Өзі білгісі келіп, сағына жүріп кездесіп, шын мейірлене оқып үйренбесе адам осындай сөзді жаза алар ма еді! Абай не үшін ізденді? Іздеп тапқанын кім пайдасына асырмақ болды? Абай осындай адал еңбегін, асыл ойларын қайран жұрты қазағына арнамай кімге арнай алады...

Бала күнімізде өрістен қайтқан «Қарамая» дейтін түйеміздің алдынан шығатынбыз. Күні бойы дала нәрін жинаған жарықтық ботасын сағынып, мейірлене боздап келе жатушы еді. Ботасы бауырына жақындамай-ақ баласына деген сағыныш махаббатына иіп жүре беруші еді. Төрт емшектен сүт тамшылай бастайтын.

Абай да сол. Қайран жұрты қазағын біраз сынап-мінеп алып, бойындағы бар махаббатын, сезімін осылайша ақтарады. Абайдың өзіне жанынан жақын көретін қазағы болмаса, осы сөздердің бірі де жазылмаған болар еді.


*«Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеңнің мейірімі секілді болады»*[3,59] біреуден артылам деп, бақталастыққа бола ғылым үйрену адамшылықты азайтатынын айтады. Білім – ғылымның жауы деп, **БАХАСТЫҚ, ХУСИДШІЛДІК, ХИРСЛАНУ, ҒУРУРЛЫҚ** деген. Алдап, арбап, біреуге қиянат жасап, біреудің адамгершілігіне қиянат жасап жиған білімің өзіңе залал келтіреді. Бұл іс-әрекеттің іштарлықты арттырып, күншілдікті зорайтып, адамшылықтан ада ететінін айтады. Мұндай адамның мақсаты ғылым жолына түсіп, жаңашылдыққа ұмтылу емес, өзгені тура жолдан тайдырып, мансапқорлыққа ұмтылып, менмендігі, тақаппарлығы артып, адам бойына қорлық келтіретұғын өтірік пен өсекке, ұрыс-керіске жақын болатынын айтылады. Бұл кесірлер **«жеңсе, ондай кісі адам бойына қорлық келтіретұғын нәрселерден қашық болмайды»**[3,60] деген.

Білімнің беріктігі деп, ғылым үйренуге бар ықыласыңмен берілу керектігін айтады. Білім-ғылымға құмар болып, білмегеніңе қызығушылық танытып, білуді

мақсат тұтып, ізденіп, талпынып, білсем екен деген құмарлықтан махаббат пайда болады. Абай бойындағы барлық қуатты, барлық білімді, барлық қасиетті ойлар мен сезімдерді идіріп асыл сөздерге айналдыратын Абайдың өз жұртына, адам баласына деген махаббаты болатын. «Махаббат сезімі кімде көбірек болса, ол кісі - ғалым, сол - ғақил»[3,120] Абай осы бір кесек сөзбен адам мен ғалам жаратылысының үйлесімді өмір сүруінің тетіктерін сиғызып жіберген. Білім – ғылымға деген махаббат, білмекке талпындыратын күш – **МОТИВ**. Адам өмірінің мәніне терең бойлаған Абай шығармашылығында да әл-Фарабидің пікіріне үндес ойлар айтылады. Оның адамды саналы әрекет етуге итермелейтін ішкі күштер бірте-бірте дамытылғанда оның кісілік қасиеттеріне айналатыны жөніндегі пікірлері «жан азығымен» байланыста жан-жақты зерделенді [4,18]. Адамды өзге жан иелерінен ажыратып тұратын да осы түрткі, мүдделілік, ұмтылыс екені көрсетіледі. Абайдың қарасөздеріндегі маңызды байламдар сөз әдебін мотив қалыптастыра оқытудың психологиялық негіздерін дәйектеуде басты бағыт, ұстаным ретінде тұтас алынды Барлық мотивтің өзінен басталып, өзіне нәтиже беретіндігін түсіне аламыз. Білімнің беріктігіне кесірін тигізетін ақылдың кеселдерін көрсетеді. Соның ішіндегі уайымсыз- салғырттықтан абай болу керектігін ескертеді. «Уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу керек һәм қылу керек»[4,8]-дейді. Сырттай қарағанда бір сөйлемде үш рет қайталанып тұрған «уайым-қайғыны» жылдам түсініп қабылдай қою оңай емес. Бірақ ойшылдың осы сөйлеміндегі ойдың түпкі мәніне үңілген сайын оның соншалықты терең пәлсапалық жүк көтеріп тұрғаны аңдалады. Біздіңше, бұл жердегі алғашқы уайым-қайғы – тынымсыз қозғалысқа, үзілмейтін ізденіске бастайтын ішкі түрткінің баламасы ретінде алынса, екінші рет қайталанатын «уайым-қайғысыздық» – кейбір сәттерде адам бойын билейтін самарқаулық пен енжарлыққа келіп саяды. Сондай дауасыз дерттен құтқаратын тек қана орынды іс, орнықты әрекет екенін көрсетеді.

Абай оқығаныңды ақылға салып, таразылап, есте сақтап қалуға тырысу керектігін айтады. Өзінің өмірлік ұстанымында үнемі Жүректі алға қоятын ұлы ағартушы Абай сол жүректің ең басты қасиеті МЕЙІРІМ мен МАХАББАТ деп біледі. Мейіріммен меңгерген білімді күшейтудің екі қаруын: мұлахаза мен мұхафазаны тең ұстауды ұсынады. Оның бірі алған білім мен ғылымды ойға тоқуға, ал екіншісі өзіндік көзқарас қалыптастыруға негіз болатынын пайымдатады. Ой мен көзқарастың тоғысында адам мінезі қалыптасатынын, ал сол мінездің тұрақтылығы ғылым мен білімнің зораюының кепілі екенін дәйектеп көрсетеді. Адамның тұлға ретінде дамуы мен қалыптасу жолын тиянақтап берген осы байламында Абай бүкіл үдерістің қозғаушы тетігі (мотиві) МЕЙІРЛЕНУ екенін өте тереңдікпен жеткізеді. Мейірімге құрылған таным әрекеті адамның білімін арттырып, мінезін қалыптастырады деген түйін жасайды. Бұл да қазақтың «Ұлық болсаң, кішік бол» деген ұлағатты сөзімен ұштасып жатыр. Бұл жердегі ұлықтық мансап пен дәреженің ұлықтығы ғана емес, ғылым-білімге ұлықтық деп санаймыз. Адам ақылды, білімді болған сайын оның парасаты мен мәдениеті биіктей түседі. Ғылымды, білімді сақтайтын сауыт – мінезді бұзып алмауды қадағалау керектігін ескертеді. Сол себепті Абайдың «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» деген сөзінің мәнісі осында жатыр. Адам баласының ғылымды үйрену мотивінің даму сатысын сызбадан көруге болады. (1-сурет)

Білім – ғылымды үйрену мотивінің дамуы сатысы



Өз заманында алуан түрлі тақырыптарды қозғап, шығармалары арқылы оқырманның жанын толғап, мол мұра қалдырғанұлы ақын – Абай Құнанбайұлының есімі дүниежүзіне танымал. Көпке мәлім болғандай, Абайдың алдына қойған мақсатының бірі – қара сөздерінде қазақ баласының кемшіліктерін саралап, түзелсін деген ниетпен ой бөлісу, білгенімен бөлісу. XIX ғ. және XXI ғ. заманының айырмашылығы көп болғанымен, ұқсастығы да бар. Бұрынғы кездегі бұқара халықтың материалдық құндылығы «мал» болса, бұл ұғым қазіргі күнде ақшамен алмастырылды.

Яғни, заман дамығанымен, адамдардың тұрмыстық құндылығының көрсеткіші өзгермеді.

XX ғасырдың 20-жылдары сауатсыздықты жою науқаны жүргізілді, нәтижесінде қазақтардың білім-ғылымды игеруге қызығушылықтары артып, Абай айтқан қазаққа тән көреалмаушылық, ұлыққа жағыну, қызғаншақтық сияқты қасиеттер кеми түсті. Себебі, ілім – білім елдің жүрегін айнадай жарқыратты. Қазақ елінің ақыны көп болғанымен, Абайы біреу –ақ. Абай тереңіне әлі де толық бойлай қойған жоқпыз. Оны алдағы уақыттарда да терең тануға тырысарымыз хақ. Абайы бар қазақ бақытты. Абайы бар елдің қай халықпен болсын терезесі тең. Абайы бар елдің мерейі үстем. Абай мұрасы мәңгі өлмейді. Ол таусылмайтын рухани азық, мөлдір бұлақ, құнарлы нәр, асыл қазына. Ендеше, Абай мұрасын мектепте оқытуда жас ұрпатың жүрегіне жететіндей етіп түсіндіру үшін дүниеге Абайша қарап, өмірді Абайша түсіну керек.

Қорытыта айтқанда, ақын **«Азғырлмайтын ақылы, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар»**[3, 62] мінез болса, оқып, үйренгеннің пайдасы сонда ғана зор болады деген түйін жасайды. Абай айтқан ғылым, білімді меңгерудің бұл амал-тәсілдері өзінің жеке өмірлік тәжірибесінен алынғандығы сөзсіз. Осы ұстанымдар арқылы білім, ғылым игерген кез келген талапты жас үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, мағыналы өмір сүре алады.

#### Әдебиет:

1. Тоқаев Қ.-Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Қазақ әдебиеті. – № 1-2 (3689). – 2020-1; 4-5 бб.
2. Құнанбаев А.Өлеңдер жинағы. –Алматы, 2012. – 265 б.
3. Құнанбаев А.. Қара сөздер. – Алматы: Өнер, 2010. - 120б.
4. Ғабдуллин Б. Абай және Сократ/ «Абай тағылымы», Алматы: «Жазушы», 1986.-271 б.
5. Өуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар.- Алматы «Санат», 1995. - 318 б.

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

### 1 СЕКЦИЯ. ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР СЕКЦИЯ 1. ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

<b>Әбдірасулла Д.К., Аубакирова Г.Р.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен жаужүрек сартай.....	3
<b>Абилямжинова Г.Б., Аубакирова Г.Р.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Қазақ халқының қаһарман батыры-Бауыржан Момышұлы.....	5
<b>Aitenova K.M.</b> ( <i>M.Kosybayev NKSU</i> ) Creative exercises as a motivating factor in teaching polypredicative constructions as part of english grammar.....	9
<b>Асылхан Акжаркын</b> ( <i>ЮКГПУ, г. Шымкент</i> ) Теория литературы как раздел литературоведения: дидактический аспект.....	14
<b>Аманғазықызы М.</b> ( <i>Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ</i> ) Жазушы асқар алтайдың «Шаһид» әңгімесіндегі интермәтінділік элементтер.....	18
<b>Баймуканов А.К.</b> ( <i>СКГУ им. М.Козыбаева</i> ) О религиозной политике Российской Империи на территории современного Казахстана.....	22
<b>Бораш Р., Ибрагим Г.</b> ( <i>Абай атындағы ҚазҰПУ</i> ) Доспамбет жыраудың әдеби мұрасын оқыту.....	26
<b>Габдулина М.Г., Коспакаева Г.А.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Кірме сөздерді қазақшаға аудару мәселесі.....	30
<b>Герасименко А.В.</b> ( <i>СКГУ им. М.Козыбаева</i> ) Образ и концепт смерти как творческий мотиватор .....	34
<b>Гривенная Л.А., Чинишлов В.В., Абильтаева А.А.</b> ( <i>СКГУ им. М.Козыбаева</i> ) Волонтерство как социальный феномен казахстанского общества.....	39
<b>Дарбаева Ж.К., Болатбек С.Т.</b> ( <i>СКГУ им. М.Козыбаева</i> ) Роль художественного наследия Великого Абая в рамках модернизации современного казахстанского общества.....	44
<b>Yegizbayeva M.M.</b> ( <i>M.Kozybayev NKSU</i> ) The role of the CLIL technology in the process of foreign language teaching.....	48
<b>Есматова М.Т., Бексултанов Б.М.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Ш.Мұртаза шығармаларындағы қосарлама қос сөздердің лексика-семантикалық сипаты.....	51
<b>Есматова М.Т., Нургазина М.Б.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Көркем шығармалардағы субстантивтену жолы арқылы жасалған туындылардың қолданыс ерекшелігі.....	55
<b>Есматова М.Т., Сапарова Ж.Ж.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Сапа мәнін тудыратын сөз формалар.....	59
<b>Жәмбек С.Н.</b> ( <i>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау МУ</i> ) <b>Есмуканова С.А.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Сәкен Жүнісовтің суреткерлік келбеті.....	63
<b>Заец К.И.</b> ( <i>БГСХА</i> ) Некоторые аспекты организации поставки сельскохозяйственной продукции для государственных нужд.....	66
<b>Захарова Д.Л.</b> ( <i>СКГУ им. М.Козыбаева</i> ) Анализ эффективности разработанного комплекса упражнений для развития навыков профессиональной англоязычной речи у студентов неязыковых специальностей.....	70
<b>Ивакаев В.Е.</b> ( <i>НИ МГУ им Н.П.Огарева</i> ) Инновационная деятельность в регионах России.....	74
<b>Ильясов Ш.А., Зель А.В.</b> ( <i>СКГУ им. М.Козыбаева</i> ) Взгляд общества на функционирование института многопартийности в Казахстане: региональный аспект.....	78

<b>Iskakova K.E.</b> ( <i>M. Kozybayev NKSU</i> ) The formation of students' communication skills in the efl classroom in the framework of “Rukhani Zhangyru” program.....	83
<b>Қадыров Ж.Т., Ерсайнова М.Ж.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Сәбит Мұқанов поэзиясының қуаттылығы мен тілдік көркемдігі.....	86
<b>Қадыров Ж.Т., Кусаинова Г.М.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Қазақ балалар драматургиясы: драмалық жағдай, тартыс пен мінез.....	90
<b>Karaulova A.N.</b> ( <i>M.Kozybayev NKSU</i> ) Neuro-linguistic programming as a basis of the updated curriculum in Kazakhstan.....	95
<b>Кукузова Ж.А.</b> ( <i>СКГУ им. М.Козыбаева</i> ) Характеристика понятия «творческий потенциал личности» в психолого-педагогической литературе.....	98
<b>Кулибекова Ж.С., Абиляхиров Е.Ж.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Қазақ прозасындағы психологизм .....	101
<b>Кулибекова Ж.С., Ақылбекова Ұ.Б.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Қазақ әдебиетіндегі психологизмнің дамуы.....	106
<b>Кулибекова Ж.С., Байтемирова А.В.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Алаш әдебиеті - ұлт руханиятының түп тамыры.....	109
<b>Кулибекова Ж.С., Балгабаева А.Д.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Сал-серілік поэзияның тақырыптық-көркемдік ерекшеліктері.....	113
<b>Кулибекова Ж.С., Казбикенова Ж.К.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Сатиралық-юморлық дәстүрдің көркем шығармадағы орны.....	118
<b>Кулибекова Ж.С., Курманова Г.К.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Әдебиеттегі мифология.....	122
<b>Кулибекова Ж.С., Құрбанқұл Б.Ж.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Поэзияда әйел психологиясын суреттеудің айрықша белгілері.....	127
<b>Кулибекова Ж.С., Махатова Д.Т.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Ұлттық сана мәселесінің әдебиеттегі көрінісі.....	132
<b>Кулибекова Ж.С., Муканова Ұ.А.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» еңбегіндегі көшпенділер бейнесі.....	136
<b>Кулибекова Ж.С., Сейдахмет Г.С.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Асқар Алтай шығармаларындағы сенім мотиві.....	139
<b>Күнтебай Н.Р., Аубакирова Г.Р.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Қазақстан Халқы Ассамблеясының 25 жылдық тарихынан.....	144
<b>Курманова А.С.</b> ( <i>СКГУ им. М.Козыбаева</i> ) Формы диалога автора с читателем в раннем творчестве Н.В. Гоголя .....	147
<b>Муканова Г.М.</b> ( <i>СКГУ им. М.Козыбаева</i> ) Концепт «отчуждение» в нарративной структуре рассказа А.П. Чехова «Маска».....	150
<b>Mukasheva D.Zh.</b> ( <i>M.Kozybayev NKSU</i> ) English verbs with the meaning of emotional state and their semantic features.....	155
<b>Мусаева Р.Г.</b> ( <i>СКГУ им. М.Козыбаева</i> ) Влияние волонтерской деятельности на формирование социальной активности подростков.....	158
<b>Мухамеджанова Г.Т., Оңғар Н.Н.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Лингвистикалық поэтиканың зерттелу жайы.....	162
<b>Мұхамеджанова Г.Т., Аубакирова Р.М.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Қазақ-өзбек паремиологиясының зерттелуі.....	164
<b>Никибаева А.С.</b> ( <i>М.Қозыбаев атындағы СҚМУ</i> ) Абайдың кара сөздеріндегі дүниетанымдық сабақтастық мәселесі.....	167
<b>Николаева, Е.М.</b> ( <i>БГСХА</i> ) Вина как условие возникновения внедоговорных обязательств.....	172
<b>Rakhmetkarimova Z.T.</b> ( <i>M.Kozybayev NKSU</i> ) The formation of the second language personality as the result of language acquisition.....	176



<b>Сабиева Е.В., Гусева А.С.</b> (СКГУ им. М.Козыбаева) Происхождение современных русских личных имён (на материале словаря Н.А. Петровского).....	179
<b>Сабиева Е.В., Дедоченко О.Б.</b> (СКГУ им. М.Козыбаева) Ономастическое пространство в романе И.П. Шухова «Горькая линия».....	183
<b>Сабиева Е.В., Ережепова Н.К.</b> (СКГУ им. М.Козыбаева) Концепт «родина» в творчестве русских и казахских авторов в среднем и старшем звене в рамках обновленного содержания образования.....	187
<b>Синбаева Г.К., Шәріпбай Ә.С.</b> (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) Күләш Ахметова поэзиясының көркемдігі.....	189
<b>Тагудретова Б.Б., Аубакирова Ж.А.</b> (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) С. Сейфуллин шығармаларындағы «Бостандық» тақырыбы .....	193
<b>Тасыбеков Максат</b> (Высший колледж новых технологий им. М.Утебаева, г. Шымкент) Особенности промышленной рекламы.....	198
<b>Temirbayeva N.A.</b> (M.Kozybayev NKSU) The back translating method in FLT.....	200
<b>Tokisheva Sh.A.</b> (M.Kozybayev NKSU) Cognitive and metacognitive strategies in english language learning.....	204
<b>Toktarova A.K.</b> (M.Kozybayev N KSU) Formation of the intercultural communicative competence of students in process of learning foreign languages.....	207
<b>Tolegen D.O.</b> (M.Kozybaev NKSU) National-cultural specificity of proverbs and sayings with personal names (based on the english, russian and kazakh languages).....	211
<b>Топышева А.Б., Кадыров А.Ж.</b> (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) Ж. Аймауытовтың портрет сомдау шеберлігі.....	214
<b>Tyukanko M.I.</b> (M.Kozybayev NKSU) The theoretical issues on some features of elliptical constructions.....	220
<b>Хамзина А.А.</b> (СКГУ им. М.Козыбаева) Этнокультурные процессы на территории Казахстана в конце XIX – начале XX веков.....	224
<b>Хамзина Г.С., Абдрешова Д.Б.</b> (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) Т. Ахтанов туындыларындағы көріктеуіш құралдарының стильдік қызметі.....	230
<b>Хамзина Г.С., Жаныбекова Қ.Қ.</b> (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) Б. Соқпақбаев шығармаларында синонимдік қатарлардың қолданылу.....	235
<b>Хамзина Г.С., Мұхтар Н.</b> (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) Көркем туындылардағы «Жүрек» концептісі.....	240
<b>Хамзина Г.С., Тәрбие Б.</b> (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ) Қ. Жұмаділов шығармаларындағы қарапайым сөздер.....	243
<b>Хамзина Г.С., Хамзиева З.Б.</b> (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ) Көркем туындылардағы «Шаңырақ» концептісі.....	246
<b>Хамзина Г.С., Шералиева Г.Р.</b> (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ) М. Әуезов шығармаларындағы теңеу мен эпитеттің қолданысы.....	250
<b>Хисматуллина А.Н.</b> (СКГУ им. М. Козыбаева) Маркированность интертекстуальных включений художественного произведения.....	254
<b>Сандыбаева Ж., Рахметова Р.С.</b> (Абай атындағы ҚазҰПУ) Жоба жұмысының оқушылардың коммуникативтік дағдысын қалыптастырудағы рөлі.....	256
<b>Сейсенбаева Жанар Айтбергенқызы</b> (Абай атындағы ҚазҰПУ, қауымд. профессор) <b>Даркенбаева Биби-Асия Даркенбаевна</b> (Абай атындағы ҚазҰПУ, бМ012100 –қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты) Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мәңгілік ел идеясының жаңашылдық сипатын оқыту негізі.....	260
<b>Бекмуратова А.С.</b> (Абай атындағы ҚазҰПУ, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты) Білім – ғылымды үйрену мотивінің дамуы сатысы (Абай қара сөздері бойынша).....	264

